

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 811.512.122'276

Қолжазба құқығында

ҮРІМОВА РАХИЛА КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ

**Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің
этноқұрылымдық сипаты**

10.02.06 – түркі тілдері

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:
ҚР ҰҒА-ның академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор Ә.Т. Қайдар;
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент Г. Жылқыбай

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2009

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
1 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙМАҚТЫҚ МАҚАЛ МӘТЕЛДЕРІ МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ	13
1.1 Аймақтық лексиканы зерттеу бағыты	13
1.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің зерттелу жайы	21
1.3 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің танымдық табиғатын тану	27
1.4 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер етуші экстралингвистикалық факторлар	34
1.4.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер етуші географиялық фактор.....	37
1.4.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен этномәдени фактор	39
1.4.3 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік фактор.....	46
1.4.4 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен тілдік факторлар.....	49
1.4.4.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері құрамындағы туыс емес тілдерден енген лексикалық қабат.....	52
1.4.4.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері құрамындағы туыс тілдерден енген лексикалық қабат.....	62
1.5 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздердің шығу төркіні	65
1.6 Аймақтық мақал-мәтелдердегі түркілік ортақ ойлау жүйесінің көріністері	69
2 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙМАҚТЫҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	74
2.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдерін заттық-тақырыптық белгілері бойынша топтастыру.....	74
2.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрылымдық сипаты	81
2.3 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің мағыналық түрлері	99
2.3.1 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің омонимдік, омоантонимдік сипаты	99
2.3.2 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің синонимділігі.....	101
2.3.3 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің варианттылығы	104

2.3.4 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің көпмағыналылығы ..	106
ҚОРЫТЫНДЫ	109
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	112
ҚОСЫМША	118

ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН АТАУЛАР

1. Мемлекет, республика, облыс, аудан, село т.б. атаулары

-А-

Ағад. – Ағадыр ауданы
Ад. – Адамов ауданы
Ақм. – Ақмола облысы
Ақс. – Ақсуат ауданы
Ақт. – Ақтөбе облысы
Алм. – Алматы облысы
Алт. – Алты көл
Аман. – Амангелді ауданы
Амуд. – Амудария ауданы
Астр. – Астрахан облысы
Атб. – Атбасар ауданы
Ауғ. – Ауғанстан Республикасы
Ашх. – Ашхабад облысы
Аяг. – Аягөз ауданы

-Б-

Байғ. – Байғанин ауданы
Бақс. – Бақсай ауданы
Бал. – Балықшы ауданы
Бекд. – Бекдаш селосы
Больш. – Большенарым ауданы
Боров. – Боровской
Бост. – Бостандық ауданы
Бұх. – Бұхара облысы

-В-

Вахш. – Вахш
Волг. – Волгоград

-Г-

Гур. – Гурьев облысы

-Е-

Еңб. – Еңбекшілер ауданы
Еңб.қаз. – Еңбекшіқазақ ауданы
Ерт. – Ертіс ауданы
Есб. – Есбол ауданы

-Ж-

Жал. – Жалағаш ауданы

Жам. – Жамбыл ауданы
Жамб. – Жамбыл облысы
Жанг. – Жангелдин ауданы
Жезқ. – Жезқазған облысы
Жетіс. – Жетісай.
Жуа. – Жуалы ауданы
Жымп. – Жымпиты ауданы
Жітіқ. – Жітіқара ауданы

-З-

Зайс. – Зайсан ауданы
Затоб. – Затобол ауданы

-И-

Инд. – Индер ауданы

-К-

Казт. – Казталовка ауданы
Калин. – Калинин ауданы
Камыш. – Камышин ауданы
Кег. – Кеген ауданы
Керб. – Кербұлақ ауданы
Кир. – Киров ауданы
Көкп. – Көкпекті ауданы
Көкш. – Көкшетау облысы
Көнеүр. – Көнеүргеніш ауданы
Красн. – Красноводск ауданы
Красног. – Красногор ауданы
Кург. – Курган
Күрш. – Күршім ауданы

-Қ-

Қаз. – Қазалы ауданы
Қалм. – Қалмақ автономиясы
Қар. – Қарағанды облысы
Қараб. – Қарабұлақ ауданы
Қарабал. – Қарабалық ауданы
Қарақ. – Қарақалпақстан
Қарм. – Қармақшы ауданы
Қиян. – Қиянды селосы
Қоб. – Қобда

Қор. – Қорғалжын ауданы
Қорд. – Қордай ауданы
Қ.орда – Қызылорда облысы
Қост. – Қостанай облысы
Қош. – Қошағаш ауданы
Қ.ту – Қызылту ауданы
ҚХР – Қытай Халық
Республикасы

-Л-

Леб. – Лебяжі ауданы
Лен. – Ленгір ауданы
Луг. – Луговой ауданы

-М-

Мақ. – Мақаншы ауданы
Мақт. – Мақтарал ауданы
Маң. – Маңғыстау облысы
Маңғ. – Маңғыстау ауданы
Марқ. – Марқакөл ауданы
Мах. – Махамбет ауданы
Мер. – Мерке ауданы
МХР – Моңғол Халық
Республикасы

-Н-

Нар. – Нарынқол ауданы
Небид. – Небидаг қаласы

-О-

Об. – Обаған ауданы
Орын. – Орынбор облысы

-Ө-

Өзб. – Өзбекстан Республикасы

-П-

Павл. – Павлодар облысы

-Р-

Рес. – Ресей Федерациясы

-С-

Сайр. – Сайрам ауданы
Сам. – Самарқанд

Сар. – Сарысу ауданы
Сарат. – Саратов облысы
Сем. – Семей облысы
Семиоз. – Семиозер ауданы
Сыр. – Сырдария ауданы

-Т-

Тақт. – Тақтакөпір ауданы
Талд. – Талдықорған облысы
Талды. – Талдықорған ауданы
Там. – Тамды ауданы
Тар. – Таран ауданы
Тарб. – Тарбағатай ауданы
Тау. Қош. – Таулы Қошағаш
Таш. – Ташауыз облысы
Ташк. – Ташкент облысы
Тәж. – Тәжікстан Республикасы
Тедж. – Теджен
Тер. – Терөзек ауданы
Тим. – Тимофеевка
Торғ. – Торғай облысы
Түлк. – Түлкібас ауданы
Түркіс. – Түркістан ауданы
Түрікм. – Түрікменстан
Республикасы
Тюм. – Тюмень облысы

-Ұ-

Ұйғ. – Ұйғыр ауданы
Ұлы. – Ұлытау ауданы
Ұрж. – Ұржар ауданы

-Ү-

Үрлі. – Үрлітөбе ауданы

-Ф-

Фед. – Федоров ауданы
Фурм. – Фурманов

-Х-

Хож. – Хожейлі ауданы

-Ш-

Шалқ. – Шалқар ауданы
Шәу. – Шәуілдір ауданы

Шевч. – Шевченко ауданы
Шығ. Қаз. – Шығыс Қазақстан
облысы
Шымк. – Шымкент облысы

-Ы-

Ырғ. – Ырғыз ауданы

-Ч-

Чап. – Чапаев ауданы

-Я-

Янг. – Янгиюл ауданы

-Щ-

Щуч. – Щучье ауданы

2. Ғылыми, көркем әдебиеттер, сөздіктер

А. Курыш., ИЛТАС – А.К. Курышжанов. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970.

А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі. – А. Қасымбекұлы, Н. Әбікенұлы. Қазақ тілі тұрақты сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. Пекин, 1982.

А. Тал., Шала дар. оқ. – А. Талып. Шала дарыған оқ. Үрімжі, 1989.

Ә. Кекіл., Үркер. – Ә. Кекілбаев. Үркер. Алматы, 1981.

Ә. Кекіл., Құс қан. – Ә. Кекілбаев. Құс қанаты. Алматы, 1978.

Ә. Нұрп., Қан мен тер. – Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер. Алматы, 1981.

Б. Майл., Шығ., 5 т. – Б. Майлин. Шығармалары. Алматы, 1984.

Б. Соқб., Жекпе-жек. – Б. Соқбақбаев. Жекпе-жек. Алматы, 1981.

В. Радл., Опыт... I. – В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., Т. 1-4. 1893-1910.

В. Расс., ФЛТЯ – В.И. Рассадин. Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971.

Ғ. Қан., Бұрқ. – Ғ. Қанапияұлы. Бұрқасын. I кітап. Үрімжі, 1981.

ДТС – Древнетюркский словарь. Л., 1969.

Ж. Мыр., Таң. – Ж. Мырзақанұлы. Таңқурай. Пекин: Ұлттар баспасы, 1994. – 364 б.

И. Двор., – ЛРС. – И.Х. Дворецкий. Латинско-русский словарь. М., 1976.

Карак.-рус. сл. – Каракалпакско-русский словарь. М., 1958.

К. Юд., КРС К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1965.

Қаз.тіл.айм.сөзд. – Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. 824 б.

ҚТДС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1976.

ҚТФС – Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. / Құраст. І. Кеңесбаев. – Алматы, 1977.

Л. Буд., Срав. – Л.З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869. Т. I (1864), Т. II (1871).

М. Қашқ. – М. Қашқарий. Девону луғотит турк. Тошкент, 1960-1963. Т. 1-3.

- М. Раз., Алт. ақ. – М. Разданұлы. Алтайдың ақиықтары. Үрімжі, 1989. – 603 б.
- Н. Бас., ДЧТ – Н.А. Баскаков. Диалект черновых татар (тубакижи). М., 1966.
- Н. Оңд., ПҚТС – Н. Ондасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974.
- Рус.-калм. сл. – Русско-калмыцкий словарь. М., 1964.
- С. Мал., УНС – С.Е. Малов. Уйгурские наречия Синьцзяна. М., 1961.
- С. Мал., ПДПМК – С. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л., 1959.
- ССТМЯ, I, II. – Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. М., 1975, 1977.
- Тат.-рус. сл. – Татарско-русский словарь. М., 1966.
- Т. Пах. СРС – Т.Н. Пахалина. Сарыкольско-русский словарь. М., 1971.
- Туркм.-рус. сл. – Туркменско-русский словарь. М., 1968.
- Узб.-рус. сл. – Узбекско-русский словарь. М., 1959.
- Уйг.-кит.-рус. лугат. – Уйгурско-китайско-русский лугат. Пекин, 1952.
- Хак.-рус. сл. – Хакасско-русский словарь. М., 1953.
- Ц. Буд., ЛБД – Ц.Б. Будаев. Лексика бурятских диалектов в сравнительно-историческом освещении. Новосибирск, 1974.
- Э. Пек., СЯЯ – Словарь якутского языка. М., 1959.
- Э. Севортян, ЭСТЯ – Этимологический словарь тюркских языков. М., 1978.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тілдің аймақтық ерекшеліктерін зерттеудің тілдің алуан түрлі қасиеттерін саралап жіктеуде, сондай-ақ оның әдеби тіліміз лексикасының молығуы мен грамматикасының кемелденуінде маңызы зор екендігі тіл білімінде дәлелденген. Осыған сай қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу жұмысы соңғы жылдары Республика көлемінен шығып, алыс-жақын шетелдерде тұратын қазақ диаспора тілін де қамти бастады.

Қай тіл болмасын, оның құрамында норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын әдеби сөздермен қатар сөйлеу тілінде көне тілдің көрінісі ретінде сақталып қалған ертедегі тайпа тілдерінің қалдықтары, қазақ халқының әр дәуірде іргелес, көрші жатқан халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс-түйіс сөздер де кездеседі. Бұлардың ішінде ескі жазба ескерткіштерде кездеспейтін, әдеби тілде қолданылмайтын, белгілі бір аймақ тұрғындары тілінде ғана сақталып, сол өңірге тән тілдік ерекшеліктер ретінде көнеден қалыптасқан және кейінгі кезде пайда болған бірліктер бар. Жинақталып сараланған мұндай тілдік ерекшеліктер қазақ тілі тарихының маңызды мәселелерін айқындауда, сондай-ақ туыстас түркі тілдері мен өзге де тілдердің тарихына қатысты кейбір мәселелерді шешуде бай материал болады [1, 7 б.].

Осы орайда аймақтық лексика типтерінің ауқымды бір бөлігін құрайтын аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді тұтас жүйе түрінде арнайы жинап, зерттеу, оларды бүтіндей бір тілдік құбылыс ретінде қарастыру – оларды этностың тілі мен санасын сипаттайтын тағы да бір рухани-мәдени дереккөзі, тілдік ақпараттық кеңістік деп танытатын өзекті мәселе. Себебі күні бүгінге дейін Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтар тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер диалектолог-ғалымдардың еңбектерінде жекелеген аймақтық ерекшелік ретінде жинақталып, сипатталғандықтан, олар шашыраңқы күйде қалып келді. Сөйленістер тіліндегі ерекшеліктер тұтастай жинақталып, біршама қалыпқа түскен бүгінгі күнде оларды сол аймақтағы тілді тұтынушы халықтың танымымен (кәсібі, айналысатын шаруашылығы, шекаралас елі т.б.) сәйкес қалыптасатын тұтас тілдік құбылыс ретінде танып, тұлғалық және мағыналық жағынан саралау қажеттігі туып отыр. Сонымен бірге қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді жеке алып зерттеу – қазақ тіл білімінің диалектология, паремиология және фразеология салаларындағы зерттеулерді кеңейтіп, дамыту үшін де маңызды.

Тілімізде аймақтық ерекшелігі бар сөйленістерде ғана қолданылып, жалпылық сипат алмаған, тек белгілі бір аймақ халқына ғана түсінікті мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер баршылық. Олар белгілі бір аймақтарда түрлі тілдік жағдаяттарға байланысты жасалып, уақыт өте келе тұрақты тіркес дәрежесіне көтерілген. Осымен байланысты қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған түрлі географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторларды талдау, сондай-ақ лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтау аймақтық тіл

бірліктерін арнайы зерттейтін жұмыстардың өзекті мәселесі ретінде сипатталуы тиіс.

Демек, халықтың тіл байлығындағы этнос болмысын танытатын бояулы деректері барынша сақталған, соған сәйкес кейде кейін қалыптасқан, бірақ түрлі экстралингвистикалық факторлар мен тілдік жағдаятқа байланысты бүгінде белгілі бір аймақтың тұрғындары тілінде ғана сақталып, әдеби тілдің «сыртындағы» қолданыста жүрген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді арнайы және біртұтас жүйе түрінде қарастыру зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігін танытады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуы мен өзіндік құрылымдық сипатына талдау жасау.

Зерттеу пәні – қазақ диалектологиясы.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтар тілінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің құрылымдық сипатын сол ортаға тән тілдік жағдаят негізінде анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер белгіленді:

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына әсер еткен географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторларды анықтау;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамындағы кірме сөздерге ғасырлар бойы қоян-қолтық араласа өмір сүріп отырған жергілікті тілдердің әсерін көрсету;

- әдеби тілде кездесе бермейтін, мағынасы күңгірттенген аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы біршама сөздерге аймақтық сипаты тұрғысынан этимологиялық талдау жасауға талпыныс жасау;

- аймақтық қолданыстардағы мақал-мәтелдердің түркілік ортақ ойлау жүйесінің көріністерін салыстыру;

- аймақтық мақал-мәтелдердің лексика-семантикалық, тақырыптық түрлерін анықтап, оларды топтастыру;

- аймақтық мақал-мәтелдерді заттық-тақырыптық белгілері бойынша академик Ә.Қайдар ұсынған «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деген үлкен үш салаға жіктей отырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай топтастыру;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің жасалу ерекшелігін анықтау үшін оның құрылымдық өзгерістерін анықтау;

- әдеби тілдегі нұсқасымен салыстыру негізінде аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің омонимдік, омоантонимдік, синонимдік, варианттылық және көпмағыналылық сипатын ашу.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу барысында 1977 жылы жарық көрген академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», 2005 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі», қазақ сөйленістерінің тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар еңбектері, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер жинақтары, көркем әдебиет

туындылары, А. Ясауи атындағы ХҚТУ-де оқитын Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қарақалпақстан т.б. шетелдерден келген қазақ студенттері тілінен жинақталған материалдар пайдаланылды. Сонымен бірге мағынасы күңгірттенген сөздердің төркінін анықтауда Ә.Нұрмағамбетовтың «Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні» (Алматы, 1985) еңбегінен деректер алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде лексикология және диалектология салаларына қатысты Ш. Сарыбаев, Ғ.Қалиев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағамбетов, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Б. Тілеубердиев, Б. Бәмішұлы, Қ. Қалыбаева, М. Атабаева, С. Мұстафаұлы, А. Үдербаев т.б. ғалымдардың зерттеу қағидалары теориялық-әдіснамалық тұрғыдан басшылыққа алынып, жұмыстың орындалып шығуына ғылыми негіз болды. Сонымен бірге шетелдік тіл біліміндегі С.Е. Малов, В.В. Радлов, Н.А. Баскаков, М.А. Бородин, Я.И. Ройзензон, Е.Н. Шестакова, О.И. Блинова, А. Шерматов, Д.С. Насыров т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдары зерттеуімізде басты назарда болды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер жүйесіндегі аймақтық ерекшеліктерді анықтауда әдеби тілмен салыстыру және этномәдени сипаттау, топтастыру әдісі қолданылды. Сондай-ақ қазақ диалектологиясы, этнолингвистика саласындағы еңбектер, қазақ тілінің фразеологиялық, этимологиялық, түсіндірме, синонимдік сөздіктері пайдаланылды.

Еңбекте қажетке қарай сипаттама-синхронды, диахронды, функционалды-семантикалық, этнолингвистикалық талдау әдістері де қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді зерттеу, оның тұтас тілдік құбылыс ретінде өзіне ұқсас құбылыстардан ерекшелігін ашып көрсету – қазақ диалектологиясы үшін ғана емес, сонымен бірге қазақ паремиологиясы және қазақ фразеологиясы үшін де маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу материалдарының тұжырымдарын жоғары оқу орындарында тіл білімінің тарихи лексикология, диалектология, фразеология, этнолингвистика салалары бойынша дәрістер оқуда, арнайы курс, арнайы семинарлар жүргізуде пайдалануға болады. Сол секілді зерттеу барысында жинақталған материалдардың лексикографиялық тәжірибеге де пайдасы тиері сөзсіз.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Еңбекте қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арнайы зерттеу нысаны бола отырып, қазақ тілі жүйесіндегі нұсқаларымен бір тұтастықта қарастырылады, олардың әдеби тілдегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерден басы ашылып, айырмашылықтары көрсетіліп, төмендегідей нақты нәтижелер қорытындыланды:

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасу тарихына әсер еткен географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторлар көрсетілді;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамындағы кірме сөздерге жергілікті тілдердің әсері анықталды;

- белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты күңгірттенген, әдеби тілімізде кездесе бермейтін, аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы біршама сөздерге аймақтық сипаты тұрғысынан этимологиялық талдау жасауға талпыныс жасалды;

- аймақтық мақал-мәтелдердің семантикалық, тақырыптық түрлері анықталып, топтастырылып берілді;

- аймақтық мақал-мәтелдер заттық-тақырыптық белгілері бойынша академик Ә.Қайдар ұсынған «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деген үлкен үш салаға жіктеліп, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай топтастырылды;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің жасалу ерекшелігін анықтау үшін құрылымдық өзгерістері анықталды;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің омонимдік, омоантонимдік, синонимдік, варианттылық және көпмағыналылық сипаты ашылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- қазақ сөйленістерінің тілі – жалпыхалықтық тілдің құрамдас бөлігі;

- аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер – Қазақстаннан тыс жерде қоныстанған қазақтардың мәдениетін танытатын этномәдени-ақпараттық кеңістік;

- жиналған аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер бейнелік жағынан әдеби тілдегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерден ешбір кем емес, оны толықтыра түседі;

- белгілі аймақтағы қазақтар тіліне өздерімен ғасырлар бойы қоян-қолтық араласа өмір сүріп отырған көршілес өзбек, қарақалпақ, түрікмен, қытай, ұйғыр, моңғол, өзбек, орыс т.б. тілдердің жасаған игі ықпалы қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуынан нақты көрінеді;

- қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің сандық та, сапалық та деңгейі оларды семантикалық-тақырыптық түрлерге топтастыруға негіз береді.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жариялануы. Жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында академик Т. Жанұзақтың 80 жылдық мерейтойына орай өткен «Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фольклортану мен көркем аударма мәселелері: қалыптасуы, дамуы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2007), А. Ясауи атындағы ХҚТУ ұйымдастырған академик Р. Бердібайдың 80 жылдығына орай «Р. Бердібай және XX ғасырдың жартысындағы фольклортану, филология (әдебиеттану және тілтану), түркология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Түркістан, 2007), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ҚР ҰҒА академигі Р. Сыздықтың 85 жылдығына арналған «Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2009), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы «Лингвистикалық жұма» атты ғылыми-әдістемелік лингвистикалық семинарда (2008, қазан) баяндалды. Диссертацияның қолжазбасы А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университетінің филология факультеті «Қазақ тілі» кафедрасы мәжілісінде және ҚР БЖҒМ ҒК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты этнолингвистика бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды.

Зерттеу жұмысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарында, ғылыми басылымдарда 7 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, шартты түрде қысқартылып алынған атаулар тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 Қазақ тілінің аймақтық мақал мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуының ғылыми негізі

1.1 Аймақтық лексиканы зерттеу бағыты

Тіл білімінің негізгі салаларының бірі болып табылатын лексикологияда диалектологияның алатын орны ерекше.

Әдеби тіл тарихын зерттеуші-ғалым Р. Сыздықова: «Әдеби тіл дегеннің ең басты белгісі – толық өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болу, қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиісті», – екендігін айта келе, әр құбылыстың мәні салыстыру арқылы, өзге құбылыстардың қарама-қарсысына қою арқылы таныла түсетінін, яғни әдеби тілді тану үшін оның қарама-қарсы құбылысы ауызекі сөйлеу тілі екендігін атап көрсеткен [2, 8 б.]. Міне, осы мақсатта қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу тілі, яғни жергілікті тіл ерекшеліктеріне көңіл бөлініп келеді.

Диалектолог-ғалым А. Тасымов: «Жергілікті тілдік ерекшеліктер – жалпы халықтық тіліміздің бір аймаққа тән тілдік көрінісі. Ол аймақтық тілдік материалы жалпыхалықтық тіл арнасымен жалғасып жатады да, кейбір лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері жағынан одан ажырап тұрады. Өзінің изоглостық (сөздердің таралу шегін картаға түсіру) шекарасы бар нақтылы территорияда өмір сүріп жатқан тілдік ерекшеліктер ру-тайпалық тілдің қалдықтарынан, сол жердің халқының шаруашылық кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздерінен, қонысы, тұрмыс-тіршілігі жағынан жақын көрші отырған елдер тілінің әсерінен кейбір грамматикалық формалар арқылы семантикалық өзгеріске түскен жергілікті тілге ғана қатысты сөздер мен формалардан тұрады», – дейді [3, 8 б.].

Жергілікті ерекшеліктердің қамтитын аймағына, тілдік материалдарының көлеміне қарай лингвистикада *диалект*, *сөйленіс* терминдері қолданылады.

Диалект – жалпыхалықтық сипаты жоқ, белгілі бір жерде ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктері бар территория. Ал *сөйленістің* қамтитын аясы – шағын. Бірнеше сөйленіс бір диалектінің құрамына енуі мүмкін [3, 8 б.].

Қазақ тіл білімінде диалектология саласының теориялық-әдістанымдық негізінің жетіліп дамуына үлес қосқан диалектолог-ғалымдар Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев диалект деген ұғымның екі шартқа сай болуы керектігін нақтылайды: 1) тілдің ішінде өзінің даму шегі бар тілдік топ болу керек; 2) диалектілік топтың белгілі бір таралған шегі, аймағы болу керек. Ал, диалектизм деп аталу үшін де жоғарыдағыдай екі шарты болу керек. Бірақ олар тілдік топ емес, жеке ерекшеліктер ғана. Сонда белгілі бір диалектілік топты диалект деп атаймыз да (батыс диалектісі, шығыс диалектісі т.б.), олардың ішіндегі жеке құбылыстардың (*а* мен *ә*-нің алмасуы, *барғайы отыр*, *баражақ*, *кигіз үй* т.б.) әрбіреуін *диалектизм* дейміз. Осы екі шартқа жауап бермейтін тілдік құбылыстар диалектілік ерекшеліктерге (диалектизмдерге) жатпайды деп түйіндейді [4, 6 б.].

Халық я ұлт тілдерінде кездесетін ерекшеліктер еш уақытта бірыңғай сипатта болған емес. Олар пайда болуы жағынан да, жалпыхалықтық әдеби

тілге қатысы жағынан да, халық тілінде қолданылуы жағынан да әртүрлі болып келеді. Жергілікті диалектілерді әдеби тілге және өзара қатысы тұрғысынан алып қарағанда өзіндік ерекшеліктері барын ғалымдар Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев былайша санамалап көрсетеді:

Біріншіден, белгілі бір тілдегі диалектілер мен сөйленістер сол тілге тән жалпы белгілерді сақтай отырып, бір-бірінен фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жағынан түрлі ерекшеліктерге ие болады.

Екіншіден, жергілікті диалектілер мен сөйленістердің аумағын, таралған көлемі мен шегін белгілеуге әбден болады.

Үшіншіден, тіл тарихында жергілікті диалектілер мен сөйленістердің алатын орны зор. Шын мәнінде, жергілікті диалектілер мен сөйленістерді зерттемейінше халықтық, ұлттық тілдер мен әдеби тілдің қалыптасу тарихын толық білу мүмкін емес. Ұлттық тіл де, кейде әдеби тіл де жергілікті диалектінің, сөйленістердің негізінде дамиды. Мысалы, орыстың ұлттық әдеби тілі Мәскеу сөйленістерінің, ағылшынның әдеби тілі Лондон диалектісінің, Италияның ұлттық әдеби тілі Тоскан сөйленістерінің негізінде жасалғаны белгілі [4, 7 б.].

Р.И. Аванесов ұлт тілі құрамындағы әр диалект бір-біріне және әдеби тілге қарама-қарсы құбылыс, қарама-қарсылықсыз диалект болмайды деп түсіндіреді [5, 9 б.].

Бұл айтылғандардан жергілікті диалектілер мен сөйленістердің тіл тарихында алатын орны ерекше екенін аңғаруға болады. Сол себепті диалектология ғылымының зерттейтін негізгі нысаны жергілікті диалектілер болып табылады.

Диалектілік ерекшеліктер түрлі тілдерде бірінде аз, бірінде көп мөлшерде сақталған. Қазіргі диалектілер алғашқы қауымдық құрылыс кезінде тайпаның сөйлеу тілі болған. Демек, диалект жалпыхалықтық тілдің бір тарауы, одан тыс құбылыс емес.

Диалектология тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу шеңбері кеңейе түсті. Зерттеу нысанының саралануына және сипатына қарай диалектология – *сипаттама (описательная) диалектология және тарихи диалектология* болып екі салаға бөлінеді.

Сипаттама диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің дыбыстық, грамматикалық және лексикалық құрылысын сипаттау, сол жайында жүйелі түсінік беру. Тарихи диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің, диалектілік ерекшеліктердің пайда болу сырын, тарихын зерттеу. Мұның өзі халық я ұлт тілдерінің ру тілінен тайпа тіліне, тайпа тілінен халық тіліне, халық тілінен ұлт тіліне ауысып отырудағы даму жолдарын айқындауға мүмкіндік береді [4, 7 б.].

Диалектологияның бұл екі саласы бір-бірімен тығыз байланысты. Тілдегі ерекшеліктерді әбден анықтап, танып, түсініп алмайынша, тарихи диалектологияны жасау мүмкін емес.

Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктеріне қатысты деректер, жекелеген пікірлер Қазан төңкерісіне дейінгі түркологтар еңбектерінде (В. Радлов,

Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, Н.Ф. Катанов т.б.) кездеседі, бірақ бұл кезде қазақ диалектілері арнайы зерттелген жоқ. Дегенмен қазақ зиялыларының бірегей тұлғасы Ж. Аймауытовтың «Тіл туралы» («Еңбекші қазақ» газеті, 1926, 9-наурыз) деген мақаласы қазақ диалектологиясы саласындағы тұңғыш ебек саналады.

Диалектілік ерекшеліктердің арнайы зерттелуі 1930 жылдардың екінші жартысынан басталады. Бұл кезеңде алдымен күн тәртібінде қазақ сөйленістерін топтастыру мәселелері қойылған болатын. Бұл мәселелер жөнінде диалектологтардың арасында әртүрлі пікірлер болды. Кейбір зерттеушілер қазақ тілінде 3 сөйленіс бар десе (С. Аманжолов), енді бір ғалымдар 2 сөйленіс бар деді (Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев), ал Ғ. Мұсабаев сөйленіс жоқ дегенді айтты. Осы талас мәселені шешу үшін зерттеушілер еліміздің әрбір аймағының жергілікті ерекшелігін анықтау үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырып, материал жиюды қолға алды. Кейінгі 20-25 жыл бойы жиналған материалдардың негізінде ғалымдар тілімізде 4 сөйленіс бар деген тұжырымға келді, олар: **шығыс, батыс, оңтүстік және орталық-солтүстік сөйленістері**. Қазақ сөйленістерін зерттеуде С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев, Т. Айдаров, Б. Бекетов, Ш. Бектұров, Ж. Болатов, Н. Жүнісов, Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағамбетов, С. Омарбеков сынды ғалымдарымыздың еңбектері зор болды.

Енді әрбір сөйленістің қамтитын аймағына тоқталар болсақ:

Шығыс сөйленістер тобы. Бұл өңір қазақтары тілін көп жылдар бойы зерттеп, докторлық диссертация қорғаған ғалым Ж. Болатовтың топшылауынша, шығыс сөйленісі Баян-Өлгий, Шыңжаң, Қошағаш, Өскемен, Аягөз тәрізді бес сөйленіске бөлінді [6].

Батыс сөйленістер тобы. Ғалым Ә. Нұрмағамбетов өзінің еңбегінде тіл ерекшеліктерінің сипатына қарай қазақ тілі сөйленісінің батыс тобын Еділ бойы, Орталық Маңғыстау, Арал-Сыр бойы, Қарақалпақстандағы, Түрікменстандағы қазақ тілі сөйленісі деп іштей бес сөйленіске бөліп қарастырды [7].

Оңтүстік сөйленістер тобы. Осы өңірдің жергілікті ерекшеліктерін зерттеген ғалым О. Нақысбеков тұрғындар тілін төмендегідей сөйленістерге бөліп қарастырады. Олар: Жетісу, Шу, Шымкент, Қызылорда, Ташкент, Тәжікстандағы қазақ тілі сөйленістері [8].

Жоғарыда келтірілген деректер ғалымдарымыздың Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтар тілін қазақ сөйленістерінен бөліп-жармай, солармен бірге зерттегендігін көрсетеді.

Ендігі сөз етілетін мәселе диалектолог-ғалымдардың соңғы кезеңдерде ерекше назар аудара бастаған мәселесі *аймақтық тіл* жайында болмақшы.

Орыс ғалымы М.А. Бородина «Диалекты или региональные языки?» атты мақаласында француз тіліндегі әдеби тілдің, диалектілердің және аймақтық тілдің күрделі проблемаларын тілге тиек етеді [9].

Ғалым М.А. Бородина өз еңбегінде аймақтық тілге былайша тұжырым жасайды: «*Региональный язык/говор* (или просто региолект) является не только

языком состоянием, но и проявлением определенных языковых ситуаций. Именно по этому региолекты нарушают последовательную диасистему языковых структур, дают неустойчивый срез. Региолект – это звено в системе языковых состояний, находящееся в постоянном движении в отличие от диалекта, который в течение определенного исторического периода (например, феодального) настолько устойчив, что приравняется к понятию «язык» [9, 31 б.].

Француз тіл біліміндегі бұл жағдайдың күрделілігін көрсету үшін ғалым М.А. Бородин шетел ғалымдарының аймақтық тілге деген түрліше көзқарастарын келтіріп кетеді:

1) (Под региональным языком) «мы понимаем язык, употребляющийся на определенном географическом пространстве Франции, в то время как французский язык является общим языком на всем национальном пространстве» (Ж.Б. Марчеллези); 2) а) «Системность французского регионального, повидимому, заключается в генетической связи с патуа и в известном влиянии «французского центрального»; б) «французский региональный язык сделал выбор между своими собственными архаизмами и нормой французского узуса; в) «наиболее сложным вопросом является определение размеров территории, которые связаны с понятием «региональный»; г) «французский региональный тоже пытается утвердиться, он имеет свою норму, не менее императивную, чем норма французского центрального, только намного менее устойчивую» (Ф. Вуайя); 3) (Региональный французский не является) ни говором с определенной внутренней структурой, ни однородной языковой системой т.к. известно, что в ней преобладает общенациональная форма языка, измененная под действием местных говоров. Он является более варьированным и индивидуализированным, чем эти последние, т.к. говорящий на региональной форме языка отражает нестабильность языковой структуры» (О. Блок); 4) «Региональный французский – это региональная привычка языковой реализации, которая по своему ареалу редко совпадает для отдельных языковых явлений; по этому надо говорить не о региональных французских языках, но о бесчисленном множестве вариаций французского литературного языка» (Б. Потье); 5) «Региональный французский – это географический вариант общенационального койне или языка» (Л. Вольф) [9, 30 б.].

Жоғарыда келтірілген шетел ғалымдарының пікірлері аймақтық тілдің жергілікті диалектілер мен әдеби тілдің арасындағы желісі үзілмеген жалғасы және өзге тілдік ортада өзінше қалыптасқан тіл екендігін айғақтайды. Оның бойында көне тілдік элементтер мол сақталған.

Аймақтық тіл қазақ диалектолог-ғалымдарының арасында да соңғы уақыттарда зерттеу нысанына айналған өзекті мәселе болып келеді. Осы тұрасында «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінің» кіріспесінде академик Ш. Сарыбаев: «Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша және ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтардың тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалект дегеннен гөрі *аймақтық тіл* деп атауға

тура келеді. Мұның мысалы ретінде өз жазу-сызуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тілі қалыптасқан Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады» [1, 8 б.], – деген тұжырым айтады.

Демек, бүгінгі таңда қазақ ғалымдары да қазақ диаспорасының тілін аймақтық тіл тұрғысынан зерттеуге бет бұрды. Мәселен, Моңғолия қазақтарының тілін әлеуметтік лингвистика тұрғысында зерттеген ғалым Б. Бәмішұлы Моңғолия қазақтарының тілін қазақ сөйленістері негізінде емес, Қазақстандағы қазақ тілі сияқты арнайы зерттелуге тиісті әлеуметтік мәселе тұрғысынан қарастырады. Ғалым: «Моңғолия қазақтарының тілі – ең бір таза сақталған тіл. Бірақ басқа жұртпен араласып, қатынасқа түспеген тіл емес. Моңғолия қазақтарының тілі қазақ дипломатиясында, билер сотында, шаруашылық саласында, дін тармағында, астрономиясында, табиғат болжауда, өнерде, ауыз әдебиетінде, тұрмыс, отбасы тағы басқаларда еркін қолданылады» – дей келе [10, 6 б.], Моңғолия қазақтарының тілін қазақ әдеби тілінің варианты деңгейінде қарастырады.

Яғни Моңғолия қазақтарының тілі – өзінің этникалық орталығынан тысқары аумақта (Моңғолияда) өмір сүріп отырған қазақтармен бірге жасасып, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы ұлттық тарихи мұрасы. Ана тілі қазақтарға қалтқысыз қызмет ететін ұлттық қатынас құралы, ұлт өзегі болып қалыптасты.

Сөз етіп отырған қазақтардың Батыс Моңғолияға қоныстанғаннан бергі ұзақ уақыт аралығында алты-жеті ұрпақ ауысып үлгерсе де, әлі күнге дейін Моңғол жеріндегі қазақ диаспорасы өзінің ұлттық қасиетінің басты элементі – ана тілін сақтап келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Бұл турасында академик Ә. Қайдар: «Қазақ тілін сырттай бақылап жүрген түрколог ғалымдардың байқауынша, бүгінде оның шұрайлы да таза сақталған жері – Бай-өлке. Бұл пікір дұрыс та. Оның басты себебі: біріншіден, Моңғолия қазақтарының өз басында отау тігіп отыруында болса, екіншіден, осы өлкеде 98% шоғырлана бірыңғай жайғасуында. Моңғолияның ішкері жағындағы қазақтар жағдайы сәл басқашалау болса да, дәл Бай-өлкенің өзінде бар-жоғы 2% құрайтын ұранхай-тыва сияқты тіл өкілдерінің оған әсері онша байқалмайды» [11, 72 б.], – деп келтіреді.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының фонетикалық ареал құбылыстарын арнайы зерттеген ғалым А. Үдербаев Моңғолиядағы қазақтардың тілінің сақталуының басты себебін олардың Моңғолияға қоныс аудару процесінің әдеби тіліміз әбден кемелденген тұсқа тура келуімен байланыстырады. Ғалым осындағы қазақтардың тілінде жергілікті ерекшеліктермен қатар қазіргі халықтық тілімізде ескіріп, қолданыстан шыққан сол кездердегі байырғы сөздердің біразы әлі де қолданылады, бұл жалпы шет жерде қоныстанған тіл өкілдерінің сөйлеу тіліне тән ерекшелік (фонетикасындағы, лексикасындағы, тілдік болмысындағы көнеліктің сақталуы) болса керек деп тұжырымдайды [12, 19 б.].

Республика шекарасынан жырағырақ барып, екінші бір халықтың территориясында орналасқан сөйленістерді Ш. Сарыбаев *ауыспалы сөйленістер*, оның ішінде *тіларалық ауыспалы сөйленістер* деп бөледі. «Олардың тілінде ауыс-түйіс, кірме элементтер көп болады да, ерекшелік бір аралас говор пайда болады» [13, 195 б.] деп жазады. Сонымен қатар ғалымның түсіндіруінше, қазақ тілінің сөйленістері таза территориялық емес, территориялық-рулық сипатта. Территориялық сөйленіс көбінесе рулық, тайпалық сөйленістерді негізге алады, соған сүйенеді. Өйткені сол территорияда оның қолданушысы болып табылатын әр ру-тайпа өкілдері тұрады. Осы орайда алтаист-ғалым Б. Базылханның пайымдауынша, «Моңғолия қазақтарының тілі» деген атау мен «Керей тайпасы» деген атау бөлінбейтін егіз ұғым. Моңғолия қазақтары тілін зерттеу деген сөз – Керей тайпасының тілін зерттеу деген сөз» [14, 4 б.]. Бұл – Моңғолияның қазақтарының этникалық құрамының негізі қазақтың керей тайпасы болғандықтан айтылған сөз. Сондай-ақ, Ауған, Иран қазақтарының тілін зерттеген ғалым Б. Өтебеков Ауған, Иран қазақтары этникалық құрамы жағынан алғанда Кіші жүз қазақтарына кіретінін айтады [15, 6 б.].

Ғалым Ғ. Қалиев қазақ тілінің тараған жер көлемінің молдығына байланысты бірқатар түркі және басқа халықтармен шектесіп жатқандығын ескере отырып, сондай шекаралас аудандардың бәрінде де тіларалық ауыспалы құбылыстардың пайда болатындығын орынды атап көрсетеді. Ғалымның түсіндіруінше, тіларалық ауыспалы құбылыстардың екі жағдайда пайда болатыны байқалады: бірінші, қазақ сөйленістері басқа тілдермен шекаралас болған жағдайда, екінші, қазақ сөйленістері басқа тілдік ортада қалыптасқан жағдайда. Осыған сәйкес тіларалық сөйленістердің бір-біріне жақын екі түрі туғандығын атап көрсетеді: басқа тілдермен шекаралас аудандардағы тіларалық сөйленістер және басқа тілдік ортадағы тіларалық сөйленістер.

Тіларалық сөйленістердің бұл екі түрінің өзара айырмасы жайында мынаны айтуға болады. Басқа тілдермен шекаралас аудандардағы тіларалық қазақ сөйленістері – Қазақстан жеріндегі сөйленістер. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен шаруашылығы республика өмірімен тығыз байланысты, сондықтан олар қазақ әдеби тілінің әсеріне үнемі ұшырап отырады. Олар өздеріне көршілес халықтар тілдерін ана тіліндей меңгерген деуге де болмайды, мұндай сөйленістердің билингвизм сипаты шамалы. Ондағы тіларалық ауыспалы құбылыстар қазақы сөздермен, формалармен аралас қолданылып, бәрі бірдей жалпылық сипат алмаған [16, 28 б.].

Ал басқа тілдік ортадағы тіларалық қазақ сөйленістері Қазақстаннан тыс жерлерде қалыптасқан сөйленістер. Зерттеушілер ондай сөйленістердегі тұрғындардың әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен шаруашылығы өздері араласып отырған халықтармен тығыз байланысты екенін, кейде мұның өзі олардың тұрмыс-салтына, діни сезіміне ықпал еткен (мысалы, Таулы-Алтай автономиялы облыстарындағы Қошағаш сөйленісіне кіретін Тұраты қазақтарының Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде шоқынып кетуі [16, 48 б.]), араласып отырған халық тілін өздерінің ана тіліндей меңгеріп алғанын атап көрсетеді. Түрікменстандағы қазақ сөйленісін зерттеген Ә. Нұрмағамбетов:

«Түрікмендермен араласып отырып қазақтар шаруашылықтың қай саласында болса да, солармен үнемі, үздіксіз қарым-қатынаста болуының нәтижесінде түрікмен тілін өзінің ана тілінен кем білмейді десек асыра айтпаған болар едік» [17, 13 б.], – дейді. О. Нақысбеков Тәжікстандағы қазақтар өткен ғасырдың орта шенінен бастап қоныс аударғанын айта келіп: «Содан бері жергілікті тәжік, өзбек халықтарымен тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Мұнда тұрған қазақтар өзбек мектептерінде оқиды. Өз ана тілімен бірге өзбек, тәжік тілдерін жақсы біледі» [8, 129 б.], – деп атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда сөйленістердегі екі тілдік сипаттағы (билингвизм) ауыспалы сөйленістер дегенге толық қосылуға болады [17, 14 б.].

Басқа тілдік ортадағы сөйленістердің кейбіреулерінде (Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай) баспасөз, мектеп т.б. арқылы Қазақстанмен, қазақ әдеби тілімен қарым-қатынас үзілмей, белгілі дәрежеде сақталғанымен, басқа тілдік ортаның әсері күнделікті сезіліп отырады. Біздің пікірімізше, қазақ халқының негізгі аудандарынан жырақ жатқан, оның мәдени-экономикалық өмірімен күнделікті байланысы жоқ басқа тілдік ортадағы сөйленістерде қазақ әдеби тілінің әсері біршама солғын болады. Осының негізінде бөтен тілдік ортадағы сөйленістерде өзіндік жергілікті ерекшеліктері айқындалып, сол аймақтың өзіндік жалпыхалыққа ортақ тілін қалыптастырады.

Аймақтық лексиканың күрделілігі аймақ иесінің өмір сүру ортасымен түсіндіріледі. Басқа халықтар сияқты қазақ этносының ұлттық тілі қалыптасқаннан кейінгі кезеңінің өзінде атамекен, атажұртынан әлемнің төрт бұрышына түгел дерлік қоныс аударып, бөтен тілдік ортаға түсуіне және өз ортасына өзге тіл өкілдерін көптеп қабылдауына тура келеді. Мұндай жағдайда тілдің өзара әсер етуі, қостілділік, көптілділік үрдістері жүреді, аймақтардың окшаулануы да кездеседі, бұған алыс, жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы тілін жатқызуға болады. Шетел қазақтарының тілі өзінің негізгі аймақтық, сөйленіс тобы көлемімен соншалықты алыстап кетпегенімен, оған өзін қоршаған өзге туыс немесе туыстық қатысы жоқ тілдер айқын әсер етеді. Қарақалпақ жеріндегі қазақтар қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтарымен аралас тұрады, сондықтан олардың тілінде аталған тілдердің әсері байқалады. Осы сияқты Өзбекстан, Түрікменстан, Қытай, Моңғол, Ресей қазақтарының тілі де үлкен әсерге ұшыраған, дегенмен окшауланған сөйленістер де жалпыхалықтық лексиканың негізін сақтайды.

Қостілділікті сөз ете келе, сол қоғамдағы диглоссия жайын да айтып кетпеске болмайды. Бұл – билингвизм құбылысынан әлдеқайда қарапайым құбылыс болса да, диглоссиясыз таза билингвизм құбылысы бола бермейтін реті бар. «Билингвизм мен диглоссия құбылысы – тілдік жағдаяттың жекелеген бейнесі. Бұл екі құбылысты сипаттағанда тілдік жағдаяттың әр қыры анықталып, жалпы болмысы толықтырылады» [18, 90-94 бб.].

Қазақ диаспорасының тіліндегі диглоссиялық жағдаят біздің тікелей зерттеу нысанымызға кіреді. Ең алғаш диглоссия ұғымын енгізіп анықтама берген Ч. Фергюсон болатын. Ғалымның түсіндіруіндегі диглоссия (бір тілдің өзін жоғары тіл мен төменгі тіл немесе варианттары деп бөлу) кейіннен Дж. Гамперц, Дж. Фишман, А.В. Исавченко, Б.А. Успенский, Л.П. Крысин

зерттеулерінде жалғасын тапқан еді. Диглоссияға бұл кісілердің еңбектерінде анықтама беріліп, оның өзі бірнеше функционалдық типке бөлінген. Ғалым А. Үдербаев А.Д. Швейцердің: «Жеке тұлғаның (индивидтің) бір тілдің екі немесе одан да көп жүйе ішілік жүйелерін (подсистема) қолдана білуін диглоссия деп білеміз» деген пікіріне ден қоя отырып, Моңғолия қазақтарының тілін диглоссиялық жағдайдағы тілдер қатарына жатқызады [12, 29 б.]. Себебі олардың тілі ұлттық тілдің варианты ретіндегі диглоссияның мынадай кең тараған типіне сәйкеседі: *территориялық диалект (сөйленіс) және әдеби тіл*.

Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканы этнолингвистикалық аспектіде қарастырған ғалым М. Атабаева аймақтық лексиканы тарихи жазба деректері аз түркі тілдерінің бірі – қазақ тілінің өз тарихын таразылауында, халықтың рухани-материалдық байлығын зерделеуінде, этностың өзін-өзі тануында, жаңа тарихын жазуында жүгінетін көнекөз куәсінің бірі деп есептейді [19, 17 б.].

Этникалық отанынан тыс жерде тұратын халықтың шоғырланған бөлшегі әлеуметтік лингвистикада «диаспора» деп аталады. Әлеуметтанушы лингвист-ғалым Б. Хасанов «қазақ диаспорасы» атауының орнына *шоғыр* сөзін қолдануды ұсынады. Мысалы, «Түркиядағы қазақ шоғыры» [20, 250 б.]. Ғалымның ойынша, қазақ шоғырларының тілдік жағдайы бойынша зерттеу жүргізудің қазақ тілі үшін де, дүниежүзі тілдері үшін де маңызы бар: 1) қазақ шоғырлары тілін зерттеу арқылы «этнос өз ортасынан тыс жерде, өзге тілдік ортада өз тілін қалай сақтап, дамыта алады» деген сұраққа жауап алуға болады, сол арқылы жалпы тілге ортақ көкейкесті мәселенің шешілуіне өзіндік үлес қосады; 2) әлемдегі ана тілінде сөйлейтін қазақтың санын анықтау арқылы қазақ тілінің басқа тілдер арасындағы орнын анықтауға болады; 3) өзге тілдер сияқты қазақ тілінің де географиялық таралу өрісін білуге болады; 4) қазақ шоғырының қостілділігі көрінісінде әлеуметтік лингвистика ғылымының деректермен байыта түсуге болатыны даусыз [20, 251 б.].

Қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбеков: «Тіліміздің аймақтық ерекшеліктерін жиып-теру, оны жан-жақты зерттеудің теориялық әрі практикалық мәні зор. Әсіресе, әдеби тілдің даму процестерін тереңірек зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған кезеңде, әдеби тіл мен диалектінің қарым-қатынасына зер салмай тиісті қорытынды шығару мүмкін емес. Өйткені ауызекі сөйлеу тілде сақталып, әдеби тілде кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар кездейсоқ пайда болмай, белгілі тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан. Сондықтан аймақтық ерекшеліктерді жан-жақты зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы ерекше», – деп тұжырымдайды [21, 4 б.].

Қазақ халқының басқа түркі тілдес халықтармен этностық байланысын ашу үшін де аймақтық материалдардың едәуір пайдасы бар. Өйткені қазақтың құрамына кірген бірқатар ру, тайпалардың басқа түркі тілдес елдердің ішінде де кездесуі, сондай-ақ тіліміздегі кейбір диалектілік құбылыстардың қазақ тілінің басқа сөйленістерінде ұшырамай, көрші, туыстас тілдердің материалдарымен ұқсас болып келуі тегін емес. Міне, осындай туыс тілдер арасындағы қарым-қатынасты шешуге аймақтық ерекшеліктерді зерттеудің пайдасы мол.

Әдеби тілдің сөздік құрамын байытуда және оның икемділігін жетілдіріп, емле мен орфоэпиялық норманы бірізге түсіріп, қалыптастыруда халық тілінің бай қазынасын пайдаланудың маңызы зор.

Яғни шетел қазақтарының тілінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуын анықтай аламыз, сондай-ақ оның өзіне тән тілдік ерекшеліктерін, өзіндік болмысын, тарихын зерделеуге мол мүмкіндік алуға болады.

Қорыта айтқанда, аймақтық лексика – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әртүрлі қатынастардың белгісін бойына сақтаған қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес байлығы.

1.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің зерттелу жайы

Ғылымда паремиология саласы қарастыратын мақал-мәтелдер тілдің де, әдебиеттің де, философияның да зерттеу нысаны болып келе жатқаны белгілі. Сондықтан да болар, мақал-мәтелдер табиғатына қызығушылар да, оларға өз анықтамасын беріп, өз тұрғысынан талдап-таратушылар да баршылық. Қалай болғанда да, мақал-мәтелдердің халық даналығына жататын рухани байлық екендігінде дау жоқ. Мақал-мәтелдердің табиғатына тән әмбебаптық қасиетін айқындап, зерттеушілердің өз ой таразысынан өткізіп, сөз нарқы мен парқын айырып, баға беру, болмысын анықтаудың ғылым үшін қажетті жері – ол құбылысты жан-жақты да толық түсініп, білуге мүмкіндік береді. Зерттеушілер мақал-мәтелдерді ежелден келе жатқан аталы сөздің ұйытқысы, даналықтың көзі деп, философиялық негізін тілге тиек етсе, енді бір зерттеушілер көркемсөздің көрікті де бейнелі, қысқа да нұсқа үлгі-өрнегі деп санайды; әдебиетшілер мақал-мәтелдерді ауыз әдебиетінің кіші жанрына балап, кішігірім шығармаға теңесе, заңгерлер мен педагогтер қоғамдық тәртіп орнатып, тәлім-тәрбие беретін салт-дәстүр, әдет-ғұрып түріндегі қағида, ғибратты ұғым санатына жатқызады.

Сондықтан да әр автордың мақал-мәтелдерге берген анықтамаларын, ой-пікірлерін салыстыра қарағанның өзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Ғалым Б. Шалабай мақал-мәтелдерге өзінше анықтама береді: «Мақал дегеніміз – тағылым берерлік, ырғағы бар, тәжірибеде көп қолданылатын бейнелі, қысқа, нақыл сөйлем. Мәтел дегеніміз де өнеге берерлік ырғағы бар сөйлем. Мұның мақалдан айырмашылығы – мағынасы ашық болмай ишарамен айтылатындығы, сөйлемнің толымсыз болып келуі» [22, 285 б.].

Мақал мен мәтел құстың екі қанаты сияқты бір-бірімен байланысты, бірақ олардың араларында өзіне тән ерекшеліктері бар.

Мақал мен мәтелдің ерекшеліктерін түсіндіріп келіп, белгілі этнограф, жазушы В.И. Даль: «Мәтел, халық сөзімен айтқанда – гүл, ал мақал – дән» [23, 20 б.], – дейді. Осы пікірді дамытып фольклорист М.А. Рыбникова: «Мәтел – бұл сөз оралымы, қалыптасқан сөйлем, пікірдің элементі. Мақал – аяқталған пікір, біткен ой» [24, 17 б.], – деп түйіндейді.

Белгілі ғалым М. Әлімбаев мақал-мәтелдерге мынадай анықтама береді. Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтылады. Мысалы, «Кең болсаң, кем болмайсың», «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз», «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің мәнін келтіреді» т.б. Мәтел дегеніміз – халық арасында кең тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам кестелі халық сөзі. Мәтелдерде ой-пікір, топшылау мақалдағыдай тікелей кесіп айтылмайды да, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады. Мәселен, «Апама жездем сай», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» т.б. [25, 140 б.].

Академик Ә. Қайдар: «... мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал және мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын ажыратудың бір параметрі осы. Екінші параметрі мақал, әдетте, жалпылама мағынаны білдірсе, мәтел белгілі бір ситуацияға (жағдаятқа) байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, іс-әрекеттің тек өзіне ғана тән мағынасын білдіруге бейімділігі» [26, 56 б.], – деп түйіндейді.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мақал мен мәтелдің өзіне тән айырым-белгілері бар екендігін айғақтайды. Дегенмен мақал мен мәтелдің тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні екендігі, халқымыздың даналық ой қорытындысы болып қала беретін қасиеті оның өзіндік маңызын жоймайтындығын нақты көрсетіп тұр.

Тіл ғылымында мақал-мәтелдер тұрақты тіркестердің қатарына енеді ме, жоқ па деген мәселеде ғалымдар әлі күнге бір пікірде емес. Шындығында, мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты дайын қолданысқа ие. Алайда мақал-мәтелдердің дайын единица ретінде қолданылуы фразеологизмдермен бірдей емес. Бұл жайында ғалым І. Кеңесбаев: «Тілдегі мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркестеріне жатады, бірақ барынша тар ұғымда алынатын ФЕ-лер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырым бар» [27, 598 б.], – деп көрсетеді. Фразеологизмдер сөйлеушінің құбылысқа деген эмоциялық көзқарасын көрсетеді. Ал мақал-мәтелдер дайын мәтін ретінде, кейде сөйлем түрінде келіп, ақыл-кеңес беруге арналады.

Ғалым Қ. Қалыбаева «Нар тәуекел – ел ісі», «Кішіні алдап үйренгеннің үлкенге де тісі батпайды» секілді мақал-мәтелдердің құрамында *нар тәуекел*, *тісі бату* сияқты тұрақты тіркестердің кездесетіндігін айтады. Мұның өзі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің бірдей еместігін көрсетеді. Алайда, ғалым олардың арасындағы ұқсастықты да жоққа шығармайды [28, 83 б.].

Соңғы жылдары фразеологияның бір түрі ретінде жергілікті халық тілінде қалыптасқан диалектілік фразеологизмдерге ғалымдар үлкен қызығушылық танытуда. Орыс тіл білімінде диалектілік фразеологизмдер мәселесіне қатысты алғашқы ой-пікірлер ХІХ ғасырда қалыптаса бастады. Алғашқы диалектілік сөздіктерге жазылған рецензияларда орыс сөйленістеріндегі кейбір тіркестер бойында кездесетін дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық

ерекшеліктер жайында теориялық мәліметтер кездеседі. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап орыс тіл білімінде диалектілік фразеологизмдерге арнайы көңіл бөлінді. Ол жайында ой-пікірлер Я.И. Ройзензон [29], Е.Н. Шестакова [30], М.В. Орел [31], Б.Ф. Захаров [32], А.И. Федоровтардың [33] еңбектерінде қалыптасты.

Б.Ф. Ройзензон диалектілік фразеологизмдерді зерттеу барысында тек әдеби тілмен салыстырып қана қою жеткіліксіз екендігін айта келіп, оларды басқа әртүрлі сөйленістердегі фразеологизмдермен салыстыра отырып зерттеуді ұсынады. Л.А. Ивашко орыс тіліндегі аймақтық фразеологизмдер жайын зерттеу барысында олардың қалыптасуын лингвогеографиялық әдіспен зерттеу қажеттігін айтады [34].

Зерттеуші ғалым А.И. Федоров Сібір өлкесіндегі көптеген диалектілік фразеологизмдердің семантикалық, құрылымдық жағынан жалпыхалықтық фразеологизмдерге сай келгенімен, ауқымды бөлігі жалпыхалықтық фразеологизмдерге сай келмейтіндігін айтады.

Орыс ғалымы О.И. Блинова сөйленіс фразеологиясын белгілі бір жүйе ретінде зерттеу қажеттігін айта келіп, оларды ареалдық, эмоционалды-экспрессивтік аспектіде жан-жақты қарастырды [35].

Түркі тілдерінде диалектілік фразеологизмдер арнайы қарастырылмағанымен үнемі ғалымдардың назарын аударып келген. Олар жайында жекелеген ой-пікірлер бірқатар түркі тілдерінің диалектологиялық еңбектерінде кездеседі. Мысалы, өзбек тіліндегі диалектілік фразеологизмдер А. Шерматов [36, 107-113 бб.], қырғыз тіліндегі диалектілік фразеологизмдер Б.М. Юнусалиев [37, 232б.], қарақалпақ тілінде Д.С. Насыров [38, 239 б.], башқұрт тілінде С.Ф. Миржанованың еңбектерінде [39, 135 б.] кездеседі.

Өзбек тіліндегі диалектілік фразеологизмдерді зерттеу барысында А. Шерматов қандай да ерекше пікір айтпағанымен, ерекшелік ретінде оларды топтастырып көрсеткен. Сондай-ақ ғалым өз еңбегінде Қашқардария сөйленісіне тән мақал-мәтелдерді де топтастырып береді.

Ғалым Б.М. Юнусалиев зерттеуінде қырғыз сөйленісіндегі диалектілік фразеологизмдерінің түндік сөйленіс пен түстік сөйленістері арасындағы ерекшеліктер біршама талданып, салыстырылып беріледі.

Башқұрт тіліндегі диалектілік фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге С.Ф. Миржанова еңбегінде біршама көңіл бөлінген. Автор олардың әдеби тілді байыта алатын ауызекі сөйлеу тілінің негізгі көзі деп атап кетеді.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіл білімінде де диалектілік фразеологизмдерге үнемі көңіл бөлініп келген.

Қазақ диалектологиясында тұрақты тіркестерге алғаш көңіл аударып, олардың жеке аймақтарға тән сипатын ашып көрсеткен ғалым – С. Аманжолов. Ғалым өз зерттеуінде алғаш рет оңтүстік және батыс аймақтардағы идиомалық және фразалық тіркестерді сөз тіркестерінің басқа түрлерімен бірге қарастырып, оны грамматикалық ерекшелік ретінде көрсетеді [40].

Қазақ тіл білімінде диалектілік фразеологизмдерге кеңірек тоқталып, әрі қарай жетілдіріп, біршама құнды пікірлер айтқан – Ж. Досқараев. Ғалым «Арыс говоруның сөз тіркестері» атты мақаласында зерттеушілердің бұл мәселеге

көңіл бөлмей келгендігін айта келіп: «Белгілі бір сөйленістің, оның ішінде сөз тіркестерін арнайы сөз ету – сөйленісті жан-жақты зерттеу үшін де, қазақ диалектологиясы үшін де аса зор маңызы бар» [41, 10-11 бб.], – деп көрсетеді.

Бұдан басқа диалектілік фразеологизмдер туралы ой-пікірлер Қостанай қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген А. Байжолов [42], Орда қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген Ә. Бөрібаев [43], Маңғыстау сөйленісіндегі тұрақты тіркестерді зерттеумен айналысқан С. Омарбеков [44], жоғары оқу орнына арналған «Қазақ диалектологиясы» оқулығында құрамында әдеби тілде жоқ сөздер кездесетін тұрақты тіркестерге ерекше тоқталған Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев [4], Өзбекстан қазақтарының тіл ерекшеліктерін зерттеген Т. Айдаров [45], Еділ бойы қазақтарының тіліндегі тұрақты тіркестерді лексика саласында қарастырып, олардың құрамындағы сөздерді жекелей талдаған А. Тасымов [46], қазақ тілі сөйленістерінің батыс тобындағы диалектілік сөз тіркестерін синтаксистік ерекшелік ретінде көрсеткен Ә. Нұрмағамбетов [7], сондай-ақ, Батыс Сібір қазақтарының тілін зерттеген Ә. Құрманалиев [47] және Қарақалпақстандағы қазақтар тілін зерттеген Н. Жүнісов [48] секілді ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Еділ бойы қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген диалектолог-ғалым А. Тасымов өз еңбегінде сол аймақта қолданылатын тұрақты тіркестерге аз да болса тоқталған. Ғалым тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің мағынасын анықтай отырып, оларды екі топқа бөле отырып қарастырады: 1) құрамындағы сөздерінің мағынасы түсініксіз сөздерге: *емешесі құру* (еңсесі құру), *мажыра болу* (жайбарақат), *мігіріш ету* (келісу), *таушықты болу* (табысты, бақытты болу) сияқты тіркестерді келтіреді; 2) мағынасы түсінікті, бірақ қолданылу реті әдеби тілден ерекшелеу сөздермен келген тіркестерді: *азабы сіңу* – еңбегі сіңу, *азап жасау* – азап ету, *ақтан қаптап жіберу* – ит терісін басына қаптау, *ас салу* – тамақ асу, қазан көтеру, ет асу, *ас қайыру* – бата қылу, *ауа жайлы болу* – жүкті болу т.б. мысалдар арқылы береді [46, 86 б.].

Оңтүстік сөйленіске жататын Түркістан тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген Б. Жүсіпованың еңбегінде де тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің мағынасына қарай «Құрамындағы сыңарларының лексикалық мәні түсініксіз тіркестер», «Құрамындағы сыңарларының лексикалық мәні айқын сөз тіркестері» деп екі топқа жіктеледі [49, 100 б.].

Байқап отырсақ, жоғарыда аталған зерттеулерде аймақтық фразеологизмдер құрамындағы сөздерінің лексикалық мағынасына қарай талданып топтастырылған.

Дегенмен, ғалым Қ. Қалыбаеваның еңбегінде қазақ сөйленістерінде қалыптасқан диалектілік фразеологизмдер арнайы зерттеліп, оған қатысты ой-пікірлер бір жүйеге түсірілген [28]. Ғалым диалектілік тұрақты тіркестердің лексика-семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтай отырып, диалектілік фразеологизмдерге теориялық ұстаным жасаған.

Зерттеу еңбекте диалектілік тұрақты тіркестерді әдеби тілдегі тұрақты тіркестерден мынадай белгілерімен ерекшелейді:

1. Диалектілік тұрақты тіркестердің құрамында әдеби тілде кездеспейтін сөздер кездеседі: *мұсалат болу* «масыл болу» (Арал), *мәңгүр қылмау* «елемеу» (Қ.Орда).

2. Диалектілік тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер әдеби тілде бар, бірақ олар әдеби тілде тіркес жасамайды: *наны жүру* «жолы болу» (Қ.орда), *басы қараңғы* «аяғы ауыр» (Өзб. қаз.).

3. Диалектілік тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер әдеби тілде бар, бірақ олар жай тіркес түрінде кездеседі: *құрсағы ауыру* «жаны ашу» (Шу).

4. Әдеби тілдегі тұрақты тіркестерден сөйленістердің ерекшеліктеріне сәйкес дыбыстық (*мышық табандау* «мысық табандау»); грамматикалық (*қарайымдап қалу* «қарайып қалу»); лексика-семантикалық (*беттен шармаялау* «беттен алу») ерекшеліктерге ұшыраған [28, 38 б.].

Ғалым еңбегінде диалектілік сипат алған 170-тей мақал-мәтелдер жинақталған. Сөйленістердегі мақал-мәтелдердің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1. Әдеби тілде қолданылатын мақал-мәтелдер дыбыстық (*Құда базына айтады, құдағай назын айтады*); грамматикалық (*Алажағым болса да, бережағым болмасын*); лексикалық (*Дарақ бір жерде тұрып көгереді*) өзгерістерге ұшырап қолданылған.

2. Көптеген мақал-мәтелдер әдеби тілде қолданыста жоқ. Олар жергілікті тұрғындардың айналысатын кәсібіне байланысты жасалған:

- егін шаруашылығына байланысты (*Әкең мұрап болғанмен, жерің ой болсын*);

- балық шаруашылығына байланысты (*Жарып кеткен бір шоқыр*);

- мал шаруашылығына байланысты (*Түйе жаманы – көрт, Шөп жаманы - керт*).

Ғалым М. Атабаева жоғарыда аталған еңбегінде диалектілік фразеологизмдерге арнайы тоқталған. Ғалым диалектілік фразеологизмдерге құрылымдық, компоненттік талдау жасай отырып, олардың жергілікті ерекшеліктері барын, біріншіден, диалектілік фразеологизмдер әдеби тіл элементтерінен құралып аймақтық мағына жасайды, бұл топ аймақтық фразеологиялық қордың елеулі бөлігін қамтитынын, екіншіден, аймақтық тұрақты тіркестер аймақтық сөздерден тұрады, дегенмен мұндай сөздердің сирегірек ұшырасатынын айтады. Сонымен қатар ғалым еңбегінде грамматикалық құрылымына қарай сөз тіркесі және сөйлем түріндегі аймақтық фразеологизмдер және сөз таптарына қатысы бойынша: а) етістік мағыналы; ә) есім мағыналы; б) үстеу мағыналы; в) бейтарап сөздердің қатысуымен жасалған фразеологизмдер деп жіктеп, арнайы тоқталады [19, 264 б.].

Соңғы жылдары қазақ ғалымдары фразеологиялық тұрақты тіркестерді аймақтық тіл тұрғысынан зерттеуге баса назар аудара тастады. Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтар тілін зерттеушілердің назарында сол аймаққа тән фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді зерттеу мәселесі тұрды. Бұған дәлел – Моңғолияда тұратын қазақтардың тіл ерекшелігін зерттеген ғалым Б. Базылхан еңбегі. Ғалым еңбегінде *иттің ұлы байготан* «кез келген адам»,

от салып қонаға түсу «ашулану», сөңке салған адам «оқыған адам» секілді сол аймаққа ғана тән фразеологизмдер көрсетіледі [14].

Ауғанстан, Иран қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеуші ғалым Б. Өтебеков өз еңбегінде сөз тіркестерінің құрамындағы сөздерге назар аударады. Ғалым кейбір тіркестерде айтылатын сөздер жеке тұрғанда мағыналары анық, құрамындағы сөздер түсінікті болып келсе, басқа тіркестерде құрамындағы сөздердің түсініксіз болып келуін мысалдар арқылы түсіндіріп өтеді.

1. Білдіретін мағынасын құрамындағы сөздердің лексикалық мәні арқылы білдіруге болмайтын тіркестер. Бұл топтағы сөз тіркесінің мағынасы оның құрамындағы жеке сөздердің лексикалық мәніне қатысы болмайды. Бұлардың құрамындағы сөздер әр уақытта түсінікті бола бермейді. Кейде бір немесе екі сыңары да түсініксіз болып келеді. Мысалы: *бақышшылық қылу* «көре алмау»; *бедім келу* «жиіркену»; *тәжит қылу* «сыйлау, құрметтеу»; *шауқым қылу* «шулау», т.б.

2. Білдіретін мағынасына құрамындағы сөздердің лексикалық мәні белгілі дәрежеде қатысты болып келетін сөздер. Бұл топтағы тіркестерден ұғынылатын мағына мен тіркес құрамындағы сөздердің бірінің лексикалық мағынасы арасында аз да болса әуендестік болады. Олар мыналар: *ақыға жету* «қарызын қайтарып алу»; *ауанында болу* «жанында болу, қасында болу»; *жасы ұзаю* «қартаю, жасы келу»; *жүрегі босау* «көңілі босау, жылауға ерік беру», т.б. [15, 90 б.].

Сондай-ақ ғалым еңбегінде Ауған, Иран қазақтарының тілінде ғана кездесетін аймақтық мақал-мәтелдер де берілген. Мысалы: *«Ат өтеді ауылдан, қамшы өтеді сауылдан», «Жетімшілікті көп көрген, үш шақырмай а демес, Ашаршылықты көп көрген, өзі тоймай ма демес», «Жолға шықсаң, жолдасыңды тауып шық, Болмаса үй-ішіңді шауып шық», т.б.*

Фразеологизмдердің аймақтық ерекшелігін анықтауда Қытай қазақтарының тіліндегі тұрақты тіркестерге кең көлемде тоқталған еңбек – ғалым С. Мұстафаұлының зерттеуі. Ғалым өз еңбегінде Қытай қазақтарының тіліндегі аймақтық фразеологизмдерді әдеби тілдегі фразеологизмдермен салыстырып, олардың айырым белгілерін айқындайды. Сонымен қатар, аймақтық фразеологизмдердің қалыптасуына ықпал еткен тарихи себептерді этнолингвистика және әлеуметтік тіл ғылымы тұрғысынан талдап көрсетеді. Мысалы, Қытай тарихындағы халық санасына өшпес ізін қалдырған 1966-1976 жылдар арасындағы «мәдениет зор төңкерісі» атты азапты жылдардың сарыны байқалған *қалпақ кию* «қылмысты деп танылу», *дазыбау жазу* «қылмысты әшкерелеу», *жала аудару* «ақталу», *қара көзілдірікпен қарау* «мән бермеу», *туы айқын* «саяси көзқарасы айқын», *майданы берік* «саяси табанды» секілді фразеологизмдерді санамалап көрсетеді [50, 28 б.].

Еңбекте сонымен бірге аймақтық сипат алған мақал-мәтелдер біршама талданады. Ғалым оларды талдау барысында сол өлкеде өмір сүрген тарихи тұлғаларға қатысты (*Жәнібектің ақ туы астында кезігейік* «бір іске жұмыла, біріге кірісу» мағынасында), географиялық орналасқан жер жағдайына қатысты жасалған (*Сауырға барып өлген қойда арман жоқ*), осы өлкедегі рулар

тарихына қатысты (*Тоқабай Сарыны сәнге сабайды*) мақал-мәтелдер талданып көрсетілген.

Қорыта айтқанда, ауызекі сөйлеу тілінде жасалғанына қарамастан, сөйленістердегі фразеологизмдер әдеби тілдегі фразеологизмдердің негізгі белгілерінен ауытқымайтындығын байқадық. Аймақтық фразеологизмдер мен әдеби тілдегі фразеологизмдерді салыстырып қарағанда, олардың топтастырылу шарттарында алабөтен өзгешелік байқалмайды. Дегенмен, аймақтық фразеологизмдердің қалыптасу үлгісінде, қолданылуында ерекшелік айқын байқалады. Жалпы аймақтық фразеологизмдердің пайда болу, оның халық тілінде қолданылу себебін түсіну үшін, осы аймақтағы халықтың өмір сүру тәсілін, географиялық ортасын білу керек.

Яғни аймақтық фразеологизмдерді әдеби тілмен салыстырудан аймақтық фразеологизмдердің қолданылу аясы әдеби тілге қарағанда тар екенін көреміз.

Дегенмен, жоғарыдағы зерттеулерге шолу жасай қарағанда, аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің табиғатын түсінуге, олардың қалыптасуы мен дамуына, құрылымдық және мағыналық дамуына, құрамындағы сөздердің шығу төркініне жете көңіл бөлінбегендігі байқалады. Сондықтан қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы ғылыми деңгейі мен нәтижелері жаңа теориялық-методологиялық негіздердің қалыптасуы, антропоэзектік бағыттың күшеюі аймақтық тіл жүйесін жалпыхалықтық байлығының бір бөлігі ретінде зерттеудің, дәйектеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер нәтижесіндегі мәдениаралық коммуникацияға сәйкес қазақ тілінің қазынасын, оның қолданыстық әлеуетінің өресін, ең бастысы, қазақ ұлттық болмысының этномәдени кеңістігін толықтыратын фразеологиялық жүйені зерттеу қажет.

1.3 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің танымдық табиғатын тану

Қазіргі лингвистикада тілді адаммен, объективтік шындықты идеялды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы – оның ақыл-ой, санасымен ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады. «Адам және тіл» мәселесі соңғы уақытта үлкен өзектілікке ие болуда, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ, себебі, тіл адамды адам ететін айрықша белгі, ерекше қасиетімен танылады [51, 10 б.].

Тіл ғалам туралы білімді сыртқа көрсетіп қана қоймайды, ғұмырнамалық тәжірибенің түпсанада бедерленіп, үздіксіз дамуына және оның айқындалуына, ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне қалтқысыз қызмет етеді. Яғни кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Сондықтан да тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының өнімі ғана емес, күрделі ассоциативті-вербальды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан

құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

«Тіл адам баласының қол жеткен табыстарын сөздер арқылы көрсетеді. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер халықтың басынан өткен ұзақ-сонар тарихын, оның саяси-әлеуметтік өмірін, бүкіл экономикасын айнытпай айқын бейнелеп бере алады. Сөз байлығында біздің барлық біліміміз, ойымыз, идеямыз, ұғымымыз сақталған» [52, 6 б.], – деп ғалым Ә. Болғанбаев атап көрсеткендей, лексикалық бірліктердің қоғамдық сипаты мен когнитивтік қызметі кез келген халықтың тыныс-тіршілігімен үздіксіз байланысын түсінуге көмектеседі.

Тілтанымдық зерделеудің негізгі нысаны осы лексикалық арналарға бағыттала отырып, сөз табиғатын түсіндіруге, оның танымдық тарихын, уәжделу ерекшелігін жоғары бағалауға негізделеді [53, 85 б.].

Жалпы «ғаламдық бейне» адамның өзі тәрізді өте көнеден келе жатқан түсінік екені белгілі. Яғни адам баласының дүние, ғалам туралы түсініктерді құрастыра бастауы, ғалам бейнесін жасауы уақыт жағынан антропогенездік процеспен сәйкес келеді. Түркі әлемінде ол Күлтегін ескерткіштерінде-ақ берілген.

Жалпыға ортақ ғаламдық бейне жеке адамдардың бір-бірімен түсінісуіне, пікір алмасуына, қауым болып өмір сүруіне жағдай жасайды. Әрбір жеке адамның ойы, таным-дәрежесіне сай ғаламдық бейнесі де әртүрлі болады. Бірақ соған қарамастан жеке адамдар бір-бірімен тіл арқылы табысып, ортақ шындыққа көз жеткізіп жатады. Себебі жеке адамдардың дүниетанымы жоғарыда айтылып кеткен жалпыға ортақ ғаламдық бейне негізінде қалыптасады. Бұл қатынастар ғаламның тілдік бейнесі арқылы жүзеге асады.

Тіл мен ойлау және тілдік қатынас туралы ғалым Ф.Ш. Оразбаева: «Тіл – табиғатпен тығыз байланыста жаратылған ерекше құбылыс. Ол өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары тұрғысынан табиғат пен қоғамның қалыптасуына, дамуына әсер етеді. Тілдің өзіне ғана тән әлеуметтік, қоғамдық сипаты бола тұра, ол жалпы табиғи процестерден, табиғат пен қоғамнан тыс қарастырылмайды, қайта сол жалпы заңдылықтармен тығыз бірлікте қарастырылады. Тілдің қатысымдық қасиеті – оның барлық ерекшеліктерінің ішіндегі ең маңыздысы және ең бастысы. Сондықтан лингвистер тілдің мәнін айқындауда оның әртүрлі жақтарын сөз ете келіп, соның ең қажеттісін жіктеп шығаруға тырысады. Тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету, кейде шартты ұғымдар арқылы іске аспайды. Оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады» [54, 99 б.], – дейді.

Тіл өзін-өзі тудырушы, ұйымдастырушы, реттеуші, дамытушы қабілетке ие. Тілдің бұл сипаты кездейсоқтыққа жол бермейді. Адам санасында туындайтын тіл сана арқылы жасампаздыққа ие бола тұрып сананы құруға қатысады. Бұлар бір-бірінсіз мүмкін емес.

Этнос тілі, ғаламның этникалық тілдік бейнесі тілдің күрделі когнитивтік қызметінің нәтижесі ретінде когнитивтік лингвистиканың негізгі нысаны болса, «этностың өзін танып білудегі қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы – тіл әлемі [55, 11 б.] этнолингвистикалық зерттеудің өзекті мәселесі болып табылады. Когнитивтік лингвистикада ғаламның тілдік бейнесі динамикалық негізді, уәжді және адаммен тікелей қатысты, тұтас бірліктегі дүние деп түсініледі.

Тіл өнері үлгілерінің дамуын «сол тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын ғибрат ету әрекеті [55, 8 б.] – деп түсіндірген академик Ә. Қайдар «тәжірибе», «тағылым», «зерде», «сана» ұғымдарының табиғатын тілтанымдық зерттеулердің маңызды бөлшегі деп тұжырымдады. Тіл табиғатын, оның қызметін жоғары бағалаған автор оны адам, қоғам, табиғат ұғымдарының бастауы деп қарастырды, сондықтан тілдік зерттеулердің маңызды бөлшегін құраған, ойлау мен қабылдау, таным мен пайымдау әрекеттеріне жүгінген автор тұжырымдары терең этнофилософиялық астармен, тарихи деректерге сүйенген нақтылығымен және адамзат табиғатын ашып тануға бағытталған маңыздылығымен сипатталады.

Сондықтан Ә. Қайдар қазақ этнолингвистикасының өзіндік сипатын тұжырымдап, оның негізгі мақсатына «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде оның тіл байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуді әрі «Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуды» [44, 16 б.] жатқызды.

Дүниенің тілдік бейнесі әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесі, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Этностардың, халықтардың тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, дүниенің тілдік бейнесі де, адамдардың тәжірибесі де әртүрлі. Сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы дүниенің тілдік бейнесінде азды-көпті айырма болады. Сөздің артында ақиқаттың үзiгi тұрады. Оның тілдік бейнесі әр халықта әртүрлі.

Таным адам табиғатына негізделген, қоршаған әлем заңдылықтарынан нәр ала қалыптасқан күрделі де маңызды құбылыстардың бірі болғандықтан, когнитивистер тілдік зерттеулерді әлемдік бейнемен, жанды-жансыз құбылыстармен, нақтылы-абстракті ұғымдармен байланыстыра дәйектеу қажеттігін және сол арқылы жасалатын модель үлгілерінің деректанымдық мәнін атады, логикалық танымның дедуктивті-индуктивті амалдарына да осы мақсатта жүгінді.

«... әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажетті бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. қазақ тілінде сақталып, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [56, 43 б.], – деп тұжырымдаған

ғалым Ж. Манкеева тілдік ізденістерін «мәдени лексиканың ұлттық сипатын» зерделеуге арнады. Тілші семантикалық, морфо-семантикалық, тарихи, этнолингвистикалық қағидаларға сүйене келе, тілде көрініс табатын материалдық және рухани мәдениеттің белгілерін олардың қолданыс аялары мен зерттелу тәжірибелері арқылы талдап көрсетті. Бұл мақсатта ғалым табиғат пен адам арақатынасының ерекшелігіне, олардың ұлттық болмысқа әсер етер сипатына, халықтың күнделікті тіршілігін қалыптастырар шарттарына назар аударды, соның негізінде тілдік фактілерді уәждеп түсіндіретін сыртқы танымдық себептерге көңіл бөлді. «Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі қасиеті. Жүздеген иә мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етеді» [56, 70 б.] деген пікірін зерттеуші көшпенділердің өмір-салтымен («Көк тәңірге» құлшылық, фольклордағы мифологиялық бейнелер ...) дәйектейді. Адам психологиясын, оның «танымдық процесінің дамуын», «жеке басының көріністерінің» [56, 71 б.] қалыптасуын, ең алдымен, табиғатпен қарым-қатынасы, шаруашылық кәсібі арқылы өзектеген ғалым тілдік құралдардың да ұлттық-мәдени «генезисін» «этнопсихология мен биосфера» заңдылықтарымен өрбіте зерттеді. Осы орайда, ғалым «халықтың көкірегі», «халықтың жады», «ұлттық сезім», «рухани дүние», «халықтық психология» секілді ұғымдардың маңыздылығын атап өтті.

Тіл мен таным байланысын автор тарихи қалыптасудың ажырамас факторы деп қарастырып, сол себепті «... тарихи сілемдер ең алдымен қазақтың ертедегі көшпелі өмірімен, мал шаруашылығымен, тұрмыс-салтымен ... саяси-әлеуметтік тарихымен байланысты көне тамырлы сөздер мен сөз тіркестерінде... кездесетінін [56, 16 б.] ескертеді. Оған дәлел ретінде Ж. Манкеева «қазақтың материалдық мәдениетке қатысты лексикасының қайнар көздері» қатарында тарихи тақырыптағы көркем шежірелерді, ақын-жыраулардың шығармаларын, қазақ ақындары туындыларын, фольклорлық мәтіндерді, тұрақты тіркестер мен диалектілерді зерттеуіне нысана етті, нәтижесінде жинақталған деректер негізінде оның лексика-семантикалық топтарын жіктеп шығарды.

Әр алуан деңгейдегі когнитивтік зерттеулерді зерделегенде, жоғарыда көрсетілгендей, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоцентризм, дәлірек айтқанда, сол тілде сөйлеушілердің өмірлік тәжірибесі, рухани, мәдени білімі тұтасқан түрде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екендігі анықталады [57, 7 б.].

Халық тілі байлығының ауқымды бөлігін тұрақты тіркестері – фразеологизмдері құрайды, аймақтық лексиканың да өзіне тән, өзіндік ерекшеліктері бар саласы – фразеологизмдері.

Ғалым М. Атабаева диалектілік фразеологизмдер пайда болу, жасалуы жағынан алғанда, тілдің тарихымен өзектес, сондықтан диалектілік фразеологизмдерді жинау, зерттеу, сипаттау аймақтық лексиканың құрамы мен көлемі мәселесін ғана шешпейді деп көрсетеді: «Біріншіден, диалектілік тұрақты тіркестер – тіл тарихына қатысты шешімі табылмай жүрген сұрақтардың жауабын табуға септігін тигізе алатын сенімді дереккөз, олардың

бойында дыбыстық, грамматикалық құрылыстың көне элементтері тұнып қалған, екіншіден, диалектілік фразеологизмдер бойынан аймаққа тән сөзжасам және сөздердің түрлену жүйесі айқын көрінеді, үшіншіден, диалектілік тұрақты тіркестер әдеби тілдің фразеологиялық құрамын байытуға азды-көпті үлес қосады, төртіншіден, фразеологиялық тіркестер семантикасы ауқымды, терең, олардың мазмұнында этностың рухани мәдениетінің айшықты мағлұматтары жинақталған» [19, 102 б.].

Ғаламның тілдік бейнесін жасауда фразеологияның рөлі ерекше, фразеологизмдер – этностың әр алуан байлығының куәсі, соның тілдегі бейнесі. Фраземалардың мағынасын ашып, мәнін түсінбейінше, фраземаның тұтас табиғатын, ол аңғартып тұрған мазмұн-деректі ұғу мүмкін емес. Себебі, жеке сөз мағынасында халықтың бейнелі, астарлы ойының нәзік иірімдері тұнып тұрады.

Мысалы, Түрікмен қазақтарының тіліндегі *кестесі келісу* тіркесі «істің реті келу, оңу» мағынасында қолданылады: *Ондағы қырқымишылардың да кестесі келіспей жатқан көрінеді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 324-б.). Бұл тіркес біршама кейінгі, кірме сөздер дәуірінен хабар береді.

М. Атабаева өз зерттеуінде тұрақты тіркес мағынасының «кесте» ұғымына қатысы жоқ екендігін, оның парсы тіліндегі «бұзылу, берекесі кету» мағынасын беретін «*геште*» сөзінен туындағандығын көрсетеді. Түркі тілдері заңдылығына сәйкес қазақ тілінде «кесте» түріне дейін өзгерген: *гэштэ > геште > кеште > кесте* [19, 103 б.]. Дыбыстық өзгерістің нәтижесінде *кесте* сөзімен сәйкес келу арқылы тұрақты тіркес мағынасы осы ұғым негізінде туындағандай әсер қалдыруы мүмкін, ал оның шығу төркініне үңілу этностың тарихы үшін маңызды болмақ.

Сондай-ақ, Түрікмен қазақтарының тілінде *баз кешу / бас кесу* тіркесінің варианттары «күдер үзу, түңілу» мағынасын береді. Мысалы: *Кербезім жаннан баз кешті, отырып күйме бағлаған* (Аралбай ақын). *Ондай болу үшін машқалаңнан бас кесу керек* (Түрікм., Красн.). Қытай қазақтарының тілінде бұл тіркес «өлу, қаза табу» мағынасын береді. Мысалы: *Сол жазда әжесі де дүниеден баз кешіп өте берді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 118-б.).

Ә. Нұрмағамбетов бұл тіркестің «бас тарту, безу» мағынасында татар (*ваз кичу*), ноғай (*базгеш*), әзірбайжан (*ваз гечмек*) тілдері деректерінде кездесетінін көрсетеді [58, 19 б.]. Түркі жазба ескерткіштері материалдарында *баз* – дүние, әлем; *кәч* – өту (С. Малов, ПДПМК, 92, 99). Осыған сүйене отырып Ә. Нұрмағамбетов сөйленістердегі *баз кешу* тіркесінің мағынасын дүниеден өту, кету деп түйеді: *баз кәч > баз кеш > баз кешу*, сөйленістердегі *бас кесу* варианты өзгеріске түсіп мағынасын көмескілендірген. «Өту» мағынасындағы *кеш* сөзі жалпыхалықтық тілде омонимдік қатардың бір сыңары – «суды, қарды, құмды жаяу не көлікпен кешіп өту» (ҚТТС, 5, 20-21). Осы мағынадан *бастан кешу, дәурен кешу, күн кешу* т.б. тұрақты тіркестері тарайды да, олардың құрамында «өткізу» семасы ортақ қызмет атқарады. І. Кеңесбаев «*баз кешті*» тіркесінің көпмағыналылығын көрсеткен: 1) ажалға душар болды, өлді; 2) үміт үзді, күдер үзді (ҚТФС, 89 б.). *Кешті* сөзінің *су кешті* Ер сув кешті және *өтті*

мағынасы М. Қашқари сөздігінде берілген. «Ай күн кешті. Ер кешті. Адам өтті. (Ер дүниеден өтті)» (М. Қашқ., 2, 13 б.).

М. Атабаева «баз» сөзі қазір жеке қолданылмайды, оның өмірден, дүниеден, әлемнен кету, өмірі өту мағынасы М. Қашқарида «ай, күн» ұғымымен байланыста алынған, сөйленістердегі «күдер ұзу, түңілу» мағынасының бастапқы мәні «өту» ұғымынан шығады, «күдер ұзу, түңілу» сезімі арқылы жағымсыз, жайсыз ситуациядан мүлде арылуға болады. Фразеологизм сыңарының екеуі де байырғы сөз екенін деректер дәлелдейді, фразеологизмдердің бойында тарихтың талай сырлары жатқанына осындай тіркестер куә екендігін айтады [19, 103 б.].

Фразеологизмдердің құрылуына қарапайым халықтың күн көрісі де өз септігін тигізе алады. Мысалы, Қытай қазақтарының тілінде *тиірменіне су құю* тіркесі кездеседі. Тіркес «бір оқиғаны қоздыру, өршіту» мағынасын береді. Мысалы: *Ол екеуінің арасындағы дау өзі де шыққалы тұрған кезі еді, соны сен көре тұра тиірменіне су құйғандай болып тұрсың* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 665-б.). Халқымызда диірменді суды айдау арқылы жүргізіп отырған, судың күші қатты болған сайын оның жұмыс сапасы да жақсы болған. Халқымыз осы қызметті адамдар арасындағы қатынасқа шебер тели білген. Бұл тіркестегі астарлы бейне – адам, оның жағымсыз мінезі, осы жағымсыздықты тура атамай, символ (шартты белгі) арқылы беру, ойды тұспалмен түсіндіру тұрақты тіркеске ерекше астарлы мағына береді.

Сондай-ақ Қостанай қазақтарының тілінде *талабы тай жеген бөрідей* тіркесі жалпыхалықтық тілде «талабы таудай» деген мағына береді. Мысалы: *Нұрбайдың талабы тай жеген бөрідей екен* (Қост., Жанг.). Қазақ тұрмысында қасқырдың тайды жалғыз жеп кетіп, малға шабуы жайлы аңыз-әңгіме көп, солардың негізінде адам мінезіндегі батылдық, қайсарлық суреттеледі, талап болған жерде оны жүзеге асыратын қайсарлық қажет, халық арасында қасқырдың осы қасиеті бағаланады. Халық санасында теңеудің күрделі түрі қасқыр ұғымына қатысты жасалған, мұндағы символ – қасқыр бейнесіндегі өршіл талап [19, 106 б.]. Мұндай тіркестерде этностың ғасырлар бойы жиған тәжірибесі, рухани байлығы, қарым-қатынас этикасы аңғарылады.

Аймақтық фразеологизмдер қазақ этносының дара болмысын танытатын ұлттық мәдени мазмұнды бойына жинаған, оларда бейнелі ойлаудың қазақ этносына ғана тән ерекше мәнері көрініс тапқан. Ресейдің Орынбор облысы қазақтарының тілінде *ауыл үй қону* тіркесі әдеби тілдегі «Ай мен Үркердің бір-біріне жақын келу, тоғысу» мағынасын береді. Мысалы: *Үркер мен Ай ауыл үй қоныпты, қар ерте кетер дейтін бұрынғылар* (Рес., Орын.). Халық жүрегіндегі басты арман – бірлік, ынтымақ, көңіл үйлесімі, яғни ауыл адамдарының бейбіт тіршілігі. Осы ұғым халық қиялында аспан әлемінде де «кетігіне тап ете түсіп» тұр (реті, ыңғайы келу мағынасында).

Тарихи оқиғалардың куәсі болған халқымыздың жан-жаққа тарыдай шашылып, түрлі себептермен табиғаты, тұрмыс-тіршілігі бөлек ортаға қоныс аударып жүруі адам ағзасына да өз зиянын тигізген. Ауған, Иран қазақтарының тілін зерттеуші ғалым Б. Өтебеков өз еңбегінде осында қоныс тепкен қазақ әйелдерінің алғашқы кезде сол жерді жерсінбей, біраз жылдарға дейін бала

көтермегендігін тілге тиек етеді: «...1917-1930 жылдары Ауғанстанға 2 мың қазақ отбасы көшіп барған. 30 жылдары көшіп барған қазақтар оба, шешек, тырысқақ тәрізді індет ауруларына ұшырап, әйелдер жерсінбей, бала көтермей, көп қиыншылықтарды бастан кешкен. Өлім-жітім көбейіп, өсім азайған. Осындай нәубеттің салдарынан 1917-1930 жылдары көшіп барған 2 мың отбасынан 1993 жылы, жарты ғасырдан соң, 1500-дей отбасы қалған. Қазақ қыз-келіншектерінің жерсінбей перзент көтермеуі салдарынан, әрі иран, өзбек, тәжік қыздары қалыңмалсыз берілгендіктен, осы халықтармен құда болып, келін түсіруге мәжбүр болған» [15, 6 б.]. Мысалы, Ресей, Ауған, Иран қазақтарының тілінде қолданылатын «жүкті болу» мағынасын беретін *ауа жайлы болу* тіркесінің астарында әйелдің сол өлкені жерсінуі, соған ағзасының қалыптасып, жүкті болуы ұғымы жатқан сияқты. Мысалы: *Моңғолдың қызы ауа жайлы болып, ұл туыпты* (Рес., Волг.).

Шығыс және батыс сөйленістерінде кездесетін *суы басқа, суы бөлек* тіркестері «жат, ауылы бөлек, елі басқа» мағынасын береді. Мысалы: *Суы басқа адам көрінесің, қай жердің баласысың* (Шығ. Қаз., Марқ.). *Ана жігіттердің де суы бөлек қой, ет піскен кезде, оларды да шақырып қой* (Ақт., Ырғ.). Аулы аралас, қойы қоралас, бір құдықтан су ішіп, малын бір жерден суарған халық ұғымында «суы бір болу» – қазақ этносының өзіне тән ерекше қасиеті. Мұнда да татулықтың, ағайындықтың, бірліктің нышаны байқалады. Ал елі мен жері бөлек адамның *суы бөлек* аталуы осындай ұғымнан туындаған.

Қазақстанның батыс аймақтарында әдеби тіліміздегі «түгел, тегіс аман» ұғымы *мұздай қара көк / мұздай аман* тіркестерімен беріледі де және де актив қолданылатын фразеологизм деуге болады. Мысалы: *Біз де мұздай қара көк дегендей халық қатарында күнелтіп отырмыз* (Орал, Чап.). – *Е, мұздай аманбыз* (Гур., Мах.). Бұл тіркестің құрылуын Ә. Нұрмағамбетов таза қазақи тіршілікпен байланыстырады, амандықты, тыныштық өмірді қатқан мұзға, оның түсіне теңеуден пайда болған деп есептейді. Адамның кей кездері өз қылықтарын мойындамай, міз бақпай, мелшиіп тұру сәтінде *мұз қаракөк, мұздай қаракөк* тіркестері қолданылатыны мұзға ұқсату, теңестіру мағынасынан туған деп жобалайды. Ғалым М. Атабаева осы болжамды қостай отырып, «...мұздың бүтіндігі теңіз, мұхит жағасын жайлаған түркілер үшін таңсық емес, мезгілі жеткенде мұз бұзылады, ендеше қазақ ұғымында *жалған дүние* өтпелілігі мұз бейнесінде, мұз түсіндей таза болуы мүмкін, себебі тіркес амандық-саулық сұрасуда қолданылады. Қазақ этносының ерекшелігі хал-жағдай сұрасудан да көрінеді, әңгімені мал-жан амандығынан, іргенің бүтіндігінен бастайды, ең негізгісі, мұндай жағдайда алдымен жақсылық, амандық жайлы баян ету – қазақ тіліне тән қасиет» [19, 103 б.], – деп ой түйіндейді. Этностың өзіндік ерекшелігін көрсететін осы тәріздес аймақтық фразеологизмдерді көптеп кездестіруге болады.

Мәселен, қазақ сөйленістерінде *күшала жеу* тіркесі кездеседі. Батыс сөйленістерінде бұл тіркес «ашу қысу» мағынасын берсе, шығыс сөйленістерінде «қиындық көру, көресісін көру» мағынасында айтылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 365-б.). Ғалым Ш. Сейітова тіркестің қалыптасуына

құрамындағы *күшала* сөзімен аталатын өсімдіктің тікелей қатысы болу керек деген болжам жасайды.

Күшала – биіктігі 20-30 см болатын көпжылдық емдік өсімдік. Өсімдік гүлдеген кезде, оның ортаңғы жапырағының шетін өткір пышақтың жүзі сияқты қабықша басады. Сондықтан да қазақтар оны қара пышақ деп те атаған. Жалпы күшаланы қолданған адамның өңіне қан жүгіріп, қуаты артып, бойын меңдеген ауруды жеңіп, содан күш алатын болғандықтан, өзімен бірге *күш ала шық* деген мағынада *күш ал ~ күш ала ~ күшала* атауы қалыптасқан болу керек. Негізінде күшала өте улы болғандықтан, ішу мөлшеріне қатаң көңіл бөлінген. Ал *күшала жеу* тіркесінің мағынасы өсімдіктің ащы, кермек дәміне байланысты алынып, таяқ жеді, көресісін көрді, басына қиындық туды дегенді білдірсе керек [59, 99 б.].

Сондай-ақ, Орал қазақтарының тілінде осы күшала сөзінің қатысуымен *адам беті күшала* тіркесі де кездеседі. Тіркес жалпыхалықтық тілде «адам бетінің өзгермеуі, беті бүлк етпеу» мағынасын береді. Мысалы: *Оның ұялғанын бет әлпетінен білу қиын, «адам беті күшала»* (Орал, Шыңғ.). Күшаланың қасиетін жақсы білген халқымыз мұның қасиетін адамның жағымсыз мінезімен байланыстыра отырып, тұрақты тіркес жасаған. Әрине бұл тіркес осы өсімдіктің қадір-қасиетін танитын өлке тұрғындарына жақсы түсінікті.

Аймақтық фразеологизмдердің табиғатына үңіле отырып, этностың дүниетанымын, өмірінің көрінісін айшықтауда фразеологизмдердің орны айрықша екендігін байқаймыз. Берілген деректерді негізге ала отырып, этнос әлемінің тілдік бейнесі, оның сырлы суреті фразеологизмдердің мағынасында, оның ең түпкі астарлы түйінінде екенін байқауға болады.

1.4 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар

Белгілі бір аймақтың геофизикалық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық ерекшеліктеріне және осы аймақтың тарихи-әлеуметтік тағдырына, тілдік ерекшеліктеріне байланысты аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің басқа аймақтың немесе басқа ұлттардың мақал-мәтелдері мен фразеологиялық тіркестеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі.

Кез келген этностың өз ортасынан тыс жерде, өзге тілдік ортада өз тілін қалай сақтап, дамытатындығын анықтау – әлеуметтік тіл біліміндегі көкейтесті мәселелердің бірі. Бұл тұрғыда әлеуметтанушы-ғалым Б. Хасанов: «Шетел, шет жерді мекендейтін қазақтардың тілдік жағдайын зерттеуді дәстүрлі лингвистика, атап айтқанда, диалектологиялық тұрғыдан жүргізу жеткіліксіз. Оны әлеуметтік лингвистикаға тән әдіс, тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асыру ләзім» – деп тұжырымдайды [20, 251 б.].

Этностың және оның бөлшектенген топтарының тілін тек тілдік тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік лингвистика жағынан зерттемей, сол этнос топтарының өмір тіршілігі, мәдениетін терең танып білу қазіргі антропоэзектік бағытқа сәйкес зерттеулерде басы ашылған мәселе. Демек, тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың өміршендігінің бірегей белгісі.

Осыған сәйкес келесі тараушаларда әр аймақтың географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторларының негіздері тілдік деректер арқылы түсіндіріледі.

1.4.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер етуші географиялық фактор

Этностың және оның бөлшектенген топтарының тілін тек тілдік тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-лингвистикалық жағынан зерттеп білмей, сол этнос топтарының өмір тіршілігі, мәдениеті туралы егжей-тегжейлі терең анықтау тіпті де мүмкін еместігі ең өзекті әрі басы ашық мәселе. Өйткені қандай да бір ұлттың қасиеті мен құндылықтарының қалыптасуы, кемелденіп, өркендеп дамуы не болмаса уақыт ағымымен басқа ұлтқа сіңісіп жоқ болып кетуі тілге тікелей байланысты. Демек, тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың өміршеңдігінің бірегей белгісі.

Белгілі бір аймақтың геофизикалық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық ерекшеліктеріне және осы аймақтың тарихи-әлеуметтік тағдырына байланысты аймақтық фразеологизмдердің басқа аймақтың немесе басқа ұлттардың фразеологиялық тіркестеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі.

Біздің байқауымызша, аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің өзіндік ерекшелігін анықтау үшін сол өңірдің өзіндік кейпін қарастырудағы географиялық фактордың рөліне көңіл аударған жөн. Географиялық фактор этникалық жиынтықтың ең негізгі жүйелі сапасының бірі екені белгілі. Оған табиғи ресурстар, халықтың экономикалық-географиялық жағдайы, табиғи және өзіндік территориялық кешендер мен оның жеке түрлері кіреді [60, 26 б.]. Зерттеуші философтардың еңбектерінде географиялық ортаның қоғамға қатынасының көп қызметтілігін және көп қырлылығын көрсетеді [61, 49 б.].

Географиялық ортаның қоғамға әсер ету теориясын зерттеушілердің пікірі мынадай: «Табиғи-географиялық ортаның қоғамға әсер етуі ... жан-жақты, әр саламен қоғамның барлық бөлігін қамтиды - өндіргіш күштер, өндірістік, экономикалық қатынастар, базис саласы, базисті басқарудағы саяси қатынастар, қоғамның саяси бірлігі және жалпы саяси құрылым, қоғамдық сана деңгейіндегі қатынастар және оның формалары, яғни негізгі компоненттер түріндегі құрылымдық салалар. Сонымен, зерттеуге алынып отырған аймақтардың геофизикалық ерекшеліктері аймақтық фразеологизмдердің шығу тегіне, қалыптасып, дамуына жанамалай да, тікелей де өз әсерін тигізеді деуге болады.

Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттарын зерттеген ғалым Б. Тілеубердиев қандай да бір ежелгі тұрғындар бір жерде ұзақ уақыт өмір сүрсе, ондағы жергілікті географиялық ерекшеліктер оның лексикасынан, сөздік қорынан, географиялық терминологиясынан көрініс табады дейді [62, 20 б.].

Мәселен, ғалымдар Қазақстанның оңтүстік өңірінде мал шаруашылығына барлық жайлы табиғи ландшафттар бар деп есептейді. Мұнда батысы Талас қыраттарына, Солтүстік-батысы Өгем қыраттары мен Қаратауға тірелетін Тянь-

Шань тауының батыс бөлігі орналасқан. Тау беткейінің белдеулері құнарлы өсімдікке өте бай. Сондықтан мұнда малды жыл бойы жайып шығуға болады. Тау өңіріндегі жайылымның молдығы, бұл өңірге малдың төрт түлігін де өсіруге жағдай жасайды деп сипаттайды [63, 186 б.]. Оңтүстік Қазақстан территориясының геогра-физикалық және табиғи жағдайларын ерекше етіп тұрған тек таулар емес, сонымен қатар, шөлейт далалар мен шөлді ландшафтар [64, 112 б.].

Б. Тілеубердиев қоршаған географиялық ортаның қазақ халқының өмір сүруіне әрқашан нақты жағдай ретінде оның топонимикасында жанамалай бейнеленіп қоймай, соның негізінде көшпелі шаруашылық арқылы географиялық жалқы және жалпы есімдерінде тікелей көрініс тапқандығын нақты мысалдар арқылы көрсетеді [62, 20 б.].

Біздің пікірімізше, белгілі бір аймақтың өзіндік геофизикалық ерекшелігі сол аймақ халқының тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерінен де көрінеді. Себебі халық даналығы сол халықтың тұрмыс-тіршілігінің негізгі айнасы екендігі баршаға аян.

а) Әрбір өлкеге тән өсімдіктер негізінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Әрбір өлкенің географиялық жағдайы өсімдіктер дүниесімен тығыз байланысты. Себебі табиғат жағдайына байланысты бір аймақта өсетін өсімдік, екінші аймақта өспеуі мүмкін. Халқымыз өсімдіктердің қадір-қасиетін, оның қандай жерлерде тіршілік ететінін мақал-мәтелдерде орынды қолдана білген.

Қазақстанның оңтүстік аймақтарында және Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Жантақтан әтір шықпас, Қорқақтан батыр шықпас*», «*Есек қодығымен, шеңгел собығымен*», «*Су кетсе, тас қалар, оспа кетсе, қас қалар*» деген мақалдар кездеседі. Мақалдар құрамындағы *жантақ, шеңгел, оспа* Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде кездесетін шөп аттары. Ғалымдардың айтуынша, оңтүстік өңірде ылғалдың жетіспеуінен өсімдіктер сирек және түрлі тікенек, жантақ, шеңгел сияқты шөптер ғана өседі. Б.Тілеубердиев Оңтүстік Қазақстанда оларға байланысты *Жантақты, Қаражантақсай, Тікенекті, Шеңгелтоғай, Шеңгелдісай* т.б. сияқты атаулардың кездесетіндігін айтады [62, 22-24 бб.].

Соңғы мәтелдегі *оспа* шөп аты. Әдетте оның жапырақтарын ерте кездерден қыз-келіншектер езіп, суын сығып алып, қасына жағатын болған. Оспаның қастың қалың боп өсуіне көмегі тиген. Бүгінде Қазақстанның оңтүстік өңірі мен Өзбекстанда мекендейтін тұрғындар, әсіресе сол өлкенің қыз-келіншектері бұл шөпті әлі де пайдаланады.

Сондай-ақ, Қазақстанның батыс өлкелерінде айтылатын «*Шайыршөп құмға шығады, Еркекшөп қырға шығады*» мәтелі құрамындағы *шайыршөптің, еркекшөптің* қандай жерлерде өсетіндігі түсінікті-ақ. Ең бастысы бұл өсімдіктерде мал жақсы жейді. Батыс өңірінің табиғаты қандай өсімдіктерге қолайлы екендігін осы мәтелден көруімізге болады.

Қытай қазақтарының тілінде «*Кәуап күлімен, шыбар гүлімен*» мәтелі кездеседі. Мәтел құрамындағы *шыбар* сол өлкеде өсетін гүлді өсімдік. Мәтел құрамындағы *шыбар* өсімдігі мәтелдің бейнелілігін күшейтуге негіз болып тұр.

ә) **Әрбір өлкеге тән жануарлар мен жәндіктер негізінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер.** Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында кездесетін жануарлар дүниесі де сол аймақтың өзіндік географиялық ерекшелігін көрсетеді. Фразеологизмдерді этнолингвистика тұрғысынан талдай келе ғалым Р.А. Авакова былай дейді: «Фразеология құрамында сақталған қазіргі сөйлеушіге бейтаныс сөздер мен кейбір синтаксистік конструкциялар «өткен» тарих көзі болып табылатыны сөзсіз» [65, 35 б.].

Мысалы, Қытай қазақтарының тілінде «*Бұланнан үлкен аң болмас, Бұланайдан үлкен тау болмас*», «*Алжыған аю далаға түседі*» «*Көксінің арқары көп, мергеннің тартары көп*» мақалдарының құрамындағы *бұлан, аю, арқар* сол өңірлерді мекен ететін жануарлар. Ғалым С. Мұстафаұлы *бұлан* туралы ертеде қазақ даласында тіршілік еткен, бірақ қазіргі күнде тұқымы құрыған тұрқы үлкен аң деп көрсетеді [50, 31 б.]. *Бұланай* сөзінің этимологиясы жайында Қытайдағы тілші ғалым Зейнолла Сәнікұлы: «*Бұланайдың дүниедегі ең биік қазіргі Гималай тауы екендігін дәлелдей келе, былай дейді: «Бұған қарағанда бұл мақалдың шығуы ертеректе болса керек. Сол кездің өзінде Гималай туралы осындай тұжырым жасаудың өзі халқымыздың көрегендігін сипаттайды»* [66, 81 б.], – дейді.

Сондай-ақ Қытай қазақтарының тілінде *бір таудың бұғысы* «ешкімге кіріптарлығы жоқ, өз еркі өзінде», *арқар жалақ күн көру* «амалдап күн көру» сияқты фразеологиялық оралымдар кездеседі. Тіркестер құрамындағы *бұғы, арқар* секілді хайуандар осы Алтай таулары өңірінде көп таралған.

Түрікменстан және Қазақстанның оңтүстік өңірінің құмды жерлерінде *ешкемер* деген кесірткенің түрі тіршілік етеді. Осының негізінде «*Соны сұмнан шығады, ешкемер батпан құмнан шығады*» мақалы қалыптасқан. Дегенмен кесірткенің бұл түрі басқа өңірлерде кездеспейді.

Қазақстанның батыс сөйленістерінде кездесетін *атжалмандай шұлғу / атшалмандай шұлғу* «епті, икемді» адамға қатысты айтылады. Мысалы: *Бала деген атжалмандай шұлғып тұрмай ма екен* (Қар., Шет). *Ол атшалмандай шұлғыды* (Қост., Аман.). *Атжалман* құмды жерлерде мекендейтін кесірткенің бір түрі, ол батыс өңірінің құмдарында мекендейді. *Атжалманның* басын шұлғып тұратын физиологиялық болмысын адамның ептілігіне, икемділігіне телу арқылы халқымыз тұрақты тіркес жасаған.

«*Өзіңді ер білсең, өзгені шер біл*» мәтелі Өзбекстан қазақтарының тілінде айтылады. Мәтел құрамындағы *шер* сөзі парсы тілінен енген сөз. Парсы тілінде *шир* сөзінің екі мағынасы бар: 1. *Арыстан*. 2. *Күшті* (Пер.-русс. сл., М., 1970, Т. II). Мәтелдің құрамындағы *жолбарыс* сөзі осы аңның бір кездері сол жерлерді мекен еткендігін дәлелдейді. Ғалымдардың айтуынша, жолбарыстар қазақ даласында да мекен еткен. Ғалым Ғ. Қоңқашбаев Қызылорда облысынан Жолбарыскөл, Оңтүстік Қазақстан облысынан Жолбарыскамал деген сияқты бір-екі атауды келтіреді. Бұл атаулар жолбарыстың сол өңірлерді мекен еткендігін айғақтайды. А.Н.Формозовтың айтуынша, жолбарыстар беріректе ғана (Формозовтың келтірілген еңбегі 40-жылдардың аяғында жазылған) Арал теңізінің солтүстік жағалауында, Сарысу мен Шу өңірінде кездесетін еді. 1915

жылғы Л.А. Зарудныйдың жазбалары жолбарыстың Сырдария бойында, Қызылорданың төменгі жағында, Шыршық өзенінің барлық сағасында кездесетін көрінеді [67, 112 б.]. Кейіннен бұл жануарлар жоғалып кетіп, халық тілінде адам мінезін жолбарыстың күштілігіне теңеу арқылы қалыптасқан тұрақты тіркестер жасалған. Өзбекстанның Шыршық ауданында қазақ халқының көп тұратынын ескерсек, бұл сөздің өңір халқының лексикасында кездесуі орынды.

б) Әрбір өлкеге тән жер-су аттары негізінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Жер-су аттары да мақал-мәтелдердің қалыптасуына негіз болады. Мысалы, Қытайдағы қазақтар тілінде айтылатын «*Сауырға барып өлген қойда арман жоқ, Қажыға барып өлген жігітте арман жоқ*», «*Құлыстайдың құты да ебі, жұты да ебі*», «*Сайрамның күні сарқырап, жабдықтың күні жарқырап*», «*Емегейті – жер жақсысы, Қанас – көл жақсысы, Үш ата – ел жақсысы*». Берілген мақалдарының құрамындағы *Сауыр* – СУАР Алтай аймағына қарасты Жеменай, Бурултоғай, Буыршын аудандары мен Тарбағатай аймағына қарасты Қобықсары аудандарының шекараласқан өңіріндегі шөбі шүйгін, суы тұнық малға таптырмайтын қыстау; *Құлыстай* – СУАР Тарбағатай аймағындағы үш таудың ортасындағы шағын ойпат; *Сайрам* – СУАР Іле аймағы территориясына қарасты Тянь-Шань тауы қойнауындағы әйгілі көл, *Емегейті* – Алтай аймағы Буыршын ауданына қарасты жер аты, *Қанас* – сол ауданға қарасты көл, *Үш ата* – бір атадан тараған үш ұрпақ [50, 120 б.].

Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Гәп десең қап-қап, іс десең Самарқаннан тап*» мәтелі бар. Мәтел құрамындағы Самарқан – Өзбекстандағы қала атауы. Қайнап жатқан қала өмірі, қым-қиғаш тіршілігі кез келген жұмыс іздеген адам үшін таптырмайтын мекен есептеледі.

в) Әрбір өлкенің табиғат жағдайына байланысты қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Әрбір аймақтың табиғат жағдайы да мақал-мәтелдердің қалыптасуына өздігінше әсер етеді. Мысалы, Түрікменстандағы қазақтар тілінде *ат та шөл, адам да шөл* (Түрікм., Красн.) деген тіркес кездеседі. Яғни «адам мен аттың қатты шөлдеуі» мағынасындағы тіркес. Бұл тіркестің пайда болуына біздіңше, сол жердің табиғаты тиек болған. Себебі Түрікменстанның табиғаты құмды, шөлді, ыстық болып келеді.

Мұндай ерекшеліктер Қазақстан өңірінде де кездеседі. Мысалы, Алматы өңірі қазақтарының тілінде «*Борпас жерде су болмайды, Қарт адамда әл болмайды*» мақалы айтылады. Мақал құрамындағы *борпас* әдеби тілде «сор жер» мағынасын береді (Қаз.тіл.айм.сөзд., 150-б.). Мақалдың құрамындағы *борпас* сөзі арқылы осы өңірдің табиғат жағдайы, топырағының сор екендігі белгілі болып тұр.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің жасалуы ондағы көп таралған өсімдіктермен, жануарлар мен жәндіктер, жер-су аттарымен, табиғат жағдайымен байланысты екенін көреміз. Кейбір фразеологизмдерден өсімдіктер мен жануарлар, жер-су аттарының тек осы өңірге ғана тән екендігін байқаймыз. Кейбір аймақтарда антрополды фактілердің әсерінен бірқатар жануарлар түгелдей жоғалып,

атаулары тек халық тілінде ғана сақталған. Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында кездесетін жан-жануарлар мен жәндіктер, өсімдіктер, жер-су аттары сол аймақтың тарихын, географиялық жағдайын білуге мүмкіндік береді.

1.4.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен этномәдени фактор

«Ұлт тарихы, онымен бірге тіл тарихы – даму жолы ұзақ құбылыс. Ол халық санасында жатталған жергілікті ерекшеліктер сырын ашып, табиғатын тану, оны ұлт мәдениеті, тарихымен байланыста қарағанда толық көрінеді, өйткені ұлт жаны – тіл, этнос мәдениетсіз болмайды. Мәдениет тіл арқылы тарайды, ұғынылады, жетіледі. Қай ұлт болмасын, сыры – тілінде, оның түп тамыры этностың мың-мыңдаған жылдар жүріп өткен тарихи жолымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолымен, ақыл-ой, санасымен жасаған мәдениетімен, дүниетанымымен сабақтасып жатыр», – дейді ғалым М. Атабаева. Ғалым диалектілік лексикадағы этностың материалдық және рухани мәдениетінен хабар беретін, этнолингвистикалық зерттеулер өзегіне айналатын деректерді этнодиалектизмдер деген терминмен атайды [19, 206 б.].

Б. Тілеубердиев этномәдени немесе этнографиялық фактор көбінесе географиялық факторға телулі, өйткені географиялық фактор көшпенділік сияқты белгілі бір шаруашылықтың, мәдени кәсіптің қалыптасуы мен дамуына, оған қатысты терминдердің шығуына негіз болады [62, 29 б.] деп тұжырымдайды. Белгілі кеңес этнографы Ю.В. Бромлейдің: «Халықтың қалыптасуы мен дамуына географиялық ортаның әсерін, оның әртүрлі материалдық мәдениетінің салаларынан бастап этнонимдеріне шейін тікелей, жанамалай да әсер еткен көріністерін байқаймыз», [68, 212 б.] – деп тұжырымдауынан әрбір халықтың мәдениеті сол халықтың айнасы екендігін түсінуге болады. Әрбір аймақ халқының мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі сол өлкенің өзіндік жағдайын басқадан ерекшелеп тұрады.

а) Шаруашылық пен түрлі кәсіпке қатысты қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың бабын табу, жер-судың ыңғайына қарай жайлау, күзем арасында жүруінде табиғаттың жұмбақ сырын, тылсым күшін түсініп, соған орай алдын ала әрекет жасап дағдыланған жылдар бойғы тәжірибенің түйіні жатыр. Әр айдың аты, жер-жердің шөбі басқа дегендей, түрлі табиғи өзгерістерді қалт жібермей бағып, осы құбылыстарға сай етіп алдындағы малының жағдайын ойлаған малшы қауымның өмірлік зердесі көрінеді және көшпелілер өз күшін дала сұраныстарына бағыттады. Төрт түлік малдың болмысын табиғаттан бөлмей, жаратылыс заңдылықтарымен сабақтастыра бақылап, терең таныған бабаларымыз өз санасында соларға қатысты мифті, фәлсафалық, мәдени танымдар мен ұғымдар қалыптастырған.

Көшпелі халықтың бүкіл болмыс-тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің ішінде тілге жиі оралатыны, күнделікті өмірде жиі қолданылатыны және көп

кездесетіні осы төрт түлік малға қатысты болса керек. Алайда біздің айтпағымыз, өмірі төрт түлікпен өткен халқымыздың әрбір өлкеде қандай өзіндік ерекшелігін байқауға болатындығын ұғындыру.

Төрт түліктің пірі саналатын түйенің қасиетін халқымыз жақсы түсінген, күнделікті тұрмыста пайдаланған. Алайда оның түрлері барлық өңірде бірдей аталмайды.

Түрікменстан және Қарақалпақ қазақтарының тілінде «*Түйе жаманы – күрт, шөп жаманы – керт*», «*Күртке күш салсаң өледі, өртке күш салсаң сөнеді*» мақалдары құрамындағы *күрт* – лөк пен кердеріден туған түйенің азғындаған түрі (Қаз.тіл.айм.сөзд., 357-б.). Бұл мақалдар қазақ тілінің батыс және оңтүстік сөйленістерінде кездеседі. Маңғыстау өңірінде *көрт*, Оралда *гүрт* деп айтылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 176-б.). Халқымыз ерте кезендерден түйе түрлерін будандастыру арқылы дүбәраны шығарған. Қазақта *күрт* дүбәрасының екінші аты «жүн» деп аталған. Осыдан-ақ оның тағы бір қасиеті танылса керек [69, 56 б.]. Аталған аймақ халқы күш көлік ретінде пайдаланбаса да, жүні үшін түйенің осы түрін өсірумен айналысып келеді.

Географиялық жағдай, табиғат ерекшеліктеріне қарай *есек* сөзі қазақ жерінің барлық аймағын қамтымайды, сондықтан оның жас мөлшері, еркек, ұрғашысын білдіретін *әңгі, машы, тайқар, тақай* сөздері белгілі бір аймақтарда ғана қолданылады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында және Қарақалпақстан, Өзбекстан қазақтарының тілінде есекке байланысты мақал-мәтелдер көп кездеседі. Себебі басқа өңірге қарағанда осы өңірде есек ерте кездерден халықтың күн көрісі үшін пайдаланатын негізгі күш көлігі болып табылған. Мысалы, «*Аңқау аңдамайды, әңгі тыңдамайды*» (Қ.орда), «*Ешектің ақырына ат байласа тәсілі ұрар*» (Өзб. қаз.), «*Ешектің жүгі жеңіл болса, жатаған болады*» (Өзб. қаз.), «*Ешекке мүйіз бітсе, егесін сүзер, Түйеге қанат бітсе, тамыңды бұзар*» (Өзб. қаз.). Мұндағы негізгі шартты белгі адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді есекке телу арқылы жасалған. Халықтың күн-көріс күші болып есептелетін есектің қатысымен келген мақал-мәтелдердің көп кездесуі осы өңірдің аймақтық ерекшелігін нақтылай түседі. Сондай-ақ, осы өңірде «*Ешектен кәшек қалмайды*» мәтелі кездеседі. Мәтел құрамындағы *кәшек* – «шөптің мал жегеннен қалған ірісі» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 308-б.). Бұл сөз басқа өңірлерде актив қолданыс таппайды. Халқымыз есектің етін арам деп жемеген. Төрт түлік малдан қалған барлық қалдықты таңдамай, талғамай жей беретін есектің мұндай қасиеті мәтелдің тууына негіз болған. Есек күш көлігі ретінде қолданылғанымен, Ұлы даланы тұлпарлар тұяғымен дүрілдеткен қазақтар үшін есек міну намыс саналады.

Өзбекстан, Қарақалпақстан және Қазақстанның оңтүстік өңірі ерте кездерден егіншілік кәсіппен айналысып келеді. Бұл турасында Б. Бекназаров мынадай деректерді келтіреді: «Көптеген мәліметтерге қарағанда, XVIII ғасыр өзінде көптеген қазақтар өздерінің ата-бабасының ғұрпын бұзып, егіншілікпен айналысты. Бұл кәсіп алдымен Орта Азия халықтарымен шекаралас аудандардағы қазақтарға, Сырдария өзені зонасындағы және Оңтүстік Қазақстанның тау етегіндегі халықтарға тән» [70, 48 б.]. Сондай-ақ Келес даласын археологиялық жағынан зерттеген ғалым Г.В. Григорьевтің мына

дерегі тұжырымымызды нақтылай түседі: «Тек қана көшіп жүретін халық болмайды. Кез келген көшпелі халық өзіне қорек болатын жеміс-жидек, астық өндіру үшін жер шаруашылығымен де айналысады. Сақ қалаларын зерттеу кезінде, көшпелі шаруашылық дамығанмен, олардың көбі отырықшы болғанын байқаймыз. Біздіңше, оларда еңбек бөлінісі жақсы дамыған болса керек. Тұрғындардың бір бөлігі көшпелі болса, бір бөлігі отырықшы болған» [71, 26 б.].

Осы өлке тұрғындарының тілінде кездесетін егіншілікке қатысты «*Алым болсаң, тәкрар қыл, Диқан болсаң, сүдігер қыл*» мақалы осы өңірдің тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат береді. Астықтан мол өнім алу үшін күз айларында жерді алдын ала жыртып, егін егуге жерді күзден бастап көктемгі егіске дайындау *сүдігерлеу* деп аталған. Ал мақал құрамындағы *тәкрар* – арабша: *қайталау* мағынасын береді. Демек, ғалым болу көп дайындықты, ізденісті талап етсе, диқанға еккен егіннен мол өнім алу үшін де белгілі деңгейде дайындық жұмыстарын жүргізу керек деген ұғым берілген.

Сонымен қатар Өзбекстан, Қарақалпақстан және Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде басқа өңірлерде кездеспейтін егіншілік шаруашылығына қатысты бірнеше сөздер бар. Мысалы, «*Өз атызында жоқ, кісіден дәметкіш болады*» (Өзб. қаз., Қарақ. қаз.), «*Қойды қорадан сат, астықты ұрадан сат*» (Қарақ. қаз.), «*Адам күні адаммен, Пісте дәмі бадаммен*» (Өзб. қаз.) мақал-мәтелдерінің құрамындағы *атыз* – егінді суаратын жүйек, *ұра* – астық сақтайтын жер, *пісте* – күнбағыс. Бұл сөздер тек сол аймақтарда ғана кездеседі.

Сондай-ақ оңтүстік өңір тұрғындарының тілінде егіншілікке қатысты жасалған бірнеше тұрақты тіркестерді мысалға келтіруге болады: *қырман көтеру* – егінді жинап алу, *арам айдау* – жол қалдырып айдау, *жер шығу* – жер құрғап кету, *аяқ шығару* – егіннің бірнеше бауларын басып шығару, *жер төңкеріс қылу* – жер аудару, *бір қос жер* – бір гектардай жер, *бір аяқ* – бір салым егін, *аяқ асты қып алу* – көлікпен бастырып елу, т.б.

Бау-бақша егуді қазақ халқы ерте кезеңдерден жақсы меңгерген. Қазіргі таңда бұл кәсіпті оңтүстік өңірдің халқы жақсы меңгеруі көршілес өзбек халқының әсерінен де болуы мүмкін, сондай-ақ бұл кәсіп түрімен өте ерте кезеңдерден бері айналысуында деуге болады. Бұл туралы Оңтүстік өңірдегі бақташылық шаруашылықты зерттеген Ю. Южаков еңбегінде мынадай дерек бар: «...Бұл кәсіп Оңтүстік Қазақстанға қарағанда Сырдария бойына көбірек тараған. Қазақтар қауын, қарбыз, қияр, қызылша, сәбіз, пияз (жуа), бұршақ, асқабақ, кейде капуста еккен. Олардың өнімділігі өте жоғары болған. Мәселен, бір танап жерден 200-ден 4000 данаға дейін қауын алған» [72, 144 б.].

Өзбекстан және Оңтүстік өлке тұрғындарының тілінде бау-бақша өнімдеріне қатысты бірнеше мақал-мәтелдер кездеседі: «*Екі дарбыз бір қолтыққа сыймайды*» (Өзб. қаз.), «*Пәлегі түйнегінен аспас*» (Шымк.), «*Қауын жесең сээр же, сээр жемесең зээр же*» (Өзб. қаз.), «*Қауын қауынды көріп рең алады*» (Өзб. қаз.), «*Алуа жегенмен, ауыз тұщымас*» (Өзб. қаз.).

Өзбекстан қазақтарының тілінде *тандыр* кебу тұрақты тіркесі «түк жоқ, қаңырап қалу» мағынасын береді. Тіркес құрамындағы *тандыр* – оңтүстік

аудандарда қабырғаларына нанды қарып пісіруге арналған пеш атауы. Жергілікті халық осы пешке нан жабатындықтан, образды мағына туындап тұр.

Сондай-ақ, Қарақалпақ қазақтарының тілінде кең қолданыс тапқан «*Ас жақсысы – қазанжаппай, Сөз жақсысы – ләппай*» деген мәтелдің құрамындағы *қазанжаппай* – сол өлке тұрғындарының қазанға төңкеріп жабатын нан түрі. Мәтелдің тууына негіз болған нан түрі сол аймақ халқының тұрмысынан ақпар береді.

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов Түрікменстан қазақтарының тілінде сульфат өндірісімен және кілем тоқуға байланысты сөздердің көп кездесетіндігін сол өлке тұрғындарының кәсібімен байланыстырады [17]. Өзбекстан қазақтарының тіл ерекшеліктерін зерттеген Т. Айдаров сульфат өндірісі Қызылорданың Арал ауданында, кілем тоқу Өзбекстан жеріндегі қазақтар арасында да кездесетіндігін айтады [45]. Осы өлкелерде айтылатын «*Кілем сатсаң қоңсыңа сат, шетіне өзің отырасың*» мақалының кең қолданыс табуы осы өңірлердің кәсібімен байланысты болып тұр.

Еліміздің батыс аймағы болып есептелетін Арал, Каспий өңірінің тұрмыс-тіршілігі балық аулау өндірісімен басқа аймақтардан ерекшеленеді. Жергілікті халықтың тіршілігі олардың күнделікті лексикасында да кеңінен қолданыс тапқан.

Жергілікті жерлерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып дамуымен қалыптасып, соларға байланысты заттардың, өндіріс еңбек құралдарының, еңбек өнімінің, процесінің атауларын білдіретін сөздерді тіл ғылымында *кәсіби (профессионалдық) сөздер* деп атайды. Мұндай сөздер белгілі кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылады да, көбінесе солардың өздеріне ғана түсінікті болады.

Белгілі бір аймақта ғана айтылатын балық, бау-бақша, мақта сияқты шаруашылық салаларына байланысты қолданылатын кәсіби сөздер де тілдік қорымызды толықтыра алады. Мысалы, бау-бақша егісімен көбірек шұғылданатын оңтүстік аймақтарда жеміс-жидектің түрлі атаулары бар. Балық кәсібімен көбірек шұғылданатын Каспий, Арал бойындағы тұрғындардың тілінде балық, құрал-сайманның түрлі атаулары кездеседі. Бұлар – бір аймақты қолданылғанмен, тілімізді байытатын және әдеби тіліміздің өсуіне, дамуына қажетті сөздер болып табылады.

Кәсіби сөздер белгілі бір аймақтың тұрғындары ғана айналысатын кәсіпке байланысты сөздер болғандықтан, белгілі территориялық аймақпен шектелуі жағынан диалектизмге ұқсас болып келеді деп есептейді ғалымдар Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбеков. Мұндағы бір ерекшелік диалектизмдер бір жерді мекендеген елдердің белгілі территориясындағы тұрғындарына үлкенді-кішілі бала-шағаларына дейін түсінікті болса, профессионалдық лексика бір семьяның өзінде де бәріне бірдей түсінікті болмауы, олардың бәрі бірдей қолданылатын сөз болмауы мүмкін [21, 47 б.].

Қазақ тіліндегі кәсіби лексиканың бір саласын арнайы зерттеген ғалым Қ. Айтазин өз зерттеуінде Арал, Каспий жағалауындағы тұрғындар тіліндегі кәсіби сөздердің мән-мағынасын ашуға жете көңіл бөлген [73, 51 б.].

Бұл аймақта балық шаруашылығына байланысты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мұндағы мақал-мәтелдер құрамынан басқа аймақ халқына мүлдем түсініксіз балықшылыққа байланысты термин сөздерді, балық аттарын, құрал-сайман атауларын кездестіруге болады. Мысалы: «**Бекіре кетер, бет қалар**», «**Жарып кеткен бір шоқыр**» мақалдарының құрамындағы *бекіре, шоқыр* сөздері балық түрлері.

«*Құмсыз жер болмас, балберкісіз ау болмас*» мақалының құрамындағы балберкі – қалтқы. Бұл төрт бұрышты, екі жақ шетінде жіп өткізуге қолайлы тесігі бар көлденеңі 10-15 см., ені 7-8 см ағаштан жасалады [73, 51 б.]. *Балберкі* сөзі Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында *лапылдауық* [74, 76 б.], Торғай, Ырғыз, Арал және Каспийдің солтүстігінде *қалтқы* болып айтылады. Ал Көкшетау облысының Щучинск, Еңбекшілер ауданыдарының тұрғындары балық аулайтын қармақтың қалтқысын *салтқы* деп атайды [75, 65 б.].

«*Балықшының баласы қарма жейді, егіншінің баласы жарма жейді*» мақалының құрамындағы *қарма* сөзін балықшы кәсібімен айналысатын тұрғындар ғана түсінеді. *Қарма* – балықтан істелетін тамақ атауы. Қарманы даярлаудың екі әдісі бар. Біріншісі: балықтың ішіндегісін алып, сыртын қырып тазалайды да, оған май қосып, қарып пісіреді. Екіншісі: балықтың қабыршағын қырып тазартып, ішін жарып, торсылдақ, ішек-қарын, уылдырығын алып тастап қазанға қуырып, келіге түйіп жасайды. Бұл әдісті Ырғыз, Торғай балықшылары қолданады [73, 18 б.].

Арал өңірі тұрғындарының тілінде «*Жаңса жеген жатпас*» мақалы бар. *Жаңса* – Арал балықшыларының балық етінен дайындайтын тамақ атауы. Бұл тамақты дайындау үшін балықтың жон етінің майлы жері пайдаланылады. Балықшылардың айтуынша, *жаңса* тамағын жеген адамның бойында ерекше күш-қуат пайда болады екен [73, 70 б.].

Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Пұл тапқани, есеп тап*», «*Пұлсыз базарға барғанша, мазарға бар*», «*Пұлы күйген гәлімдәрі шайнайды*» сияқты *базарға, ақшаға* байланысты мақал-мәтелдер көп кездеседі. Сол аймақтың өткен өмір тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен ақпар беретін осы сөз болса керек. Ерте кезеңдерден сауда-саттықпен күн кешкен Өзбекстан қазақтарының тілінде мұндай мақал-мәтелдердің мол болуы заңды құбылыс.

Жалпы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардан базар саудасына қазақ халқы белсене араласқан. Өйткені халықтың күнкөріс қажетіне керекті заттардың басым көпшілігін базардан ғана іздеп табуға болатын еді.

Базар саудасында ақшаның рөлі маңызды болатындығы баршаға аян. Б. Бекназаров ақшаның шығу тарихын былайша баяндайды: «Қазақ қоғамының шаруашылық және әлеуметтік жағынан біртіндеп дамуы Россия мен Орта Азия хандықтарының арасындағы сауда қатынастарында ақшаның рөлін арттыра түсті. Бұл кезде айырбасқа қоса ақшаны пайдалану сауданың даму барысын көрсетті. ...Сауда жұмыстарын ақшамен жүргізу қала базарларында басым болды. Сырдария, Шымкент, Әулие-ата аймақтарында тұрушы Ұлы жүз қазақтарының арасында ақша қатынасының дамуына өзбек халқы да әсер еткен. Өйткені өзбек халқы саудада ерте замандарда ақшаны кең қолданған»

[70, 87 б.]. Ақша сөзінің орнына *пұлды* қолдануы Өзбекстан қазақтарына өзбек тілінің әсері деп түсінуіміз керек.

Ауған, Иран қазақтарының тілін зерттеуші ғалым Б. Өтебеков өз еңбегінде Ауғанстандағы қазақтардың көпшілігі қала маңында тұрып, сауда жасап тіршілік жасағандығын айтады [15, 7 б.]. Сол өлке қазақтарының тілінде айтылатын «*Шаһардан шықсаң шық, Бәсінен (бағасынан) шықпа*» мақалы халықтың сауда-саттықпен айналысқандығын айғақтайды.

ә) **Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қатысты қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер.** Диалектолог-ғалымдар Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев диалектологияның қалыптасу тарихы этнографиямен тығыз байланысты екендігін айтады. Өйткені диалектілер мен диалектілік ерекшеліктер этнографиялық белгілермен ұштасады. Шынында, жергілікті халықтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салтындағы заттар мен ұғымдардың атауы болып келетін диалектизмдер аз емес. Осы тұрғыдан алғанда, Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев жергілікті ерекшеліктердегі этнографиялық белгілері бар мысалдар қатарына Қостанайдың Жангелдин ауданы қазақтары тілінде кеңінен қолданыс тапқан *тайтұяқ* сөзін мысалға келтіреді. Бұл сөздің жалпыхалыққа ортақ «тай тұяғының көлеміндей сом күміс» мағынасынан басқа осы өңір тұрғындары тілінде «мұз оятын құрал» деген мағынасы бар. Бұл атау жергілікті халықтың мұз оятын құралды тайдың не аттың тұяғынан жасау әдетінен туған [4, 6 б.].

Тұрмыс-тіршілігін табиғатпен қоян-қолтық бірлікте өткерген халқымыз өміріне, күнделікті тұрмысына қажетті дүниені табиғаттан алған. Қазақ емшілері ауру-сырқауларды емдеу үшін алуан түрлі дәрі-дәрмектерді өсімдіктерден алған. Ғалым Ш. Сейітова өсімдікке байланысты тұрақты тіркестерді этнолингвистикалық тұрғыда зерттеу барысында өсімдіктер дүниесін халықтың саяси-әлеуметтік өмірімен, дүниетанымымен, кәсібімен және тарихымен байланыста қарайды [59].

Талдықорған облысының кейбір аудандарында айтылатын *ақыл шай* тұрақты тіркесі де халық өмірінің тіршілігінен хабар береді. Ұлы той, ойын-той, өлік жөнелту, ас беру секілді науқан кездерінде қолынан іс келетін, оны өткізудің жөнін, ретін білетін көңілжықпас, аралас-құралас, туысқан адамдарды шақырып, дастарқан үстінде жиын өткізудің барысын ақылдасуды, міндет бөлісуді, мәмлеге келуді *ақыл шай* дейді [59, 89 б.].

Халқымызда ас-су беру ұғымы шай мәзірімен тікелей байланыста қаралған. Қазақ халқы қай өлкеде өмір сүрсе де бабына келтіріп әзірлеген шайды терлеп-тепшіп ішіп отырып, дастарқан басында қаншама мәселенің түйінін ағытып, шешіп отырған. Фразеологизмнің қалыптасуында үлкеннің ақылын тыңдап, істің жөн-жосығын сұрай отырған халқымыздың кішіпейілділік қасиеті де, қандай тірлік болса да қалай болса, солай емес, ақылмен шешуге дағдыланған данышпандылығы да негізі өзек болып тұр. Жалпы оңтүстік өңір қазақтарында кез келген жиын алдында алдын ала басқосу, мәслихат жасау дәстүрі кең таралған. Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Мәсләтсіз той тарқамайды*», «*Той біткен соң мәсләтшіі көбейер*» мәтелдері

айтылады. Әрине, бұл дәстүр сол аймақ халқының тұрмыс-тіршілік ерекшелігін тағы бір қырынан көрсетеді.

Бүкіл дүниежүзі халықтарында өліні жерлеу, өлген адамды шығарып салу дәстүрі қалыптасқан. Түркі халықтары да өліге құран оқытып, ақ жауып арулап жерлеу рәсімдерін міндетті түрде өткереді. Аталған дәстүрдің әрбір халыққа тән өзіндік ерекшеліктері орын алатындығы заңды. Қазақ халқында өлікті жерлеу және оның артын күту дәстүрінің түрлері кең етек алған. Бұл жайында зерттеу еңбектерде көп деректер берілген. Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі өліні жерлеу дәстүрімен байланысты этнографизмдерді зерттеген Г. Адилованың мақаласында сол өңір қазақтарында кездесетін бірнеше дәстүрлер келтірілген [76, 143 б.].

Бүгінде ұмыт болуға айналған бірнеше дәстүрлерді Қарақалпақ қазақтарынан кездестіруге болатындығы мысалдар арқылы дәлелденген. Осындай дәстүрлердің негізінде бірнеше аймақтық фразеологизмдер қалыптасқан. Мысалы, осы өңір қазақтарының тілінде *шығарып салу* тіркесі өлікті жерлеуге алып кеткеннен кейін оның жақын туыстарының біреуі, не басқа біреуді жалдап жоқтау айтқызу мағынасын береді. Жергілікті халық арасында «өлінің табытын алып кеткен соң, оның жаны үйдің айналасында қалып қояды» деген сенім сақталған. Сондықтан сүйек пен жанды бір-бірінен адастырмау үшін шығарып салу дәстүрі пайда болған. Дәстүр бойынша, өлген адамның тірі кезіндегі қызметі, денесінің қайда қойылатындығы айтылады. Себебі өлген адамның жаны табытпен көмілу керек, болмаса «жаны үйде қалып қойып, иесіне бару үшін сол үйден тағы бір адамды өлтіреді» деген ырым сақталып қалған.

Сонымен қатар, *азаға салды* тіркесі де ескі дәстүрдің бір атауы. Өлген адамға көңіл айта отырып, қазалы үйге берілетін зат немесе жергілікті қазақтардың тілінде «азаға салғаным болсын» деп, жақын туыстары ірі мал апару дәстүрі осылай аталады.

Қаралы үйге өлген адамның рухына арнап құран оқыту үшін көңіл айта баруды Қарақалпақ қазақтары *пәтия лазым жер* деп атайды [76, 145 б.]. *Пәтия* қарақалпақ қазақтарының тілінде «бата» мағынасында қолданылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 558-б.). Яғни халықтың ұғымында өлген адам әрбір жақынынан құран дәметіп, соған арнап құран оқытуды қалап жатады деген діни сенімнің негізінде қалыптасқан тіркес болуы мүмкін.

Қазақ халқы қай жерде, қай елде жүрсе де өзінің негізгі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жоғалтпаған. Сондай салт-дәстүрлердің бірі – қыз ұзату дәстүрі. Ұзатылып бара жатқан қызына ата-ананың жасау дайындауы халқымыздың ерте кезеңдерден келе жатқан дәстүрі деуге болады. Осындай қызға жасау беру дәстүрі Өзбекстан қазақтарында осы күнге дейін қатты сақталған. Келін түсірген үй ауыл-аймақ, ағайын-туысты шақырып, келіннің артынан келген жасауын көрсетеді. Келіннің қандай жерден келгендігі, оның әлеуметтік жағдайы әкелген жасауынан-ақ белгілі болады. Осындай дәстүрдің негізінде сол аймақ халқының тілінде «*Келінді келгенде көр, себін жайғанда көр*» мақалы қалыптасқан. *Сеп* өзбек тілінен енген сөз, қазақ тілінде «жасау» мағынасын береді.

Қытай қазақтары ұзатылған қызға қатысты *ат байлар* тіркесін қолданады. Әдетте, қазақ әдеби тілінде *ат байлар* деп ұлды айтады. Ал бұл өңірде ұзатылған қыз жұрты «келешек сенің барар үйің, ат байларың, қазығың» деген образды мағынада қолданылады [77, 22 б.].

Егіншілікпен айналысқан халқымыздың қырман басында атқаратын өзіне тән бірнеше әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері болған. Қазақ әдеби тілінде «*Кер кеткен еріншек, кеусен сұрауға ерінеді*» деген мақал бар. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» *кеусен* сөзіне «астықты қызылдап жатқанда келген кісіге берілетін үлес» деп түсінік берілген (Қаз.тіл.айм.сөзд., 325-б.).

Қызылорда говорын зерттеген ғалым Ш. Бектұров өз еңбегінде *кеусен* сөзінің Аралда *аққұла*, солтүстік батыста *қырман түп*, оңтүстікте, Қызылорданың Арал теңізі жағалауына дейін *кеусен* деп айтылатынын және Қызылорда говорында осы сөздер қатар, жарыса қолданылатынын баяндайды. Сондай-ақ зерттеліп отырған говор көрші говордан енген сөздердің өз ықпалын емін-еркін жасай алмағандығын ескере отырып, *кеусен* сөзінің говордағы *атжемі, аққұла, қырман түп* т.б. сөздерге қарағанда көне сөз болуы мүмкін деген ой айтады [78, 127 б.].

Осыған ұқсас Жамбыл, Қызылорда тұрғындарының тілінде *қоян қаишты* тіркесі де егінді орып бітер кезде сұрап келгендерге беретін үлес мағынасында қолданылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 430-б.). Шымкент өңірінде *қырман қандау* – түсім мол болсын деген әдетпен мал сою дәстүрі (Қаз.тіл.айм.сөзд., 457-б.), *қоян қаишты, бел асар* – егін орылып жатқанда, аяқталатын кезде тездетіп ору мағынасында (Қаз.тіл.айм.сөзд., 430-б.). Мысалы: *Егіннің соңғы жақта қалғанын: «қоян қаишты, қоян қаишты», - деп орып алатынбыз* (Жамб., Шу). *Ал енді қоян қаишты, бел асар етейін* (Шымк., Бөг.). *Қоян қаишты, бел асар* тіркесінің білдіріп тұрған мағынасы қоянның секектеген жүрісіне ұқсатылады. Мұнда дүниені тездетіп алмасаң, бәрінен құры қаласың деген ой бар, екіншіден, сұрағаннан гөрі өзің еңбектен деген ұғымды байқауға болады.

Жоғарыда келтірілген деректерден әрбір өңірдің мәдениеті мен салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде сол өлкеге ғана тән өзіндік ерекшеліктердің болатындығын байқадық. Осындай факторлар аймақ халқының тіліне де өз әсерін тигізеді.

1.4.3 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік фактор

Аймақтық фразеологизмдердің қалыптасу сырын түсіну үшін осы өлкедегі халықтың тарихын, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық және саяси ерекшеліктерін жеткілікті дәрежеде білу керек. «Халық тілін және оның сөйленісін зерттегенде, оның дамуына, өсіп-өзгеруіне әсер еткен барлық тарихи-географиялық факторды жадымызда сақтап ескеруіміз керек», – дейді Ж. Болатов [79, 102 б.].

а) Түрлі тарихи оқиғалардың негізінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Белгілі бір тарихи дәуірлер мен кезеңдер, түрлі оқиғалар аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің

калыптасуына өзіндік әсерін тигізді. Өйткені жергілікті халық тіліндегі паремиялар мен фразеологизмдер – талай тарихи жағдаяттардың сырын өз бойына сақтап қалған сөз өрнектері.

Аймақтық фразеологизмдердің қалыптасу сырын түсіну үшін осы өлкедегі халықтың тарихын, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық және саяси ерекшеліктерін жеткілікті дәрежеде білу керек.

Қарақалпақ қазақтарының тілін зерттеген ғалым Б. Бекетов қазақтардың бұл өлкеге көшіп келуінің бірнеше себептерін түсіндіреді. Соның ішіндегі бір себеп – руаралық тартыстар. Ғалым ел ішіндегі қариялардың айтуына қарағанда, бұл жерге рулардың айтыс-тартысынан жеңілгеннен кейін ауылымен келіп, орнығып қала бергендігін ел аузындағы «*Көп тентегі жүре-жүре би болады, сөз тентегі қамшыменен и болады*» сияқты мақалы арқылы дәлелдейді [80, 12 б.].

Қытай қазақтарының тіліндегі фразеологизмдерді зерттеген ғалым С. Мұстафаұлы түрлі тарихи себептерге байланысты қалыптасқан аймақтық тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді тарихи деректермен мысалға келтіреді [50].

Қытай қазақтары тіліндегі аймақтық фразеологизмдердің ауқымды бөлігі Қытайдағы тарихи, саяси оқиғалармен тікелей байланыста қалыптасқан. Мұндай тіркестердің астарлы сыры, себебі сонау тарих қойнауында жатыр. Ондай аймақтық фразеологизмдер Қытайдағы қазақ халқының көне тарихынан хабар береді. Мысалы, шығанға шыққан тіркесі бүгінде «аса ку, әккі» мағынасында қолданылса, *шығаннан шыққан* тіркесі Қытай қазақтарының тілінде «елден асқан, озған адам» мағынасында қолданылады. *Шығаннан шыққан* тіркесінің қалыптасуын С. Мұстафаұлы былайша түсіндіреді: «Шыңжаң қазақтарының сыртқы жағынан Қытай патшалығына қарап келсе де, ежелгі қазақ заңдары «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәукенің жеті жарғысы» аталған заңдарға сүйеніп жасаған заң ережелеріне қатысты қалыптасқаны байқалады. Осы заң ережелері бойынша, тонаушылық істеген, мүлік ұрлағандардан қылмысының салмағына қарай айып алынады. Осы адам тонаушылығын, ұрлығын қайталай берсе, оның туыстары «бұл енді бұдан былай өлсе күнсыз, сатса пұлсыз, кісі өлтірсе күн бермейміз, кісіден өлсе күн алмаймыз» деп жариялайды. Осындай жарияланған адамды халық «шығаннан шыққан» деп атаған. Міне, осы *шығаннан шыққан* тіркесінің кейінгі образды мағынасы осылайша қалыптасқан [50, 28 б.].

Фразеологизмдердің тарихи жағын зерттеу арқылы қазақ халқының басқа да әр түрлі халықтармен байланыста болғандығын көреміз және сол халықтардың басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар халық тілінде тұрақты фразеологиялық тіркестердің қалыптасуына негіз болып табылады.

Сондай-ақ осы өлке қазақтарының тілінде *перде артында тұру* тіркесі «жасырын нұсқау беру» мағынасын береді. Қытай қазақтарының тіліндегі *перде артында тұру* қытай тіліндегі *перде артында отыры, билік айту* тіркесінен келіп шыққан. Қытайда өткен Чиң патшалығының патшасы Гуаң Щуй өлгеннен кейін дәстүр бойынша оның төрт жасар ұлы Айшын Жуло Пуйу патша мұрагері болып таққа отырады. Төрт жасар баланың билік айтуға шамасы

келмегендіктен оның шешесі Сі Шитайху (Ие хы на ла шы) патша тағының артында тартылған перденің ішінде отырып билік айтатын болған [50, 28 б.]. Бұл тіркес осы бір тарихи оқиғаны сюжет ете отырып қалыптасқан.

ә) Белгілі бір өлкеде өмір сүрген тарихи тұлғалар, ру аттары негізінде қалыптасқан аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер. Ендігі бір аймақтық мақал-мәтелдер сол өлкеде өмір сүрген тарихи тұлғалар, ру аттары негізінде жасалады. Ондай мақал-мәтелдерге Қытай қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеген ғалым С. Мұстафаұлы бірнеше мысалдар келтіреді.

Қытай қазақтарының тілінде *«Жәнібектің ақ туы астында кезігейік»* мақалы айтылады. Бұл мақал бұрын Керей руы атынан айтылар ұранның баламасы ретінде жұмсалатын болған. Яғни жауға төтеп беруге жұмыла, бірігекелісе кірісейік дейтін ауыспалы мағынасы да бар. Бұл мақалдың шығу төркіні жайында Қытайдағы Абақ керей арасына мынадай аңыз кең тараған. Сонау халықты «Ақтабан шұбырынды» күйге түсірген қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста ерен ерлігімен де, аса туған ақыл-айласымен де күллі үш жүздің көзіне түскен Абақ керей руынан шыққан аруақты батыр Жәнібектің ақ туы соғыс болардан бір жеті бұрын, жел тұрсын-тұрмасын дірілдеп тұрады-мыс. Тудың дірілдеуі жау келудің белгісі болып, азаматтардың ту астына жиылып, соғысқа дайындалудың белгісі ретінде қаралған. Сондықтан да Жәнібектің ақ туын халық ерекше қадірлеген, әрі соғысқа аттанарда қалың қол Жәнібектің туының қасына ат байлап сиынатын болған [50, 116 б.]. Сол бір тарихи шындық негізінде осы мақал қалыптасқан.

Сондай-ақ, Қытай қазақтарының тілінде айтылатын *«Дару-Дарубай, Дарубайдың айбыны жолбарыс пен аюдай»* мәтелінің құрамындағы Дарубай Сортыұлы (1870-1937) – Іле аймағы Тоғызтарау ауданы Мұқыржырғалаң ауылында дүниеге келген. Ол Қызайдың қожағұл руынан. Дарубай бала кезінен өжет болып ержетеді. Жастайынан атқа мініп, ел басқару жұмысына белсене араласады. Талай рет елі мен жерін дауға бермейді. Дарубай адуын, айбатына өткір тілі сай келген, елге бас, жерге қорған болар білікті азаматтардың бірі болған. Бұл мақалды түп мағынасынан сырт екі түрлі ауыспалы түсінуге болады: 1. Ел ішінде беделді адам; 2. Қаншалық қиын түйін болса да әділетті кісі алдында өз шешімін табады [50, 118 б.].

Түрікмен қазақтарының тілінде айтылатын *«Баймағамбеттен бақа туған, Сары ишаннан қақа туған»* мәтелінің қалыптасуына негіз болған *Баймағамбет, Сары ишан* сол өлкеде өмір сүрген тарихи тұлғалардың есімдері.

Жоғарыда келтірілген деректер академик Ә. Қайдаровтың: «Қазақ мақал-мәтелдерінде қазақ елінің басынан кешкен тарихи кезеңдердің із, сүрлеуі айқын көрінеді. Арғы көне заманнан бергі, күні бүгінге дейінгі еліміздің тарихи даму жолында кездескен үлкен-кішілі оқиғалардың бәрі де белгілі мөлшерде мақал-мәтелдер қазынасына өзінше енші қосқандығы байқалады» [26, 35 б.], – деген ойын дәлелдей түседі.

Яғни тарихи даму сатысында түрлі дүбірлі дәуірлер елесі сол ұлттың тілінде сақталып, сөздер, тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер арқылы келер ұрпағына жетеді.

Бұл туралы ғалымдар Г. Смағұлова мен Ә. Хазимованың айтқан : «Келер ұрпақ үшін өз ұлтының бастан кешкен оқиғалары бертінде тарих қатпарында шаң басып, елеусіз қалмауына, қайта көпшіліктің назарын аудартып, әлдебір болған оқиғалардың халық үшін ұмытылмай, қайталанып айтылып жүруі сол ұлттың тілінде сақталып қалған сөздер мен тұрақты тіркестеріне байланысты» [81, 47 б.],– деген тұжырымды пікірі орынды деп білеміз.

1.4.4 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы және дамуына әсер еткен тілдік жағдаят

Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтар тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына сөзсіз әсер еткен факторлардың бірі – сол аймақтағы тілдік жағдай. «Тілдік жағдай дегеніміз – белгілі бір ел аумағында әртүрлі этнос адамдарының күнделікті өмірде қолданатын күллі тілдері мен біртүлділік, қостілділік және көптілділік түрлерінің жиынтығынан тұратын қарым-қатынастың жай түрі», – деп көрсетеді әлеуметтік тілтанушы ғалым Б. Хасанов [20, 72 б.].

Кез келген этностың өз ортасынан тыс жерде, өзге тілдік ортада өз тілін қалай сақтап, дамытатындығын анықтау – әлеуметтік тіл біліміндегі көкейтесті мәселелердің бірі.

Кез келген тілдің дамуына ішкі және сыртқы факторлар да өз ықпалын тигізеді. Сыртқы фактор дегеніміз – көрші тілдің әсері, басқаша айтқанда, географиялық ортаның ықпалы. Ішкі фактор болса, ол – сол тілдің ішкі даму заңдылығынан туған, оның табиғатына, жаратылысына тән өз бойындағы төлтума ерекшелігі.

Зерттеу нысаны болып отырған шетел қазақтары тілінің бүгінгі күнде сақталуы, қолданылуы бірдей деңгейде емес екендігін байқауға болады. Себебі, Қазақстанмен шекаралас жатқан Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Қытай, Моңғолия, Ресей қазақтарының сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Себебі, мұнда тілдің ішкі даму заңдылығының өріс алуы, сондай-ақ, мектеп, баспасөз, радио, театр т.б. рухани мәдениет саласы арқылы Қазақстан мәдениетінің ықпалы болуы сияқты факторлар тілдің сақталуына септігін тигізген. Ал Ауғанстан, Иран т.б. елдердегі қазақтардың тілдерінің сақталу жайы ондағы қалыптасқан басқа тілдік жағдаятқа байланысты. Себебі Ауғанстан қазақтары пуштулармен, тәжіктермен, өзбектермен, түрікмендермен тығыз қарым-қатынаста болса, Иран қазақтары парсылармен, түрікмендермен тығыз қарым-қатынаста болған. Ғалым Б.Өтебеков Ауған, Иран қазақтарының тіліне басқа тілдердің әсері тиюінің басты үш факторын атап көрсетеді: біріншісі – бұрынғы атамекеніндегі жергілікті тіл ерекшеліктерінің белгілері. Ауған, Иран қазақтарының 99% батыс өлкесінен көшіп барған Кіші жүз рулары болғандықтан, сол өлкемен байланысты сөйленістік ерекшеліктер; екіншісі – жергілікті қазақтардың пушту, иран, тәжік, өзбек, түрікмен халықтарымен тікелей шектесіп «аулы аралас, қойы қоралас» отыруы нәтижесінде кірген сөздер мен тілдік

құбылыстар; үшіншісі – басқа тілдік сөздердің бұл сөйленіске тікелей емес, өзбек, түрікмен, түрік тілдері арқылы өтуі [15, 10 б.].

Тілдік жағдаятты танып білу мемлекеттік тіл саясатын белгілеу үшін, елдің тілдік өмірінің болашағын болжау мен баға беру үшін аса қажет. Тілдік жағдаят бір тілді, екі тілді және көп тілді болып бөлінеді.

Қазақ этносы өкілдері (диаспорасы) бөтен тілдік ортада да өмір сүреді, олар да туыс, туыс емес болып келеді. Мұндай жағдай халық тіліне әсер етпей қоймайды. Өзбекстан, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Ресей аумағындағы, Қытай, Моңғолия, Иран мемлекеттеріндегі қазақтар қостілділік, көптілділік жағдайында өмір сүруде. *Қостілділік (билингвизм)* – қоғамда қалыптасқан тілдік жағдаяттың көрінісі. *Билингвизм* терминін ғылымға У. Вайнрайх тілдердің түйісуі (контакт) негізінде 1953 жылы енгізді. Б. Хасановтың айтуынша: «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілінен басқа екінші бір тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» [20, 132 б.]. Аталған мемлекеттерде өмір сүретін қазақтар ана тілімен қатар сол мемлекет тілінде, басқа да аралас, көршілес отырған тілдердің ықпалында сөйлеуде.

Зерттеуші А. Үдербаев Моңғолия қазақтары тіліндегі билингвизм құбылысын *топтық билингвизм* (групповой билингвизм) түріне жатқызады. Себебі тұрғылықты қазақтар тұтастай қоныстас отырған халықтың тілін толық игеріп кетпеген. Ғалымның пікірінше, жергілікті қазақтардың моңғол тілін толық игермеуінің басты себебі моңғол тілі қазақ тіліне соншалықты туыстығы жақын болмағандықтан [12, 25 б.]. Салыстырар болсақ, басқа түркі халықтарының арасында отырған немесе іргелес отырған қазақтар сол көршілес халықтың тілін еркін игеріп алатындығын жақсы білеміз. Мысалы, Қарақалпақстандағы, Өзбекстандағы т.б. тілі жақын елдердегі қазақтар. Бұл аймақтардың, аймақ иелерінің экономикалық, мәдени-тұрмыстық өмірі сол сөйленіс орналасқан республиканың немесе облыстың өмірімен тығыз байланысты. Ғалым Г. Қалиев: «Бұл сөйленіс иелері өздері қоршаған халық тілін өз тілінен кем білмейді, сондықтан сөйленіс иелерін екі тілді, ал сөйленістің өзін ауыспалы деп есептеген дұрыс» – деп тұжырымдайды [82, 29 б.]. Н.Б. Мечковскаяның пайымдауынша, билингвизм жағдаятында туыстас, жақын тілді кісі толық күйде тез әрі жеңіл үйреніп алады. Бұндай жағдаятта әр тілде сөйлейтін адамдар бір-бірін тез түсініседі [83, 107 б.].

Қазақ шоғырының тілдік жағдаяты көп тілді қоғамдағы әртүрлі факторлардың әсерімен тығыз байланысты. Бір тілді және көп тілді қоғамдағы тілдік жағдаятты және көп ұлтты мемлекеттердегі әрбір тілдің жұмсалыу жайын зерттеу қазіргі кездегі маңызды мәселелердің бірі.

Зерттеу барысында әрбір аймақтың лексикалық өзгешеліктерінің құрамы екі саладан тұратындығын байқадық. Оның бірі – тіліміздің дамуының өткен дәуіріне тән байырғы белгілерінің сол аймақта сақталған ізі ретінде танылса, қалған бірсыпыра лексикалық құбылыстар аралас өмір сүріп, күнделікті қарым-қатынас жасап отырған көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты

пайда болған сөздер. Бұл құбылыс Бодуэн де Куртенэнің: «Нет и быть не может ни одного чистого, не смешанного языкового целого» деген пікірімен де сәйкес келеді [84, 393 б.].

Келесі мәселе белгіленген аймақтардағы қазақтар тіліне әсер еткен көрші тілдердің әсері жайында болмақ.

Қазақ диалектологтарынан Ә. Нұрмағамбетов, С. Омарбеков, Ж. Болатов, О. Нақысбеков сынды ғалымдарымыз өз еңбектерінде қазақ сөйленістеріндегі кірме сөйленістерге жеке бөлімдер арнаған. Бұл мәселе қостілділік тұрғысынан азды-көпті сөз болып жүр.

Қазақ сөйленістеріндегі орыс тілінен енген сөздерге арнайы тоқталған А. Ниязғалиева өз зерттеуінде сөйленістердегі кірме сөздерге кең көлемде талдау жасаған. Ғалым қазақ диалектологиясының және әдеби тілдің біраз мәселесін анықтау үшін кірме элементтердің қабаттарын ашып алу керек деп есептейді. Оның пікірінше, мысалы, орыс, араб т.б. тілдердің әсерлері тарихи жағынан алып қарағанда, тікелей әдеби тілге әсер етпей, халық тілі, сөйленістер арқылы әсер еткен. Бұл мәселені зерттеудің ежелден келе жатқан көне сөздік қорды, тайпа тілдерінің қалдықтарын кейін пайда болған қабаттардан ажыратып алу үшін маңызы зор. Екіншіден, бұл мәселе тілдердің ауыс-түйіс, қостілділік мәселерімен тығыз байланысты. Үшіншіден, кірме элементтерді зерттеу көптеген сөздердің этимологиясын анықтауға да септігін тигізеді. Төртіншіден, қазақ сөйленістерін топтастыруда, олардың ауыспалы не аралас болу сипатын да анықтауға ұйытқы болады [85, 3 б.].

Қазақ фразеологиясының семантикасын зерттеген ғалым Р. Авакова қазіргі тілдік (синхрондық) тұрғыдан түсіндіруге келмейтін фраземалардың түп негізі тарихи кезеңдермен байланысты екендігін тілдік деректер арқылы дәлелдей отырып, қазақ тіліндегі фраземалардың тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырады: алтайлық (моңғол, тұнғыс-манжұр т.б.); көне түркілік; орта-ғасырлық (араб, парсы) [65, 118 б.].

Ғалым М. Атабаева өз еңбегінде қазақ диалектілік лексикасына басқа тілдерден сөз ауысу тарихын екі кезеңге бөледі: а) жалпытүркілік кезең, бұл кезде түркі тілдерінің лексикасы ортақ; ә) түркі тілдерінің өз алдына ұлт болып қалыптасу кезеңі [19, 263 б.].

Белгілі бір сөйленістердегі кірме сөздерді ғалымдар: а) араб-иран тілдерінен енген сөздер; ә) орыс тілінен енген сөздер; б) моңғол тілінен енген сөздер; в) түркі тілдерінен енген сөздер деп топ-топқа бөліп қарастырады. Ғалым А. Ниязғалиева өз еңбегінде Шыңжаң қазақтарының тілінде көптеген кірме сөздердің бар екенін ескере отырып, бұл топқа «Қытай тілінен енген сөздер» деген бір топты қосады [85, 12 б.].

Жоғарыда аталған зерттеулерді негізге ала отырып, жинақталған материалдарды сұрыптау нәтижесінде аймақтардағы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы кірме сөздер төмендегідей топтарға жіктеліп, зерттелді:

1 Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы туыс емес тілдерден енген лексикалық қабат.

2 Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы түркі тілдерінен енген лексикалық қабат.

1.4.4.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрамындағы туыс емес тілдерден енген лексикалық қабат

а) Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы **араб, иран** тілдерінен енген сөздер. Тарихи деректерге қарағанда, араб, иран сөз ауысуының кезеңдері бір емес, түркі тілдері иран тілдерінің әсеріне бұрынырақ ұшырайды, «Алтай гипотезасын» жақтаушылар иран және үндіевропалық тайпалардың б.з.д. II мың жылдықта Шығыс Европа мен қазіргі Қазақстан жерін мекен еткеніне сілтейді. Иран (арийлердің) тілділердің қоныс аударуы б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысы, ал Қазақстан мен Орта Азиядағы иран (арий) үстемдігі жойылып, олардың орнын жаңа типтегі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын сақтар мен сарматтар басады [86, 31 б.] делінген бұл жөнінде С.Г. Кляшторный еңбектерінде. Ә. Қайдар араб және иран тілдерінен енген сөздердің қазақ тілі лексикасындағы көлемі және олардың тілге ауысуы мерзімі туралы: «Арабо-иранские лексические заимствования, составляющие ныне около 15% общего объема лексики, явились результатом контактов древнетюркских племен о родов, вошедших впоследствии в состав казахского народа, с ираноязычными согдийцами, тохарами, саками, а через них арабскими племенами на территории Средней Азии и Казахстана» [87, 253], – деп араб және иран тілдерінің сөздері тарихи жағдайдың нәтижесінде туындаған тіларалық қарым-қатынас арқылы ауысқан деген тұжырым жасайды.

Араб, иран тілдерінен енген сөздердің көбі діни ұғымдарды уағыздауға, дін иелерінің үстемдігін, үстем таптардың беделін нығайтуда ел ішіндегі қожа-молдалардың көмегімен тараған. Екінші бір көзі – сауда-саттықтың арқасында тікелей араб, иран тілдерінен емес, солармен байланыста болған басқа түркі халықтары арқылы ауысқан сөздер. Сонда да қазақ тілінен гөрі араб, иран сөздері өзбек, тәжік, түрікмен тілінің сөздік қорында мол ұшырасады.

Л. Рүстемов түркі тілдері семьясындағы – өзбек, әзірбайжан, татар, түрік тілінің сөздік құрамында араб-парсы элементтерінің пайызы жоғары болып келетіндігін, ал қазақ тілінде араб-парсы тілінің лексикалық элементі едәуір аз екендігін айтады [88, 21 б.].

«Басқа түркі тілдерінен өзінің бейнелілігімен, суреттілігімен оқшауланып, айтарлықтай монолитті, әрі біртұтас болып келетін» [89, 97 б.] қазақ тіліне шеттен енген сөздердің ішінде ең көрнекті орын алатыны араб-парсы элементтері болса керек. Рас, бірқатар түркі тілдерімен салыстырғанда қазақ тілінің құрамында араб-парсы элементтері онша көп емес. Қазақ тілінде араб және парсы тілінен ауысқан сөздердің сан жағынан аздығын аса көрнекті түркітанушы ғалымдар атап көрсеткен болатын. В.В. Радлов: «Қырғыздың (қазақтың деп оқыңыз – Л.Р.) тілі исламның ірітіп-шірітетін ықпалынан аман қалды, әрі ол өзінің алғашқы түркі сипатын сақтап қалды. Рас, оның құрамына бұл тілге жат кейбір элементтер еніп кетті, бірақ олар өзге түркі

мұсылмандарының тіліндегідей өз дербестігін сақтап қалған жоқ, қайта бұл элементтер қырғыз тілінің дыбыс заңдылықтарына бағынып, сол арқылы толық халықтың игілігіне айналды» [90, 17 б.], – дейді.

Араб, иран лексикалық элементтерінің қазақ тіліне енуіне зор әсер еткен қайнар көздің бірі – өзбек тілі болды. Қазақ және өзбек тілінің өзара ықпалының терең тарихи тамырлары бар. Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы қазақтар мен Өзбекстан территориясының көршілестігі, бұл екі халықтың сан ғасырлық саяси, мәдени және экономикалық қатынастары өзбектердің де, қазақтардың да тіліне едәуір әсер етті.

Араб-парсы сөздері қазақ халқының тарихы, материалдық және рухани мәдениетін талай ғасырлардан бері бейнелеп келеді, соған қарамастан бұлардың генеологиялық та, типологиялық та жақындық ұқсастығы жоқ екендігіне назар аударылмаған, ал шындығына келгенде, араб тілі – семит-хамит, иран тілі – үндіеуропа тобына жатады, ұқсастық тек жазуында екенін ескерте келе, ғалым Г. Бүркітбай оларды «араб және иран тілдерінен енген кірме сөздер» деп, аражігін ажыратып атауды ұсынады [91, 8 б.].

Ең бастысы – араб, иран сөздерінің қазақ тіліне ауысуына ықпал жасаған тарихи, әлеуметтік, саяси және экономикалық факторлар болды. Өйткені тілдердің дамуы – қоғамның даму тарихына тікелей байланысты болып келеді.

Өзбекстан қазақтары мен Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының ерте кезден егіншілікпен айналысқандықтан, олардың тілінде парсы тілінен енген сөздер көптеп кездеседі. Әрине ол сөздер парсы тілінен қазақ тіліне тікелей енген жоқ, өзбек тілі арқылы еніп отыр. Л. Рүстемов егіншілік пен бау-бақша саласына қатысты терминдер ішінде араб сөздерінің жоқ екендігін айрықша атап көрсетеді. Мұның тарихи-экономикалық себебін екі түрлі себеппен түсіндіреді: «Біріншіден, белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдтың айтуы бойынша, қазақ даласында ҮІІ ғасырдың өзінде, арабтар келмей тұрған кезде-ақ егіншілік мәдениеті кем дегенде Шу даласына дейін тараған болатын. Соның өзінде бұл егіншілік қолдан суғаруға негізделген еді [92]. Екіншіден, арабтар өздері көшпелі халықтар болғандықтан, өз елінде егіншілікпен айналыспайтын. Олар жоғары дәрежеде дамыған егіншілік мәдениетін өздері жаулап алған жерлерде тұңғыш рет көрген еді» [88, 38 б.]. Мысалы, «Әкең **мұрап** болса да, жерің ой болсын», «**Қырманы** бірдің шамалы бір, заманы бірдің әмелі бір» мақалдарының құрамындағы *мұрап* (мирап), *қырман* (хәрмән) тәжік- парсы тілінен енген сөздер [88, 37 б.].

Өзбекстан қазақтарының тілінде «Өзіңді ер білсең, өзгені **шер** біл» мақалы бар. Мақал құрамындағы *шер* сөзі парсы тілінен енген сөз. Парсы тілінде *шир* сөзінің екі мағынасы бар: 1. *Арыстан*. 2. *Күшті* (Пер.-русс. сл., М., 1970, Т.ІІ). Тәжік, өзбек, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде *шер*, әзірбайжан тілінде *шир* сөздері осы мағынада жұмсалады. Маңғыстау облысының кейбір аудандарында тұратын қазақтар тілінде *шер* – ер, ержүрек, қайратты мағыналарында қолданылады. Сонда мақалдың мағынасы: «өзіңді ер білсең, өзгені арыстан біл, мықты, күшті деп біл» дегенге саяды.

Қарақалпақ қазақтарының тілінде «*Өзі түйе үстінде жүріп, пиядаға бұқ дейді*» мақалы кездеседі. Бұл мақал қазақ тілінің батыс сөйленістерінде де айтылады. Мақал құрамындағы *пияда* сөзі (Алм., Шел.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) «жаяу» мағынасын береді (Қ.т.а.с., 560).

Түрікм. – *пыяда*; өзб. – *пиеда*; қыр. – *пийәдә*. (К. Юд., КРС, 609); ұйғ. – *пиядә*; ұйғыр тілінің хотон говорында – *пийаде* (С. Мал., УНС, 145); қарақ. – *пиада* (Қарақ.-русс. сл., М., 1958, 534).

Көрсетілген түркі тілдеріне бұл сөз парсы тілінен енген: *пийаде* – жаяу, жаяу жүру. Ал араб тілінде: *биаде* – жаяу әскер. Латын тілінде: *педес* – 1. жаяу; 2. жаяу әскер. (И. Двор., ЛРС, 735); ағылшын тілінде: *педестриан* – жаяу жүргінші, жаяу.

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов *пияда* сөзі түркі тіліне парсы тілінен ауыса тұрса да, оның түбірі үндіеуропа, семитохамит тілдерінің бірқатарына ортақ екендігін төмендегіше дәлелдейді. Парсыша: *пэй* – аяқ; латынша: *пеес* – аяқ (И. Двор., ЛРС, 761).

Парсы тілінде бұл сөздің түбірі *пэй* болса, *пийадә* туынды сөз болмақ. Демек, *пэй* түбіріне сол тілдің қосымшасы немесе басқа бір мағыналы сөзі қосарланып, *пийадә* (жаяу) пайда болған.

Ғалым пікірінше, парсы тіліндегі *пэй* және *гәдәм* – адым (шаг) сөздерінің қосылуынан туындап отыр; *пэй + гәдәм > пийгәдәм > пий(г)әдәм > пийәдәм > пийада(м) > пийада > пияда*. Соңғы тұлғаның мағынасы сөзбе-сөз – «аяқ, адым». Шынында да, тіліміздегі «жаяу, жаяу жүру» негізі – аяқтың адымдауы [58, 99 б.].

Түрікмен және Маңғыстау қазақтарының тілінде «*Қар жауар күн-түн оның қабағынан, Жалбылар байтабасы балағынан*» мақалы кездеседі. Мақал құрамындағы *байтаба* – жүннен тоқылған шұлғау. *Байтаба* сөзі бұдан басқа оңтүстік, Түрікмен және Ресейдің Орынбор өңірі қазақтарының тілінде де айтылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 119-б.).

Өзб. – *пойтаба*; қарақ. – *пайтаба*; ұйғ. – *пайтама* (С. Мал., УНС, 143).

Тәжік тілінде – *пойтаба*. Ж. Досқараев *байтаба* сөзінің бірінші буыны парсы тілінде *аяқ* мағынасын беретін – *пай* екендігін айтады [41, 240 б.]. Алайда парсы тілінде *байтаба* сөзі дәл «шұлғау» мағынасында қолданылмай, сәл өзгеше мағына береді: *пай-төбе* – башмақтың бір ұшы.

Л. Будагов сөздігінде: *байтаба* – шұға шұлғау (Л. Буд., Срав., I, 240).

Ә. Нұрмағамбетов «*байтаба*» құрамындағы бірінші сөз – «*па*» немесе «*пай*» парсы тілінде *аяқ* мағынасын беретіні рас екендігін дәлелдейді. Парсы тілінен ауысқан бұл сөз басқа тілдерде де «аяқ» мағынасын білдіреді: ұйғыр говорының бірінде – *пай* (С. Мал., УНС, 143); сарыкөлдіктерде: *пей* (Т. Пах., СРС, 127).

Сөздің екінші буыны да парсы тілінде бар: *таб* – орау. Осылар арқылы (*пай+таб*) *байтаба* сөзі пайда болған. Ғалым соңғы қосылып отырған «*а*» дыбысын түркі тілі заңдылықтарының әсерінен деп, шөп үйіндісі мағынасын беретін сөз бір жерлерде *шөмеле* деп айтылса, екінші жерде *шөмелей* түрінде айтыла беретіндігімен салыстырады [58, 21 б.].

Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Пұлы күйген герімдәрі шайнайды*» мақалы бар. Мақал құрамындағы *герімдәрі* сөзінің мағынасы – «қызыл бұрыш» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 173-б.). Бұл сөз Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде *келімдәрі, керімдәрі* түрінде де айтылады. Ғалым Ә. Нұрмағамбетов соңғы дыбыстық құрам сөз төркінін табуға жөн сілтейді деп көрсетеді. Парсы тілінде: *гәрм* – *ыстық, қызулы* мағынасын білдірсе, *дару* – *ауруға ем, шипа* деген мағынаны білдіреді. Яғни тілдік деректер *герімдәрі* сөзінің төркіні парсы, әрі кетсе, араб тілінен енгенін анықтайды.

Егер сөз төркіні араб тілі деп жобаласак, *керімдәрі* қазақша айтқанда – «аса ем, аса шипа» мағынасын ұғындырады. Ал сөз тегі парсы тілінен болар десек, *керімдәрі* – «ыстық, қызулы ем» деген мағынаға нұқсайды [58, 57 б.].

Сондай-ақ Ә. Нұрмағамбетов «*керімдәрінің*» көп жағдайда «*келімдәрі*» болып дыбысталуын басқа тілден ауысқан сөздің қазақ тіліндегі өзгеріске ұшыраған тұлғасы деп қараған жөн дейді. Осылардың қай-қайсысы болмасын қызыл бұрыш қасиетін, оның бірқатар ауруға емдік ерекшеліктерін сипаттай алатынын көрсетеді.

Қарақалпақ қазақтарының тілінде «*Қасқалдаққа бір ағары май бітсе, қарқылдасып ұшқан көлін танымас*» мақалы кездеседі. Мақал аз ғана дүние, мал-мүлік бітсе жанындағыларды танымай кететін адамдарға қаратыла айтылған.

Мақалдағы *ағары* сөзі «азырақ, азғана» мағынасын береді (Қаз.тіл.айм.сөзд., 16 б.).

Қарақалпақ тілінде: *ағары* – *67 грамм*; түрікше: *асгары* – *өте аз, мардымсыз*. Ә. Нұрмағамбетов сөздің төркіні араб сөзі екендігін айтады. «*Харруба*» сыйымдық өлшемі 1/16 немесе 0,129 л тең. Осы сөз кейбір түркі тілдеріне ауысқанда, дыбыс заңдылықтарына ұшыраған [58, 5 б.].

Қазақ сөйленістерінің батыс тобында *құт қара басы* тіркесі айтылады. **Құт қара басы** (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) – өз басы, қара басы. Мысалы: *Ол өзінің құт қара басын ғана ойлайды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 445-б.).

Түрікм.: *хут өзи* - өзі; қыр.: *қуду эле өзү* – оның құдды өзі (К. Юд., КРС, 437).

Осы тұлғалас сөз қазақтың әдеби тілінде ішінара болса да, кейбір тіркестерде (*құдды өзі, құдды әкесі сияқты* т.б.) қолданылады. *Құдды* сөзі көбіне түркі тілдеріндегі «өз» есімдігімен тіркеседі.

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов өз зерттеуінде сөз мағынасын парсы тілімен байланыстырады. Парсы тілінде: *худ* – «өзі» деген мағынада қолданылады. «*Құдай*» сөзінің құрамындағы алғашқы буын – «*қуд*» та – «өзі» деген мағынаны білдіреді. Ал екінші буын – «*ай*» парсы тілінде «келіп, кетіп тұрушы» деген мағынаны береді. Ғалым «*құдай*» сөзінің қазақша мағынасын – *өзі келіп көрінуші* дейді. Әдеби тіліміздегі «*құдды*» не жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі «*құд*» сөздерінің «өз» есімдігімен жанасуының өзі тілдік деректердің куәсі деп санайды. Сонда: *құт қара басы* – өз қара басы деген түсінік береді [58, 77 б.].

Ауған, Иран қазақтарының тілінде *пүшәйман жеу* тіркесі «уайым жеу» мағынасында қолданылады. Бұл тіркес қазақ тілінің оңтүстік сөйленістерінде де

кездеседі. *Пұшайман жеу // пұшман жеу* (Ақт., Қараб.; Жамб., Луг.; Шымк., Сайр.) «уайым жеу». Мысалы: *Кеше қойына қасқыр тиіп, қатты пұшайман жегізді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 562-б.).

*Атқа салдым пыстанды,
Мен кеткен соң атажан,
Ақыры жерсің пұшманды.*

«Алпамыс батыр»

Ғалым Ш. Сарыбаев кейбір тілдерде де бұл сөз «өкіну», «бармағын тістеу», «қапыда қалу» мағынасында жұмсалатынын айтады. Мысалы, парсы тілінде (*пашман*) – өкіну. Өзбек тілінде *пушайман* – өкінген адам. Сөз қазақ тіліне өзбек тілі арқылы еніп отыр, бірақ сөз төркіні парсы тілінен болып тұр.

Тілімізде *уайым жеу, таяқ жеу, соққы жеу* сияқты тіркестер бар. Ғалым А. Тымболова *пұшайман жеу* тіркесі де осы конструкцияның үлгісімен жасалған [93, 117 б.] деп санайды.

А. Тасымовтың еңбегіндегі Волга бойындағы тұрғындар тіліндегі *емешесі құру* (еңсесі құру), *мажыра болу* (жайбарақат), *таушықты болу* (табысты, бақытты болу) сияқты тіркестер құрамындағы *емеше, мажыра, таушық* сияқты сөздердің мағынасы жеке алғанда түсініксіз тәрізді. Мысалы, жоғарыдағы *мажыра* парсы тілінен ауысқан *маджра* (*орындалған, жайбарақат*) деген сөзбен төркіндес болса, *таушық* та сол парсы тілінен енген *тоуфиг* (*табыс, жәрдем*) сөзі дейді [46, 139,465 бб.].

Қарақалпақ қазақтары тілінің ерекшеліктері туралы еңбегінде Н. Жүнісов араб, иран тілдері сөздерінің қазақтардан гөрі абorigендер тілінде көбірек кездесетіні, қазақтарға солар арқылы ауысқаны жайлы айта келіп, әдеби тілде қолданылмайтындықтан, оларды «диалектілік құбылыс» деп танитындығын баяндайды. Бұл аймақтағы араб, иран тілінен енген сөздер күнделікті өмірге қажетті зат атаулары, көлемі жағынан иран тілдерінен ауысқан сөздер молырақ.

Енді қарақалпақ қазақтарының тіліндегі «*Абырайлы істің басына, жақсы келер қасына*» мақалына назар аударайық. Мақал құрамындағы *абырай* сөзі (Ақт., Байғ.; Түрікм.: Таш., Ашх., Красн.; Гур., Маңғ.; Қарақ.) әдеби тілдегі *абырой* сөзінің жергілікті ерекшелігі (Қаз.тіл.айм.сөзд., 15-б.).

Аталған сөздің түркі тілдерінде айтылуына назар аударайық:

қазақ тілінде: **абырой**

өзбек тілінде: **обрү (и)**

түрікмен тілінде: **абрай**

түрік тілінде: **абыри**

ұйғыр тілінде: **аброй.**

Көрсетілген түркі тілдері мен қазақ тіліне бұл сөз парсы тілінен енген, онда **аб(э)ру** – *ар, намыс* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 36-б.). Парсы тілінің өзінде бұл сөз екі түбірден құралған: **аб** – *су*, **ру** – *бет* (Перс.-рус. сл., 31,734).

Екі сөздің біздің тіліміздегі мағынасы – «беттің суы» болады. Сонда тіліміздегі *беттің суын бес төгіп* фразеологизмі «абыройын, беделін сонша түсіріп» мағынасын беріп отыр.

Тау беру (Түрікм.: Небид., Жеб., Таш., Көнеүр.) бұрау, ширату. Мысалы: *Сөткесіне сағатқа неше тау бересің?* (Қаз.т.а.с., 653-б.).

Қазіргі түркі тілдерінде: түрікм.: *товламак* – бұрау; *тов берши* – бұрау (сағатты); *тобламоқ* – бұрау, есу.

Ертедегі жазба ескерткіштерде: *тола* – бұралған. Ә. Нұрмағамбетов сөздің арғы тегі араб тілі дейді. Араб тілінде: *товйа* – орау, бұрау. Осыдан: *товйа* > *тов(йа)* > *тов* > *тоу* > *тау* > *тау+ла+у* > *таулау* пайда болған деп есептейді [58, 118 б.].

ә) Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы **орыс тілінен** енген сөздер. Түркі тілдері мен орыс тілінің арасындағы сөз алмасу көп жағдайда экстралингвистикалық себептерге байланысты болды, ол түркі халықтары мен орыс халқы өкілдерінің тікелей қарым-қатынаста болуы, сауда қатынастары, бірыңғай шаруашылық-экономикалық байланыстар арқылы жүзеге асты.

А.Ниязғалиева өз еңбегінде орыс тілі элементтері еліміздің батыс, әсіресе солтүстік, шығыс аймақтарында мол екендігін айтады, сондай-ақ, оларды әдеби тіл дәрежесіндегі кірмелер, варваризмдер (*бұғалтыр, доғдыр, першіл, лампы* т.б.), сөйленіс дәрежесіндегі кірме сөздер аталатын топтарға ажыратып көрсетеді [85, 15 б.].

Қазақ сөйленістерінде ауызекі тілде күнделікті тұрмысында ұшырасатын орыс тілінен енген сөздер мол. Бұлардың ішінде, әсіресе, ауылшаруашылығына қажетті техникамен, сондай-ақ егістік жерді өңдеуге, техникалық егіндерге, құрылысқа қатысты байланысты сөздерді көптеп кездестіреміз. Орыс сөздерінің бірқатары Қазан төңкерісінен бұрын ауысып келсе, енді бірқатары Кеңес өкіметі тұсында енген.

Еділ бойы қазақтарының тілін зерттеуші А. Тасымов осы аймақ қазақтарының тілінде орыс тілінен енген кірме сөздердің көптеп кездесетінін айтады. Сондай-ақ ғалым еңбегінде құрамында орыс сөздері бар тұрақты тіркестер де кездеседі. Мысалы: *мігіріш ету* тіркесіндегі *мігіріш* сөзі орыс тіліндегі *магарыч* (*угощение, выпивка при завершении сделки*) сөзімен байланысты. Бұл сөздің өзі, М.Фасмердің көрсетуі бойынша, о баста орыс тіліне түркі тілдері арқылы ауысқан арабтың *māhārij* (*расходы, издержки*) сөзі деп көрсетіледі [46, 395 б.].

Қытай қазақтарының тілінде аздап болса да орыс тілдері әсері бар екенін С. Мұстафаұлы зерттеуінде көрсетіледі. Ғалым орыс тілінің әсерінен тікелей калька тәсілімен аударылып жүрген «*Аққу, бақа, шаянның арба сүйреуі*» және саяси ахуалға қатысты *дело тіктеу* «қылмыстық іс қағаздарын дайындау»; *принципке көтеру* «бір істі ұлғайтып, дабырайта көрсетуге тырысушылық»; *испанский келу* «салт келу, жалғыз басы келу», т.б. мысалдарын келтіреді [50, 30 б.].

б) Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы **моңғол тілінен** енген сөздер. Алтай халықтарының генетикалық және тарихи туыстығы жөнінде толып жатқан зерттулердің бір пікірге келе алмағандығы, тіпті, қарама-қарсы көзқарастардың да пайда болғандығы, зерттеулердің соңғы кезде қарқын алып отырғандығы жайлы айта келіп, Ә. Қайдар: «В этом отношении небезинтересны «встречные» исследования специалистов тюркских и монгольских языков с широким привлечением фактов конкретных

языков...» – дейді [55, 82 б.], бұдан түркі, моңғол, алтай халықтары арасындағы генетикалық, тарихи байланыстарды ашуға деген ынтасының әлемнің тілдік бейнесін жасау идеясымен ұштасып жатқандығын байқауға болады. Тіл әлемі – халықтың айнасы, ендеше соған қарап белгілі этностың негізін табу, туыстығын ашуда ортақ сөздер, кірме сөздер олардың бір тілден екінші тілге ауысу кезеңдері туралы нақты деректер бере алары сөзсіз.

Бастапқыда «Орал-алтай тіл бірлестігі» атауымен Ф.И.Табберт-Страленберг есімімен байланысты өмірге келген бұл идея «алтай тілдері», «алтай гипотезасы» деген атқа ие болып, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде зерттеушілердің көзқарастарын, бағыт-бағдарын анықтайды. Алғашқы топтағы ғалымдар – өмір сүру мерзімі белгісіз анықталмаған дәуірде орал тілдері мен алтай тілдері шығу тегі жағынан жақын туыс болған дейтін генеологиялық принципті ұстанған Г.И. Рамстедт пікірін қолдаушылар, бұл қатарда Б.Я. Владимирцов, Е.Д. Поливанов, Н.Н. Поппе, Н.А. Баскаков, О.П. Суник, І. Кеңесбаев, Ш.Ш. Сарыбаев, Ә.Т. Қайдар т.б. сияқты ғалымдарды атауға болады. Ғалымдардың келесі тобы: түркі-моңғол тілдері Л. Лигети, Г.Д. Санжеев, Т.А. Бертагаев, А.М. Щербак т.б. қандық туыстығы болмаса да, ұзақ уақыт қатар, көрші орналасуы, әртүрлі қарым-қатынаста болуы арқылы типологиялық ұқсастыққа ие болған деп санайды, ол ұқсастық кірме материалдар негізінде қалыптасқан. Бұдан түркі тілдеріне моңғол тілдерінен сөз ауысу кезеңі, сипаты жалпы тілдердің байланысы туралы бірізді көзқарастың жоқтығы көрінеді.

Ғ. Мұсабаев моңғол және түркі тілдерін туыс, заман өзгеруіне, қоныстың алыстап, қарым-қатынастың сиреуі әсерінен о бастағы түбірлес тілдер бір-бірінен алшақтаған деп есептейді, қазақ пен моңғол тілдеріне ортақ сөздердің салыстырмалы кестесін жасай отырып, оның ішінде сөйленістерге тән *абдыра, адақ, дүлей, елек, албар, азар, сұру, суал* сөздерін атауға болады дейді [94, 98-103 бб.].

Моңғол элементтерінің түркі тілдеріне ену кезеңін Б.Я. Владимирцов моңғол империясына дейінгі (көне түркі дәуірі) дәуірден алады [95, 313]. А.Батманов, алдымен, түркі тілдерінде моңғол кірмелерінің Орхон-Енисей жазуларына дейін де болғанын, екіншіден, моңғол элементтері түркі әлеміне Шыңғыс хан жорығы кезінде көптеп енгенін, үшіншіден, XVII-XVIII ғасырларда жоңғарлармен тығыз байланыста болған алтай, қырғыз, қазақ т.б. түркі тілдерінде моңғол кірме сөздерінің көлемі өскенін айтады [96, 5-23 бб.]. Осы пікірлерге сүйене отырып ғалым М. Атабаева моңғол элементтерінің түркі тілдеріне енуін: көне, орта және жоңғар (ойрат) сияқты үш кезеңге жатқызады [19, 67].

Сөз алмасу түркі тілдерінің жалпытүркілік дәуірінде де, олардың халық ретінде қалыптасу дәуірінде де, жеке ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі дәуірінде де жүріп отырған, этностардың басынан өткен аласапыран заманы мен қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған жайма-шуақ күндерінде де сөз алмасу қажеттілігі туған, сондықтан бұл сөздер осы өмірдің әр алуан қырын бейнелейтінінде дау жоқ [19, 68 б.].

Ғалым Б. Базылхан Моңғолия қазақтарының тіліндегі кірме сөздерді зерттегенде оның екі кезеңін атап өтеді:

1. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Моңғолиядағы халық революциясына дейінгі кезең;

2. Моңғолиядағы халық революциясынан бастап осы күнге дейінгі кезең [97, 44 б.].

Моңғолия қазақтары тілінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым А. Үдербаев Моңғолия қазақтарының тілдік жағдаятын екі тілді немесе қос тілді сипатта деп көрсетеді. Себебі қазақтар тұратын аймақтарда негізгі тілдер қазақ және моңғол тілдері деп тұжырымдайды [12, 34 б.]. Әрине Моңғол жеріндегі қазақтар тілінде моңғол тілінен енген кірме сөздердің кездесуі – дағдылы құбылыс.

Моңғолия қазақтарының тілінде айтылатын мақал-мәтелдер құрамында моңғол сөздері көптеп кездесетіндігін мына мысалдардан көруге болады: «*Ауылдан іздегенше, абдыраңнан ізде*» мақалының құрамындағы *абдыра* – моңғолша *авдар* – сандық; «*Өлген бураның басынан тірі атан қорқады*» мақалының құрамындағы *бура* моңғ.: *буур*; «*Жұт болғанда ит семіреп, Қиыншылық түскенде лама семіреп*» мақалының құрамындағы *лама* сөзі моңғолша *лам* – будда дінін күтуші адам; «*Оба тұрғызбаса сауысқан қонар ма еді*» мәтелінің құрамындағы *оба* моңғ.: *овоо*. Берілген мақал-мәтелдердегі көрсетілген сөздердің барлығы моңғол тілінен енген сөздер.

Осының ішінде *абдыра* сөзінің шығу төркініне М. Атабаева былайша тоқталады: «*Абдыра* сөзі қазақ сөйленістеріндегі *а-ә* алмасуларына сәйкес *абдыра-әбдіре* түрінде Алматы, Павлодар, Қостанай, Жамбыл, Қарақалпақ қазақтары тілінде «үлкен ағаш сандық» мағынасын білдіреді. В.И. Рассадин де аталған тілдерде «сандық, қобдиша» мәнді сөз екенін айтады, моңғол тілінде *авдар* – кебеже сандық (Моңғ.-каз. сөзд., 1954, 13); қырғызда *абдыра* – үлкен жәшік, сандық (К. Юдахин, 1965, 18); тува – *антара* [98, 63 б.]; хакас тілінде *абдыра* – қобдиша, кішкене сандық (Хак.-рус. сл., 1953, 13); қалмақ *авдр* – сандық, жәшік (Рус.-калм. сл., 1964, 693). «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» бұл сөздің *абдари* түрінде парсы тілінде ұшырасатынын көрсеткен және парсы тіліне түркі тілдерінен ауысқан, себебі манжұр тілінде «*абдари моо*» емен тұқымдас ағаш атауын білдіреді (ССТМЯ, 1975, 1, 5), кебеже сандық сияқты заттар ағаштан жасалған, оның ағаш мағынасын білдіретін «*моо*» сөзі түсіріліп «*абдари*» атауы зат атауына ауысқан. Осы мағынасын Ш. Сарыбаев «ыдыс-аяқ т.б. атаулары» семантикалық тобында көрсетеді [99, 152 б.]. Бұл сөздің таралу шегінің көлеміне қарағанда, түркі тілдеріне өте ерте жалпытүркілік дәуірде енген, көшпелі тұрмыста қолайлы зат сол халықтардың бәрінде ортақ қолданылған да, көненің көзіндей сақталған. Жамбылдың кей аудандарында *абдырия* – жастықтың астына қоятын ағаш дегенді білдіреді; (ҚТДС, 1, 11). Қ.Жұмаділовтың қытай қазақтары өмірі негізінде жазылған шығармасында, *Абдыра* гидронимі, *Абдыра* ойконимі кездеседі. *Қара үңгірден өтіп, Абдыраның жолына бұрылған соң ғана жүрегі орнына түсті. Қатар аққан қос өзен Күжібай мен Абдыраның аңғарында*

төртуылдың екі табы: Баймұрат пен Құтымбет аралас отыратын [19, 69 б.].

Қарақалпақ қазақтарының тілінде «Әуеде бұлт болса, жерде **шерім** етік ұртын томпайтады» мәтелі бар. Мәтел құрамындағы *шерім етік* сөзінің мағынасы – «көн етік» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 752-б.).

Түрікм. – *черим*; қарақ. – *шерим*; баш.: *шыры* – тері; ұйғ.: *ширә чорук* – тері шарық; ұйғ. тілінің бір говорында: *чәм* – ұлтанға арналған қалың қатты тері; екінші говорында: *чәмә* – сиыр мен жылқының иленген терісі (С. Мал., УНС, 171); алт.: *шири* – терінің бір түрі [100, 42 б.]. Ұйғыр тілінің говорларында «р» дыбысы түсірілген, мұндай құбылыс сол тілдің заңдылығымен сәйкес.

Сарыкөл тілінде: *чарм* немесе *чарми* – өңдеу, илеу (Т. Пах., СРС, 38). Мұнда тері сөзі жоқ болғанмен, соған жұмсалатын іс-әрекет байқалады.

Моң.: *шир* – тері; бур. диалектісінде: *шэрэ* – иленбеген тері [101, 106].

Парсы тілінде: *чәрм* – тері; арабша: *черс* – иленген тері (Л. Буд., Срав..., I, 474).

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов сөз төркінін былайша өрбітеді: егер нострат тілдер теориясына сүйенсек, көрсетілген тілдердің бәрінде де бұл сөз түбірі – *чер* алғаш «тері» (шкура) мағынасын берген. Және семитохамит, алтай тілдеріне ортақ болған деп қарасақ, оның дыбыстық өзгерістерге түсіп, әр түрлі тұлғалануы – тіл заңдылығына қайшы келмейді. Демек, семитохамит, үндіеуропа тілдерінде – «*чер*», моңғол тілдері мен түркі тілдерінің кейбіреулерінде – «*шер*», «*шир*», «*чер*»; түркі тілдерінің басқаларында (оның ішінде қазақ тілінде) – «*тер*» тұлғаларында қалыптасқан. Мұнда негізінен дыбыс сәйкестіктері сөз басында байқалады. Түркі тілдерінде *ч~ш~т* дыбыс сәйкестіктері өте жиі кездеседі. Сондықтан *чер~шер~тер* бола отырып, әдеби тіліміздегі «тері» сөзінің «шеріммен» туысуын өте заңды және топшылаудың дұрыстығын қыпшақ тобына жататын тілдердің ішінде де кездесетін *ш~т* дыбыс сәйкестігін кепіл бола алады деп есептеп, қазақша – *тыр жалаңаш*, татарша – *шир ялаңаш* болып дыбысталуын мысалға келтіреді.

Сонымен қатар, жергілікті тіл ерекшелігінде кездесіп отырған «*шерім*» тұлғасының соңындағы *-ім* немесе *-м* элементі – араб және парсы тілдерінен сөзді жиі ауысып алатын кейбір түркі тілдерінің ықпалы деп санайды. Дәл бұл жағдайда, Түрікменстан мен Қарақалпақстанда тұратын қазақтарға түрікмен және қарақалпақ тілдерінің әсері байқалады. Алтайдағы түркі халықтары мен башқұрттарда *-м* элементі байқалмауы осы ойды дұрысқа шығарғандай. Сөйтіп, *шерім* – тіліміздегі *тері* сөзінің басқаша дыбысталуы деп есептейді [58, 134 б.].

Келтірілген деректерге қарағанда, бұл сөздің қазақ тіліне енуі тым алыс деуге болады. Бір сөздің бірде моңғол кірме сөзі ретінде көрінуі, енді бірде араб т.б. деректерінен табылуы – көшпелі халық тұрмысының тарихымен үндес, бұл жөнінде Г.Е. Грумм-Гржимайло түркілердің ежелгі мекен еткен аймағында далалық мемлекеттер қаншалықты тез құрылып жатса, соншалықты тез тарап, жойылып, содан соң ұзақ уақыт тарих тұманында үнсіз мүлгіп жатқандығы туралы айта келіп, «можно лишь теоретически допустить, что сойдя с исторической сферы, они давали материал для новых этнологических образований, которым уже принадлежала будущность в этой стране», – дейді

[102, 24 б.]. Бұған қарамастан, далалықтар өзіндік рухани және материалдық мәдениетін туғызды, оны жетілдірумен болды.

Сонымен қатар Қытай қазақтарының тіліндегі фразеологизмдерде біршама моңғол тілінің әсері байқалады. Мысалы: моңғол тілінің әсерінен қалыптасқан *кешил боп кету* «кәпір болу», *керік шығару* «жанжал, дау шығару» (моңғолша: *хэрэг* – қылмыс); *доржылап қою* «тиісу» (моңғолша: *доромжолох* – мазақтау, келемеждеу); *қонжуыр түсіру* «пайда табу» (моңғолша – *хонтвор* – ұтыс, пайда) тіркестері бар [50, 30 б.].

в) Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы **қытай тілінен** енген сөздер. Қытайдағы қазақтар тіліне әсер етіп отырған тілдің ең көлемдісі – қытай тілі. Оның кейбірі дыбыстық жағынан қазақ тіліне бейімделіп, бүгінде өз тіліміздің құндылығына айналғандары да жоқ емес. Оған *жамбыл*, *жамбы* сөздерін мысалға келтіруге болады. Мысалы: «*Ақшаң жоқ болса, жамбылға барма*» мәтелінің құрамындағы *жамбыл* сөзі қытай тілінде *ya ten* – мекеме, кеңсе мағынасында қолданылады. Мәтел құрамындағы *жамбыл* сөзінің «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» екі түрлі мағынасы берілген. *Жамбыл* (Сем.: Абай, Шұб.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) 1. қорған, үлкен қора. *Кірпішің өте көп, жамбыл соғайын деп не едің?* (Сем., Абай). *Тамдыарал деген жерде үлкен жамбыл бар* (Шығ. Қаз., Зайсан). 2. түрменің, абақтының сыртынан айнала қоршалатын биік, мықты қорған. (Қаз.тіл.айм.сөзд., 232-б.)

В. И. Новгородский қытай тілінде «кеңсе», «мекеме» мағынасын беретін *ямэнь* сөзі ұйғыр тілінде *йамун* болып та, *йамул* болып та, *н* мен *л* дыбыстары алмасып айтыла беретіндігін көрсетеді. Ертеде қытайдың губернаторлары мен уезд бастықтары дәрежесіне тең ірі чиновниктер тұратын арнаулы кеңсе ұйғыр тілінде *ямул* деп аталған (Уйғ.-кит.- рус. лугат., Пекин, 1952). Бертін келе *йамун* // *йамул* – «бекініс», «қамал» және «түрме» ұғымында қолданылатын болған. Қазір Қытайдың Шыңжаң өлкесін мекендейтін байырғы тұрғындары бұл сөзді осы мағынада түсінеді. *Ямэнь* қытайша *я* және *мэнь* деген екі сөзден құралған, *я* – кеңсе, бұйрық; *мэнь* – үй. Яғни «бұйрық беретін үй» деген ұғымды білдіреді. Ғалым Б. Базылхан өз зерттеуінде қытайдың осы күнгі сөздік қорының құрамынан шығыңқырап қалған *ямэнь* атауы ұйғыр тілінде *йамун* // *йамұл*, қазақ тіліндегі *жамбұл* / *жамбыл* болып қалыптасқан тәрізді дейді. Қазақ тіліндегі *жамбыл* сөзі о баста «топырақ қорған, бекініс» немесе «қорғаны, бекінісі бар жер аты» болып қолданыла келіп, кейін кісі атына да ауысқан болу керек [14, 81 б.].

Ғалым С. Мұстафаұлы өз еңбегінде Қытайдағы қазақтар тіліне әсер етіп отырған қытай және ұйғыр тілінің дыбыстық жағынан қазақ тіліне бейімделіп, өте ерте замандардан тілімізге сіңісіп кеткен сөздер қатарына осы *жамбыл* сөзін мысалға келтіреді. Қытай тілінде *ya ten* – мекеме, кеңсе мағынасында қолданылады [50, 29 б.].

Сондай-ақ сол аймақ тұрғындары тілінде айтылатын *бүйіріне алтын, жамбы салғандай* «рахаттану, жаны кенелу» мағынасын береді (Қаз.тіл.айм.сөзд., 163-б.). Қытай тілінде: *уian bao* – «ертедегі қытайда ақша

орнына айналысқа түскен күміс немесе мыстан жасалатын құймалар». Осы сөздер дыбыстық жағынан өте ерте замандардан-ақ қазақ тіліне сіңісіп кеткен.

Фразеологизмдердің құрамында кездесетін қытай сөздері қазақ тіліндегі *қылу, болу, жасау* секілді көмекші етістіктермен тіркесіп келеді. Мысалы: *жилы болу* «күйіп-пісу, қатты ашулану, қапалану». Қытай тілінде *ji* – «күйіп-пісу, ашулану» деген мағынаны береді. Ал Қытай қазақтарының тілінде осы *ji* – сөзі қазақ тілінің қосымшасын (-лы) -лі, арлы, күйлі) қабылдап *жилы* түрінде айтылып, қалыптасқан. *Зауталы қылу* «аяқасты қылу, қорлау». Қытай тілінде: *zao ta le* – «аяқ асты болу, қор болу» деген мағына береді. *Tau tai болу* «керексіз, жарамсыз болып қалу, қытай тілінде *tao tai* – «керексіз, жарамсыз болу» деген мағына береді. Осы қытай тіліндегі *tau tai* етістігі мен *болу* көмекші етістігі тіркесіп, Қытай қазақтары тілінде образды тұрақты тіркес ретінде қолданылады. *Бәй жазы қылу* «көкірек көтеру, тәкаппарлық көрсету. Қытай тілінде *bai* – жаю, *jia zi* – сөре, яғни «сөресін жаю» сөздерінен құралған қытай тіліндегі тұрақты тіркес қазақ тіліне дәл аударылып, қолданысқа енген [50, 51 б.].

Байқап отырғанымыздай, басқа тілдерден сөз ену – тілдегі заңды құбылыс. Біздің айтпағымыз басқа халықтан сөз қабылдау, оны күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану әр аймақтың өзіне тән тілдік ерекшелігін көрсетеді, қалыптасуы мен дамуына өз ықпалын тигізеді.

1.4.4.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрамындағы туыс тілдерден енген лексикалық қабат

а) Қарақалпақ қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген Н. Жүнісов осы өңір қазақтарының тіліне басқа тілдердің әсері тиюінің екі жағдайын көрсетеді. Біріншісі – жергілікті қазақтардың қарақалпақ, өзбек, түрікмендермен тікелей шектесіп, ауылы аралас, қойы қоралас отыруы нәтижесінде кірген сөздер мен тілдік құбылыстар. Екіншісі – басқа тілдің бұл сөйленіске тікелей емес, оларға шектес қазақ тілінің басқа сөйленістері арқылы өтуі [48, 9 б.]. Өзге аймақтарда өмір сүріп отырған қазақтар тіліне сол жердің халқының тілі өз ықпалын тигізеді. Мысалы, Қарақалпақ қазақтарының тілінде қолданылатын «*Аулымыз атауда, Аяқ-қолымыз матауда*» мәтелінің құрамындағы атау қарақалпақ тілінен енген сөз, қарақ. *атау* – арал (Карак.-рус. сл., 1958, 59). «*Аурудың айыбы жоқ, Дегішпенің қадірі жоқ*» мақалының құрамындағы *дегіште* – эзіл, қалжың (Карак.-рус. сл., 1958, 176). «*Басқыға түссең, басыңнан айырыларсың*» мәтелінің құрамындағы *басқы* қарақалпақша – мысқыл, қалжың, күлкі (Карак.-рус. сл., 1958, 88). «*Жарлының малын жасаңға қусаң, қуаңға қашады*» мақалының құрамындағы *жасаң* сөзі қарақалпақ тілінде сулы, шөпті, құнарлы жер (Карак.-рус. сл., 1958, 290), *қуаң* қарақалпақша шөбі қураған жер (Карак.-рус. сл., 1958, 536).

Жоғарыда келтірілген деректер ғалым Н. Жүнісовтің: «Қарақалпақ жерін қоныстанған қазақтардың сөйленісінің бір ерекшелігі – оған қарақалпақ тілі еткен әсердің мол болуы. Сондықтан аймақтық ерекшеліктердің жергілікті материалдарын, мүмкін болғанша молырақ қамтып, оны қарақалпақтардың

тілімен көбірек салыстырып, ол туралы көбірек мағлұмат беру зерттеуші алдында тұрған үлкен міндет болып табылмақ» [48, 3 б.], – деген тұжырымын нақтылай түседі.

ә) Өзбекстан қазақтарының тілінде туыс өзбек халқымен жиі қарым-қатынас жасап, сондағы тұрғындардың ұдайы өзбек халқының ортасында болғандығынан, **өзбек тілінің** әсерінің бар екенін аңғаруға болады.

Өзбекстан қазақтарының тілінде мынадай қызық мақал кездеседі: «*Асылсаң бәлән (биік) дарға асыл, аяғың жерге тимесін*». Мақал мағынасын түсіну үшін құрамындағы сөздерді тереңірек зерттеуге тура келеді.

Ғалым Т. Айдаров мақал құрамындағы *дар* сөзі – «есік алдына кір жаю үшін керілген жіп не көлденең тасталғаш ағаш» деп түсіндіреді. Оған кір жайса да, ет ілсе де *дарға асу* делінеді. Сырдария облысының қазақтары кіржайғыш деп атайды. Ақтөбенің Ырғыз ауданында *дар* – «шығыр ортасындағы көлденең ағаш арқалық»; Хорезм говорында *тар* – «киім жаятын ағаш. Өзбекше *дор* сөзінің бір мағынасы – «кір жаю үшін керілген жіп», екінші – «дар ойнына арналып тартылған арқан», тәжік тілінде де осы соңғы мағына бар екендігін айтады [45, 47 б.].

Яғни мақалдың қалыптасуына негіз болған ұғым *дар* ойынына арналған арқан-жіпті неғұрлым биігірек керу арқылы ойынға қатысушының шеберлігін көруге болатындығын мегзейді. Яғни мақал құрамындағы *дар* сөзі өзбек тілінен енген.

Өзбекстан қазақтарының тіліндегі «*Атаңның тәзірін жемейін десең, Адамның тәкірін же*» мақалының құрамындағы *тәзір* сөзі өзбекше: *таъзир* - сөгіс, талқы (Узб.-рус. сл., 1959, 416); *тәкір* – өзб.: *тахқир* – шектеу (Узб.-рус. сл., 1959, 419) мағынасын береді. Мақал мағынасы: әкеңнің қатал сөгісінен гөрі көпшіліктің қысымына түскен жақсы екендігін білдіреді. «*Әуелі өзіңе бақ, Соң назара қақ*» мақалының құрамындағы *назара* – өзб.: *ногора* – кепшік, музыкалық аспап түрі (Узб.-рус. сл., 1959, 416). Мақал мағынасы: біреудің кемшілігін сынға алу үшін алдымен өзіңе қарап ал. «*Батыр тапса – барша жер, Бақыл тапса – басып жер*» мақалының құрамындағы *бақыл* – өзб.: *бахил* – сараң (Узб.-рус. сл., 1959, 56). Мақал батырдың жақсылығы баршаға ортақ екендігі, ал сараңның жақсылығы өз басынан артылмайтындығын мегзейді. «*Көпшілік бір мұштан ұрса өлтіреді, Бір бұрдадан берсе тойдырады*» мақалының құрамындағы *мұш* – өзб.: *муш* – жұдырық, *бұрда* – өзб.: *бурда* – бөлік, тілік деген сөз (Узб.-рус. сл., 1959, 90). Мақал біреуге жамандықтан гөрі жақсылық жасаған сауапты іс екендігін түсіндіреді.

б) Түркімен қазақтарының тілінде қолданылатын мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында **түрікмен** сөздері бар. Мысалы, «*Қортық қойды бұзар, Шөртік елді бұзар*» мақалының құрамындағы *қортық*, *шөртік* түрікмен сөздері. Түркм.: *хорда* – жаман (Түркм.-рус., сл., 1968, 702); түрікмен тілінде *шорта* сөзінің екі мағынасы бар: 1) шарт-пұрт (адамның мінезіне байланысты); 2) *шорта сөз* – анекдот (Түркм.-рус., сл., 1968, 761). Яғни мақал жаман мал тұқымды қалай құртса, шорт мінезді, жаман ойлы адам да елдің алдағы күніне ешқандай жақсылық әкелмейді деген сөз.

Қазақ тілінің батыс сөйленістер тобына енетін Маңғыстау қазақтарының жергілікті ерекшеліктерін зерттеген ғалым С. Омарбеков бұл өңір қазақтарының тіліндегі түрікмен, қарақалпақ сөздерінің көптеп кездесуін былайша түсіндіреді: «Тілдің басқа сөйленістері мен әдеби тілден Маңғыстау қазақтары тілінің лексикалық жүйесін ерекшелейтін басты белгі – оның құрамында өзге тілдерден гөрі түрікмен, қарақалпақ халықтарының ертеден іргелес, қоныстас отырған елдер болуы тәрізді фактормен тығыз байланысты. Қазақтар бұл төңірекке ірге тепкенге дейін және одан кейінгі бірсыпыра уақыт бойы да Маңғыстау аймағының егдір, шәудір, бозашы, бұрынжық, абдал аталатын түрікмен руларының мекен-жайы болғанын былай қойғанның өзінде, осы күнгі Маңғыстау ауданының территориясы революцияға дейін, сондай-ақ революциядан кейінгі біраз жылдарда да Закаспий делінетін облыстың (орталығы – Ашхабад) әкімшілігі құрамына енгені тарихи деректерден аян. Сол секілді қарақалпақ жеріндегі Коджейлі, Қоңырат, Көне Үргеніш тәрізді қалалар мен Маңғыстау тұрғындары арасындағы сауда қарым-қатынасының әріректен басталатындығын ескерсек, онда сөйленістің лексикасына тән кейбір қарақалпақ тілімен ортақ сөздердің болу сырын аңғару да онша қиынға соқпаса керек» [44, 128 б.].

Мысалы, Маңғыстау өңірі қазақтарының тілінде айтылатын «*Қысқы күннің жазсынғанынан сақта, Қарры әйелдің қызсынғанынан сақта*», «*Қары құлан шөп жемей ме, Қары бүркіт жем жемей ме?*» мақалдарының құрамындағы *қарры / қары* (түрікмен тілінде *гарры*) сөзі – түрікмен тілінен енген.

в) Қытайда қоныстанған қазақтардың тілінде қолданылып жүрген бірқатар фразеологизмдер осы өңірде өмір сүретін ұйғыр халқының тілдік әсеріне ұшыраған немесе тікелей **ұйғыр тілінен** алынып, ауызекі тілде қалыптасып, жергілікті халық тіліне әбден сіңісіп кеткен фразеологизмдер болып табылады. Мысалы: *мазлашып қалу* (*мазлішіш* түбірі *маз* – масқара деген сөз) «ыңғайсыз жағдайға тап болу, ұятқа қалу». Бұл тіркес ұйғыр тілінде *мазлішіп қиліш* түрінде қолданылады. *Тіленшілік қылу* «қайыр тілеу». Ұйғырша – *тіләншілік қиліш*. Жалпы тілену, тіленшілік сөзі қазақтың жалпыхалықтық тілінде жат сөздер емес. Алайда әдеби тілімізде *тіленшілік қылу* тіркесі қолданылмайды.

Ұйғыр, қазақ – түбі бір түркі тілдері болғандықтан, мұндағы тілдік ауысулар заңды болып көрінеді. Тіркесу тәсілі жағынан ерекше боп көрінгенмен, ұйғыр тілінің әсерінен қалыптасқан фразеологизмдердің құрамындағы сөздер қазақ тілі үшін төл сөздер болып табылады. Мысалы: *бедел табу* «абыройлы, сыйлы болу», *ауыз бұзу* «жаман сөз айту».

г) Өзбекстан қазақтарының тілінде «*Алғашқы сауда – сауда, кейінгі сауда – гауға*», «*Кәрі қыз ауға шығар, артынан гауға шығар*» деген мәтелдер кездеседі. Осы мәтелдер құрамындағы **ғауға** сөзінің қатысуымен батыс өлкедегі Орал қазақтарының тілінде «*Мәжіліске қарай гауғамыз, Құдығымызға қарай қауғамыз*» мақалы айтылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 177-б.).

Ғауға (Орал, Жымп.) «талас, тартыс, егес, дау-дамай» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 177-б.). Осы мақал-мәтелдер құрамындағы бізге түсініксізі – *ғауға* сөзі. *Ғауға*

сөзі татар тілінде: *гауға* – жанжал, әурешілік (Тат.-русс. сл., М., 1966, 112); өзбек тілінде: *гавго* – айқай-шу, жанжал (Узб.-русс. сл., М., 1959, 639).

Жоғарыда келтірілген деректерді негізге алсақ, сөз төркіні түркі тілдері болады. Ал Орал қазақтарының тіліне бұл сөз татар тілінен еніп отыр.

Аймақтардағы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы кірме сөздерді зерттеу, біріншіден, аймақтардағы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы көпшілікке түсініксіз сөздердің төркінін, мағынасын түсіндіріп беру үшін қажет; екіншіден, кейбір сөздер дыбыстық жағынан қазақ тіліне бейімделіп, бүгінде өз тіліміздің құндылығына айналған. Мұндай сөздердің тек этимологиясын анықтау арқылы ғана кірме элемент екенін анықтауға болады. Оған *жамбыл*, *жамбы* сөздерін мысалға келтіруге болады. Үшіншіден, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің семантикалық мағынасын түсіну үшін де кірме сөздерді ажырата білу шарт және төртіншіден, әрбір аймақтың тілдік ерекшелігін айқындау үшін де кірме сөздердің таралу аймағын анықтауға болады. Кірме сөздерді қабылдау арқылы әрбір аймақтағы қазақтардың тілі басқа аймақтардан ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, қазақ диалектологиясының және әдеби тілдің біраз мәселесін анықтау үшін кірме элементтердің қабаттарын ашып алу керек. Мысалы, орыс, араб, иран, моңғол, т.б. тілдердің әсерлері тарихи жағынан алып қарағанда, тікелей әдеби тілге әсер етпей, халық тілі, сөйленістер арқылы әсер еткен. Бұл мәселені зерттеудің ежелден келе жатқан көне сөздік қорды, тайпа тілдерінің қалдықтарын кейін пайда болған сөздік қабаттардан ажыратып алу үшін зор маңызы бар.

1.5 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздердің шығу төркіні

Түркі тілдеріне ортақ тілдік бірліктердің көнерген сипаты сөз тарихының қызық әрі қиын екендігін, о баста бір ұлтқа тән болған ұғымның атауы ұлттар мәдени өмірінің даму сатысында жіктеліп, бір ұғымның төңірегінен алыстап семантикалық өзгеріске ұшырап отыратынын, яғни қоғам дамуына байланысты сөз мағынасының өзгеруін және олардың алғашқы түп төркінін зерттеу аймақтық фразеологизмдер болмысын айқындауға көмектеседі.

Қазақ тіл білімі саласында фразеологизмдер туралы ғылыми пікірдің бастауы І. Кеңесбаевтың есімімен байланысты. Бұл ретте ғалым фразеологизмдер мен қос сөздердің құрамындағы мағынасы күңгірт тартқан сөздерді зерттеу туралы алғашқы ой салған. Одан кейін 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі», Ә. Қайдардың 1985 жылы шыққан «Структура односложных корней и основ в казахском языке», Р. Сыздықованың 1994 жылы 2-басылған «Сөздер сөйлейді» еңбегі мен 2003 жылы жарық көрген Ә. Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» еңбектерінде негізінен сөздердің этимологияларына талдау жасалып, кейбір фраземалар құрамындағы қолданыстан шыққан сөздердің төркініне салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау жасалып, тұрақты тіркестердің кезінде еркін тіркестерде пайда болған конструкциялар екеніне ғылыми дәйектемелер арқылы көз жеткізеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің стильдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым Ә. Сәрсенбаев олардың құрамында белгілі бір облыстарда ғана айтылатын сөздердің болатынын, яғни әдеби тұрғысынан түсініксіз сөздердің кездесетінін дұрыс көрсетеді. Автор «*Тамырың қаиша тары ек, келер жылы тағзы ек*», «*Білімсіздің күні кәріп*», «*Тыраш, тыраштың үйі аш*» секілді мақал-мәтелдердің құрамында кездесетін *тамыр, кәріп, тыраш* сөздерінің әдеби тіл тұрғысынан түсініксіз сөздер екенін орынды байқаған [103, 75 б.].

Белгілі ғалым Ә. Нұрмағамбетов өз еңбегінде диалектілік фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің мән-мағынасын ашуға терең үңіледі [58].

Қазақ тіліндегі бір де бір сөз, не фраза кездейсоқ, қалай болса, солай жасала салмаған. Бәрінің де жүйесі бар, түпнегізі бар, себеп-салдары бар. Қоғам өміріндегі, халық тарихындағы неше алуан әдеби, мәдени, рухани процестердің ізі көп жерлерде тілден де орын тебеді. Мұның неше алуан дәлелін қайсыбір фразалардан да табамыз. Қазақ тіліндегі бірнеше фразалардың түптөркінін зерттеген ғалым І. Кеңесбаев бұл ойымызды былайша өрбітеді: «Әрқилы әлеуметтік факторларға байланысты туған көптеген фразалардың о бастағы мағынасы әлденеше жүздеген жылдарды артқа тастаған соң, көмескілене бастайды. Тіпті, қайсыбір компоненттері өлі мүше ретінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Бұлар қай кезде, қандай жағдайға байланысты, қалай пайда болған деген мәселелердің басын ашу оңай шаруа емес. Ал осылардың түптөркінін тексеріп, себеп-салдарын анықтаудың тіл тарихы мен мәдениеті үшін маңызы ерекше» [104, 75 б.].

Айта кетуіміз керек, жұмысымыздағы мысалдардың дені тіл төркінін ұзақ жылдар бойы зерттеп, сөз құпиясының сырына үңілген ғалым Ә.Нұрмағамбетовтың деректеріне сүйену арқылы талданды.

Халқымызда ерте кездерде құнның бірқатары ірі қара (әсіресе, жылқы) малымен төленген. Ол ғұрып *ақ құн* деп аталған. Бүгінде бұл тіркес Түрікмен және Маңғыстау қазақтарының тілінде сақталған.

Ақ құн (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Таш., Небид., Красн.) құнның жақсы малмен өтелетін түрі. Мысалы: *Есентемірлер ақ құн төлеп, жаладан зордан құтылды* (Түрікмен., Таш.) (Қаз.тіл.айм.сөзд., 39-б.). *Әкеңнің ақ құны менде болмаса айтшы, кәне?* (Ғ. Сл., Дөң. ас., 118).

Алтай тілінің солтүстік диалектісінде: *ақ мал* – мүйізді қара мал (С. Бас., ДЧТ, 100); хак.: *ах мал* – маңлай алды, тамаша мал. Ә. Нұрмағамбетов бұл тілде «*ах*» сөзі тек малмен ғана тіркеспей, басқа сөздермен қосыла келіп, «тамаша», «көрікті» мағынасын беретіндігін айтады. Мыс: *ах өрге* – тамаша сарай. Ғалым сондай-ақ «*ақ*» сөзінің жағымды мағынасынан пайда болған «*ақтылы қой, алалы жылқы*» тұрақты тіркестерін де еске сала кетеді [58, 7 б.].

Ғалым Ғ. Қалиев қазақ тілінің кейбір говорларында «*ағала*» сөзінің – ең жақсы, алдыңғы мағынасында қолданылатынын баяндаған [105, 151 б.].

Демек, бұл сөз жоғарыдағы тұрақты тіркестің алғашқы сыңарынан-ақ (*ақ+ала > ағала*) туып, мағынасы жағынан олардан алшақ кетпеген.

Алтай, хакас тіл деректеріне назар аударғанда ғана тіліміздегі жергілікті ерекшелік болып отырған «*ақ құн*» тіркесінің қалай қалыптасқанын біле

аламыз: *ак* (ірі) немесе *ах* (маңдай алды) түсінігіне ие. Осыларға парсы тіліндегі «құн» («қан» мағынасында) тіркесе келіп, «ақ құн» пайда болған [58, 76.]. Құнды жақсы ірі қара малмен өтеу ерте кездерден кездеседі, бүгінде сөйленістерде қалып қойғанына қарағанда, бұл ғұрыптың әлі тұрмысымызда қолданыстан шықпағандығын дәлелдейді.

Қазақ тілінің батыс сөйленістерінде «*Ақсақты алсаң тау туар, соқырды алсаң сой қуар*» мақалы бар (Қаз.тіл.айм.сөзд.,603-б.).

Сой сөзі ақын-жазушылар шығармаларында да кездесіп отырады.

Мысалы: *Сұрасаң, арғы түбі аға сойдан,*

Негізі беріш ұлы ағатайдан (Х.Ерғалиев, Құрманғазы, 74).

Сой сөзі әдеби тілде «тұқым, нәсіл, тек, ұрпақ» деген мағынаны береді (ҚТДС, 293).

Басқа түркі тілдерінде *сой* сөзінің мағынасы былайша түсіндіріледі: ноғ.: *сой* – 1. ру, шыққан тегі; 2. тұқым (малдың); 3. сорт, түр; құм.: *сой* – адамның қалпы, түрі, беті; түр.: *сой* – нәсіл, семья, ру; түрікм., әзір.: *сой* – нәсіл, ру [58, 108 б.].

Сонымен қатар, түрік тіліндегі *soyadı* сөзі «тегі (фамилия)» мағынасын береді [106, 657 б.].

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов өз зерттеуінде *сой* сөзінің *негіз* деген көне түркілік мағынасын тірек етеді. Қазақ тіліндегі «сүйегің кім?», «сүйек-шатыс», «ақ сүйек» сөздерінің туыстық, текстестікті білдіретінін тілге тиек ете отырып, дәл осындай тіркестердің қырғыз, хакас тілдерінде бар екенін айтады.

Ғалым пікіріне сүйенер болсақ, осылардың қай-қайсысының да түбірі *сой* сөзі деп ойлаймыз. *-ек* баршаға белгілі, әсіресе адам мүшелерінің атауын тудыруда қолданылатын жұрнақ болып табылады (*біл+ек, бүйір+ек, жүр+ек*). Көрсетілген жұрнақ (*-ек*) жалғанбай тұрып *сой* сөзі түркі тілдерінде дыбыстық өзгеріске ұшыраған. *Сой>сөй>сүй*. Қосымша жалғанғаннан кейін бұл түбір қырғыз тілінде – *сөөк*, қазақ тілінде – *сүйек* болып қалыптасқан.

Берілген мақал шындық негізінде туындаған. Ақсақтық тұқым қуаламайтын ауру екендігін, ал соқырлықтың адамның тұқымына, ұрпағына әсері бар екенін көрсетеді. Тіліміздегі «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» мәтелі осы ойды дәлелдей түседі.

Осы өлке қазақтарының тілінде «*Сүтке суға қоссаң сүмесін болады, Сөзге сөз қоссаң сүйесін болады*» мақалының құрамындағы *сүмесін* сөзіне назар аударалық. *Сүмесін* (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) шалап (Қаз.тіл.айм.сөзд., 620-б.).

Аталған сөзге түсіндірме сөздікте «сүт, ақ; сүме» деп, ал *сүме* сөзіне «сүт өнімі» деген анықтама береді.

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов өз зерттеуінде қазақ тіліндегі *сүмесін* сөзінің «сүт, ақ» мағыналарын беруі соңғы дәуірдің жемісі деп көрсетеді.

М. Қашқари сөздігінде *сума* – ашытқы үшін буландыратын бидай немесе арпа деп түсіндірілген (ДТС, 513). Буландырылған бидай немесе арпадан сөл бөлініп шығатыны өзінен-өзі белгілі. *Сүме* сөзінің «сөл, нәр» мағыналары осы кезге дейін түркі, моңғол, тұңғыс-манжұр тобындағы тілдердің кейбіреулерінде сақталған: моңғолша *шим, сімә*; буряттарда *шэмэ*; манжұр тілінде *симэ*

(ССТМЯ, II, 1977, 394; Э. Пек., ССЯ, II, 1959, 2222); қалмақша *шим, шүүсін* (Рус.-кал. сл., 1964, 667). Якут тілінде де *сүмэсин* тұлғасы «сөл» мағынасында қолданылады. Мұның тұлғасы қазіргі біздің тіліміздегі сүмесінге өте жақын [107, 259 б.].

Аталған деректерді жинақтай айтқанда, қазіргі *сүсүме, сүмесін* сөзінің шыққан төркіні – түркі, моңғол, манжұр тілдері де, ал тұңғыш мағынасы – «сөк, нәр, шырын» болады.

Түрікмен қазақтарының тілінде айтылатын «*Себеппен себет арбаға мінеді*» мақалының құрамындағы *себет* сөзі «талдан тоқылған ыдыс» мағынасын береді (Қаз.тіл.айм.сөзд., 595-б.). Бұл сөз Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандарында *ас үй* мағынасында қолданылады. Мысалы: *Себетте самауыр қайнап тұр* (Шығ. Қаз., Мар.).

Түрікм. – *себет*; қарақ. – *себет*; қыр. – *себет* (К. Юд., КРС, 639); өзб. – *сават*; ұйғ. – *севәт*; сары ұйғ. – *севет* [108, 101 б.].

Л. Будагов және Н. Оңдасынов сөздіктерінде *себет* сөзі парсы тілінен делінген: *сепедь* – корзина, қорап (Л. Буд., Срав..., I, 620); *сәбәд* – кәрзіңке [109, 163 б.].

К. Юдахин бұл сөзді араб тілінен дейді. Араб тілінде: *сабат* – кішкене корзинка немесе *сәфет* – корзинка.

М. Қашқари сөздігінде: *савдыч* – талдан тоқыған ыдыс, себет (М.Қашқ., I, 424).

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов сөз төркіні туралы өз пікірін *себет* сөзінің екінші мағынасын қуаттайтын кейбір тіл деректерін мысалға келтіре отырып дәлелдейді: сарык: *севд* – қалқа (үй ішіндегі қоршау) (Т. Пах., СРС, 278); моңғол тілінде: – бір жерде: *сэвэг* – шарбақ, екінші жерде: *саад* – қалқан, кедергі сияқты мағыналары бар. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктеріндегі «*себеттің*» екінші мағынасы – ауыз үй, ас үйдің осы келтірілген тілдік деректермен (моңғол тіліндегі) байланысты болуы ықтимал дейді [58, 106 б.].

Қай тілдің сөздігінде болмасын «корзина» мағынасындағы *себетті* түсіндіргенде оның талдан не шыбықтан тоқылғандығын ескертеді. Сондай-ақ үй ішіндегі «қоршау, шарбақ» мағынасындағы *себеттің* де тоқу арқылы жасалатындығы айтылады.

Ә. Нұрмағамбетов осы деректерді негізге ала отырып, *себет* сөзі өз атауын оны жасауға себепші болған талдың бір түрінен алуы ықтимал деген ой айтады. Түркі тілдерінде осы аттас тал түрі кездеседі: түрікм.: *сөвүт* – үйеңкі, тал (ива); өзб.: *самбит* – қызыл тал (верба); тофаларда: *сыыт* – ұсақ тал [107, 200 б.]; як.: *үөт* – үйеңкі; хак.: *сөөт* – тал; сарык.: *сінт* – корзина (Т.Пах., СРС, 156). Сарыкөл тіліндегі *сінт* тофа тіліндегі «ұсақ тал» мағынасындағы *сыыт* сөзімен тұлғалас. Ғалым айтылғандарды жинақтай отырып, жергілікті тіл ерекшеліктерінде екі мағынаға ие болып отырған *себет* сөзінің төркіні тал атауымен тығыз байланыста болуы ықтимал және оның пайда болған ортасы – түркі, моңғол тобындағы тілдер деген тұжырым жасайды. Түркі не моңғол тілдерінен араб, парсыларға ауысып, кейінгі дәуірлерде түркі тілдеріне кері ықпал жасау нәтижесінде *себет* сөзі біресе парсы, кейде араб тілінен деп танылған [58, 106 б.].

Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі «*Мал ноғайда, сінсе тоғайда*» мәтелі құрамындағы *сінсе* сөзінің төркініне үңілейік.

Сінсе – сыпырғының бір түрі. Түрікмен қазақтары мен Қызылорданың Арал ауданында *сінсе* – сыпырғы. Қарақ. – *сінси*, Хорезм говорында: *сүпсе* – сыпырғы. Маңғышлақта *сүмсе* – қырман сыпыратын сыпырғы [105, 635 б.].

Өзбекстандағы қазақ сөйленісінің лексикасын зерттеуші Т. Айдаров жергілікті тілдерде сыпырғының бірнеше түрі кездесетіндігін айтады: 1) шай жүгері немесе жүгері сыпырғы – тарам-тарам күлтеленген сыпырғы басты, әр тарамында қызыл тарыдан үлкен дәні бар өсімдік. Мұны қолдан егіп, сыпырғы үшін пайдаланады. Түсі қызғыштау болады. Түрікмен қазақтарында *сінсе* – жүгері. 2) жорап – сыпырғының бір түрі. 3) бүрген сыпырғы – бүргеннен байланған сыпырғы [45, 45 б.].

Фразеологизмдердің құрамындағы көмескі сөздердің төркінін ашуда ұстанатын қағида ретінде академик Ә. Қайдардың тұжырымын көрсетеміз: «Бүгінгі таңда бізге беймәлім мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағыналарының күңгірттенуіне де және сол сөздердің құпиясырын ашып беруге де себепші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы» [55, 295 б.]. Байқап отырғанымыздай, ерте замандарда тілдік қолданыста актив қолданылған сөздердің санқилы соқпақтардан өтсе де, бүгінде белгілі аймақтарда немесе сөйленістерде ғана тар ауқымда қалып кетуі – тіліміздің өміршеңдігінің куәсі.

1.6 Аймақтық мақал-мәтелдердегі түркілік ортақ ойлау жүйесінің көріністері

Түркі халықтары бір-бірінен бөлініп, жеке-дара өмір сүрген халықтар емес, қайта өзара тайпа-тайпа болып, жіті араласып, тығыз қарым-қатынаста бірге жасап келе жатқан, кейде өзара жауласып, кейде одақтасып отырған этникалық топтар. Сондықтан болар, көп жағдайда олардың тарихы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, салт-дәстүрі, діні, тілі ортақ болып келеді.

Шығу тегі бір, бір ұяда өсіп, жан-жаққа тарап кеткен (бүгінде 30-ға жуық) ірілі-ұсақты түркі халықтарының тілі ғана емес, рухани-мәдени болмысы, ғылымдық қасиеттері де ортақ десек, сол ортақтық пен ұқсастықтың қайнар көзі – халық даналығының ұйытқысы – мақал-мәтелдердің көбісі де түркі әлеміне ортақ мұра.

Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Адамзат ойлау жүйесі мен дүниедегі құбылыстар жөніндегі танымдары жалпы алғанда бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп отырады. Екінші сөзбен айтқанда, бір түрлі мазмұнды түрліше тұлғада бейнелейді. Ойлау жүйесі адам баласына ортақ болғандықтан, мақал-мәтелдердің ұқсас болуы заңды құбылыс.

Жалпы әлем халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесі «адамның саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан тілдік түпсаналық (подсознание) қатпарларында алуан түрлі мифтік

дүниетаным қазыналары жасырынып жатқандығында болса керек» [110, 9 б.]. Себебі адам санасының мифтік-танымдық қатпарларындағы архителтер кез келген ұғымның қалыптасуына қатысып, таным процесіне әсер етеді.

Кез келген этностың мәдени өмірі, ондағы ерекшеліктер басқа халықтың тұрмысында нақ сол күйінде қайталанбағанымен, өзіндік ұқсастықтар болатыны заңды [111, 17 б.].

Көптеген зерттеуші ғалымдардың осы уақытқа дейін айтып келгеніндей, түркі халықтарының ықылым заманнан бері жасап келе жатқан сөз өрнегінде ұқсастық басым. Соның ішінде, әсіресе, ортақ мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Паремиолог ғалымдар түркі мақал-мәтелдерінің ұқсастығына әртүрлі жауап береді. Біреулері бұл ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндіреді. Екінші топ – шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде пайда болған десе, үшіншілері – тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы рухани бірліктің нәтижесі деп ұғындырады [112, 8 б.].

Академик Ә. Қайдар түркі халықтарына тән ортақ мақал-мәтелдердің де екі түрлі арна бойынша қалыптасқандығын айтады. Оның бір арнасы түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, дүниетаным, сезім, қабілетіне, өмір сүрген ортасы мен тіршілік-кәсібіне, тілінің жақындығына байланысты қалыптасқан ортақ халық даналығы болса, екінші арнасына ғасырлар бойы жіті араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жататындығын және әрбір түркі тілдес халық түркі әлеміне ортақ даналығын да, өзіне ғана тән даналық ұйытқысы – мақал-мәтелдерді де өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, баршасын болмаса да, көпшілігін бірдей түсініп, өз тілінде сөйлетіп келетіндігін атап өтеді. Сондықтан да қазақ айтқан мақал-мәтелді – қырғыз түсініп, қырғыздың айтқанын – өзбек, өзбектің айтқанын – әзірбайжан, әзірбайжанның айтқанын – хакас т.т. жалғасып, бүкіл түркі әлемінде ортақ мұра болып жүргендері қаншама [26, 98 б.].

Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар, ең алдымен, бұл халықтардың тіл туыстығын, жақындығын, танымдық ортақтықты көрсетсе, екіншіден, мәдениет, салт-дәстүр саласындағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесі болса керек.

Екі халыққа ортақ мақал-мәтелдер тілімізде көптеп кездеседі. Қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдерінің ұқсастық деңгейін салыстыра зерттеген жас ғалым М. Мирза екі халыққа ортақ мақал-мәтелдердің ұқсастығын үш түрлі деңгей арқылы саралайды.

I деңгей – мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрам-құрылымы жағынан толық сәйкес болып келетін абсолютті (толық) ұқсастық.

Мысалы: «Адам адаммен адам» (қаз.)

«Адам адам билән адам» (ұйғ.)

II деңгей – мағынасы өзара сәйкес, бірақ құрам-құрылымында бір не екі-үш сыңары берілген басқа бір мағыналас сөзбен ауыстырылып берілген мақал-мәтелдер:

Мысалы: «Ат айналып қазығын табар,

Су айналып жазығын табар» (қаз.)

*«Ат айлинип оқурини тапиду,
Мусатир айлинип юртини тапиду» (ұйғ.)*

III деңгей – құрылымы толық сәйкес болмаса да, жалпы түрде ұқсастығын сақтаған, бірақ екі тілдің өз логикасы бойынша қалыптасқан құрамы-құрылымы елеулі өзгеріске түскен мақал-мәтелдер:

Мысалы: «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер» (қаз.)

«Алди чақ нәгә маңса, Кейни чақ шу изда маңиду» (ұйғ.)

[113, 28 б.].

Мақал-мәтелдер коммуникативті оралымдар болғандықтан, коммуникация процесінде белсенді түрде қолданылады. Әр халықтың мақал-мәтелдері – сол ұлттың болмысына сай қалыптасқан төл мәдениетінде сақталған негізгі көздері. Мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін білмей, оларды қолданыста дұрыс пайдалану мүмкін емес. Яғни мақал-мәтелдерде ұлттық сипат көрініп тұрады. Олар тілдің ұлттық ерекшелігіне бай.

Мақал-мәтелдердің түркі тіліндегі ортақтығы мен тілдік сәйкестігі белгілі бір заңдылыққа, тарихи дерекке қатысты. Оған түркі тілдес этностардың көне заманнан бері бірге жасап, көрші тұруы, олардың өмір тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауы; тіл төркіндестігі, тектестігі, бір тілде пайда болған мақал-мәтелдерді тіл заңдылығына ыңғайластыра қабылдауы әсер еткен.

Ғалым Б. Дина: «Түркі мақал-мәтелдері бір-біріне ауысқанда, көбінесе сөзбе-сөз ауыспайды, бірақ мағыналық мазмұны жағынан өте ұқсас келеді. Кейде мақал-мәтелдер толық сәйкес келіп жатады. Дегенмен, абсолютті сәйкестік болмайды, себебі тіл заңдылықтарына сәйкес фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктер мақал-мәтелдерде айқын көрінеді» [114, 62 б.], – деп тұжырымдайды.

Яғни қазақтың көптеген байырғы мақал-мәтелдерінің тарихи негізі түркілік қордан келіп шығып, әр халықтың өзінің жеке тарихи дамуы барысында ортақ инвариантынан жекелеген варианттары жасалған.

Белгілі бір бөтен ортада отырған қазақтар тілінде сол халықтың мақал-мәтелдеріне ұқсас немесе ортақ мақал-мәтелдер көп кездеседі, себебі олардың шаруашылық жағдайында, тұрмыс-тіршілігінде ұқсастықтар басым. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ортақтығы әсіресе Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан қазақтарының тілінде ерекше байқалады. Мұның себебі, біріншіден, территориялық жағынан көршілестігі болса, екіншіден, тілдердің туыстығы өз ықпалын тигізіп отыр, үшіншіден, олардың шаруашылық жағдайы, тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсастықтардың басым бағыт алуы.

Мәселен, төмендегі мақал-мәтелдер өзбек, қазақ халықтарына ортақ. Ерекшелігі: сол аймақтағы қазақтар тілінде өзбек тілінің әсері басымдау болып, өзбек сөздерінің ауысып қолданылуында.

Қазақ әдеби тілінде:	Өзбек тілінде:	Өзбекстан қазақтарының тілінде:
«Кетпеннің басын бассаң, Сабы маңдайыңа тиер».	«Кетмоннинг бошини боссанг, сопи бошинга тигади».	«Шапашоттың басын бассаң, Сабы маңдайыңа тиеді».

«Иттиң боғы дәрі болса, Дарияға тышады».	«Ит тезаги эмга дори булса, Даренинг уртасина утиради».	«Иттиң боғы дәрі болса, Дайраға тышады».
«Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды».	«Шамол булмаса, дарахтнинг боши қимирламайды».	«Шамал тұрмаса, дарақтың басы қимылдамайды».
«Тышқан ініне кіре алмаса, Құйрығына қалжуыр байлар».	«Сичқон сиғмас инига, галвир боғлар думиға».	«Тышқан сыймас ініне, ғалбыр байлар дүміне».
«Кілем сатсаң, аулыңа сат, Бір шетінде өзің де отырасың».	«Гилам сотсанг, қушнингга сот – бир чеккасида узинг утирасан».	«Гілем сатсаң, қоңсыңа сат, бір шетінде өзің отырасың».

Тілімізге тым ерте еніп, санамызға сіңіп кеткен мақал-мәтелдерді кезінде хат-қағазға түсірмегендіктен, бұл күнде қай халықта бұрын шыққанын анықтау, ажырату оңай емес. Дегенмен, әр халықтың өзіне тән шаруашылық кәсібін еске алып, қазірде қазақ мақал-мәтелдері ретінде қолданылып жүрген «Не ексең, соны орасың» («Қар ким экканин орар») т.б. мақал-мәтелдерді өзбек тілінен ауысқан деуге болады. Өйткені түркі тілдес халықтар ішінде татар мен өзбек ертерек жер жыртып, егін егіп отырықшыланған және қолөнері, жеңіл өнеркәсібі бұрын шығып, айырбас, сауда жұмысымен бұрынырақ шұғылданғаны мәлім. Сондықтан да диқаншылық, бау-бақша, сауда-саттықпен байланысты мақал-мәтелдердің бірсыпырасы әуел баста солардан таралуы ықтимал.

Тарихтың әр кезеңдегі, әр елдің кәсіби, экономикалық ерекшелігі сол халықтың тілінде, оның ішінде мақал-мәтелдерінде де өз таңбасын қалдырады. Себебі мақал-мәтелдердің едәуір бөлігі бір географиялық шеңберде, тек сол халыққа тән болмыс-тіршілікке байланысты туып қалыптасқан [115, 66 б.].

Бірақ мұндай мақал-мәтелдердің барлығын ауысудың нәтижесі деп қарауға болмайды. Оларды тегі, тілі бір халықтардың өз алдына дербес ұлт болып бөлінбей тұрғанда жасалған ортақ мұрасы деуге болады. Демек, ежелгі, байырғы мақал-мәтелдерге «төсекте басы, төскейде малы қосылған» түбі бір түркі халықтарының бөлінбеген еншісі, ортақ қазынасы, ата мұрасы деп қарау керек.

Сонымен, мақал-мәтелдердің түркі тіліндегі ортақтығы мен тілдік сәйкестігі белгілі бір заңдылыққа, тарихи дерекке қатысты. Оған түркі тілдес этностардың көне заманнан бері бірге жасап, көрші тұруы, олардың өмір тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауы; тіл төркіндестігі, тектестігі, бір тілде пайда болған мақал-мәтелдерді тіл заңдылығына ыңғайластыра қабылдауы әсер еткен.

I тарау бойынша тұжырым:

Халықтың тіл байлығындағы этнос болмысын танытатын бояулы деректері барынша сақталған, дегенмен түрлі экстралингвистикалық факторлар мен тілдік жағдаятқа байланысты бүгінде белгілі бір аймақтың тұрғындарының тілінде ғана сақталған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді арнайы қарастыру зерттеудің өзектілігін танытады.

Өзге тілдік ортадағы қазақ тілінің қалыптасуына сол ортадағы тілдік жағдаят өз әсерін тигізеді. Осыған орай қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің де қалыптасуы мен дамуына сол аймақтың географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторлары мейлінше әсер етеді. Осының негізінде аймақтық тілдік бірліктердің әдеби тілден өзгеше жергілікті ерекшеліктері қалыптасады. Әрбір өлкедегі қазақтар тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер табиғатын тану үшін сол аймақтың географиялық жер жағдайын, аймақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, сол өлкедегі тарихи жағдайларды анықтап алу қажет. Олардың құрамында көне тілдің көрінісі ретінде сақталған байырғы сөздермен қатар, кірме элементтер де кездеседі. Жинақталған материалдарды сараптау нәтижесінде аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамында туыс емес (қытай, моңғол, орыс, араб, парсы) және туыс (өзбек, қарақалпақ, түрік, түрікмен, ұйғыр, т.б.) тілдерден енген лексикалық қабаттардың мол екендігін байқауға болады.

Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздердің түптөркінін тексеріп, себеп-салдарын анықтаудың тіл тарихы мен мәдениеті үшін маңызы ерекше. Себебі ерте замандарда тілдік қолданыста актив қолданылған сөздердің сан-қилы соқпақтардан өтсе де, бүгінде белгілі аймақтарда немесе сөйленістерде ғана тар ауқымда қалып кетуі – тіліміздің өміршендігінің куәсі.

Бөтен тілдік ортада отырған қазақтар тілінде сол халықтардың мақал-мәтелдеріне ұқсас немесе ортақ мақал-мәтелдердің жиі кездесуі олардың өмір тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі дүниетанымы мен пайымдауындағы ортақтыққа байланысты.

2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрылымдық және лексика-семантикалық ерекшеліктері

2.1 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдерін заттық-тақырыптық белгілері бойынша топтастыру

Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Ғалымдардың жинақтаған экспедициялық материалдары ішінде аймақтық мақал-мәтелдер көптеп кездеседі және олар әртүрлі тақырыптарды қамтиды.

Мақал-мәтелдерді іштей жіктеп, топтастырып қолдану – паремиологияның басты мәселелерінің бірі. Қайсы тілде болмасын, күні бүгінге дейін мақал-мәтелдерді үш түрлі ұстаным бойынша топтастырып пайдалану дәстүрге айналған. Оның бірі түрлі жинақтарда мақал-мәтелдерді *бірінші* сөзінің алфавиті бойынша беру. *Екіншісі* мақал-мәтелдерді заттық-тақырыптық белгілеріне қарай топтастыру. Бұл паремиология тәжірибесінде ең көп тараған топтастыруға жатады. *Үшіншісі* мақал-мәтелдерді логика-семантикалық тұрғыдан топтастыру ұстанымы болып саналады. Бұл тәсіл түркітану саласында енді-енді зерттеле бастаған топтастырудың жаңа ұстанымы болып есептеледі.

Академик Ә. Қайдар бұл ұстанымдарға жеке-жеке тоқталып, олардың тиімді де кемістік жақтарын жүйелеп қарастырады [26, 129 б.].

Әр тілдегі мақал-мәтелдердің баршасы антропоэзектік ұстаным бойынша қалыптасып, қалай жасалып айтылса да, адам баласының өзіне, яғни әрбір халықтың өкіліне бағытталып, соның бойындағы не жақсы, не жаман қасиеттерін сипаттауға арналады. Мақал-мәтелдерге негіз болып саналатын заттар да, құбылыстар да, өсімдік пен жан-жануарлар да өзінің бастапқы тақырыптық мағынасынан ауыс мағынасына өтуіне халықтың ой-санасына тән логикалық пайым, уәжділік (мотив, себеп) сәйкестігі болуы шарт.

Мақал-мәтелдерді сараптар алдында «біз барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда көре аламыз. Оларды біз шартты түрде «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деп атауды ұсынамыз», – деген академик Ә. Қайдардың [68, 134 б.] ұстанымына сай зерттеуде аймақтық мақал-мәтелдер үш топқа бөлініп қарастырылады.

«Адам», «Қоғам», «Табиғат» – бүкіл әлем дүниесінің қазығы. Соның ішінде «Адам» бөлімі ең алғашқы қатарда тұрады. Себебі адам – басты тұлға. Дербес, жеке индивид. Кез келген нәрсенің бәрі осы адамнан бастау алып, кез келгені адамға тіреледі. Тіршілік иесі де – адам. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ал табиғатты адамсыз елестету де мүмкін емес. Сондықтан бұл бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты.

«Адам» саласы бойынша:

Бұл бөлімді талдау барысында адамға қатысты аймақтық мақал-мәтелдердің қалыптасуына жергілікті халықтың кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, болмысы өзіндік ықпалын тигізгенін байқадық. Мәселен, күнделікті кәсібі, тұрмысы жылқы малымен тығыз байланысты Моңғолия қазақтарының тіліндегі

мақал-мәтелдер құрамында жылқыны ерекше дәріптеу және адам бойындағы жақсы қасиеттерді соған телу байқалады.

Ертеден отырықшы болған өзбек халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті Өзбекстан қазақтары тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдерде көрініс береді. Әсіресе, бұл үлкеннің алдын кесіп өтпейтін ізеттілігімен үлгі болар ұлттың өзіндік болмысын осы мақал-мәтелдер арқылы дәл тауып көрсетеді.

Қытай қазақтарының тілінен сол аймақта ғана сөйлейтін халыққа таныс, халықтың өткенінен елес беретін, санқилы тарихи оқиғаларға тікелей қатысы болған, жекелеген тұлғаларға байланысты жасалған мақал-мәтелдерді көптеп кездестіруге болады.

1) Адамға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Адам күні адаммен, пісте дәмі бадаммен» (Өзб. қаз.), «Адам адамға мейман, жан кеудеге мейман» (Өзб. қаз.), «Адам ағалы болсын, тон жағалы болсын» (МХР), «Адамның бәрі дана емес, аттың бәрі жорға емес» (МХР).

2) Халыққа, елге қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ел не боса, сенәм со(л)» (Өзб. қаз.), «Ел ұрыссыз болмас, тоғай – бөрісіз» (Өзб. қаз.), «Ел аузына елек қойып болмайды» (Қарақ. қаз.), «Елге берсең асыңды, ерлер сыйлар басыңды, итке берсең асыңды, иттер мүжір басыңды» (Өзб. қаз.), «Елге келсең еліңше, суға кірсең беліңше» (ҚХР).

3) Әке-шеше, бала тақырыбына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Атаң қартайса – құл, анаң қартайса – күн» (Өзб. қаз.), «Әкесі баласына кейку үйретеді» (Өзб. қаз.), «Аязды аспанның жиегі қызыл, жырғаулы әйелдің беті қызыл» (МХР), «Екі қатынды құдайым алдырмасын, Қамқадан құдайым көңіл қалдырмасын» (ҚХР), «Еңкейе білмеген ер жігіттен, еңбексүйгіш ана артық» (МХР), «Бала – әзіз, әдебі одан әзіз» (Өзб. қаз.), «Ер адамның бір міні – жайлауына кетсе жағасы, әйелдердің бір міні – орынсыз айтқан табасы» (ҚХР), «Ерлі-қатын ұрысы, дәке орамал құрысы» (Өзб. қаз.), «Пәлегі әтші, түйнегі тәтті» (Шымк.); «Анасы мақтаған қызды алма, ел мақтаған қыздан құр қалма» (Өзб. қаз.), «Ер малсыз болмас, жігіт жарсыз» (Өзб. қаз.).

4) Туған, туысқа қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Жаман туыстан, жақсы қоңсы артық» (Өзб. қаз.), «Қайынға да барарсың, пұшық күйеу атанарсың» (ҚХР), «Құда базына айтады, құдағай назын айтады», «Туыс-жекжат – топас байлық, жылқы – жұттық байлық» (МХР), «Жиеннен ел болмайды, желкеден ас болмайды» (Ауғ., Иран), «Қадір білмес туысқаннан, қадірлейтін жат артық» (Өзб. қаз.).

5) Жақсы мен жаманға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Жақсы адам асын жер, жаман адам басын жер» (Өзб. қаз.), «Жақсының белгісі қолынан тартады, жаманның белгісі аяғынан тартады» (ҚХР), «Жаманға ісің түспесін, қалыңға құсың түспесін» (Өзб. қаз.), «Жарамастың жақсысы болғанша, жақсының сағаты бол» (Қош.), «Жақсы жігіт ел деп тұрады, алыс-жақынды тең деп тұрады» (ҚХР), «Қасқалдаққа бір ағары май бітсе, қарқылдасып ұшқан көлін танымас» (Қарақ. қаз.).

6) Ерлік, батырлық тақырыбына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Баймен айтысу қиын, батырмен алысу қиын» (МХР), «Ер болсаң бопсаға шыда» (Өзб. қаз.), «Ер жігіт жақсылыққа жарылмас, жаманшылыққа налымас»

(МХР), «Ер намысшыл болар, еңбекшіл табысшыл болар» (ҚХР), «Ердің ерін көргенде тақымында күлерсің» (ҚХР), «Ер жігіттің ішіне ерлі-жүгенді ат сияр» (МХР), «Батыр – аңқау, ер – көдек», «Батырға таяқ та жарак, ұратұғын кісіге ине де жарак» (Өзб. қаз.).

7) Ас-тамақ тақырыбына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Астың дәмі тұзбенен, адамдікі сөзбенен» (Өзб. қаз.), «Ас жақсысы – қазанжаппай, сөз жақсысы – ләппай» (Қарақ. қаз.), «Асты қуыс ішер, я туыс ішер» (Өзб. қаз.), «Гөш жоқ жерде көже де ас» (Қарақ. қаз.), «Ет асса, күртiк қалмайды» (Қарақ. қаз.).

8) Ауылдас пен көршіге қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ауылдастың ары бір, көршілестің көңілі бір» (МХР), «Гілем сатсаң, қоңсыңа сат, бір шетіне өзің отырарсың» (Өзб. қаз.), «Отты кәулеген өшірер, қоңсыны кәулеген көшірер» (Өзб. қаз.).

9) Қонаққа қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Мейман алдында мышығынды піш деме» (Өзб. қаз.), «Мейманға ас қой, екі қолын бос қой» (Өзб. қаз.).

10) Дос пен дұшпанға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Өзелден дұшпан дос болмас» (Түрікм. қаз.), «Достың үшін зәер жұт» (Өзб. қаз.), «Дұшпан не демейді, ит не жемейді» (ҚХР), «Дұшпан сырыңды ұрлайды, дос қатаңды турылайды» (Өзб. қаз.), «Дұшпанның күлгені – сырыңды білгені» (Өзб. қаз.), «Жаман жолдас жау болар, жолың тосып, ғау болар» (Өзб. қаз.), «Жолдасың жаман болса, алыс жүр де үн қатпа, қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа» (ҚХР), «Табы бірдің ары бір, шын достың жаны бір» (Қарақ. қаз.), «Ішек-қарын гөш болмас, дұшпан сірә дос болмас» (Өзб. қаз.).

11) Ақылды мен ақымаққа қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ақымақ пен шешен айтыса алмас, түйе мен ешкі сүзісе алмас» (МХР), «Ақымақ бас аяққа жау» (МХР), «Ақымақтың досы, ақылдының дұшпаны көп» (ҚХР), «Жердің жүзін мақпал алса да, аңқауға тақиялық та жетпейді» (Өзб. қаз.), «Есектің құлағына алтын тықсаң да құлағын сілкеді, тезек тықсаң да құлағын сілкеді» (МХР), «Қорқақтың көзі кәтте, ақымақтың сөзі кәтте» (Өзб. қаз.).

12) Адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерге қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Жалқаудың қолы жабықтағы етке де жетпес» (МХР), «Арадағы бозбайтал андағыны мұнда айтар, мұндағыны онда айтар» (Қарақ. қаз.), «Арамдыққа қызыққан ордасынан айрылар» (ҚХР), «Әуелі асқан жаман, асқаннан сасқан жаман, бәрінен де мойнына қоржын салып қашқан жаман» (ҚХР), «Әр азғынға бір зауал» (Қарақ. қаз.), «Батыр тапса, барша жер, бақыл тапса, басып жер» (Өзб. қаз.), «Бақылдың бағы көгермес» (Өзб. қаз.), «Бақыл жоқ болсаң бере алмас, бар болсаң көре алмайды» (Өзб. қаз.), «Дәңгәсәнің ісі бітпес, жаз болсаям қысы бітпес» (Өзб. қаз.), «Дәс тимеске дәс тиіп, табақ-табақ ас тиіп» (Өзб. қаз.), «Кері кеткен еріншек, кеусен сұрауға ерінеді» (Өзб. қаз.), «Қарау адам – күншіл, мекер адам – міншіл» (Қарақ. қаз.), «Тентекке жел берме, екі қолына бел берме» (Қарақ. қаз.).

13) Жастық пен кәрілікке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Жастың жалдысы өледі, қарының бәрі өледі» (Түрікм. қаз.), «Жастың құрметі

– қарыз, кәрінің құрметі – парыз» (Өзб. қаз.), «Жастығыңда әдет қылсаң, кәрігенше көнігерсің, кәрігенде әдет қылсаң, көніккенше көмілерсің» (Өзб. қаз.), «Егдеге – ізет, жасқа – жол, осы күнгі ұран сол» (Өзб. қаз.), «Кәрі білгенді пері білмейді» (Өзб. қаз.), «Күлсең ғаррыға күл» (Қарақ. қаз.).

14) Ата-тек, руға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ақ сұңқар қанатымен шашып жейді, жапалақ бауырына басып жейді, атаның ұлы аштан өлсе де асатпай жемейді, жетесі жаман жеген асына кел демейді» (ҚХР), «Ақсақты алсаң сау туар, соқырды алсаң сой туар» (Түрікм. қаз.), «Баймағамбеттен бақа туған, Сары ишаннан қақа туған» (Түрікм. қаз.), «Барқы біле ме, сөздің нарқы біле ме» (ҚХР), «Жәдік, Жәнтекей кісі өлтірсе, Қарақас, Молқы құн төлейді» (ҚХР), «Жетең жаман болмаса, жете жарлы болмассың» (Өзб. қаз.), «Тоқабай Сарыны сәнге сабайды» (ҚХР), «Шотай көп пе, Қытай көп пе» (ҚХР).

15) Тарихи тұлғаларға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ажы гүң ақырады, төрт би шақырады» (ҚХР), «Дару-Дарубай, Дарубайдың айбыны жолбарыс пен аюдай» (ҚХР), «Өспекке бармаған ауру арманда, Тойымбайға бармаған дау арманда» (ҚХР), «Сиянқұлдың бар малы сүйіншіге таусылды» (ҚХР), «Текебай дауға бермейді, Бұлғынаяқ жұтқа бермейді, Мұсырбай ауруға бермейді, Қарағай жауға бермейді» (ҚХР), «Текеге дойбы білмеймін деген намыс, Игілікке домбыра білмеймін деген намыс» (ҚХР).

16) Кедей мен жетімге, ауру адамға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Алуаны әркім жер, таяқты жетім жер» (Қарақ. қаз.), «Жарлының кеуілі құрт көксейді, көжесінің қатығы жоқ» (Қарақ. қаз.), «Жетімшілікті көп көрген, үш шақырымдай а демес, ашаршылықты көп көрген, өзі тоймай мә демес» (Ауғ., Иран), «Кембағал болсаң, көшіп көр» (Өзб. қаз.), «Керекті тас ауыр болмас, кембағал жан тәуір болмас» (Өзб. қаз.).

«Қоғам» саласы бойынша:

Бөлімге қатысты мақал-мәтелдерді сараптау барысында сол өлкедегі халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысуға мол мүмкіндік алдық.

Қай өлке болмасын негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығымен байланысты екендігі аймақтық мақал-мәтелдер арқылы көрініс береді. Өзбек халқының тұрмысында күнделікті күнкөріс үшін мінетін есек сол өлке қазақтарының да тұрмысының құралына айналған.

Егін шаруашылығымен айналысатын Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде егін шаруашылығына байланысты аймақтық мақал-мәтелдерді байқауымызға болады.

Сауда-саттық, ақшамен байланысты мақал-мәтелдер де осы аймақ қазақтарының тілінде байқалады.

1) Өнер-білімге қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Өнер, өнерден өнер» (Өзб. қаз.), «Оқу – жапалы, ақыры – опалы» (Өзб. қаз.), «Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз» (Өзб. қаз.).

2) Басшылық пен әкімшілікке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Дәстүр жолы дөңес келер, билік жолы белес келер» (МХР), «Еміл бастан бұзылады, сағасынан тұнады» (ҚХР), «Қортық қойды бұзар, шөрттік елді бұзар» (Түрікм. қаз.); «Төреге ерген ерін арқалайды» (ҚХР).

3) Құрал-сайман, қару-жаракқа қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Атың ауыздықты болса, арманда өлмейсің, жаракты болсаң, жаудан жеңілмейсің» (Қарақ. қаз.), «Балта көтергенше жал табу» (МХР), «Балшықтан жасалған күбі суға түссе сау шықпайды» (ҚХР), «Құманның бәсін ыбырық құртты» (Өзб. қаз.), «Садақ сұғындырғылы келер, ағаш бұтақты келер» (МХР), «Себеппен себет арбаға мінеді» (Түрікм. қаз.), «Сынса сарттың гөзесі, төгілсе сарттың бозасы» (Қарақ. қаз.), «Шөлмек мың күнде сынбай, бір күнде сынады» (Өзб. қаз.).

4) Шаруашалық, кәсіп түрлеріне қатысты аймақтық мақал-мәтелдер:

а) Егін шаруашылығына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Алым болсаң, тәкрәр қыл, диқан болсаң, сүдігер қыл» (Өзб. қаз.), «Әкең мұрап болғанмен, жерің ой болсын» (Өзб. қаз.), «Әсет – егініңді жасат» (Өзб. қаз.), «Ерте еккен пүтін алар, кеш қалған отын алар» (Өзб. қаз.), «Кетпеннің дертін қол, ләззәтін тіл тартар» (ҚХР), «Көңілді кеңге сал, қырыманды дөңге сал» (Өзб. қаз.), «Су келтірер мәрт кісі, егін егер әр кісі» (Өзб. қаз.), «Төгілсе маңлай терің, өнімді болар жерің» (Өзб. қаз.), «Жылай-жылай жап қазсаң, күле-күле су ішерсің» (Өзб. қаз.), «Шотты пештеген білер, жерді істеген білер» (Өзб. қаз.).

ә) Балық шаруашылығына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Балық аулаған тынбайды, тынса еш нәрсе болмайды» (Арал), «Балық байлығы басылғанша, егін байлығы ашылғанша» (Арал), «Балықта бата жоқ, итте ата жоқ» (Арал), «Балықтың жаны су, балық аяғы – жел» (Арал), «Балықтың құйрығы жылмағай, оны аулаған адам тынбағай» (Арал), «Балықшы дауылда тынады, егінші жауында тынады» (Арал), «Балықшы күнде арманда, егінші жылда арманда» (Арал), «Балықшының үйіне барғанда, қарма жерсің, егіншінің үйіне барғанда, жарма жерсің» (Қост., Жанг.; Қарақ. қаз.; Гур., Маңғ.; Қ.орда), «Балықшының үйіндегісі май ішеді, түздегісі қан ішеді» (Арал), «Қазадағы балық – қазандағы балық» (Қ.орда);

б) Аңшылық кәсіпке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Бүркітің түлкі алса – бүркіт, түлкі алмаса – лау мінген шүршіт» (ҚХР), «Көксінің арқары көп, мергеннің тартары көп» (ҚХР), «Қайың ит түлкі алмас, жүгіргенмен еңбегі жанбас» (Түрікм. қаз.), «Қоянға шақтап садағыңды тарт, бұзауға шақтап желінді тарт» (МХР).

в) Саудагершілікке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Сауда күсет пе, олжа күсет пе» (Қош.), «Несие бергеннің арты харап, қалады дәптерге карап» (ҚХР), «Несиеден өнгені – диірменнен шыққаны» (Өзб. қаз.), «Қаладан шықсаң шық, қаланың бәсінен (бағасынан) шықпа» (Ауғ. қаз.).

9) Ақшаға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Ақшаң жоқ болса, жамбылға барма» (ҚХР), «Бір тиыннан бие болмас, екі тиыннан түйе болмас» (Қарақ. қаз.), «Пұл тапқанша, есеп тап» (Өзб. қаз.), «Пұлсыз базарға барғанша, мазарға бар» (Қарақ. қаз.), «Пұлы күйген – гәлімдәрі шайнайды» (Өзб. қаз.), «Теңгеден теңге, тебеннен ниязы табылады» (Қош.).

10) Заман, қоғам тақырыбына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Дәстүр жолы дөңес келер, билік жолы белес келер» (МХР), «Заманың қыран болса, алдырмайтын сыған бол, заманың сыған болса, алып жейтін қыран бол»

(ҚХР), «Қырманы бірдің шамалы бір, заманы бірдің әмелі бір» (Қарақ. қаз.), «Өткен күнінді ұмытпа, көп шарығынды құрғатпа» (ҚХР).

11) Еңбекке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Алтын отта, адам мейнетте білінеді» (Өзб. қаз.), «Жүрген дайра, отырған бойра» (Өзб. қаз.), «Кезген ит сүйекке кез болар» (МХР), «Қиын іс жоқ жаһанда, ықылас қойған адамға» (ҚХР), «Қымырлаған – қыр асар, қалған іске қар жауар» (Өзб. қаз.), «Мейнет, мейнет түбі ырақат» (Өзб. қаз.), «Мейнеттен дос артар, ғибадаттан дұшпан» (Өзб. қаз.), «Мейнет қанша қиын болса, табысы сонша шірін болар» (Өзб. қаз.), «Мейнет қысаң жасарсың, кәттә-кәттә асарсың» (Өзб. қаз.), «Мейнетпен келсе байлық, тұрмысың да шұрайлы» (Өзб. қаз.), «Мейнетсіз табылған астан, мейнетпен табылған тас жақсы» (Өзб. қаз.), «Тұз салсаң ерігенше, жұмыс істесең біткенше» (МХР), «Түстік өмірің бо(л)са, сәскелік әрекет қыл» (Өзб. қаз.), «Іс біткесін мәсләәтші көбейер» (Өзб. қаз.).

12) Тіл өнеріне қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Адам тіліне аспандағы бұлт айналар» (ҚХР), «Айттар сөзді айт, айтпас сөзден қайт» (Өзб. қаз.), «Алажағым кетсе де, айтажағым кетпесін» (Қарақ. қаз.), «Аталы сөз – ақылға көз» (Өзб. қаз.), «Аттан айырылса ұстауға болар, сөзден айырылса ұстауға болмас» (МХР), «Ауызға келгенді сөйлеу – наданның ісі, алдына келгенді жеу – айуанның ісі» (Өзб. қаз.), «Аузы күйген қатықты үрлеп ішер» (Өзб. қаз.), «Балық үндес, бақа тілдес болу» (МХР), «Бұралқы сөз айтпаққа жақсы» (Өзб. қаз.), «Білмеймін деу мың сөзге тиек» (МХР), «Гәп көп, көмір аз» (Өзб. қаз.), «Көп қыдырған кезбе, көп сөйлеген езбе болады» (Өзб. қаз.), «Көп көздегенмен мерген болмас, көп сөйлегенмен шешен болмас» (Өзб. қаз.), «Сөз қайшы келсе, ұрысқа айналар, бұлт қайшы келсе, жаңбырға айналар» (МХР), «Сөзді сөзге қосса, демесін болады, сүтті суға қосса, сүмесін болады» (Өзб. қаз.), «Сөзден сөздің парқы бар, отыз екі нарқы бар» (Өзб. қаз.), «Сөйлеушіде айып жоқ, тыңдаушы ғибрат алсын» (ҚХР), «Туры сөздің тоқпағы бар» (Өзб. қаз.), «Шын сөз айтқан адамға адам өштенгіш келеді, сиыр мінген адамға ит өршеленгіш келеді» (МХР).

«Табиғат» саласы бойынша:

Қытай қазақтарының тілінде халықтың географиялық орналасу жағдайына байланысты жасалған жергілікті ерекшелікке ие мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Жер қадірін білген Өзбекстан қазақтарының тіліндегі өсімдіктер дүниесін қамтитын жеміс-жидекке қатысты аймақтық мақал-мәтелдер осы өңір халқының тұрмыс-тіршілігінен ақпар береді.

1) Жер-суға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Дарияға тамшы да сеп» (МХР), «Емегейті – жер жақсысы, Қанас – көл жақсысы, Үш ата – ел жақсысы» (ҚХР), «Жабдықтың күні жарқырап, Сайрамның күні сарқырап» (ҚХР), «Жеменай жер түбі» (ҚХР), «Қара көл – Қарасауырмен тең» (ҚХР), «Құлыстайдың құты да ебі, жұты да ебі» (ҚХР), «Қара даланың кәріқызынан, Шәуешектің кәрі қызы көп» (ҚХР), «Сауырға барып өлген қойда арман жоқ, қажыға барып өлген жігітте арман жоқ» (ҚХР), «Сауырға барсаң Ұшқара кезігер, Қабаға барсаң үш құм кезігер» (ҚХР), «Түңке қуанда озады, үш бұлақ жауында озады» (ҚХР), «Шәуешек суының балық көзі майы бар» (ҚХР).

2) Өсімдік дүниесіне қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Дарақ бір жерде тұрып көгерер» (Өзб. қаз.), «Кәуап күлімен, шыбар гүлімен» (ҚХР), «Мәуесі бардың әуесі бар» (Өзб. қаз.), «Өсімдік ағашының имек келуі – жемісті болуының белгісі, басбілгі атанның жуас болуы – жүйрік болуының белгісі» (МХР), «Пәлегі түйнегінен аспас» (Өзб. қаз.), «Кәртоп қуырдаққа жақсы, сарымсақ бунаққа жақсы» (ҚХР), «Қауын жесең – сээр же, сээр жемесең – зээр же» (Өзб. қаз.), «Қауын қауынды көріп рең алады» (Өзб. қаз.), «Шөп жаманы – қоға, құс жаманы – шажа» (Өзб. қаз.), «Ішің ауырмаса дарбыз жеуден қорықпа» (ҚХР).

3) Жыл мезгілдеріне қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Көктем мейнетпен көркем» (Өзб. қаз.), «Қысқы күннің жазсынғанынан сақта, қарры әйелдің қызсынғанынан сақта» (Түрікм. қаз; Гур., Маңғ.), «Қыстың аптабы дұшпанның күлкісіндей-ақ» (ҚХР).

4) Табиғат құбылыстарына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Айдың он бесі қараңғы, он бесі жарық» (Өзб. қаз.), «Жаңбыр алды шаң, итқұс алды – күзғын» (МХР), «Оттың ісі – қуырмақ, желдің ісі – суырмақ» (Өзб. қаз.).

5) Жан-жануарлар дүниесіне қатысты аймақтық мақал-мәтелдер:

1. Үй хайуандарына қатысты аймақтық мақал-мәтелдер.

а) Сиыр малына қатысты: «Бір сиырдың мүйізі тітіренсе, мың сиырдың мүйізі тітіренеді» (МХР), «Болдырған сиыр әртүрлі боқ тышады» (ҚХР), «Жуас тананы падашы мінеді, жуас адамды әркім сөзге іледі» (Өзб. қаз; Жам.: Св., Жам., Тал.; Шымк.: Сайр.; Қ.орда: Сырд., Жал.), «Құдай жүгіртпегенді, бұзау жүгіртіпті» (Қарақ. қаз.), «Мал алдында бұқа айдынды, сый табақта жал айдынды» (МХР), «Өгіздің жаманы самиян қайыар» (Қарақ. қаз.; Өзб. қаз.), «Өгізді оқалақ аздырар, естіні ой аздырар» (Өзб. қаз.; Шымк.: Сайр.; Қ.орда, Сырд.; Жамб.: Луг., Мойын.), «Өгіздің мүйізіне ұрсаң, тұяғы сырқырайды» (Өзб. қаз.), «Өлер өгіз балтадан таймайды» (ҚХР), «Тышқақ тана паданы былғайды» (Өзб. қаз.).

ә) Түйеге қатысты: «Түйе жаманы – көрт, шөп жаманы – керт» (Түрікм. қаз.), «Түйе жауырға, адам бауырға шыдамайды» (Өзб. қаз.).

б) Жылқы малына қатысты: «Алаша тұқымын танытпас, жүк тасып көште жарытпас» (Түрікм. қаз.), «Жылқының жауы – бөгелек, жыланның жауы – дегелек» (Өзб. қаз.), «Жылқына қарай ысқыр, көрпеңе қарай көсіл» (МХР), «Жігіттің жаманы қолбада жүреді, аттың жаманы дорбада жүреді» (Өзб. қаз.), «Жүйрік атқа алласы не, салласы не» (Қарақ. қаз.), «Мың биенің борышынан бір құлақтың тынышы артық» (МХР), «Мінсең тай көлік болмаған, ішсең шай ауқат болмаған» (Өзб. қаз.).

в) Есекке қатысты: «Есек өлем десе, арыт жағы қобыз тартыпты» (ҚХР), «Ешекке мүйіз бітсе, егесін сүзер, түйеге қанат бітсе, тамыңды бұзар» (Өзб. қаз.), «Ешектің ақырына ат байласа тәсілі ұрар» (Өзб. қаз.), «Есек қодығымен, шенгел собығымен» (Өзб. қаз.).

г) Қой мен ешкі малына қатысты: «Базар көрген ешкіден қорық» (Өзб. қаз.), «Қойды қорадан сат, астықты ұрадан сат» (Қарақ. қаз.), «Қысыраған ешкіден, лақтаған шыбыш артық» (Қарақ. қаз.), «Мал ноғайда, сіпсе тоғайда»

(Қарақ. қаз.), «Үйдің сәні сандық болар, қораның сәні жандық болар» (Қарақ. қаз.);

2. Жабайы хайуандарға қатысты жасалған аймақтық мақал-мәтелдер: «Алжыған аю далаға түседі» (ҚХР), «Бақа қарғығанмен аяғының астына түсер» (МХР), «Бұланнан үлкен аң болмас, Бұланайдан үлкен тау болмас» (ҚХР), «Ит аулақ болса, доңыз төбеге шығады» (Өзб. қаз.), «Ит құйрығын, құйрық сабалағын» (МХР), «Қаппайтын ит болмас, теппейтін ат» (Өзб. қаз.), «Жыланның жаман көрген оты, інінің аузында көгереді» (Ауғ., Иран), «Сенген тауда киік жатпапты» (ҚХР), «Сұпы сұмнан шығады, ешкемер батпан құмнан шығады» (Қарақ. қаз.).

б) Құстарға қатысты аймақтық мақал-мәтелдер: «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» (Түрікм. қаз.), «Мың қарғаға бір кестек» (Қарақ. қаз.), «Оба тұрғызбаса сауысқан қонар ма еді?» (МХР), «Тауық құсқа ұшу жоқ, там үйлерге көшу жоқ» (Өзб. қаз.).

2.2 Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің құрылымдық сипаты

Мақал-мәтелдердің құрылымдық өзгерісі, құрамдық бөлшектерінің көбеюі, әдетте олардың мағыналық ауқымының кеңеюіне, логикалық ойдың толығып, дамуына байланысты. Керісінше, мақал-мәтелдердің құрамдық өзгерістері олардың қалыптасып қалған дәстүрлі мағынасына нұқсан келтірмейді.

Мақал-мәтелдердің құрамдық-құрылымдық күрделенуіне олардың таған санының, яғни бір тағанның екі таған болып, екі тағанның үш-төрт, тіпті көп таған болып, көбейіп, ұлғаюын жатқызуға болады.

Академик Ә. Қайдар өз еңбегінде тіліміздегі «өз серігінен айырылған» (яғни бір тағанды) мақал-мәтелдермен қатар «өз серігін іздеп тапқан» (яғни қос тағанды, не көп тағанды) мақал-мәтелдердің көптеп кездесетіндігін, бұлардың (яғни «өз серігінен айырылған мақал-мәтелдердің») кейбіреулері «өз серігімен» тосыннан табысып жатса, енді біреулері көршілес туыс тілдердің мақал-мәтелдері құрамынан кездестіруге болатынын айтады [26, 71 б.].

Осы процесті өзге аймақтарда тұратын қазақтар тіліндегі мақал-мәтелдер құрамынан кездестірдік.

Атақты фольклортанушы Өтебай Тұрманжановтың жинағында [116] берілген бір тағанды мына мақал-мәтелдер:

«Батырға таяқ та жарак», «Адам күні адаммен», «Құры аяққа бата жүрмейді» мәтелдері Өзбекстан қазақтарының тілінде *«Батырға таяқ та жарак, Ұратұғын кісіге ине де жарак»*, «Адам күні адаммен, пісте дәмі бадаммен» түрінде, ал осы соңғы мақал Қытай қазақтарының тілінде *«Адам күні адаммен, Дос көтерер көңілді»* түрінде айтылады, «Сопы сұмнан шығады» мақалы Қарақалпақстан, Түрікменстан қазақтарының тілінде *«Сұпы сұмнан шығады, ешкемер батпан құмнан шығады»*, «Ағаның үйі – ақ жайлау» мәтелі Түрікменстан қазақтарының тілінде *«Ағаның үйі – ақ мешит, інінің үйі – індігеш»*, «Құры аяққа бата жүрмейді» мәтелі Қостанай қазақтарының тілінде *«Желінсау қой қосаққа кірмейді, Құры аяққа бата жүрмейді»*, «Әпкеме жездем

сай» мәтелі Қытай қазақтарының тілінде «Әпкеме жездем сай, Сасыған етке борсыған май» түрінде айтылады.

Сонымен қатар, керісінше аймақтық мақал-мәтелдер құрамындағы таған «серігін» (Ә. Қайдар) әдеби тілдегі мақал-мәтелдерден кездестіруге болады. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының тіліндегі «Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас» мақалы тілімізде «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас», сондай-ақ, Таулы Қошағаш және Моңғол қазақтарының тіліндегі «Жүрген аяққа жөргем ілінер» мақалы әдеби тілде «Жүрген аяққа жөргем ілінер, Жатқанға жан жоламас» болып қос таған түрінде айтылады.

Аймақтарда айтылатын мақал-мәтелдердің құрылымындағы тағы бір ерекшелігі – әдеби тілдегі мақал-мәтелдер тағанының өзгертіліп айтылуы. Мысалы, әдеби тілдегі «Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр», «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді» мақалдары Қытай қазақтарының тілінде «**Әкімің соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр**», «**Қына тасқа бітеді, мал басқа бітеді**» түрінде айтылады. Бұл өлке қазақтарының тілінде мақал құрамындағы *жолдас* сөзінің орнына *әкім*, *білім* сөзінің орнына *мал* сөзі қолданылады.

Мақал-мәтелдердің тұлғалық-құрамдық дамуының бір көрінісіне олардың ықшамдалу, нақтылану процесіндегі құрамдық бөлшектерінің қысқарып, қолданысқа ыңғайлануы жатады.

Бірақ бір тағанды мақал-мәтелдердің бәрі бірдей ықшамдалу, қысқару нәтижесінде пайда болған аталы сөздер деп қарауға болмайды, әрине. Дегенмен, олардың ішінде ұзақ даму барысында о бастағы номинативті құрамының еленіп-екшеліп, артық-кем жерлері реттеліп, мұрты басылып, құйрық-жалы күзеліп, тіл қолданысқа ыңғайланған түрлері де аз емес. Оның бір белгісі – етістік, үстеу, есім, т.б. компоненттерін түсіріп айту [26, 74 б.].

Мысалы: «*Көңіл ойға тоймайды, құлақ сөзге*» (Өзб. қаз.), «*Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, нәпсіңді*» (Өзб. қаз.), «*Қапнайтын ит болмас, теппейтін ат*» (Өзб. қаз.), «*Алтын отта, адам мейнетте білінеді*» (Өзб. қаз.), «*Ақымақтың досы, ақылдының дұшпаны көп*» (Қытай қаз.), «*Гөрдің қолына, гереңнің астына түспе*» (Қарақ. қаз.).

Берілген мақалдарда *тоймайды, тый, болмас, білінеді, көп, түспе* сөздерін екі рет қайталамау нәтижесінде бір тағанды мақалдар жасалған.

Паремиология теориясымен шұғылданған адамдар үшін өте қызық мәселенің бірі – мақал-мәтелдер құрамындағы өзара сәйкес, мағыналас сыңарлардың сарапталу, іріктелу, талғану, қалыптасу заңдылығын анықтау болса керек.

Бұл құбылыс әрбір тілдің өзіндік (дыбыстық, морфологиялық, лексика-семантикалық, поэтикалық, т.б.) даму заңдылықтарын ғана емес, сонымен қатар салт-дәстүр, тіршілік-тірлік, дүниетанымдық ерекшеліктерін де айқындауға мүмкіндік береді.

Өртүрлі аймақтағы қазақтар тіліндегі мақал-мәтелдердің түрліше айтылуы сол өмір сүрген ортаның тұрмыс-тіршілігін, өзіндік ерекшелігін нақтылай түседі. Мәселен, төмендегі мысалдардың мағыналары жуық, бірдей, өзгешелік тек әр аймақта әртүрлі айтылуында ғана болып тұр.

Қытай қазақтарының тілінде: «*Кәуап – күлімен, шыбар – гүлімен*».
Әдеби тілде: «Тең – теңімен, тезек – қабымен».

Өзбекстан қазақтарының тілінде: «*Ерлі-қатын ұрысы, дәке орамал кепкенше*».

Әдеби тілде: «Жақсы кісінің ашуы, Торғын орамал кепкенше».

Моңғолия қазақтарының тілінде: «*Адам аласы ішінде, Жыланның аласы сыртында*».

Әдеби тілде: «Адам аласы ішінде, Мал аласы сыртында».

Арал өңірі тұрғындарының тілінде: «*Ауыңа не түссе, сүзегіңе соны құрарсың*».

Әдеби тілде: «Не ексең, соны орасың».

Өзбекстан қазақтарының тілінде: «*Жыланнан қорыққан ала арқан аттамас*».

Әдеби тілде: «Аузы күйген үріп ішер».

Түрікмен қазақтарының тілінде: «*Әзелден дұспан дос болмас*».

Әдеби тілде: «Ежелгі жау ел болмас».

Ғалым Б. Дина мұндай құрылымдық ерекшеліктерге «*Жылай-жылай арық қазсаң, күле-күле су ішерсің*» // «*Жылай-жылай жап қазсаң, күле-күле су ішерсің*», «Әр кісіде бір қиял» // «*Әр кәлләда бір қиял*» мысалдарын келтіреді. Бұл мақал-мәтелдердегі *арық* сөзіне вариант болып тұрған *жап* сөзі егіншілікпен айналысатын Оңтүстік Қазақстанның тілінде кездесе, *кәллә* сөзі Шымкент, Өзбекстан қазақтарының тілінде кең қолданылады [28, 80 б.].

Аймақтардың өзіндік сипатына қарай аймақтық мақал-мәтелдердің қалыптасуын бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады.

1. Әдеби тілде бар мақал-мәтелдердің дыбыстық, грамматикалық, лексикалық өзгерістерге ұшырап қалыптасуы.

а) Әдеби тілде бар кейбір мақал-мәтелдер түрлі аймақтарда дыбыстық өзгерістерге ұшырап қолданылады. Мысалы, «*Құда базына айтады, құдағай назына айтады*» (Орал, Чап.). Мақал құрамындағы *құдағай* сөзінің әдеби тілдегі варианты – құдағи. *Құдағай* сөзі қазақ тілінің оңтүстік-батыс сөйленістерінде кеңінен қолданыс тапқан.

Еділ бойы қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым А.Тасымов қазақ тілінің басқа сөйленістері мен әдеби тілден тек дыбыстық жағынан өзгешеленіп айтылатын осы тәрізді сөздердің тек батыс өңірде ғана ұшырасуы кездейсоқ болмаса керек, ол ноғай тілінің әсерінен екендігін айтады. Ғалым Еділ бойы қазақтары, сондай-ақ Қазақстанның батыс өңіріндегі тұрғындар тілінде әдеби тілдегі *абырой* сөзінің *абырай*, *құдағи* сөзінің *құдағай*, *бекіту* сөзінің *беркету* болып қолданылуын соған дәлел ретінде береді. Өйткені бұл сөздер ноғай тілінде *абрай*, *құдағай*, *беркету* болып айтылады [46, 96 б.].

Әдеби тілдегі «Ас иесімен тәтті» мәтелі Өзбекстан қазақтарының тілінде және Оңтүстік сөйленістерінде «*Ас егесімен тәтті*» түрінде айтылады. Мәтел құрамындағы *ие* сөзінің *еге* болып айтылуы оңтүстік сөйленістеріне тән құбылыс. Мысалы: *Бұл үйдің егесі – мен, кімнің қандай шаруасы бар?* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 208-б.).

Қазақ тілінің оңтүстік сөйленістер тобын зерттеген ғалым О. Нақысбеков өз зерттеуінде оңтүстік тұрғындар тілінде сөз ортасында не соңында тіл арты *қ, ғ*, тіл ортасы *к, г* дауыссыздары сақталып айтылатын ерекшелігін айтады. Мысалы: *еге – ие, егер – ер, бігіз – біз, суғару – суару* т.б. [8, 15 б.].

Әдеби тілдегі «Іс біткесін маслихатшы көбейер» мәтелінің құрамындағы *маслихат* сөзі Өзбекстан қазақтарының тілінде *мәсләәт* түрінде айтылады. «*Іс біткесін мәсләәтші көбейер*» мәтелі сол өңір тұрғындары тілінде актив қолданыс тапқан. *Мәсләәт* сөзі араб-парсы тілінен енген. Ташкент сөйленістерінде араб-парсы тілі арқылы енген сөздердің ортасында келетін *һ* дыбысының түсуінен созылыңқы дауыссыздар пайда болған. Мысалы: *шәәр – шаһар, мәсләәт (маслаһат) – мәслихат, сәәр (сахар) – сәресі* т.б. [8, 29 б.].

Сорымен қатар Өзбекстан қазақтарының тіліндегі «*Алтын отта, адам мейнетте білінеді*» мақалының құрамындағы *бейнет* сөзінің *мейнет* болып айтылуы, яғни *б/м* алмасуы оңтүстік өңірдің Шу сөйленісіне тән құбылыс. Ғалым О. Нақысбеков мұндай әдеби тілден ауытқушылық қырғыз тілінің ықпалынан, әсерінен туындап отырған құбылыстар деп тұжырым жасайды. Себебі *бейнет* сөзі қырғыз тілінде *мейнет // мээнет* түрінде мұрын жолды *м* дыбының қолданылуымен айтылады [8, 34 б.].

Мұндай дыбыстық алмасуларды Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер құрамынан да кездестіруге болады. Мысалы: «*Қырманы бірдің шамалы бір, заманы бірдің әмелі бір*». Мақалдың құрамында бірнеше дыбыстық ерекшеліктер бар: *с~ш* алмасуы – *самал / шамал, а~ә* алмасуы, *а~е* алмасуы – *амал / әмел*.

Қарақалпақ қазақтарының тілін зерттеген ғалым Н. Жүнісов сол өңір тұрғындарының тілінде әдеби тілдегі жуан *а* дауыстының орнына кей сөздерде жіңішке *ә* дауыстысының айтылу құбылысы араб-парсы тілінен енген сөздерде кездесетіндігін айтады. Мысалы: *амал – әмел*. Н. Жүнісов академик І. Кеңесбаев, Н.В. Юшманов және Е.Д. Поливановтардың пікіріне сүйене отырып, «ә» фонемасы қазақ тіліне басқа күншығыс тілінен ауысқан болуы керек деп тұжырым жасайды [48, 48 б.].

Қарақалпақ қазақтарының тілінде айтылатын «*Күлсең заррыға күл*» мәтелінің құрамындағы *зарры* сөзі әдеби тілде *қары (кәрі)* түрінде айтылады. Сөйленісте *қ/ғ* алмасуы, яғни қатаң дауыссыздың орнына ұяң дауыссызы қолданылады. Н. Жүнісов мұндай құбылыстың басқа аймақтарда кездеспейтіндігін және бұл құбылыс қарақалпақ тілінің әсері болуы керек дейді [48, 70 б.].

Әдеби тілдегі «*Бас қатты ма, тас қатты ма?*» мәтелі Ауған, Иран қазақтарының тілінде «*Бас кәтті ме, тас кәтті ме?*» түрінде жіңішке айтылады. Ауған, Иран қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым Б. Өтебеков сөздердің жіңішкеріп айтылуы бұл өңірмен қоса, оңтүстік

сөйленістерде (Шу, Шымкент, Ташкент, Тәжік), Қарақалпақ, Түрікмен және Қостанай қазақтарының тілінде де кездесетіндігін айтады. Ғалым еңбегінде Иран қазақтары тіліндегі сөздердің жіңішкеріп айтылу құбылысы жағынан қазақ тілінің оңтүстік сөйленістер тобына жақын екендігі дәлелденеді [15, 12 б.].

Мұндай дыбыстық өзгерістерді төмендегі салыстырудан да көруге болады:

Әдеби тілде:	Аймақтарда:
<i>Аңдамай</i> сөйлеген, Ауырмай өледі	<i>Аңламай</i> сөйлеген, Ауырмай өледі
<i>Ащы</i> мен <i>тұщыны</i> татқан білер	<i>Ашты</i> мен <i>тұштыны</i> татқан білер
Шаруашылық түбі – <i>кеніш</i> , Саудагершілік түбі – <i>борыш</i>	<i>Шаруашылық</i> түбі – <i>кеңіс</i> , <i>Саудагершілік</i> түбі – <i>борыш</i>

ә) Әдеби тілде бар мақал-мәтелдердің аймақтарда грамматикалық ерекшеліктерге ұшырауы аздап болса да кездеседі. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының тілінде «**Шығасы** малға егесі басшы» мақалы бар. Ғалым Қ. Қалыбаева осындағы есімше формалы *-атын* жұрнағының мағынасын беріп тұрған *-асы* тұлғасы көне құбылыс болуы мүмкін дейді [28, 86 б.].

«*Кең киім тозбайд, кеңесті ауыл азбайт*» (Жамб.: Мер., Қорд., Шу). Оңтүстік сөйленістер тілінде ауыспалы келер шақтың соңына жалғанатын *-ды* қосымшасы ықшамдалып, *т*, *д*-мен айтылады. Бұл ерекшелікті осы өңірде айтылатын тағы бір мақалмен дәлелдей түссек: «*Төре төрелік қы(л)са төбе болат, төрелік қыла а(л)маса төбе болат*». О. Нақысбеков аталған құбылыстың облыстың өңірдің бәрін түгел қамтымай, Шымкент, Жамбыл облыстарының көрші қырғыз халқымен шектес, аралас тұратын жерлерінде жиірек кездесетіндігін айтады [8, 61 б.].

«*Байлаулы ит үреген, байлаулы өгіз сүзеген*» (Гур., Маңғ.). Тіліміздегі етістіктен етістік тудыратын *-ғыш*, *-қыш*, *-гіш*, *-кіш* жұрнақтарының орнына *-аған*, *-еген* жұрнақтарын қолдану бүгінде Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының тілінде сақталып қалған құбылыс. Сондай-ақ осы өңір мен Қарақалпақ қазақтарының тілінде *-жақ*, *-шақ*, *-шек* жұрнақтарының актив қолданыс табуын мына мақалдардан көруімізге болады. «*Алажағым болса да бережағым болмасын*» (Гур., Маңғ.), «*Алажағым кетсе де, айтажағым кетпесін*» (Қарақ. қаз.).

Әдеби тілде кең қолданыс тапқан «*Жиен ел болмайды, желке ас болмайды*» мәтелі Ауған, Иран қазақтарының тілінде «*Жиеннен ел болмайды, желкеден ас болмайды*» түрінде айтылады. Ғалым Б. Өтебеков өз зерттеуінде Ауған, Иран қазақтарының тілінде басқа септікте тұрған сөздер атау септігі қызметінде қолданылатын ерекшелігін осы мақал арқылы көрсетеді [15, 41].

б) Әдеби тілдегі мақал-мәтелдердің аймақтарда лексикалық ерекшеліктерге ұшырап айтылуына бірнеше мысалдар келтіруімізге болады. Әдетте тіліміздегі мақал-мәтелдердің құрамын өзгертуге келе бермейді. Соған қарамастан кейде әдеби тілдегі мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер белгілі аймақтарда жергілікті сөздермен ауысып келеді. Мысалы:

Әдеби тілде:	Өзбекстан қазақтарының тілінде:
<i>Ағаш</i> бір жерде тұрып көгереді	<i>Дарақ</i> бір жайда тұрып көгереді
Қорыққан бұрын <i>жұдырықтар</i>	Қорыққан алдын <i>мұш</i> көтерер
Жаман туыстан жақсы <i>көрші</i> артық	Жаман туыстан жақсы <i>қоңсы</i> артық
<i>Кедей</i> болсаң көшіп көр	<i>Кембағал</i> болсаң, көшіп көр

Берілген мақал-мәтелдерде *ағаш* сөзінің орнына *дарақ*, *жер* сөзінің орнына *жай*, *жұдырық* сөзінің орнына *мұш*, *көрші* сөзінің орнына *қоңсы*, *көрші* сөзінің орнына *кембағал* сөздері ауысып қолданылған, оның нәтижесінде мақал-мәтелдердің мағынасына ешқандай нұқсан келіп тұрған жоқ.

Әдеби тілдегі «Соқырдың қолына, кереннің астына түспе» мәтелі Қарақалпақ қазақтарының тілінде «*Гөрдің қолына, гереңнің астына түспе*» түрінде, «Отты қозғаған өшірер, көршіні қозғаған көшірер» мақалы Қарақалпақ, Түрікмен және оңтүстік өңір қазақтарының тілінде «*Отты құзаған өшірер, қоңсыны құзаған көшірер*» түрінде, ал Өзбекстан қазақтарының тілінде бұл мақал «*Отты кәулеген өшірер, қоңсыны кәулеген көшірер*» түрінде қалыптасса, Қытай қазақтарының тілінде «*Көршіні түрткілеген көшірер, отты түрткілеген өшірер*» түрінде айтылады.

Байқап тұрғанымыздай, берілген мақал-мәтелдердің барлығы тілімізде кеңінен қолданылып жүрген мақал-мәтелдер. Тек ерекшелігі – олардың құрамындағы кей сөздердің жергілікті сөздермен ауысып қолданылуында. Осы ерекшелік мақал-мәтелдерге аймақтық сипат беріп тұр.

Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтар тіліндегі көптеген мақал-мәтелдер әдеби тілдің баюына өз үлесін қосып, бүгінде сол күйінде әдеби тілде қолданылады. Мысалы:

«*Ауыз – дарбаза, сөз – самал,
Құдай ұрғанға не амал*». (Өзб. қаз.)

«*Етікті нәл сақтайды,
Жігітті әл сақтайды*». (Түрікм. қаз.)

«*Ұят – иманның қабы*». (Ауғ., Иран)

«*Қайда барса да қазанның құлағы төртеу*». (ҚХР)

2. Әдеби тілде жоқ мақал-мәтелдердің түрлі жағдайларға байланысты қалыптасуы.

Өзге аймақтарда қолданылатын кейбір мақал-мәтелдер әдеби тілде кездеспейді. Белгілі аймақтардағы мақал-мәтелдер тілдік құбылыс ретінде сол аймақ тіліндегі барлық ерекшеліктерді қамтиды. Мысалы, Моңғолия қазақтарының тілінде *дәрігер*, *жұлдызшы* сөздерімен мақал-мәтелдер жасалған. Мысалы: «*Дәрігерді қанша білгір десең де, өзіне септігі жоқ, Пышақты қанша өткір десең де, сабына септігі жоқ*», «*Дәрігердің ескісі тәуір, Жұлдызшының*

жаңасы тәуір», «Молла көбейсе, қой арам өледі, **Жұлдызшы** көбейсе, жол табар», «Сақа **дәрігер** жаныңа сауға болар, **Жұлдызшының** жаңасы жарна болар».

Сонымен қатар Оңтүстік сөйленістерде және Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтарының тілінде үй сөзінің орнына **там**, көрші сөзінің орнына **қоңсы**, ақшаның орнына **пұл**, сөздің орнына **гәп**, қала орнына **кент** сөздері жиі қолданылады. Аталған аймақтарда осы сөздерге байланысты бірнеше мақал-мәтелдер жасалған. Мысалы: «Тауық құсқа ұшу жоқ, **Там** үйлерге көшу жоқ» (Қарақ. қаз.), «**Там** тырнағынан тозады» (Қарақ. қаз.), «**Қоңсы** қоңсыдан тәлім алар, Ғалым ғалымнан ілім алар» (Өзб. қаз.), «Гілем сатсаң, **қоңсыңа** сат, бір шетіне өзің отырасың» (Өзб. қаз.), «**Пұл** тапқанша есеп тап» (Өзб. қаз.), «**Пұлсыз** базарға барғанша, мазарға бар» (Қарақ. қаз.), «**Пұлы** күйген гәлімдәрі шайнайды» (Өзб. қаз.), «**Гәп** көп, көмір аз» (Өзб. қаз.), «**Гәп** десең қап-қап, Іс десең Самарқаннан тап» (Өзб. қаз.).

Келесі аймақтық мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер сол аймақ халқына ғана түсінікті. Мысалы: «Аулымыз **атауда**, аяқ-қолымыз **матауда**» (Қарақ. қаз.), «Асауға – тұсау, тебегенге – күйде, тарпаңға – **бүкпе**» (ҚХР), «Қыз малсыз болса да, **алапасыз** болмас» (Қарақ. қаз.), «Ерден ер **буазиды**» (Рес., Орын.) мақал-мәтелдерінің құрамындағы **атау** – арал, **бүкпе** – тарпаң биені сауғанда алдыңғы аяғын бүгіп, тізесіне кигізетін жіп құрсау, **алапа** – кәде, **буазу** – білім алу мағыналарын береді.

Мұндай сөздер қазақ сөйленістеріндегі мақал-мәтелдер құрамында да кездеседі. Мысалы, «Ауруда **алғау** жаман, Адамда жалқау жаман» (Алм., Іле), «Ағайынды қоқыр таз, **атқұлақтың** түбін қаз» (Алм., Жам.), «**Жебедей** жерге тықпа» (Гур., Маңғ.), «Бие қысыр болса, **күлмәнін** айғыр ашады» (Қост., Торғ.), «Сексен келсең **семесің**» (Гур., Маңғ.), «Әкең жонған **ұшқат оқ**, Адал бақан қолға тоқ» (Жамб.: Луг., Шу) мақал-мәтелдерінің құрамындағы **алғау** – шаншу, **атқұлақ** – томарбояу, **жебе** – аң ұстау үшін апанға құрған істік аспап, **күлмәнін ашу** – сырын ашу, әшкерелеу, **сему** – сөну, **ұшқат оқ** – тауда өсетін кісі бойындай, сырты бозғыл, оты қуатты ағаш мағыналарында қолданылады.

Төменде берілетін мақал-мәтелдер Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтардың тілінде ғана қолданылады:

а) Әдеби тілде кездеспейтін Қытай қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: «Ағаш қазанның асы бір-ақ рет қайнайды», «Адам тіліне аспандағы бұлт айнар», «Ақшаң жоқ болса, жамбылға барма», «Арамдыққа қызыққан ордасынан айырылады», «Айдауылдың алдына түспе, Тосқауылдың торына түспе», «Айтқан ақыл дарымас алақұйын адамға, Дамыл таппас, дағдармас жығылғанша аранға» т.б.

ә) Әдеби тілде кездеспейтін Моңғолия қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: «Аузы дүрдисе де, бауыры дүрдимес», «Ашыққанда кәрі бұғының мүйізі де жұмсақ, Тойғанда қозының еті де қатты», «Аязды аспанның жиегі қызыл, Жырғаулы әйелдің беті қызыл», «Аяқ астың егесі күнбе-күн оралар, Ат көліктің егесі жылма-жыл оралар» т.б.

б) Әдеби тілде кездеспейтін Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: «Жас берген Құдай қан береді, Тіс берген Құдай ас береді», «Қаладан

шықсаң шық, Қаланың бәсінен шықпа», «Жетімшілікті көп көрген, үш шақырымдай а демес, Ашаршылықты көп көрген, өзі тоймай ма демес» т.б.

в) Әдеби тілде кездеспейтін Өзбекстан қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: *«Атаңның тәзірін жемейін десең, Адамның тәкірін же», «Келінді келгенде көр, себін жайғанда көр», «Бос қап тік тұрмас», «Борышы жоқтың бұрды жоқ» т.б.*

в) Әдеби тілде кездеспейтін Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: *«Алуаны әркім жер, Таяқты жетім жер», «Ас жақсысы – қазанжаппай, Сөз жақсысы – ләппай», «Қыз малсыз болса да, алапасыз болмас» т.б.*

в) Әдеби тілде кездеспейтін Түрікменстан қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: *«Деңгеліме келмес жау, келсе егер қалмас сау», «Адалға тауық, арамға мышығы жоқ», «Себеппен себет арбаға мінеді», «Танымасаң, талайыңа қара» т.б.*

г) Әдеби тілде кездеспейтін Ресей қазақтарының тіліндегі мақал-мәтелдер: *«Жарамастың жақсысы болғаниа, Жақсының сағаты бол», «Ерден ер буазиды», «Білгенге дыр, Білмегенге жыр», «Ер батса, ат қипаң болады, Қамшы батса, сипаң болады» т.б.*

Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтар тіліндегі мұндай мақалдар сол өлкенің өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасады. Аймақтық мақал-мәтелдер қалай жасалса да, қандай ортада қалыптасса да халқымыздың аса бай мұрасы боп қала бермек.

Аймақтық фразеологизмдердің табиғатын түсіну үшін оның лексикалық құрылымына, яғни құрамындағы сөздерге көңіл бөлуіміз керек. Диалектологиялық еңбектерде келтірілген сөйленістер тіліндегі тұрақты тіркестердің жасалу жолдары, оның түрлері әдеби тілдегімен бірдей болып келеді. Сөйленістердегі тұрақты сөз тіркестерінің әдеби тілден айырмасы, ерекшелігі олардың құрамындағы сөздерге байланысты.

Қолда жиналған материалдарды сұрыптай келе біз олардың құрылымындағы екі түрлі жайтқа көңіл аудардық:

1. Жалпыхалықтық лексикадан құралған аймақтық фразеологизмдер.

2. Жалпыхалықтық лексика мен аймақтық лексикадан құралған аймақтық фразеологизмдер.

1. Аймақтық фразеологизмдер құрамындағы сөздер әдеби тілде толық кездеседі, бірақ олар әдеби тілдегі фразеологизмдерге құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да ұқсамайды. Мұндай фразеологизмдердің көбі сол тұрғылықты халықтың жергілікті әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктеріне сай жасалған секілді.

Азабы сіңу «еңбегі сіңу» (Рес., Саратов). Мысалы: Қажымұқан азабы сіңген адам ғой (Қаз.тіл.айм.сөзд., 22-б.).

Алақанында отыр «бәрін біліп отыр» (МХР). Мысалы: Жұмыс жөніндегі жәйттер алақанында отыр (Қаз.тіл.айм.сөзд., 49-б.).

Аяғына міну «өре тұру» (Гур., Маңғ.). Мысалы: Таң атар-атпастан ауыл шетіне, «ой, бауырымдап» шауып кірген суыт жүргіншінің айқайынан жұрт бірден аяқтарына мініп, тікесінен тік тұрды (Ә. Кекіл., Үркер, 160).

Бала құшақтау «егіннің бастануы, дән салуы, толыға бастауы» (Алм., Жам.). Мысалы: *Колхоз жүгерісі бала құшақтады* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 122-б.).

Қолының үстімен «тілмен, сөзбен» (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары). Мысалы: *Өздері тек қолының үстімен басқаруды біледі* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 420-б.).

Топырағы ұшу «абыройлы болу, атағы шығу, жұртқа белгілі болу» (Маңғ., Шевч.). Мысалы: *Қашаған өз уақытында топырағы ұшқан ақын болыпты* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 671-б.).

Тістеген жерде тісі қалу «өштесу, кек алу» (ҚХР). Мысалы: *Ол тістеген жерде тісі қалатын жан* (Ғ. Қан., Бұрқ., 178).

Осы келтірілген тұрақты тіркестер құрамындағы сөздерді жекелей алғанда жалпыхалықтық лексикада бар сөздер. Алайда олардың бірігіп келіп беретін образды мағынасы әдеби тілде жоқ. Мұндай тіркестердің тұрақтылығы тек белгілі бір аймақта қолданылуына байланысты. Сондықтан да олардың тұрақты тіркес ретінде қолданысы жалпыхалықтық сипат алмаған.

Аймақтардағы қазақтар тілінде *ай* сөзімен жасалған фразеологизмдер кездеседі. Мысалы: *айға бата қылу* «босқа күнін өткізу» (ҚХР), *ай көрген күн* «әр айдың бір жаңасы» (МХР), *ай құлақтану* «еліру, асқақтау, қоқилану» (ҚХР) т.б.

Ат сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *ат боғын суытпай* «тез арада, жедел» (МХР), *ат құлағы көрінбейтін боран* «қар жауып, қатты жел соғып, түк көрінбейтін боран» (МХР, Сем.: Ақс., Көкп., Аяғ.), *ат құлағынан ақсамайды* «ештеңе етпейді» (ҚХР), *атты майламай беру* «атты тегін беру» (Шығ. Қаз., Болш.), *ат үстінен көрген гүл* «сырттай шолу, үстірт істеу, азғындау» (ҚХР).

Бит сөзі қатысқан фразеологизмдер Моңғолия және Қытай қазақтары тілінде көптеп кездеседі. Мысалы: *битке өкпелеп тон шеште* «орынсыз нәрсеге өкпелеме» (МХР), *битке пышақ суыру* «болмашыға ашу шақыру» (МХР, ҚХР), *биттің ішіне қан құю* «өте қу, жылпос» (МХР), *битін сығып, қанын жалау* «өте сараң, шық бермес шығайбай» (МХР).

Сөйленістерде *ит*, *күшік* сөздерінің қатысымен де біршама фразеологизмдер жасалған. Мысалы: *ит басты, сиыр аяқты* «жексұрын, сұмпайы адам» (ҚХР), *ит жеріген жаужұмырдай* «жеккөрінішті, сүйкімсіз, құнсыз, қадірі жоқ» (ҚХР), *иттің жүніне тұрған қылаудай* «болмашы, мардымсыз, кішкене ғана» (ҚХР), *иттің қара тұмсығындай көру* «иттің етінен жек көру, өлердей жек көру» (Гур., Маңғ.; Қарак.), *иттің ұлы байтоған* «кім көрінген, әркім» (МХР), *күшігін аузымен тасығандай* «мейірбан, мінезі жұмсақ, елжірегінш, ақ көңіл» (ҚХР), *күшік жылмаңға басу* «қулық-сулық істеу, мәймөңкелеу, жуып-шаю» (ҚХР).

Қазан сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *қазан дауыл* «қатты жел, дауыл» (Рес., Қалм.), *қазан қара* «қыстай жиналған мал қиын көктемде үстіне су құйып, көлікпен бастырып құйып алған тезек» (Рес., Орын.), *қазаны қаңсу* «ішіп-жемнен жұтып отыру, азық-түліктен тарығу» (ҚХР), *қазанына қаспақ біткен* «байыған, дүние біткен, мал біткен» (ҚХР).

От сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *от алып қопаға түсу* «ашулану» (МХР), *отбасын сабау* «ұрысу, жанжалдасу» (МХР). Осы **от** сөзімен қазақ сөйленістерінде де бірнеше тіркестер қалыптасқан, мысалы: **отқа итермеу** «жерге тастамау» (Жамб., Шу), **оты өрге жанбады** «бақыты ашылмады, жолы болмады» (Алм., Жам.).

Су сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *суы қайту* «темір аспаптардың жүзі жапырылып, жасып қалуы» (ҚХР), *суы құру* «мысы құру» (Тау., Қош.), *су ішерлігі бар адам* «ажалы жетпеген» (ҚХР).

Қазақ сөйленістерінде **су** сөзімен қалыптасқан фразеологизмдер: *су жағасы* «жақын» (Павл., Ерт.), *су кәмек* «қауынның дәмі енбеген, піспеген кезі» (Қ.орда: Сыр., Тер., Жал.), *су қосқан адам* «өтірікші адам» (Гур.: Маңғ., Шев.), *сулы сөл* «лай, батпақ, жауын-шашынды күн» (Сем.: Көкп., Ақс.), *сулы суаң* «ас-су, тамақ» (Сем.: Көкп., Ақс.), *суы басқа* «жат, танымайтын, бөтен (адам)» (Гур.: Маңғ.; Шығ. Қаз.: Зайс., Марк.), *суы бөлек* «ауылы, елі басқа, бөлек» (Ақт., Ырғ.; Қ.орда, Арал).

Аймақтық фразеологизмдер құрамында **жан** сөзімен жасалған тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы: *жаны кенелу* «рақаттану, рақатқа бату» (ҚХР), *жаны құру* «зәресі ұшу, қорқу» (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.), *жаны қыдыру* «жаны шығу» (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.), *жанындай жарату* «өте жақсы көру, қатты ұнату» (ҚХР), *жанын жағу* «ыза қылу, күйдіру» (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары), *жанын жалдады* «бар күшін салды, белгілі іске басын байлады» (ҚХР), *жанын қолына ұстау* «қауіп-қатерге, басын бәйгеге тігу, өлімге тәуекел ету» (ҚХР). Сондай-ақ **жан** сөзімен қалыптасқан Қазақстанның бірнеше сөйленістерінде тұрақты тіркестер бар, мысалы: *жанын қору* «жанын сақтау, абайлау» (Сем.: Ұрж., Мақ.), *жан терезесі шыдамау* «шыдамау, тағат таппау» (Гур., Бақс.), *жан терезе таппау* «жан кірерге жер таппау» (Гур., Бақс.).

Аймақтық фразеологизмдердің енді бірқатары адамның дене мүшелерінің атауларымен қатысты жасалған. Соматикалық фразеологизмдер жалпыхалықтық тілдегі оралымдардың ең көп кездесетін түрі екендігі белгілі. Сондықтан мұндай фразеологизмдер сөйленістерде де жиі кездеседі.

Алақан сөзінің қатысуымен жасалған біршама аймақтық фразеологизмдер кездеседі: *алақанға тұру* 1. «бағыну, мойынсыну» (Сем.: Ақс., Көкп.), 2. «айтқанына көну, сөзге құлақ салу» (МХР), *алақанында отыр* «бәрін біліп отыр» (МХР), *алақанын кең салу* «арқасын кеңге салу» (Гур., Маңғ.).

Ауыз сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *аузы асқа, ауы атқа толу* «тұрмысы, күн көрісі оңалу» (ҚХР), *аузы қиынды кісі* «білгіш, шешен кісі» (Гур., Маңғ.), *аузына маржан салу* «үн-түнсіз отыру» (ҚХР), *аузын бұзу* «тілдеу, балағаттау, боқауыз сөз айту» (ҚХР), *аузында шылауы бар* «қолында билігі бар» (Қост., Об.), *аузы салп ету* «құр қалу» (Шығ. Қаз., Күрш.).

Аяқ сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *аяғына қан түсіру* «қастық істеу, қапыда жер қаптыру» (ҚХР), *аяғына отырғызбау* «жақын болмау, көңіл қоспау, маңына жолатпады, шетіне жуытпады, теңдік бермеді» (ҚХР), *аяқ үстінде жүру* «жол-жөнекей» (Қарақ. қаз.).

Бас сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *басынан сот айналу* «сотталу» (Тау., Қош.), *басын ара шағып алған жоқ* «ақыл-есі дұрыс» (ҚХР), *басына тарақан кіру* «мас болу» (Рес., Саратов.), *басын бұлғау* «абыройын төгу» (МХР), *басын оңға қарату* «қолын жеткізу, тілегін орындау» (ҚХР), *басының дымы кеппеу* «жас, көргені аз» (ҚХР), *басын шығара салу* «басын қатыру, миын ашыту» (Қарақ. қаз.), *басын үйлеу* «жерлеу, көму» (Шығ.Қаз., Зайс.).

Бет сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *бет бозару* «шайға сүттің аз қосылғаны» (МХР), *беттің арын белбеуге тую* «ұялмау, арланбау, арын сату» (МХР), *бетімен жер басу* «қатты ұялу» (ҚХР), *бетінің мөрі кеппеген* «өңін бермеген, сұлу қалпында тұрған» (ҚХР), *беті пісу* «беті күйе, ұялу, қызару» (Рес., Саратов.).

Жүрек сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *жүрегі жұқа* «ақ көңіл, көңілшек» (Түрікм. қаз.), *жүрегін көтеру* «көкірек көтеру, менменсу» (Тау., Қош.), *жүрегі қозғалып қалу* «қорқып қалу, үрейі ұшу» (ҚХР), *жүрек тапсыру* «қылмысын мойындау, кінәсін мойнына алу, тәубеге келу, адал ниетін білдіру» (ҚХР), *жүрек тоғыстыру* «тілектес болу, бір ниетте болу» (ҚХР).

Көз сөзінің қатысуымен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *көзге басылу* «ерекше көз тарту, ерекше әдемі көріну» (МХР), *көз салу* «сенім арту» (МХР), *көзі биттей* «азып-тозу» (ҚХР), *көзінің көлеңкесін қиғаш түсіру* «менсінбеу, көзге ілмеу, адамсынбау» (ҚХР), *көзі шелею* «көкірек көтеру, кеудесі өсу, көкиіп қалу» (ҚХР). Қазақстанның Жамбыл өңірі тұрғындарының тілінде *көз құны қалу* тіркесі «өш алғысы келу, қыр соңынан қалмай қою» мағынасын береді.

Қол сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *қол-аяғы жеңілу* «босану» (МХР), *қол білгі адам* «қолынан келетін, қолы бір істі істей білетін, істің жөнін білетін маман адам» (ҚХР), *қол салу* «іске кірісу, қолға алу, жөндеуге кірісу» (Қ.орда, Арал), *қол салу* «қол қою» (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.), *қол ұйыстыру* «қол жинау, топ жию» (ҚХР), *қолы тамбау* «қолы жүрмеу, қолына ештеңе ілінбеу» (Гур., Маңғ.), *қолы түсіну* «қолы үйрену» (Қ.орда, Арал), *қолы шықпау* «жазуының жақсы болуы» (Өзб., Там.).

Құлақ сөзімен жасалған фразеологизмдер, әсіресе, егін шаруашылығымен айналысатын Қазақстанның оңтүстік сөйленістерінде көбірек кездеседі: *құлақ ашу* «суды бөгеп тұрған жерін ашып, арық-арыққа су жіберу» (Талд., Керб.), *құлақ қайыру* «суды арық-арыққа ағызбай құлақты бекіту» (Шымк., Арыс), *құлақ пен құлақ су ішіп кете беру* «егіндік жердің бірінен екіншісіне су жіберу» (Шымк., Арыс), *құлақ байлау* «суды бөгеу, арық-арыққа жіберетін жерді бекіту» (Талд., Керб.), ал Қытай қазақтарының тілінде *құлақ байлау* «құлақ салу, тыңдау, құлақ асу» мағынасын береді.

Ми сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *миды шайқау* «басты қатыру» (Ақм., Атб.), *миды шырмау* «ойы кету, назары ауу» (ҚХР), *миды іске салу* «ойлану, ой жүгірту» (ҚХР), *миы алмайтын (адам)* «ешнәрсе түсінбейтін, есуастау, ақыл-есі орнында емес адам» (Сем.: Көкп., Ақс., Абай), *миы қашу* «миы ашу, басы қату» (Гур., Маңғ.), *миын ағызу* «басын қатыру» (Гур., Маңғ.), *миына қадалу* «миына қону, ұғыну» (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.), *миынан*

түтін шығару «сазайын беру, көресісін көрсету» (ҚХР), *миы өкшесіне түсіп кету* «ақымақ болу, жаңылу» (ҚХР).

Табан сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *табан қыла отыру* «қайықты ілгері жылдам жібермей, кейіндете ұстап отыру» (Қ.орда, Арал), *табанының қышыры жоқ* «тұрақсыз, сөзінде тұрмайтын адам» (ҚХР), *табаныңнан от шыққыр* «көбіне есекпен байланысты айтылатын қарғыс сөз» (Түрікм., Таш.).

Таңдай сөзімен әдеби тілімізде жез *таңдай* тіркесі қалыптасқан. Сөйленістерде *таңдай* сөзінің қатысуымен тұрақты тіркестер жасалған, мысалы: *таңдайынан жарылған* «шешен, жезтаңдай» (Түрікм. қаз.), *таңдайынан шаң шыққан* «шешен» (Тау., Қош.), *таңдайында меңі бар* «шешен, сөзі жүйрік» (ҚХР).

Тіл сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *тіл біріктіру* «сөзі бір жерден шығу, ым-жымы бір болу» (ҚХР), *тілге тиек табу* «сөйлей білу, дәлелді, мазмұнды етіп, тауып сөйлеу» (Гур., Маңғ.), *тіл жібермеу* «тілге келмеу, тіл қатырмау» (Алм., Жам.), *тіл қағыстыру* «пікір, сөз таластыру, ерегісу, айтысу» (Орал, Орда), *тіл ұшына алмау* «ауызға алмау, айтпау» (Қ.орда, Арал).

Тіс сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *тіс басқан* «тоқтасқан, жасы келген» (Түрікм., Таш.), *тіске сыздық болмайтын* «болмашы, түкке тұрғысыз, азғантай» (ҚХР), *тістің жұлқаты қалмау* «тіс өтпеу» (Өзб., Ташк.), *тістің кәуегіне қою* «бар мүмкіншілігімен сақтау» (Өзб., Ташк.), *тісін тісіне қою* «сөйлемей, айтпау, тіс жармау» (Өзб., Таш.), *тісінің суын сору* «ашығу» (Шымк., Сайр., Лен.).

Шеке сөзімен жасалған аймақтық фразеологизмдер: *шекеден шығу* «миды ашыту» (Шымк., Түлк.), *шекесіне бату* «көп сезілу, артық келу» (ҚХР), *шекесінен тыңдау* «жүре тыңдау, құлақ аспау» (Түрікм. қаз.), *шекесі түсу* «басы қатты ауыру» (Шымк., Түлк.), *шеке тамыры жіңішке* «мінезі жаман, ашушан» (ҚХР).

- Әдеби сөздерден жасалған аймақтық тұрақты тіркестердің енді бір тобының ерекшелігі – әдеби тілдегі тіркестердің бір компонентінің ауысып қолданылуына байланысты. Мұнда аймақтық фразеологизмдердің мағынасы әдеби тілдегі кейбір фразеологизмдерге өте жақын. Мысалы: *адамның суын табу* тіркесі (Түрікм. қаз.) әдеби тілде «адамның ыңғайын табу» деген мағынаны береді. Яғни тіркес құрамындағы *ыңғайын* сөзі **суын** сөзімен ауысып қолданылып тұр. Қытай қазақтарының тілінде *құйқадан құлақ шығару* тіркесі әдеби тілде «бүйректен сирақ шығару» мағынасын, *Жеменай жер түбі* «ит өлген жер» мағынасын береді. Соңғы тіркестегі Жеменай Қытайдағы жер атын білдіреді. Әдеби тілдегі *ит өлген жер* фразеологизмінің орнына жергілікті халық санасына жақын фактілерді пайдалана отырып, басқа тұрақты тіркес қалыптастырған.

Бұдан басқа бірнеше мысалдарды келтіруге болады: *аңғары ашылу* «араны ашылу» (Қост., Жітік.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид.), *азабы сіңу* «еңбегі сіңу» (Рес., Саратов.), *алақанын кеңге салу* «арқасын кеңге салу» (Гур., Маңғ.), *қатер сұрау* «көңіл сұрау» (Орал: Орда, Жән.), *Мысырға тышқан иттей ету*

«сүтке тиген иттей ету» (Рес., Волг.), *өтірікті жүндей сабау* «өтірікті шындай соғу, өтірікті көбейтіп айта беру» (ҚХР), *тақыр жерге секірту* «тақыр жерге отырғызу, алдау» (Түрікм., Таш.). Мысалдар: *Қымыздан кейін аңғарым ашылып сала берді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 62-б.). *Қазан отқа ілінгесін-ақ, қонақ алақанын кең салып отыр* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 49-б.). *Сақыпжамал Ахдалаттың үйіне қатер сұрай кетінті* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 401-б.). *Мен де оны Мысырға тышқан иттей етіп отырмын* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 516-б.). *Бұлардан тезірек құтылмасаң, тақыр жерге секіретің түрі бар* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 643-б.).

- Әдеби тілдегі жай тіркестер кейбір аймақтарда тұрақты тіркес ретінде қолданылады. Жалпы бұл тәсіл аймақтық фразеологизмдердің қалыптасуындағы ең өнімді тәсіл болса керек. Себебі көптеген тұрақты тіркестердің қалыптасу негізінде жай, еркін тіркестер жатыр. Жай тіркестің тұрақты тіркеске айналуына зер сала қарап, Қытай қазақтары тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеген С. Мұстафаұлы : «Осындай күнделікті тұрмыста белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа сай қайталана қолданылатын жай тіркестер өзінің лексикалық мағынасынан алшақтай келе тұрақты тіркеске айналады», – деп тұжырым жасайды. Ғалым Қытай қазақтарының тіліндегі бірнеше фразеологизмдердің қалыптасуына әсер еткен факторларды мысалға келтіреді. Мысалы: Қытай тарихындағы 1966-1976 жылдардағы «мәдени зор төңкерісі» жылдарында жазалы адамға басына қалпақ кигізіп, елдің алдына шығарған. Міне, осыдан барып *қалтақ кию* тіркесі біртіндеп образды мән алып, тұрақты тіркес қалыптасқан [50, 39 б.].

Әдеби тілдегі жай тіркестерден жасалған аймақтық фразеологизмдерді көптеп кездестіруге болады. Мысалы: *ағаш басына шығу* «өсекті қарша борату, түймедей істі түйедей қылып көрсету, дабырайту» (ҚХР), *бала құшақтау* «егіннің бастануы, дән салуы, толыға бастауы» (Алм., Жам.), *бидайдай қуыру* «ұрсу» (МХР), *көкке қарау* «менсінбеу, ұнатпау» (МХР), *қойы тауға жайылып жату* «шаруасы сай, тұрмысы жақсы болу» (Түрікм. қаз.), *мойнына қоржын салу* «көмек сұрау, жылу жию» (МХР), *өкше көтеру* «кету, жүру» (МХР), сыбаға сорпасы төгілу «үлесінен айырылу, бос қалу» (Түрікм. қаз.), Мысалдар: *Богда мен Алтайдың күн бетін кезген өсек ағаш басына шығып болды* (М. Раз., Алт. ақ., 603). *Колхоз жүгерісі бала құшақтады* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 122-б.). *Келді де бәрімізді бидайдай қуырды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 144-б.). *Бүгін көкке қарап қапты* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 334-б.). *Шақидың қойы тауға жайылып атқан адам зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 416-б.). *Мойнына қоржын салсаң да, джән сақтамайды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 498-б.). *Күн еңкейіп қалған екен, өкше көтерейік* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 545-б.). *Қынжылма, сыбаға сорпаң төгілгендей ішizat жоқ* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 623-б.).

Аталған фразеологизмдерге мұнан да басқа мысалдар келтірсек: *ине тастау* «қастық жасау» (ҚХР), *қара көзілдірікпен қарау* «көз жетпеу, дұрыс қарамау, айқын көрмеу, мән бермеу» (ҚХР), *қамшының ұшын беру* «көмектесу» (ҚХР), *перде артында тұру* «жасырын нұсқау беру, артта тұрып, басқаларды айдап салу» (ҚХР), *тасбақаның аузынан шөп алу* «айлакер, қу, епті адам» (Гур., Маңғ.; Орал, Орда).

- Аймақтық фразеологизмдерді әдеби тілмен салыстырғанда беретін мағынасы да, жеке алғанда құрамындағы сөздердің құрамында да айырмашылығы жоқ. Ерекшелік тек сөздердің грамматикалық тұлғасы мен дыбыстық құрамында ғана кездеседі. Мысалы: *ану ету* «ғапу ету» (Орал: Жымп., Шыңғ., Чап.), *айысы қану* «айызы қану, құмардан шығу» (ҚХР), *ауруды болу* «аурулы болу» (Шығ. Қаз., Күрш.), *жарыдан аудару* «жартысынан аудару, жартысынан көбін істеп бітіру» (Ақт., Ырғ.), *жатын орын* «жататын орын, жатақхана» (Алм., Нар.; Жамб., Жам), *заразат болу* «зәрезап болу» (Гур., Маңғ.), *қайызы қану* «айызы қану» (Түрікм.: Таш., Көнеүр.), *малдастық құру* «малдас құру» (Орал, Орда), *мәйіп болу* «майып болу» (Шымк., Мақт.), *мелшеден бату* «белшеден бату» (Түрікм.; Ақт.: Шалқ., Қараб.; Қарақ.; Қ.орда, Арал). Мысалдар: *Есіміңізді ұмытып қалдым, ану етіңіз, кім еді?* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 65-б.). *Мен кәзір ауруды болдым* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 86-б.). *Мен шығырдың тарысын бірінші рет суырып болып, екінші ретке жарыдан аудардым* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 242-б.). *Жатын орын, киім-кешек, тамақ – бәрі қазынадан* (Б.Соқп., Жекпе-жек, 192). *Әбден аузы күйіп заразат болған зой, енді істей қоймас* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 285-б.). *Мына екеуінің қайызы қанғанша күресуін қарашы* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 371-б.). *Қонақ, менің байқауымша малдастық құрып отыра алмайсыз екен* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 473-б.). *Атың мәйіп болып қалмасын* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 483-б.). *Бала тәрбиелеу аңсат емес екен, машатқа мелшеден баттық* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 492-б.).

- Кейбір аймақтық фразеологизмдердің құрамындағы сөздері жекелей алғанда әдеби тілде кездеседі, дегенмен олар әдеби тілде ешбір тіркесім жасай алмайды. Мысалы:

Азап жасау//азап ету «еңбек ету, еңбектену» (Рес., Саратов). *Көп азап жасайтын* болар оған (Қаз.тіл.айм.сөзд., 22-б.).

Әріп кеміру «жазу-сызумен болу» (ҚХР). *Ол күн ұзақ әріп кемірумен болды.*

Елдің басын ұстау «басқару, басшылық ету» (Тау., Қош.). *Бекетай әйтеуір көп жылдан бері осы елдің басын ұстап тұр зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 211-б.).

Жерлеп жүру «жерге иелік ету, жерді мекендеу» (Алм., Шел.) *Көксу көптен жерлеп жүрген жеріміз зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 261-б.).

Маңдайы ағару «бақыты ашылу» (Қарақ.). *Аман маңдайы ашылмаған жгігіт еді зой* (Эксп. мат.).

Миды шайқау «басты қатыру» (Ақм., Атб.). *Көп айтып шайқамайық баста миды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 495-б.).

Сөз жырмау «сөзге құлақ салу, лебізін жерге тастамау» (ҚХР). *Кәзір екі тізгін, бір шылбыр өз қолында. Бұл айтса сөзін жыратын Қасен мен Таңғыт жоқ* (Ғ. Қан., Бұрқ. I. 210).

Табиғат алмау «тәбеті тартпау» (Рес., Қалм.). *Табиғатың алмаса, ауыз ти де қоя зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 637-б.).

Шөбі түсу «таланына кез болу» (Түрікм.: Бекд., Алт., Красн., Қиян., Небид.). *Менің оған шөбім түсті ме, маған оқуға барасың деді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 762-б.).

- Тағы бір ерекшелік – әдеби тілдегі кейбір жеке сөздердің мағынасы аймақтарда фразеологизмдер арқылы беріледі. Мысалы:

Шөл қақты болу // шөл болу «шөлдеу» (Маңғ.: Шевч., Маңғ.). *Құдығымыздан біразға дейін су шықпай малымыз шөл қақты болып қалды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 763-б.).

Аранға ұшу «арандау, арандап қалу» (Алм., Шел.). *Үсен үйдегі қыз аранға ұшып қалмасын деп ойлайды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 67-б.).

Бала өндіру «балапандау» (Сем.: Абай, Шұб.). *Жыл сайын қарлығаш келіп осында бала өндіреді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 123-б.).

Жарты терідей жалпылдау «жарамсақтану» (Гур., Маңғ.). *Сен жарты терідей жалпылдамай тыныш отыр* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 241-б.).

Жер жекендеу «қоныстану, орнығу» (Алм., Шел.). *Қорамға кейінгі ретте гана жер жекендедік* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 260-б.).

Жолығыс ету «жолығу» (Орал: Қазт., Орда). *Біз бұл кісілермен кеше қалада жолығыс еттік* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 266-б.).

Күманға айдау «күмәндану, жаманға жору, сырттай күдіктену» (ҚХР). *Әз болмаса Ораз қажыны күманға айдай жаздағанымыз жоқ па? – деп бұғып жатқан Сабылдық мырс-мырс күлді* (М. Раз., Алт. ақ. 348).

Құбыл болды «құбылды» (Шымк., Арыс). *Әсия осы ойдан кейін құбыл болды* (Эксп. мат.).

- Әдеби тіліміздегі көптеген фразеологизмдер кейбір аймақтарда құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылады. Яғни әдеби фразеологизмдердің құрамындағы жекелеген сөздер жергілікті аймақтың әсеріне ұшырап, ауысып қолданылады.

Мысалы, әдеби тілде білгіш, шешен кісіні «аузы дуалы кісі» тіркесі түрінде айтады. Бұл тұрақты тіркес батыс сөйленісінде *аузы қиынды кісі* түрінде айтылады. Мысалы: *Қашағанның аузы қиынды кісі* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 84-б.). Тіліміздегі «бетінен оты шығу», яғни ұялу, қызару мағынасындағы тіркес Ресейдің Саратов өңірі қазақтарының тілінде *беті пісу* түрінде тіркесе, «ел аузына қақпақ болу» тіркесі Қарақалпақ, Орал, Ақтөбе қазақтарының тілінде *ел аузына етек тықпақ болу* түрінде қолданылады. Мысалы: *Қайнағаның атын атаймын деп, қайғырып қалдым, бетім пісіп* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 143-б.). *Не десе о десін, ел аузына етек тықпақ бола алмаймыз* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 211-б.).

Тіліміздегі «жан алқымына келу» тіркесі *жан терезе таппау* (Гур., Бақс.), «ит арқасы қияннан» тіркесі *жер аяғы қияннан* (Түрікм.), «таяқ тастам жер» тіркесі *таяқ атым жер* (Өзб., Таш.), «шыбын жаны шырылдау» тіркесі *шыж көбелек болу* (Маң., Маңғ.) түрінде қолданылады. Мысалдар: *Ол бір жан терезе таппай сасып жүрген кез еді* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 235-б.). *Еңбегім қайтпаса қиын болды, жер аяғы қияннан келгенде* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 260-б.). *Біз таяқ атым жерден келеміз* (Эксп. мат.). *Ауыл маңынан шашы сары, көзі көк жолаушылар өтсе, барып жолығып қалам деп шыж көбелек болады екен* (Ө.Кекіл., Үркер, 502).

- Ендігі бір ерекшелік – аймақтардағы тұрақты тіркестерде кейде әдеби тілдегі бар тіркестердің құрамындағы басы артық сөздердің қосылып айтылу жағдайы аз да болса кездесіп қалуы. Мысалы, әдеби тілдегі «алданып қалу»

тіркесі Қытай қазақтарының тілінде *алдам қалтаға түсу* түрінде қолданылады. Мысалы: *Сауда істегенде абайлаған жән, әйтпесе құлардың алдам қалтасына түсіп қаласың* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 54-б.). Немесе, әдеби тілдегі «ат шаптырым» тіркесі сөйленісте *ат шаптырса жеткісіз* (Ақт., Байғ.), әдеби тілдегі «беттен алу», яғни қарсыласу мағынасы сөйленісте *беттен шармай алу* (Гур., Шевч.), тіліміздегі «көңіл айту» тіркесі *көңіл қос айту* (Қ.орда, Қарм.), әдеби тілдегі жомарт мағынасын беретін «қолы ашық» тіркесі сөйленісте *қолының басы ашық* (Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Шұб.) түрінде қолданылады. Мысалдар: *О шеті мен бұ шетіне ат шаптырса жеткісіз ұланқай көп қой, көзімізге елес ете қалды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 81-б.). *Бірдеме десең бетіңнен шармай алады* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 143-б.). *Мына көрші ауылда жекжатымыз болатын, соған көңіл қос айтуға барғалы отырмын* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 339-б.). *Оның қолының басы ашық, барын аямайды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 420-б.).

Аталған топтағы фразеологизмдер ойлы, образдығы жағынан жалпыхалықтық фразеологизмдерден бірде-бір кем түспейді. Бұл фразеологизмдер біртіндеп әдеби тілге еніп, жалпыхалықтық қолданысқа түсуге әбден мүмкіндігі бар тіркесімдер деуге болады. Құрамы жалпыхалықтық лексикадан құралған аймақтық фразеологизмдерді саралай келіп, олардың ерекшелігін төмендегіше топтастырып көрсетуге болады:

1) Кейбір жалпыхалықтық лексикадан жасалған аймақтық фразеологизмдер құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да әдеби тілде кездеспейді;

2) Әдеби сөздерден жасалған аймақтық фразеологизмдердің құрамы жағынан басқаша болғанмен, мағынасы әдеби тілдегі кейбір фразеологизмдерге өте жақын;

3) Әдеби тілдегі жай тіркестер кейбір аймақтарда тұрақты тіркес ретінде қолданылады;

4) Аймақтық фразеологизмдердің құрамындағы сөздер грамматикалық және дыбыстық өзгеріске ұшырайды;

5) Кейбір аймақтық фразеологизмдердің құрамындағы сөздер әдеби тілде ешбір тіркесім жасай алмайды;

6) Әдеби тіліміздегі көптеген фразеологизмдер құрамындағы жекелеген сөз жергілікті аймақтың әсерінен құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылады;

7) Аймақтардағы тұрақты тіркестерде кейде әдеби тілдегі бар тіркестердің құрамындағы басы артық сөздердің қосылып айтылу жағдайы аз да болса кездесіп қалуы.

2. Жергілікті аймақтарда қолданылып жүрген бірсыпыра фразеологизмдердің құрамында әдеби тілде қолданылмайтын сөздер кездеседі. Бір ерекшелігі бұл сөздер осы аймақ халқының тіліндегі жеке қолданысында кездеспей, тек белгілі бір фразеологизмдердің құрамында ғана кездеседі. Мысалы: *адыбұлыққа жеткізу* «көсегесін көгерту, жақсы тұрмысқа жеткізу» (Алм., Шел.), *әудікке қашып жату* «рақаттанып, жаны жай тауып жату» (Қарақ.), *бағыстан ұстау* «кір шалдырмай таза ұстау» (Ақт., Ырғ.), *детмел айту* «ақыл айту, басалқы айту» (Қ.орда, Арал), *дидәкуге басу* «бейбастық істеу, ұятсыз іске бару» (ҚХР), *жырындықор ету* «жырмалау, қол ұғу» (Өзб., Там.),

итпелеуінде отыру (жүру) «біреудің жетегінде жүру» (ҚХР), көтүмен көнек «сүтті» (МХР), күлмәннің ашу «сырын ашу, әшкерелеу» (Қост., Торғ.), күмәрі күлкі «өтірік, жалған күлкі» (Түрікм.: Ашх., Таш.), мошабай болу «шаршау, қажу» (Қарақ. қаз.), мүсалдәт болу // мүсалдат болу «біреудің қолына қарау, тауқыметін біреуге арту» (Қ.орда, Қарм.). Берілген тұрақты тіркестер құрамындағы адыбұлық, әудік, бағыста, детмел, дидәку, итпелеу, күлмән, күмәрі, мошабай, мүсалдәт//мүсалдат сөздерінің жеке тұрғанда мағынасы түсініксіз.

Мысалдар: *Мені адырбұлыққа жеткізетін осы әкем зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 20-б.). *О, шіркіндердің әудікке қашып жатқандарын-ай* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 114-б.). *Қарағым, қазанда бағыстап ұста!* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 116-б.). *Үлкен адам жастарға детмел айтар* болар (Қаз.тіл.айм.сөзд., 196-б.). *Ол қызды зорлап әкеліп дидәкуге баспақшы болған* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 196-б.). *Сен қоғам малына жырындықорлық ете алмайсың* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 282-б.). *Осы ойдың итпелеуінде отырып, көкірек толы қамырығын «ах» ұра бұрқ еткізген Зейнеш бомба тастап алғандай сасқалақтап аяқ-табақты алма-кезек қолға алып тұқыра берді* (Ғ. Қан., Бұрк., I. 330). *Көтүмен көнек сиыр еді, біреуге беруге қимадым* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 345-б.). *Қорғамаса қолға түскен ұры ерегісіп, бәрінің күлмәнін ашуында сөз жоқ* (Б. Майл., Шығ., 5 т., 250-б.). *Сырмінез адам емес, жұрттың айтқанына қарай сенгіш! Содан бұны көрсе-ақ күмәрі күлкі қысып жөнелетін шығар* (Ә. Кекіл., Құс қан., 330). *Көшкен ел мошабай боп қалған екен* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 502-б.). *Мүсалдат боп* мойныға міндетін арта келеді (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 87).

а) Енді бірқатар тіркестердің құрамындағы аймақтық сөздер жалпыхалықтық әдеби тілде кездеспегенмен, берілген өлке қазақтарының тілінде жеке қолданыста бар сөздер болып келеді. Қазақ тілінің шығыс сөйленістерінде *сұны кету, сұныты кету* тіркесі «мәні кету, мазасы кету, ұсқыны кету» мағынасын береді. *Сұны* сөзі осы өңірлерде *түрі, реңі, ажары* мағынасында кеңінен қолданылады. Мысалы: *Қазір бұл жұмыстың сұны кетіп қалды зой* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 616-б.). Қытай қазақтарының тілінде *сүренеті кету* тіркесі «халі нашарлау» мағынасында қолданылады. Тіркес құрамындағы *сүренеті* сөзі *түрі* мағынасын береді. Мысалы: *Жұмыстан босағаннан бері сүренеті жаман кетіп жүр* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 621-б.). *Амалға алыну* (Орал: Орда, Жән., Шыңғ.) «жауапқа тартылу» тіркесіндегі *амал* сөзі қылмыс мағынасын береді. Мысалы: *Колхоз есепшісі көп ақша жеп қойып, амалға алынғалы жүр* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 59-б.).

ә) Аймақтарда қолданылатын көптеген тіркестер әдеби тілде де бар тіркестер. Алайда олардың құрамындағы кей компоненттері аймақтардағы сөздермен ауыстырылып қолданылады. Мысалы, әдеби тілдегі «ұсыныс қылу» тіркесі Өзбекстан қазақтарының тілінде *тәкіліп қылу* түрінде айтылады. Сондай-ақ әдеби тілдегі «қисыны келмеу» тіркесі еліміздің Қызылорда өңірі тұрғындарының тілінде *атымы келмеу* түрінде қолданылады. Мысалы: *Өсер, менің ағайын аралап баруға атымым келмей тұр, өзің жүре бер* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 82-б.). Бұдан да басқа бірнеше мысалдар келтіруге болады: *бөгенайлап қарау «байымдап қарау»* (Шығ. Қаз., Больш.), *бөксеріне алу*

«қарауына алу, қол астына алу» (Қ. орда, Қарм.), *запыл қалмау* «қапы қалмау, өкініп қалмау» (Қост.: Жанг., Аман., Қамыш.), *екі оқтылау болу* «екі ойлы болу, толқу» (Қ. орда: Арал, Сыр.).

Мысалдар: *Сен бұл мәселеге бөгенайлап қара!* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 152-б.). *Ол бізді бөксеріне алып жүрген кісі зой!* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 154-б.). *Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан, тыңдамай қалма запыл болып бейқам* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 177-б.). *Әйел орнынан ұшып тұрса да, әлденеден ұялып, тақтаға барар-бармасын білмей екі оқтылау болып тұрды* (Б. Майлин., Шығ., 60).

Ғалым Қ. Қалыбаева өз зерттеуінде сөйленістерде кейде екі компоненті де түсініксіз тіркестердің кездесіп қалатындығын анықтаған. Мысалы: *шаныштай шаралау* «қорасанға қарсы егу» (Қ.орда, Арал), *пәруайы пәрса* «ештеңеден қамсыз, бейқам жүру» (Қ.орда, Арал). Аталған тіркестердің құрамындағы сөздер әдеби тіл тұрғысынан түсініксіз сөздер. Соған қарамастан ол тіркестер сөйленісте актив қолданыс тапқан тіркес болып келеді [28, 50 б.].

б) Жалпыхалықтық лексика мен аймақтық лексикадан құралған фразеологизмдердің үлкен бір тобы басқа тілдердің (қарақалпақ, түрікмен, өзбек, ұйғыр, қытай, моңғол, орыс, араб-парсы) әсерінен қалыптасқан фразеологизмдер құрайды. Қатарласа өмір сүрген тілдерде бір-біріне сөз ауысуы заңды құбылыс. Мұндай достық қатынастағы сөз алмасу әрине тілдік тоғысу емес, «Тілдердің бір-бірінен сөз ауысуы тілдердің тоғысуын көрсетпейді», – дейді ғалым К. Аханов [117, 459 б.]. Достық қатынастағы тілдердің бір-біріне тигізетін әсерлері интерстрат құбылысы деп аталатыны белгілі.

Өзбекстан және оңтүстік өңір қазақтарының тіліндегі аймақтық фразеологизмдер құрамында өзбек тілінің сөздері, сондай-ақ өзбек тілі арқылы енген араб-парсы сөздері молынан кездеседі. Мысалы, Өзбекстан қазақтарының тіліндегі *тәкіліп қылу* тұрақты тіркесінің беретін мағынасы – «ұсыныс қылу». Тіркестің бірінші сыңары тәжік, парсы тілінен ауысқан. Парсыларда *тәклиф* тұлғалы сөз тапсырма, міндет, борыш, шешілуге тиісті жұмыс сияқты бірнеше мағыналарды меншіктенеді (Пер.-рус. сл., 1, 339). Осындағы «тапсырма» мағынасында жергілікті қазақтар тілінде әрі «ұсыныс» ұғымына да ие болатындығы байқалады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 655-б.).

Қорыта келгенде, аймақтық фразеологизмдердің жалпыхалықтық лексика мен аймақтық лексикадан құралған түрі өте күрделі мәселе болып саналады. Олай дейтініміз – ол тіркестердің құрамына еніп тұрған аймақтық сөздердің өзі аймақтарда жеке қолданылатыны бар және тіркестен тыс аймақтарда жеке қолданылатыны бар екендігіне байланысты. Мұның өзі сол сөздердің аймақтарда қолданылу, қолданылмау сырын ашуды қажет етеді.

2.3 «Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің мағыналық түрлері

2.3.1 Қазақ тіліндегі аймақтық фразеологизмдердің омонимдік, омоантонимдік сипаты

Аймақтық фразеологизмдерді жинақтап, сұрыптай келе олардың бойында лексикаға тән жүйелілік бар екенін байқадық. Яғни, аймақтық фразеологизмдер жалпыхалықтық лексика секілді өз ішінде фразеологизмдердің вариантты түрлерін, омонимдес, синонимдес, көпмағыналы түрлерін қамтиды.

Қазақстаннан тыс аймақтарда да әдеби тілдегі сияқты бір-бірімен тұлғалас, бірақ мағына жағынан үйлеспейтін омоним сөздер көп кездеседі. Осы омонимдік қатар аймақтық фразеологизмдерде де кездесті.

Ғалымдар Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбеков өз зерттеулерінде омонимдерді әдеби омонимдік қатарлар, диалектілік омонимдік қатарлар және әдеби-диалектілік қатарлар деп үш топқа бөліп қарастырады [21, 23 б.]. Тақырыбымыз аймақтық омонимдік фразеологизмдер болғандықтан, біз соңғы екі топқа тоқталамыз.

1. Аймақтық омонимдік қатар құрайтын фразеологизмдер

Аймақтардан жинақталған фразеологизмдер құрамында аймақтық омонимдік қатар құрайтын фразеологизмдер көптеп кездесті. Аймақтық омонимдік қатар құрайтын фразеологизмдердің құрамы түгелімен аймақтық сөз тіркестерінен құралады. Бұларды құрамындағы сөз тіркестерінің бір аймақты немесе түрлі аймақты қамтуына қарай аймақаралық омонимдес фразеологизмдер және өзіндік (ішкі) аймақтық омонимдес фразеологизмдер деп екі топқа бөліп қарастырдық.

а) аймақаралық омонимдес фразеологизмдер. Бұл топты құрайтын омонимдес фразеологизмдер қатары бір аймақ не бір сөйленіске емес, әртүрлі сөйленіске тән болады. Мысалы:

Ақ көйлек I (Қос., Жанг.; Жезқ., Ұлы.; Сем.: Абай, Шүб., Тау., Қош.; Павл., Үрлі.) «ақ көңіл, аңқылдақ». *Кәдір шал ақ көйлек жақсы адам* (Қост., Жанг.).

Ақ көйлек II (Сем., Үрж.; Қар., Шет; Көкш.: Щуч., Еңб.; Рес., Омбы; Ауғ.; Ир.; Шығ. Қаз., Зайс.) «бидайдың қабығы». *Ақ көйлектен ажыраған бидай өнбейді* (Сем., Үрж.).

Аяғына отырғызбау I (Сем.: Абай, Шүб.) «тыным бермеу, қолды-аяққа тұрғызбау». *Осыны естігенде Бейсенбай ешкімді аяғына отырғызбады* (К. Ораз., Ақ. жаз., 247).

Аяғына отырғызбау II (ҚХР) «жақын болмау, көңіл қоспау, маңына жолатпады, шетіне жуытпады, теңдік бермеді» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 92-б.).

Кейде бір аймақтық омонимдік қатардың құрамында әрі аймақаралық, әрі өзіндік (ішкі) аймақтық омонимдік фразеологизмдер де кездеседі. Мысалы:

Аяқ үстінде жүру II (Орал, Чап.) «бос жүру». *Ол бойлай аяқ үстінде жүреді* (Орал, Чап.).

Аяқ үстінде жүру I (Қарақ.) «жол-жөнекей». *Аяқ үстінде жүріп істейтін жұмыс қой* (Қарақ.).

Аяқ үстінде жүру III (Гур., Маңғ.) «кепілде болу, тұтқыннан уақытша босау». *Орақ сотталғаннан кейін, аяқ үстінде жүрді* (Гур., Маңғ.).

Бұл жерде *аяқ үстінде жүру* I соңғы екі омонимдермен бірігіп, аймақаралық омонимдес фразеологизмдер қатарын құраса, *аяқ үстінде жүру* II мен *аяқ үстінде жүру* III өзара, бір-біріне өзіндік аймақтық омонимдік қатар құрайды. Себебі Қарақалпақ қазақтарының тілі мен Маңғыстау өңірі тұрғындарының тілі қазақ сөйленістерінің батыс тобына жататындықтан, біз соңғы екі омонимдік қатарды өзіндік аймақтық омонимдік фразеологизмдерге жатқыздық.

Қол беру I (Өзб., Там.) «қол ұшын беру». *Түйе – ауданымыздың мал шаруашылығын өркендетуге қол беріп келе жатқан күшкөлік* (Өзб., Там.).

Қол беру II (Гур., Маңғ.) «карта ойынында жәрдем беру» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 417-б.).

Құлақ байлау I (Талд., Керб.) «суды бөгеу, арық-арыққа жіберетін жерді бекіту». *Құлақты байлап келемін* (Талд., Керб.).

Құлақ байлау II (ҚХР) «құлақ салу, тындау, құлақ асу» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 435-б.).

ә) өзіндік (ішкі) аймақтық омонимдес фразеологизмдер. Бұл топқа бір аймақтық массивте, бір сөйленіс ішінде қолданылатын тұрақты сөз тіркесінен құралатын омонимдік қатарлар енеді. Мысалы:

Кісі жұтып қоярдай I (ҚХР) «сүп-сүйкімді, өте әдемі, келісті».

Кісі жұтып қоярдай II (ҚХР) «ашу шақыру, қапа болу, ыза кернеу» (Қаз.тіл.айм.сөзд., 363-б.).

Жер төңкеріс қылу I (Алм., Кег.) «жер айдау». *Жазғытұры жер төңкеріс қылып егін, бау-бақша саламыз* (Алм., Кег.).

Жер төңкеріс қылу II (Алм., Кег.; Жамб., Сар.) «жер аудару, басқа жаққа жіберу, қонысынан тайдыру». *Бұрын ұлықтар кедейлерді жер төңкеріс қылды* (Алм., Кег.).

Сүт үстінде қаймақ болу I (ҚХР) «қадірлі, сыйлы болу».

Сүт үстінде қаймақ болу I (ҚХР) «масыл болу». *Қазіргі ауыл әкімдері сүт үстінде қаймақ болып отыр* (А.Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі, 478).

Қол қатпау I (Қ.орда, Қарм.) «қол жұмсамау». *Ол қол қатпай келісуді артық көруші еді* (Қ.орда, Қарм.).

Қол қатпау II (Өзб., Там.) «жәрдемдеспеу, араласпау». *Оның ферма жұмысына қол қатпайтынын айтты* (Өзб., Там.).

Соңғы *қол қатпау* тіркесі қазақ сөйленістерінің оңтүстік сөйленісіне тән болғандықтан, бұл омонимдес тұрақты тіркес қатары өзіндік (ішкі) аймақтық омонимдес фразеологизмдерге жатады.

2. Әдеби-аймақтық омонимдік қатар құрайтын фразеологизмдер

Бұл топқа құрамында бір не бірнеше аймақтық фразеологизмдер және әдеби тілдегі фразеологизмдердің қатары жатады. Әдеби-аймақтық омонимдік қатар құрайтын фразеологизмдер сөйленістерде аздап болса да кездеседі.

Көз салу тіркесі әдеби тілде «қарау, көзін тігу, көңілі бөліну» мағынасын береді. Мысалы: *Жараңдар, тыңдай берсең, мінекей сөз,*

Маңдап Сейфулмәлік салады көз,

*Жақындап тау басына шыққан шақта,
Алдынан бір жолбарыс жолықты кеп* (Ғашық-наме).

Ал осы тіркес Моңғолия қазақтарының тілінде басқа мағына береді.

Көз салу I (МХР) «сенім арту». «Отан маған көз салып отыр, басты міндет – көздеген мақсатқа жету зой, менің жұмысым енді басталғалы тұрау» деп ойлады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 332-б.).

Көз салу II (МХР) «мөлию, телміру». Көрінгенге көз салумен күні кеткен бейчора емес пе? (МХР).

Әдеби тілдегі *көз салу* тіркесімен Моңғолия қазақтарының тіліндегі мөлию, телміру мағынасын беретін *көз салу* арасында мағына жақындығы байқалады.

Әдеби тілімізде «күш көрсету, азаптау» мағынасын беретін *қол салу* фразеологизмі Арал өңірі тұрғындарының тілінде «іске кірісу, қолға алу, жөндеуге кірісу» мағынасын берсе, шығыс сөйленістерінде «қол қою» мағынасын береді. Мысалы: 1. *Май айында сегіз адам базға қол салдық* (Қ.орда, Арал). 2. *Сен актіге қол салдың ба?* (Шығ. Қаз., Больш.).

Сондай-ақ академик І. Кеңесбаев *қол салу* тіркесінің көне «әйелге тиісу» мағынасы да бар екендігін айтады. Мысалы: *Түнде ел жатып қалғасын, тұсыңнан кеп жігіт қол салатын* [27, 345 б.].

Қазақ сөйленістерінде дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін сөздер бар. Бұлар, тұлға жағынан омонимдерге ұқсайды да, мағына қарама-қарсылығы (энантиосемия) жағынан антонимдерге ұқсайды. Орыс тіл білімінде бұларды омоантонимдер деп атайды. Осындай мағыналық ерекшелік аймақтық фразеологизмдерде де аздап болса да кездеседі. Мысалы:

Қасынысып жүру I (Сем.: Абай, Шұб.) «тату жүру». Біз айтыс-тартысты қойып, қасынысып жүрміз (Сем.: Абай).

Қасынысып жүру II (Тау., Қош.; ҚХР) «жаңа-жаңа қастаса бастау, өшіге бастау (Қаз.тіл.айм.сөзд., 400-б.).

Сондай-ақ *саз болу* тіркесі Өзбекстан қазақтарының тілінде «жарасып тұру» мағынасын берсе, Қазақстанның оңтүстік өңірі тұрғындарының тілінде «табалау» мағынасын береді. Мысалы: *Киімің жүдә саз болып кетті* (Өзб. қаз.). *Оған сол керек, саз болыпты* (Шымк., Түркіс.).

2.3.2 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің синонимділігі

Аймақтық фразеологизмдер әдеби тілдегі фразеологизмдердің қатарын толықтыра отырып, берілген аймақтарда өз ішінде синонимдік қатар жасай алады.

Қазақ фразеологиясының теориясын қалыптастырған зерттеуші академик І. Кеңесбаев фразеологиялық варианттар мен фразеологиялық синонимдердің басын ашып қарай отырып, былай дейді: «Синоним фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды. Фразеологизмдердің мағыналық жуықтығы болғанмен, тұрпат жуықтығы болмайды» [27, 591 б.]. «Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді.

Мұндай құбылыс тіл білімінде синонимдер деп аталады», – делінген жоғары оқу орындарына арналған оқу құралында [118, 203 б.].

Мысалы, әдеби тілдегі *өкіну* мағынасын беретін *санын соғу // бармағын тістепу // іші удай ашу // опық жеу* тіркесін сөйленістеі *іші ит жыртқан шанаштай болу* (Еділ) тіркесі толықтыра алады. Сөйленістерде осы мәндес жасалған басқа да тіркестерді кездестіруге болады. Олар өзара синонимдік қатар жасай алады. Мысалы, *іші ит жыртқан шанаштай болу* (Еділ), *пұшайман жеу* (Өзб. қаз.), *әсірет қалу* (Орда) тіркестері мағыналық жағынан толықтырып синонимдік қатар құрайды.

Әрбір аймақтардан жинақталған синонимдес аймақтық фразеологизмдерді сараптай келіп, олардың екі түрде қолданылатынын байқадық.

1. Аймақтық фразеологизмдердің көпшілігі әдеби тілде бар фразеологизмдердің қатарын мағыналық жағынан толықтыра алады.

Мысалы, әдеби тілдегі *қорқу* мағынасын беретін *жүрегі тас төбесіне шығу* тіркесін аймақтарда *жүрегі қозғалып қалу, бойында шыбыны қалмау* (ҚХР), *суқаны ұшу* (Алм., Шел.; Шығ.Қаз.: Зайс., Марқ.; МХР) тіркестері мағыналық жағынан толықтыра отырып, синонимдік қатар құрайды.

Жалпыхалықтық тілде *сағын сындырып, бетін қайтару, үміт-тілегін кесу* мағынасын беретін *тауы шағылды* тіркесінің аймақтарда *тауаны қайту* (Сем., Абай; Шымк., Шәу.), *тауы жығылу* (Түрікм.) сияқты синонимдік қатары бар.

Ұялмау мағынасында қолданылатын *беті бүлк етпеу* тіркесінің Орал қазақтарының тілінде *адам беті кұшала*, Қытай қазақтарының тілінде *бет моншағын сыпырып тастау*, Моңғолия қазақтарының тілінде *беттің арын белбеуге тую* тіркестері синонимдік қатар болып табылады.

Сол сияқты *сағыну* мағынасын беретін *екі көзі төрт болу* тіркесімен Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі *төрт көзі тоқсан түсу* тіркесі синоним бола алады.

Қазақ сөйленістерінде де өзара мағыналық жағынан жуық келіп, синонимдік қатар жасай алатындары аз емес. Мысалы, *ұнатпау, жек көру* ұғымы әдеби тілде *иттей жек көру, иттің етінен де жек көру* тіркестері арқылы берілсе, сөйленістерде *арам етпей көру* (Сем., Абай), *иттің қара тұмсығындай көру* (Гур., Маңғ.; Қарақ.), *қасқырдың қара сирағындай көру* (Жамб., Шу) тіркестері арқылы беріледі.

Әдеби тілдегі *басына қиыншылық түсу, қиналу* мағынасындағы *жан алқымға келді, жанын қоярға жер таппады* тіркестерінің сөйленістерде және аймақтарда *жан терезесі шыдамау* (Гур., Бакс.), *жанға терезе таппау* (Көкш., Қ.ту), *жанын қолына ұстау* (ҚХР) тіркестері синонимдес бола алады.

Мақтанды, менменсіді, дандайсыды мағынасындағы *көкірек керді (көтерді, қақты)* тіркесін аймақтарда *жүрегін көтеру* (Тау., Қош.), *дөнен итше кергу* (ҚХР), *әулие ағашқа қону* (Алм.: Кег., Нар.), *көзі шелею* (ҚХР) тіркестері мағыналық жағынан толықтыра алады.

Сондай-ақ әдеби тілдегі *жүкті болу* тіркесін аймақтарда *ауа жайлы болу* (Рес., Волг.), *етек араласу* (Гур., Есб.) тіркестері мағыналық жағынан толықтыра отырып, синонимдік қатар құрайды.

Әдеби тілдегі *шешен* мағынасындағы *жез таңдай* тіркесінің аймақтарда бірнеше синонимдік қатары кездеседі. Мысалы: *таңдайынан жарылған* (Түрікм.), *таңдайынан шаң шыққан* (Тау., Қош.), *таңдайының меңі бар* (ҚХР), *сұр таңдай* (Қост., Жанг.).

Әдеби тілде бар фразеологизмдермен синоним бола алатын аймақтық фразеологизмдердің бірқатары бірнеше аймақты қамтыса, енді бірі бір ғана аймақтың ішінде бірнеше синонимдік қатар құрай алады. Мысалы, әдеби тілдегі *ашулану*, *кею* мағынасын беретін *тас-талқан болу* тіркесінің Қытай қазақтарының тілінде *құны-перен болу*, *дода болу*, *битке пышақ суыру*, *бықтығы болу*, *от алып, қонаға түсу* секілді фразеологизмдер қатары толықтыра алады. Сол секілді *сөз байлау*, яғни *уәделесу* мағынасын сөйленістегі *сөз ұқсату*, *жәмәжә десу* тіркестері мағыналық жағынан толықтыра алады [50, 106 б.].

Сондай-ақ, әдеби тілдегі *тынышын алу* тіркесі мен Өзбекстан қазақтарының тіліндегі *төбесіне жаңғақ шағу*, *төбесіне құй қазу* сияқты тіркестер синонимдік қатар жасайды.

2. Аймақтардағы енді бірқатар фразеологизмдер әдеби тілде баламасы жоқ болғанына қарамастан, өзара іштей аймақтық синонимдік қатар құрай алады.

Мысалы, *пысық* мағынасында: *етек-жеңі түргіт* (Өзб., Таш.), *тастың кәресіндеі* (Ауғ., Иран).

Менмен, *көкірек* мағынасында: *жазасы жоғары* (ҚХР), *тәкаппарлығынан тас үркеді* (Сем., Ұрж.).

Әккі, *қу* мағынасында: *жыланның аяғын көрген*, *кәрі шорияқ* (ҚХР), *сырқынды ақиулан* (Сем., Абай), *тасбақаның аузынан шөп алған* (Гур., Маңғ.; Орал, Орда), *мәргия шөбі бар* (Қарақ.).

Арық, *көтерем* мағынасында: *алып терісі*, *жеп еті жоқ* (МХР), *ыңырышағы шыққан* (Жезқ., Ағад.).

Сонымен қатар бірқатар фразеологизмдер бір аймақтың ішінде өзара синонимдік қатар құрай алады. Мысалы, Қытай қазақтарының тілінде *ақымақ*, *топас*, *надан* мағынасындағы *ақымақтың шай қалтасы*, *тоны сұлу тұғыр*, *көр көкірек*, *мәңді бас*, *бітеу кеуде*, *әкей-үкей дөңге жат* тіркестері өзара синонимдік қатар жасай алады.

Алайда әдеби тілден сөйленістердегі тұрақты тіркестердің синонимділігінің ерекшелігі – мұнда синонимдер жалпыхалықтық тілдегідей қатарласып қолданыла алмайды. Өйткені бір сөйленіс екінші бір сөйленіс үшін таныс емес. Мысалы, Шымкент сөйленісінде *разы болу* мағынасында *тәннен шығу* тіркесі қолданылса, Жамбылда *көңілі күншуақ болу* тіркесі қолданылады.

Кеңесу, *келісу* мағынасында Қошағаш өлкесінде *алдынан кесе өту* тіркесі қолданылса, Шу өңірінде *ежіре қылу*, *шыбық кесісу*, Қарақалпақ қазақтарында *іресімге келу*, Еділ бойы қазақтарының тілінде *ақыл жарасу* тіркестері қолданылады. Ал олардың синонимдес, мәндес тіркестер екені осы мәселені зерттеушілер үшін ғана белгілі. Сондықтан аймақтық фразеологизмдердің синонимділігі дегенде, олардың шартты екенін айтуымыз керек.

2.3.3 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің варианттылығы

Тіл білімінде фразеологиялық варианттардың фонетикалық, грамматикалық, лексикалық түрлері беріліп жүр. Ғалым Г. Смағұлова оларға қосымша лексика-грамматикалық (жерқып кету/ету, қылу) түрін көрсетеді [119, 107 б.].

Аймақтардан жиналған фразеологизмдердің бірнеше варианттары бар.

Мысалы, фонетикалық варианттылыққа мынадай фразеологизмдерді келтіруге болды. Мысалы: ұнжырғасы түсу // *онжырғасы түсу* (Гур., Маңғ.), айызы қану // *айысы қану* (ҚХР).

Грамматикалық варианттардың грамматикалық түрі де аймақтарда біршама кездеседі. Олар әдеби тілдегі тұрақты тіркестердің грамматикалық жағынан өзгертіліп қолданылуынан көрінеді. Мысалы: күйі келмеу // *күйісі келмеу* (Тау., Қош.), шырқын бұзу // *шырапатын бұзу* (ҚХР), көзайым болу // *көзайдын болу* (ҚХР).

Ал фразеологизмдердің лексикалық варианты ең көп кездесетін түрі болып табылады. Әдеби тілдегі жекелеген фразеологизмдердің сөйленістерде түрлі варианттары кездеседі. Оның құрамындағы бір компоненті жергілікті аймақтың әсеріне ұшырап, ауысып қолданылғанымен, негізгі мағынада ешбір өзгеріс байқалмайды. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

к/с	Фразеологизмдер компоненттерінің ауысып қолданылуы	Әдеби тілде	Аймақтарда
1.	Екі құрамды фразеологизмнің бірінші компонентінің ауысып қолданылуы	Еңбегі сіңу Іздеу салу Жүрек жұтқан Көкірек көтеру Қисыны келмеу Қара басу	Азабы сіңу (Рес., Сар.) Құзау салу (ҚХР) Жанды жұтқан (Түрікм.) Жүрегін көтеру (Тау., Қош.) Күйісі келмеу (Тау., Қош.) Марту басу (ҚХР)
2.	Екі құрамды фразеологизмнің екінші компонентінің ауысып қолданылуы	Ұяттан аттау Беті күйу Тауы шағылу Қылшығы қисаймау Қыл өтпеу	Ұяттан кешу (ҚХР) Беті пісу (Рес., Сар.) Тауы жығылу (Түрікм.) Қылшығы құрамау (ҚХР) Қыл сыймау (ҚХР)
3.	Үш құрамды фразеологизмнің бір компонентінің ауысып қолданылуы	Тастай батып, судай сіңу Арты жер иіскемеу Таяқ тастам жер	Балдай батып, судай сіңу (ҚХР) Тізесі жер иіскемеу (ҚХР) Таяқ атым жер (Өзб.,

		Ниеті қабыл болу Ел тізгінін ұстау	Таш.) Ниеті жолдас болу (Түрікм.) Елдің басын ұстау (Тау., Қош.)
--	--	---------------------------------------	--

Кейде құрамы үш сөзден тұратын, не одан да көп құрамды фразеологизмдердің бір құрамы басқа сөзбен ауысып, әдеби тілге балама жасайды. Ондай фразеологизмдердің мағынасында аздап болса да өзгешелік байқалады. Сондықтан ғалымдар оларды «фразеологизмдердің синонимдік тәсілімен түрленуі деп атауға болады», – дейді [119, 208 б.].

Аталған топтағы фразеологизмдер негізінен әдеби және аймақтардағы вариант фразеологизмдер болса, ендігі бір топтағы фразеологизмдер белгілі бір аймақтың ішінде өзара варианттылыққа ұшыраған. Ондай фразеологизмдердің әдеби тілде кейбірінің баламалары кездеспейді. Мысалы: Қытай қазақтары тілінде «*үнсiз қалу, тұйыққа тіреліп, салы суға кету*» мағынасындағы *басы ішіне түсіп кету* тіркесінің осы өңірде қатарласа қолданылатын *үні ішіне түсіп кету немесе демі ішіне түсіп кету түрлері* кездеседі [50, 110 б.]. Берілген вариант фразеологизмдер бір ғана аймақта ғана қолданылған. Енді бір вариант фразеологизмдер бірнеше аймақта кездеседі, бірақ әдеби тілде жоқ. Мысалы, әдеби тілдегі *мәпелеп өсіру* мағынасындағы тіркес Маңғыстау өңірі тұрғындарының тілінде *арқасына қағып, аузына жағу* түрінде айтылса, Қарақалпақ қазақтарының тілінде *арқасына қағып, аузына ұру* түрінде кездеседі. (Қаз.тіл.айм.сөзд., 70-б.). Сондай-ақ Көкшетау өңірі қазақтарының тіліндегі *біреудің шылауында болу* мағынасындағы *иек астында жүру* тіркесі Қытай қазақтарының тілінде *иек астында малтау* түрінде қолданылады (Қаз.тіл.айм.сөзд., 294-б.).

Сонымен қатар жалпыхалықтық тілдегі «қол ұшын беру», «көмек ету» мағынасындағы фразеологизмінің Қытай қазақтарының тілінде *шылбыр ұшын беру, қамшы ұшын беру, құрықтың ұшын беру* варианттары кездеседі. Мысалы: – *Сен дәм-тұзды қайтіп ұмыттың? Қамшының ұшын осындайда бермегенде қашан бересің?* (М. Раз., Алт. ақ. 554); *Нағыз достың белгісі, жаның қиналып, қысылып тұрғанда саған шылбыр ұшын береді* (ҚТТС, 1976, 197); *Салқар сағалы өзен иіріміне түскен талай-талай жанға өз кезінде тал құрықтың ұшын бергеннің бірі мен едім...*(Ж. Біл., Жондағы..., 7).

I. Кеңесбаев фразеологизмдердің варианттары мен синонимдердің бір нәрсе емес екенін айта келіп, олардың мынадай айырым белгісін көрсетеді. «Синонимдер арасында жалпы мағыналық жуықтық болғанмен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни синонимдес фразеологизмдердің компоненттері еш уақытта қайталанбайды» [27, 594 б.].

Шындығында, фразеологиялық варианттардың кейбір компонентінің ауысуы тіркестің негізгі беретін ойын өзгерте алмайтыны рас. Айталық, *жермен жексен қылу // жермен жексен ету* тіркесінің соңғы компонентінің ауысуы *қылу // ету* тіркестің негізгі мағынасына ешбір өзгеріс әкеліп отырған жоқ, сондықтан олар синонимдік қатар жасай алмайды. Яғни тіркестің мағынасының өзгеру-өзгермеуі ауыстырылып отырған компонентінің

лексикалық мағынасына қатысты болса керек. Бұл туралы ғалым З. Ураксин былай дейді: «Лексические фразеологические инонимы, возникающие при замене компонентов, становятся синонимическими единицами приобретая семантические и стилистические оттенки» [120, 92 б.]. Ал бірнеше аймақта айтылатын «үндемеу, сыр сақтау» мағынасындағы *тісін тісіне қою, тістің кәуегіне қою, тіс жармау* тіркестеріндегі компонентінің қайталанып келуіне қарамастан, әр тіркестің беретін стильдік бояуы түрліше екені көрініп тұр. Сондықтан олар көп жағдайда синонимдік қатар жасай алады.

Сонымен қорыта айтқанда, аймақтарда фразеологизмдердің бірнеше үлгісі кездеседі. Яғни олар кейде, әдеби-аймақтық тұрғыда балама жасаса (*ашуы келу – мінезі келу, беті кую – беті пісу*), енді бір фразеологизмдер аймақтың өз ішінде бірнеше вариантта кездеседі екен (*басы ішіне түсіп кету, үні ішіне түсіп кету, демі ішіне түсіп кету*). Сонымен қатар әдеби, жалпыхалыққа таныс фразеологизмдердің аймақтарда бірнеше варианты кездесетіні байқалды (*шылбыр ұшын беру, қамшы ұшын беру, құрықтың ұшын беру* т.б.). Сондай-ақ әдеби тілдегі кейбір фразеологизмдер аймақтарда дыбыстық (*айызы қану – айысы қану*), грамматикалық (*күйі келмеу – күйісі келмеу*) өзгеріске ұшырап, вариантты қатарлар жасайтыны аңғарылды. Дегенмен, вариантты фразеологизмдердің ең көп бөлігі, негізінен лексикалық тәсіл арқылы жасалғаны байқалады.

2.3.4 Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдерінің көпмағыналылығы

Академик Ә. Қайдар көпмағыналылыққа мынадай түсінік береді: «Полисемантизм – одна из характерных особенностей обычных лексических единиц. Это особенность присуща и ФЕ (фразеологические единицы), хотя в своем возникновении лексическая и фразеологическая многозначность имеет далеко не одинаковые причины. Если в расширении значений слов основную роль играют метафорический, метонимический и другие стилистические приемы переноса, то они же являются главным фактором образования самих фразеологизмов, т.е. один из компонентов (или несколько компонентов) ФЕ, как правило, употребляется в переносном значении, придавая общему содержанию фразеологизма определенную идиоматичность» [55, 209 б.].

Аймақтық тұрақты тіркестерде көп мағыналы сөздердің көпшілігі әдеби тілдегі негізгі мағыналардан өрби келіп жасалады. Бұл құбылыс көбіне жай метафоралы тіркестердің үнемі қайталана келе образдылық арқылы тұрақталуына байланысты. Мәселен, *жүзі қайтты* деген тіркестің ең алғашқы мағынасы – кесу, шабу құралдарының жүзі өтпей, майырылып қалуы болса, осы тіркестің аймақтардағы *беті қайту, беттей алмау* мағынасы ұқсатудан келіп туған, өрбіген образды метафоралы мағынасы. Академик І. Кеңесбаев белгілі бір фразаға тән көпмағыналылық екі түрлі жолмен жасалатындығын айтады. Оның бірі – жалғаса туатын мағына болса, екіншісі – жарыса туатын мағынасы деп, оған нақты мысалдар арқылы түсінік берген [27, 592 б.].

Белгілі бір аймақтардағы көпмағыналы фразеологизмдер негізінен әдеби тілдегі тіркестердің метафоралы қолданылуы арқылы қалыптасқан. Мысалы, әдеби тілдегі *алдынан кесе өту* жай тіркесі Қошағаш өлкесінде «жанасып кету»

мағынасындағы образды тіркеске айналған. Мысалы: *Сен осылай етемін деп, алдынан кесе өтіп алмадың ба?* (Тау., Қош.). Осы секілді тіркесі әдеби тілдегі *жол жүру* негізгі мағынасынан өрби келе, Қытай қазақтарының тілінде «пара беру» мағынасында тұрақты, образды тіркеске айналған.

Қытай қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым С. Мұстафаұлы көпмағыналы фразеологизмдердің негізгі тура мағынасымен арадағы байланыс үзілді деуге болмайды дейді. Ғалым *жол жүру* «пара беру» мағынасында қолданылуының сыры – пара беру үшін де арлы-берлі жүгіру, әрекет жасаудан келіп туса керек деп есептейді [50, 114].

Ағаш басына шығу (ҚХР) «өсекті қарша борату, түмедей істі түйедей қылып көрсету, дабырайту». *Богда мен Алтайдың күн бетін кезген өсек ағаш басына шығып болды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 17-б.).

Ауа жайлы болу (Рес., Волг.) «жүкті болу». *Моңғолдың қызы ауа жайлы болып, ұл тауыпты* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 83-б.).

Бармағын бүгіп қалу (ҚХР) «қулық, арамзалық ойлау». *Бірақ Қасен бұл қыздың «буржуазиялық» идеясын айқын сезіп, бармағын бүгіп қала берді* (Ғ. Қан., Бұрқ., 75-б.).

Бидайдай қуыру (МХР) «ұрсу». *Келді де бәрімізді бидайдай қуырды* (Қаз.тіл.айм.сөзд., 145-б.).

Тиірменіне су құю (ҚХР) «өршіту, қоздыру». *Ол екеуінің арасындағы дау өзі де шыққалы тұрған кезі еді, соны сен көре тұра тиірменіне су құйғандай болып тұрсың* (А. Қас., Н. Әбік., Қаз. тілі., 174).

Осылайша топтастырудың нәтижесінде біз жалпы тұрақты тіркестері ауызекі сөйлеу тіліндегі экспрессивті бояулылығы күшейе түсетіндігіне көз жеткізгендей болдық. Әрі жоғарыдағы жіктеу нәтижесінде аймақтық фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығына назар аударар болсақ, ең көп түрі етістік мәндес фразеологизмдер екенін аңғарамыз.

II тарау бойынша тұжырым:

Әдеби тілдегі мақал-мәтелдер сияқты аймақтық мақал-мәтелдер де антропоэзектік ұстаным бойынша қалыптасады, сондықтан да оларды бір-бірімен тығыз байланысты «Адам», «Қоғам», «Табиғат» макрожүйесіне топтап жіктеуге болады.

Белгілі бір аймақтардағы қазақтар тілінде кездесетін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрылымдық қалыптасуы оны әдеби тілдегі тілдік бірліктерден ерекшелейді. Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрылымы әдеби тілде бар тілдік бірліктердің құрылымдық, мағыналық өзгерістерге ұшырап қалыптасуынан және әдеби тілде жоқ мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің түрлі жағдайларға байланысты жасалуынан тұрады. Аймақтық фразеологизмдер образдығы жағынан жалпыхалықтық фразеологизмдерден бірде-бір кем түспейді. Бұл фразеологизмдер біртіндеп әдеби тілге еніп, жалпыхалықтық қолданысқа түсуге әбден мүмкіндігі бар тіркесімдер деуге болады.

Жинақталған аймақтық фразеологизмдердің молдығы олардың өз ішінен синонимдік, омонимдік, көпмағыналы түрлері мен түрлі баламаларын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдеби тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің баламасы аймақтарда кездеседі. Аймақтардағы фразеологизмдердің синонимділігі дегенде, бұлардың жалпыхалықтық тілдегідей қатарласып қолданылмайтындығын ескеруіміз керек. Себебі бір аймақ екінші аймақ үшін таныс емес.

Аймақтарда фразеологизмдердің бірнеше үлгісі кездеседі. Әрбір аймақтың жергілікті тілдік ерекшеліктеріне байланысты оның лексикалық варианттары көп екендігін байқауға болады. Дегенмен, оның құрамындағы компоненті жергілікті аймақтың әсерінен ауысып қолданылғанымен, негізгі мағынасында өзгеріс байқалмайды.

Аймақтық фразеологизмдердің көпмағыналылық сипаты ауызекі сөйлеу тілінде тұрақты тіркестердің экспрессивті бояулылығы күшейе түсетіндігін айқындайды.

Академик Ә. Қайдар айтпақшы, диалектологтарымыз қанша жыл ұдайы зерттеп келе жатса да, біз әлі күнге дейін қазақ тіліндегі диалектизмдердің жалпы санын дәл айтып, саралап бере алмаймыз және ол мүмкін де емес. Зерттеген сайын жалпыхалықтық тіл байлығының көзі ашыла беретіндігін көріп отырмыз. Жергілікті ерекшеліктердің көбісі сол өлкедегі елдің өмір тіршілігіне, кәсібіне, өзіндік салт-дәстүріне байланысты. Жүйесін тауып пайдалана білсек, олар да өз асылымыз [55, 120 б.]. Ғалым пікіріне сүйене отырып, қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері де әдеби тілді байытатын таусылмас қайнар бұлақтың бірі, оның өткенін бағамдап, келешегін пайымдар алтын діңгегіміздің бір бөлігі екендігін нақты айтуымызға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді зерттеу қазақ тіл білімінің диалектология саласы үшін ғана емес, қазақ паремиологиясы, қазақ фразеологиясы үшін де өте маңызды. Диссертацияда аймақтық мақал-мәтелдер мәселесі 500-ге жуық мақал-мәтелдер және аймақтық фразеологизмдер 1500-ден астам фразеологизмдер негізінде талданды.

Халықтың рухани творчествосының жемісі, тілдің ажарын кіргізетін, оның күдіретін арттыра түсетін, ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік нақышымен жеткізетін, ата-бабадан мұра ретінде келген сөз қазынасының дайын қолданылатын үлкен саласы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер этнос тілінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларды танымдық тұрғыда талдаудың ғылым үшін құндылығы ерекше. Адамзат тарихын өз бойына сақтаған халықтың фразеологиялық қорында философиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті көрініс тапқан. Бұл тұрғыда зерттеу барысы қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің де қазақ халқының материалдық, рухани өмірінің көптеген жақтарымен жанама да, тікелей де байланысты екенін көрсетті.

Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері белгілі бір аймақтың физикалық, географиялық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық мәдени ерекшеліктеріне және сол аймақтың әлеуметтік тарихына байланысты өзіндік ерекшеліктері болады. Осы орайда қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен факторлар анықталды. Олар – географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторлар.

Осының нәтижесінде аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына өсімдіктер әлемі, жан-жануарлар мен жәндіктер әлемі, сондай-ақ ландшафтық ерекшеліктердің әсер еткені нақты талдана келіп, олардың басқа аймақтардан айырмасы нақтыланды.

Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің аймақтық ерекшелікте қалыптасуына негізінен халықтың шаруашылық жағдайы, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы да өзінше әсер еткен факторлардың бірі болды. Себебі әрбір өңірдің өзіндік шаруашылық, мәдени жағдайлары олардың тілінде көрініс тапты.

Белгілі бір тарихи дәуірлер мен кезеңдер, түрлі оқиғалар аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына өзіндік әсерін тигізді. Өйткені жергілікті халық тіліндегі паремиалар мен фразеологизмдер – талай тарихи жағдаяттардың сырын өз бойына сақтап қалған сөз өрнектері.

Аймақтық лексика – ұлттық тіл үшін оны әдеби тілден ерекшелейтін белгі ғана емес, туыстығы жағынан біршама жақын не алшақ тілдердің арасындағы ортақтықты, туыстықты айқындаудың, шығу тарихының көмескі іздерін табу жолдарының бағалы құралы, себебі аймақтық лексика – этностың тіл аталатын байлығының құрамдас бөлігі. Сондықтан да жергілікті аймақтардағы тұрғындар тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен тағы тілдік факторларды анықтаудың маңызы зор болмақ.

Қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер құрамындағы туыс, туыс емес тілдерден енген сөздердің негізгі бөлігі басқа елдермен іргелес, көрші тұру нәтижесінде еңсе, енді бір бөлігі жалпыхалықтық сипатқа ие бола алмай, белгілі бір аймақ көлемінде ғана қолданылады.

О баста бір ұлтқа тән болған ұғымның атауы ұлттар мәдени өмірінің даму сатысында жіктеліп, бір ұғымның төңірегінен алыстап, семантикалық өзгеріске ұшырап отырады. Сөз төркінін зерттеу арқылы қоғам дамуына байланысты сөз мағынасының өзгеруін және олардың алғашқы түп төркінін анықтауға болады. Кезінде жалпыхалықтық тілде актив қолданыс тапқан, бүгінде тар шеңберде, нақтырақ айтқанда, белгілі аймақ халқының тілінде ғана қолданылатын сөздердің төркінін анықтау тіл тарихы үшін де, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер уәжін ұғыну үшін де маңызды болмақ.

Түркі тілдерінің өзара туыстығын, о бастағы мәдени, рухани ортақтығын, сонымен бірге кейінгі дәуірлердегі дербес дамуының өзіндік ерекшеліктерін ортақ қор – мақал-мәтелдерден анық көреміз. Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінен құрылымдық, сөзбе-сөз сәйкестіктен бастап, логикалық ой, дүниетаным мен бейнелеу тәсілдеріндегі ортақтықты байқаймыз. Әсіресе мұндай ортақтық басқа тілдік ортада өмір сүріп жатқан қазақтар тілінде көптеп кездеседі.

Түркі мақал-мәтелдерінің ортақтығы мен тілара сәйкестігі – белгілі бір заңдылыққа, тарихи факторға барып саятын құбылыс. Атап айтқанда, түркі төркіндестігі, тектестігі; түркі тілдес этностардың көне замандардан бері бірге жасап, біте қайнасуы, көрші тұруы; олардың өмір-тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетіндегі ұқсастық, сәйкестік; бір тілде пайда болған мақал-мәтелдерді көршілес тілдің өзіне ыңғайластыра қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасап алуы, сондай-ақ, ойлау жүйесі, адам баласына ортақ болғандықтан, түркі халықтарының сәйкес мақал-мәтелдерінің ұқсас болуы заңды құбылыс екенін атап көрсетеміз.

Әр тілдегі мақал-мәтелдердің баршасы антропоэзектік ұстаным бойынша қалыптасып, қалай жасалап айтылса да, адам баласының өзіне, яғни әрбір халықтың өкіліне бағышталып, соның бойындағы не жақсы, не жаман қасиеттерін сипаттауға арналады. Мақал-мәтелдерге негіз болып саналатын заттар да, құбылыстар да, өсімдік пен жан-жануарлар да өзінің бастапқы тақырыптық мағынасынан ауыс мағынасына өтуіне халықтың ой-санасына тән логикалық пайым, уәжділік (мотив, себеп) сәйкестігі болуы шарт.

«Адам», «Қоғам», «Табиғат» – бүкіл әлем дүниесінің қазығы. Кез келген нәрсенің бәрі осы адамнан бастау алып, кез келгені адамға тіреледі. Тіршілік иесі де – адам. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, ал табиғатты адамсыз елестету де мүмкін емес. Сондықтан бұл бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, диссертация барысында қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер осы принцип бойынша топтастырылды.

Өзіндік сипатына қарай аймақтық мақал-мәтелдердің құрылымдық қалыптасуын бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады: біріншіден, әдеби тілде кездесетін мақал-мәтелдер дыбыстық, грамматикалық, лексикалық

өзгерістерге ұшырап қалыптасса, екіншіден, әдеби тілде жоқ жергілікті халықтың тілінде ғана айтылып, жалпыхалықтық сипат алмаған түрлері де бар. Ондай аймақтық мақал-мәтелдердің құрамында сол өлке тұрғындарына түсінікті сөздер мен тек сол паремияның құрамында ғана айтылатын сөздер кездеседі.

Аймақтық фразеологизмдердің де құрылымдық дамуы осындай жүйеде зерттелді. Бір ерекшелігі – аймақтық фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілдің үлес салмағы мақал-мәтелдерге қарағанда артығырақ.

Аймақтық фразеологизмдердің молдығы олардың өз ішінен синонимдік, омонимдік, көпмағыналы түрлері мен түрлі баламаларын айқындауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, әдеби тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің баламасын аймақтардағы мақал-мәтелдерден табуға болады.

Қазақ тіліндегі аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің ерекшеліктерін алдағы уақытта танымдық тұрғыда, оның ішінде этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыда жан-жақты зерттеу қажет. Себебі аймақтық лексика – этнос болмысының негізі, бастау алар қайнар бұлағы.

Қорыта айтқанда, біздің жинаған материалдарымыз қазақ тілінің сөздік қорындағы аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің өзіндік орны мен үлес салмағы бар екендігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
- 2 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 3 Тасымов А. Қазақ диалектологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қайнар университеті, 2005. – 159 б.
- 4 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 200 б.
- 5 Аванесов Р.И. Очерки русской диалектологии. Часть первая. М.: Госучпедгиз, 1949. – 336 с.
- 6 Болатов Ж. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку: Автореф. дис... докт. филол. наук. – Алматы, 1970. – 36 с.
- 7 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы: Ғылым, 1974. – 289 б.
- 8 Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 168 б.
- 9 Бородина М.А. Диалекты или региолекты? (К проблеме языковой ситуации в современной Франции) // Вопросы языкознания. – М., 1985. – №5. – С. 29-38.
- 10 Бәмішұлы Б. Моңғолия қазағының тілі: әлеуметтік-лингвистикалық қыры: Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.19. – Алматы, 2006. – 167 б.
- 11 Қайдар Ә. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 72 б.
- 12 Үдербаев А.Ж. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстырмалы зерттеу: Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 159 б.
- 13 Сарыбаев Ш.Ш. Диалектология саласындағы кейбір атаулар жайында // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1973. – 193-200 бб.
- 14 Базылхан Б. Моңғолия қазақтарының тілі. – Улаанбаатар-Өлгий, 1991. – 206 б.
- 15 Өтебеков Б. Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер: Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 1998. – 131 б.
- 16 Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы: Мектеп, 1985. – 232 б.
- 17 Нұрмағамбетов Ә. Түркіменстандағы қазақтардың тілі. – Алматы: Ғылым, 1974. – 165 б.
18. Никольский Л.Б. Синхронная социоллингвистика. – М.: Наука, 1976. – 166 с.
- 19 Атабаева М.С. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі: Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 283 б.
- 20 Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 269 б.
- 21 Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 192 б.

- 22 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қаз ССР Ғылым Академиясы, 1948. – 439 б.
- 23 Даль В.И. Пословицы русского народа. – М.: Гослитиздат, 1957. – 991 с.
- 24 Рыбникова М.А. Русские пословицы и поговорки. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1961. – 230 с.
- 25 Әлімбаев М. Мақал-мәтелдер және аударма. – Алматы, 1972. – 350 б.
- 26 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
- 27 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
- 28 Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1994. –
- 29 Ройзензон Я.И. К изучению диалектной фразеологии // Общесловянский лингвистический атлас: Материалы и исследования. – М., 1972. – С. 39-40.
- 30 Шестакова Е.Н. Устойчивые сочетания в говорах Воронежской области: АКД-Воронеж, 1967. – 187 с.
- 31 Орел М.В. Диалектная фразеология среднеобских старожильческих говоров. – Томск, 1971. – 209 с.
- 32 Захаров Б.Ф. Диалектная фразеология говора с.Саитовка Починковского района Горьковской области: АКД-Горький, 1973. – 181 с.
- 33 Федоров А.И. Сибирская диалектная фразеология. – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1980. – 192 с.
- 34 Ивашко Л.А. Очерки русской диалектной фразеологии. – Л., 1981. – 111 с.
- 35 Блинова О.И. Русская диалектология. – Томск: Изд-во Томского университета, 1984. – 133 с.
- 36 Шерматов А. Узбекские народные говоры Кашкадарьинской области. – Ташкент: Фан, 1978. – 144 с.
- 37 Юнусалиев Б.М. Кыргыз диалектологиясы. – Фрунзе, 1971. – 236 с.
- 38 Насыров Д.С. Становление Каракалпакского разговорного языка и его диалектная система. Каракалпакстан, 1976. – 399 с.
- 39 Миржанова С.Ф. Южный диалект башкирского языка. – М.: Наука, 1979. – 272 с.
- 40 Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 2001. – 608 с.
- 41 Досқараев Ж. Қазақ тілінің оңтүстік диалектісінің мәселелері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1945. – 287 б.
- 42 Байжолов Ә. Қостанай қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1963. – 238 б.
- 43 Бөрібаев Ә. Орда қазақтарының тіл ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1964. – 268 б.
- 44 Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғалым, 1965. – 200 б.
- 45 Айдаров Т. Өзбекстандағы Тамды ауданы қазақтарының тіліндегі ерекшеліктер. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Ташкент, 1967. – 236 б.

- 46 Тасымов А. Еділ бойындағы қазақтардың тіл ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1975. – 268 б.
- 47 Құрманәлиев Ә. Батыс Сібір қазақтарының тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 129 б.
- 48 Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері (Қарақалпақстандағы қазақ говоры материалы негізінде). – Алматы: Мектеп, 1981. – 136 б.
- 49 Жүсіпова Б. Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 146 б.
- 50 Мұстафаұлы С. Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 177 б.
- 51 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
- 52 Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 147 б.
- 53 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 312 б.
- 54 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Педагог.ғыл.канд. ... дисс.: – Алматы, 1996. – 314 б.
- 55 Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Ә. Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 56 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
57. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 126 б.
- 58 Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы: Мектеп, 1985. – 160 б.
- 59 Сейітова Ш. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 147 б.
- 60 Душков Б.А. География и психология. М.: Мысль, 1987. – 285 с.
- 61 Баскаков Н.А. Микроэтнонимы и проблемы изучения этногенетических связей между народностями / на материале этнонимов ногайцев и каракалпаков // Ономастика Средней Азии. Фрунзе, 1980. – С. 3- 8.
- 62 Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 1995. – 162 б.
- 63 Средняя Азия. Экономико-географическая характеристика и проблемы развития хозяйств. М., 1969. – 211 с.
- 64 Кубланов К.К. Из истории развития животноводства в Чуйской долине // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 111-1114.
- 65 Авакова Р.А. Қазақ фразеологиясының семантикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 257 б.

- 66 Зейнолла Сәнік. Мұралар нені айтады. – Күйтін: Іле халық баспасы, 1991. – 366 б.
- 67 Формозов А.Н. Животный мир Казахстана. – М.: Наука, 1987. – 148 с.
- 68 Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1973. – 264 с.
- 69 Насыров Р. Оңтүстік Қазақстан. – Алматы: Қайнар, 1990. – 240 б.
- 70 Бекназаров Б. Оңтүстік Қазақстан тарихының очерктері (XVIII-XIX ғ.). – Алматы: Ғылым, 1976. – 286 б.
- 71 Григорьев Г.В. Келеская степь в археологическом отношении // Известия АН Каз ССР. Сер. арх. Алма-Ата, 1948. Вып. I. С. 26-27.
- 72 Южаков Ю. Наши приобретения в Средней Азии, Ч. II, Чимкентский округ – «Отечественные записки», 1867.
- 73 Айтазин Қ. Кәсіби лексика мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. – 112 б.
- 74 Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. 2-бөлім. – Алматы, 1955. – 76 б.
- 75 Сарыбаев Ш. Көкшетау облысының Щучинск, Еңбекшілер ауданындағы тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 3-шығу. – Алматы, 1960. – 65 б.
- 76 Адилова Г. Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі өліні жерлеу және артын күту дәстүрімен байланысты этнографизмдер // Қаз ҰҒА Хабаршысы, 2008. №8. – 143-145 бб.
- 77 Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. 10.02.06. – Алматы, 2007. – 26 б.
- 78 Бектұров Ш. Қазақ тілінің Қызылорда говоруы. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1968. – 245 б.
- 79 Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2-шығуы. – Алматы, 1960. – 122-166 бб.
- 80 Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. – Алматы: Рауан, 1992. – 124 б.
- 81 Смағұлова Г., Хазимова Ә. Қазақ тіліндегі тарихи фразеологизмдер. // Қаз МУ Хабаршысы, 2000. №18(52). – 47-51 бб.
- 82 Қалиев Г.К. К вопросу типологии переходных явления в казахских говорах // Известия АН Каз ССР, 1986. №4. – С. 26-32.
- 83 Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М.: Аспект пресс, 2000. – 205 с.
- 84 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т. I. М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. – 384 с.
- 85 Ниязғалиева А. Қазақ сөйленістеріндегі орыс тілінен енген сөздер. Филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. 10.02.02. – Алматы, 1993. – 24 б.
- 86 Кляшторный С.Г., Султанов Г.И. Казахстан. Летопись трехтысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 375 с.
- 87 Кайдаров А.Т. Казахский язык // Языки мира, тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997. – С. 242-255.

- 88 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
- 89 Малов С.Е. К истории казахского языка. // Изв-я АН СССР. Отделение литературы и языка, 1941, №3. – С. 97.
- 90 Радлов В.В. Наречие тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. СПб., 1870, Ч. III. С. 17.
- 91 Бүркітбай Г.Ж. Қазақ түсіндірме сөздіктеріндегі арабизмдердің лексикографиялануы. Филол.ғыл.канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2003. – 26 б.
- 92 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. СПб., 1914. 4 л.
- 93 Тымболова А.О. Тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 133 б.
- 94 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: Мектеп, 1975. – 302 б.
- 95 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 96 Батманов И.А. Источники формирования тюркских языков Южной Сибири и Средней Азии. – Фрунзе: Изд-во АН КирССР 1966. – 125 с.
- 97 Базылхан Б. Монгольские заимствование в Баян-Ульгейском говоре казахского языка. – Улаанбаатар, 1967. – 92 с.
- 98 Рассадин В.И. Монголо-бурятские заимствования в Сибирских тюркских языках. – М.: Наука, 1980. – 111 с.
- 99 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. – 624 б.
- 100 Баскаков Н.А. Алтайский язык. (Введение в изучение алт. яз. и его диалектов). М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1958. – 115 с.
- 101 Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках. ПОАЯ. Л., 1971.
- 102 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Л., 1926, Т.2. – 895 с.
- 103 Сәрсенбаев Р. Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1961. – 224 б.
- 104 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
- 105 Қалиев Ғ. Арал говорының кейбір ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.00. – Алматы, 1953. – 271 б.
- 106 Байниязов А.Ж., Байниязов Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007. – 808 б.
- 107 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
- 108 Малов С. Е. Язык желтых уйгуров. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1957. – 197 с.
- 109 Рассадин В. И. Фонетика и лексика тофаларского языка. – Улан-Удэ, Бурят. кн. изд-во, 1971, – 251 с.

- 110 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2001. – 114 б.
- 111 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениет-танымдық мәні. Филол.ғыл.канд. ... дисс. авторефераты. 10.02.02. – Алматы, 2001. – 26 б.
- 112 Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 2000. – 160 б.
- 113 Мирза М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 2002. – 150 б.
- 114 Дина Б.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. Филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 118 б.
- 115 Айтбаев Ө. Мақал-мәтелдердің жазуымыз бен сөйлеуіміздегі қызметі // Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
- 116 Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2004. – 272 б.
- 117 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 118 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 119 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 120 Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва: Наука, 1975, – 192 с.

ҚОСЫМША

А) Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері

Абырайлы істің басына, жақсы келер қасына. (Қарақ. қаз.)

Ағаш қазанның асы бір-ақ рет қайнайды. (ҚХР)

Адал жұмыс – ләззәтті жеміс. (Өзб. қаз.)

Адал жүрсе, өгіз арбамен қоянға жетер. (МХР)

Адам ағалы болсын,
Тон жағалы болсын. (МХР)

Адам адамға мейман, жан кеудеге мейман. (Өзб. қаз.)

Адам бір терінің ішінде неше азып, неше семіреді. (ҚХР)

Адам күні адаммен,
Дос көтерер көңілді. (ҚХР)

Адам тіліне аспандағы бұлт айналар. (ҚХР)

Адам ізіндегісін көріп қартаяды. (Қарақ. қаз.)

Адамның аласы ішінде,
Жыланның аласы сыртында. (МХР)

Адамның бәрі дана емес,
Аттың бәрі жорға емес. (МХР)

Ажы гүң ақырады, төрт би шақырады. (ҚХР)

Айдауылдың алдына түспе,
Тосқауылдың торына түспе. (ҚХР)

Айдаһар асқынса, айға ұмтылады,
Ақымақ асқынса, анасына ұмтылады (ҚХР)

Айдаһардың аузынан қалсаң,
Жыланның шаққанына қуанарсың. (ҚХР)

Айт деген түйеге медеу. (Өзб. қаз.)

Айтар сөзді – айт, айтпас сөзден қайт. (Өзб. қаз.)

Айтқан ақыл дарымас алақұйын адамға,
Дамыл таппас, дағдармас жығылғанша аранға. (ҚХР)

Айтсам тілім күйеді, айтпасам ділім күйеді. (Өзб. қаз.)

Ақ иіліп сынбайды. (Өзб. қаз.)

Ақ мысық, қара мысық, тышқан алғаны нақ мысық. (ҚХР)

Ақ сұңқар қанатымен шашып жейді, жапалақ бауырына басып жейді,
атаның ұлы аштан өлсе де асатпай жемейді, жетесі жаман жеген асына кел
демейді. (ҚХР)

Ақсақты алсаң сау туар,
Соқырды алсаң сой қуар. (Түрікмен.қаз.)

Ақшаң жоқ болса, жамбылға барма. (ҚХР)

Ақымақ пен шешен айтыса алмас,
Түйе мен ешкі сүзісе алмас. (МХР)

Алаша тұқымын танытпас, жүк тасып көште жарытпас. (Түрікм.қаз.)

Алдымен тағам, одан кейін қалам. (ҚХР)

Алжыған аю далаға түседі. (ҚХР)

Алтайға жұт келсе Сауыр құтырады, қытай келсе Мәми құтырады. (ҚХР)

Алтынның қасында мыс сарғаяды. (МХР)

Алтынын алып, абдырасын тастау. (МХР)

Алуа дегенмен, ауыз тұшымайды. (Өзб. қаз.)

Алуаны әркім жер,
Таяқты жетім жер. (Қарақ. қаз.)

Алым болсаң, алам (әлем) сенікі. (Өзб. қаз.)

Алым болсаң, тәкрәр қыл,
Диқан болсаң, сүдігер қыл. (Өзб. қаз.)

Анасы мақтаған қызды алма,
Ел мақтаған қыздан құр қалма. (Өзб. қаз.)

Арадағы бозбайтал андағыны мұнда айтар,
Мұндағыны онда айтар. (Қарақ. қаз.)

Арамдыққа қызыққан ордасынан айрылады. (ҚХР)

Ас жақсысы – қазанжаппай,
Сөз жақсысы – ләппай. (Қарақ. қаз.)

Асауға тұсау, тебегенге күйде, тарпаңға бүкпе. (ҚХР)

Асқақтасаң аспаққа асыларсың,
Бәсең болсаң бәйгеге қосыларсың. (ҚХР)

Аспанға түкірсең, бетіңе түседі. (Өзб. қаз., Қарақ. қаз.)

Аспаннан былғары жауса, құлға оқшантай тимепті. (ҚХР)

Асты қуыс ішер, я туыс ішер. (Өзб. қаз.)

Асығып істеген іс сәтті болмайды, шала пысқан тамақ тәтті болмайды.
(ҚХР)

Асылсаң бәлән (биік) дарға асыл,
Аяғың жерге тимесін. (Өзб. қаз.)

Асың барда беріп жүріп ел таны,
Атың барда желіп жүріп жер таны (МХР)

Асыранды тайынша арба шағар. (МХР)

Ат өтеді ауылдан,
Қамшы өтеді сауылдан. (Ауғ., Иран қаз.)

Аталы сөз – ақылға көз. (Өзб. қаз.)

Атаң қартайса – құл, анаң қартайса – күң. (Өзб. қаз.)

Атаңның тәзірін жемейін десең,
Адамның тәкірін же. (Өзб. қаз.)

Аттан айырылса ұстауға болар,
Сөзден айырылса ұстауға болмас. (МХР)

Аты ұлық, сыпырасы құрық. (Өзб. қаз.)

Атың ауыздықты болса, арманда өлмейсің,
Жарақты болсаң, жаудан жеңілмейсің. (Қарақ. қаз.)

Аузы дүрдисе де, бауыры дүрдимес. (МХР)

Аулымыз атауда, аяқ-қолымыз матауда. (Қарақ. қаз.)

Ауруда алғау жаман,
Адамда жалқау жаман. (ҚХР)

Аурудың айыбы жоқ,
Дегішпенің қадірі жоқ. (Қарақ. қаз.)

Ауыз кіші, қарны әйдік, қой семірсе көтерер,
Қарны кіші, аузы әйдік, ит семірсе құтырар. (Қарақ. қаз.)

Ауызға келгенді сөйлеу – наданның ісі,
Алдына келгенді жеу – айуанның ісі. (Өзб. қаз.)

Ауылдан іздегенше, абдыраңнан ізде. (МХР)

Ауылдастың ары бір, көршілестің көңілі бір. (МХР)

Ашыққанда кәрі бұғының мүйізі де жұмсақ,
Тойғанда қозының еті де қатты. (МХР)

Аязды аспанның жиегі қызыл,
Жырғаулы әйелдің беті қызыл. (МХР)

Аяқ астың егесі күнбе-күн оралар,
Ат көліктің егесі жылма-жыл оралар. (МХР)

Әзелден дұспан дос болмас. (Түрікмен.қаз)

Әйелінен өзге жан көрмеген,
Ерінен биік төбе көрмеген. (МХР)

Әкесі баласына кейку үйретеді. (Өзб. қаз.)

Әмісе жырғалаң,
Әмісе зобалаң жоқ. (ҚХР)

Әр азғынға бір зауал. (Қарақ. қаз.)

Әркім өз тасына батпан. (Өзб. қаз.)

Әсет (тамыз айы) – егініңді жасат. (Өзб. қаз.)

Әуеде бұлт болса, жерде шерім етік ұртын томпайтады. (Қарақ. қаз.)

Әуелі асқан жаман, асқаннан сасқан жаман, бәрінен де мойнына қоржын салып қашқан жаман. (ҚХР)

Әуелі өзіңе бақ, соң нағара (кепшік) қақ. (Өзб. қаз.)

Базар көрген ешкіден қорық. (Өзб. қаз.)

Баймағамбеттен бақа туған,
Сары ишаннан қақа туған. (Түрікмен. қаз.)

Баймен айтысу қиын,
Батырмен алысу қиын. (МХР)

Бақа қарғығанмен аяғының астына түсер. (МХР)

Бақыл жоқ болсаң бере алмайды,
Бар болсаң көре алмайды. (Өзб. қаз.)

Бақылдың бағы көгермес. (Өзб. қаз.)

Бала – әзіз, әдебі одан әзіз. (Өзб. қаз.)

Балта көтергенше жал табу. (МХР)

Балта шапқанша, дөңбек жал табады. (ҚХР)

Балшықтан жасалған күбі суға түссе сау шықпайды. (ҚХР)

Балық үндес, бақа тілдес болу. (ҚХР)

Бар барынша, жоқ әлінше. (Өзб. қаз.)

Барқы біле ме, сөздің нарқы біле ме. (ҚХР)

Бас кәтті ме, тас кәтті ме. (Ауғ., Иран қаз.)

Басқыға түссең, басыңнан айырыларсың. (Қарақ. қаз.)

Бассыз үйдің иті осырақ. (ҚХР)

Басшы бастай білсе, он кісі жүзді жеңеді. (ҚХР)

Батыр – аңқау, ер – көдек. (Қарақ. қаз.)

Батыр тапса – барша жер,
Бақыл тапса – басып жер. (Өзб. қаз.)

Батырға таяқ та жарак,
Ұратұғын кісіге ине жарак. (Өзб. қаз.)

Берекелі тоғайда, басын иіп тал тұрар,
Берекелі ауылда, ақылы дана шал тұрар. (ҚХР)

Бесігі жоғары шықпағанды,
Жоғары шық деп зорлама. (ҚХР)

Бетімнің қалыны – жанымның дамылы. (Өзб. қаз.)

Биқажы өз құнын өзі кескен. (ҚХР)

Болдырған сиыр әртүрлі боқ тышады. (ҚХР)

Бос қап – тік тұрмас. (Өзб. қаз.)

Бөз жейде қышытар, жақсы қатын – тыншытар. (Өзб. қаз.)

Бұланнан үлкен аң болмас,
Бұланайдан үлкен тау болмас. (ҚХР)

Бұрын дүлде – араз едік, енді мүлде араз болдық. (ҚХР)

Бұрынғыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер. (ҚХР)

Бұрышы (борышы) жоқтың бұрды (сүбіті) жоқ. (Өзб. қаз.)

Бүркітің түлкі алса бүркіт, түлкі алмаса лау мінген шүршіт. (ҚХР)

Білген білгенін істер,
Білмеген бармағын тістер. (Өзб. қаз.)

Білгенге – дыр, білмегенге – жыр. (Рес., Қалм.)

Білмегеннен – білген жақсы,
Туры істі қылған жақсы. (Өзб. қаз.)

Білмедік еліңнің сырын, біз жедік алақшынның қырын. (Қарақ.қаз.)

Білмеймін деу мың сөзге тиек. (МХР)

Бір айтқан бес, екі айтқан – әбес. (Өзб. қаз.)

Бір күн хышаң болсаң, бір күн қоңырау соқ. (ҚХР)

Бір күнге өгіз өлмес, ертесіне – егесі бермес. (Өзб. қаз.)

Бір сиырдың мүйізі тітіренсе,
Мың сиырдың мүйізі тітіренеді. (МХР)

Бір тиыннан бие болмас,
Екі тиыннан түйе болмас. (Қарақ. қаз.)

Гәп десең қап-қап,
Іс десең Самарқаннан тап. (Өзб. қаз.)

Гөрдің қолына, гереннің астына түспе. (Қарақ. қаз.)

Гөш жоқ жерде көже де ас. (Қарақ.қаз.)

Гілем сатсаң, қоңсыңа сат,
Бір шетіне өзің отырарсың. (Өзб. қаз.)

Дарақ бір жайда тұрып көгереді. (Өзб. қаз.)

Дарияға тамшы да сеп. (МХР)

Дару-Дару, Дарубай, Дарубайдың айдыны жолбарыс пен аюдай. (ҚХР)

Дәңгәсәнің ісі бітпес,
Жаз болсаям қысы бітпес. (Өзб. қаз.)

Дәрігерді қанша білгір десең де, өзіне септігі жоқ,
Пышақты қанша өткір десең де, сабына септігі жоқ. (МХР)

Дәрігердің ескісі тәуір,
Жұлдызшының жаңасы тәуір. (МХР)

Дәстүр жолы дөңес келер,
Билік жолы белес келер. (МХР)

Деңгеліме келмес жау, келсе егер қалмас сау. (Түрікмен.қаз.)

Деңгенеден құр қалған,
Әйеліне ие болмас. (Қарақ. қаз.)
Достың үшін зәэр жұт. (Өзб. қаз.)

Дұшпан сырынды ұрлайды,
Дос – қатаңды турылайды. (Өзб. қаз.)

Дұшпанның күлгені – сырынды білгені. (Өзб. қаз.)

Егдеге – ізет, жасқа – жол,
Осы күнгі ұран сол. (Өзб. қаз.)

Екі дарбыз бір қолтыққа сыймайды. (Өзб.қаз.)

Екі жабсақ, бір ебсек. (Өзб.қаз.)

Екі қатынды құдайым алдырмасын,
Қамқадан көңіл қалдырмасын. (ҚХР)

Ел не боса, сенәм со(л). (Өзб. қаз.)

Елге берсең асыңды,
Ерлер сылар басыңды.
Итке берсең асыңды,
Иттер мүжір басыңды. (Өзб. қаз.)

Елге келсең еліңше, суға кірсең беліңше. (ҚХР)

Емегейті – жер жақсысы, Қанас – көл жақсысы, Үш ата – ел жақсысы.
(ҚХР)

Еміл бастан былғанады, сағасынан тұнады. (ҚХР)

Еңкейе білмес ер жігіттен,
Еңбексүйгіш ана артық. (МХР)

Ер адамның бір міні – жайлауына кетсе жағасы,
Әйелдердің бір міні – орынсыз айтқан табасы. (ҚХР)

Ер батса ат қипаң болады,
Қамшы батса сипаң болады. (Рес., Саратов.)

Ер жігіт жақсылыққа жарылмас,
Жаманшылыққа налымас. (МХР)

Ер жігіттің ішіне ерлі-жүгенді ат сияр. (МХР)

Ер малсыз болмас, жігіт жарсыз. (Өзб. қаз.)
Ерге де бір нәубет, жерге де бір нәубет. (Өзб.қаз.)

Ерден ер буазиды. (Орын., Ад.)

Ердің ерін көргенде, тақымында күлерсің. (ҚХР)

Еркелікке үйренгенше, қиыншылыққа үйрен. (МХР)

Ерлі-қатын ұрысы,
Дәке орамал құрысы. (Өзб.қаз.)

Ерте еккен пүтін алар,
Кеш қалған отын алар. (Өзб.қаз.)

Ерте оңбаған кеш оңбас,
Кеш оңбаған еш оңбас. (Өзб.қаз.)

Ерісерге ер керек. (Өзб. қаз.)

Есек қодығымен, шеңгел собығымен. (Өзб.қаз.)

Есек өлем десе, арыт жағы қобыз тартыпты. (ҚХР)

Есектің құлағына алтын тықсаң да құлағын сілкеді,
Тезек тықсаң да құлағын сілкеді. (МХР)

Ет асса күртік қалмайды. (Қарак. қаз.)

Ет сүйекке қарай. (МХР)

Етті қуырған құртады, шөпті суырған құртады. (ҚХР)

Ешектің ақырына ат байласа тәсілі ұрар. (Өзб.қаз.)

Жабдықтың күні жарқырап,
Сайрамның күні сарқырап. (ҚХР)

Жадағайсыз жан қалмас, жаға берсе тал қалмас. (Түрікмен.қаз.)

Жақсы адам асын жер, жаман адам басын жер. (Өзб. қаз.)

Жақсы дос – жан азығы,

Жаман дос – бас қазығы. (Өзб. қаз.)

Жақсы жүрібімен дүл, жаман жүрісімен құл болар. (Өзб.қаз.)
Жақсы жігіт ел деп тұрады, алыс-жақынды тең деп тұрады. (ҚХР)

Жақсылық қыл да суға тайла (таста). (Ауғ., Иран)

Жақсыны көріп пікір қыл,
Жаманды көріп шүкір қыл. (Өзб.қаз.)

Жақсының белгісі қолынан тартады, жаманның белгісі аяғынан тартады.
(ҚХР)

Жалаңдаған пышақ қынға тоқтайды, ойнақтаған өтірік шынға тоқтайды.
(ҚХР)

Жалғыз шөптің батпан суға кесірі бар. (Түрікмен. қаз.)

Жалқаудың қолы жабықтағы етке де жетпес. (МХР)

Жалман келсе, алман келеді. (ҚХР)

Жаман жолдас жау болар,
Жолың тосып ғау болар. (Өзб. қаз.)

Жаман туыстан, жақсы қоңсы артық. (Өзб.қаз.)

Жаман іске аяр, асқа – таяр. (Өзб.қаз.)

Жаманға дәулет үшін күлкі берер,
Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер. (ҚХР)

Жаманға ісің түспесін,
Қалыңға құсың түспесін. (Өзб. қаз.)

Жаманның жағасынан алып, ағасына бар,
Хұдада үміп бар, ауада бұлт бар. (Ауғ., Иран)

Жаннан кешпей жан ана қайда,
Тауға шықпай долана қайда. (Өзб.қаз.)

Жантақтан әтір шықпас,
Қорқақтан батыр шықпас. (Өзб.қаз.)

Жаңбыр алды – шаң, итқұс алды – құзғын. (МХР)

Жарамастың жақсысы болғанша,
Жақсының сағаты бол. (Тау., Қош.)

Жарлының кеуілі құрт көксейді,
Көжесінің қатығы жоқ. (Қарақ. қаз.)

Жарлының малын жасаңға қусаң, қуаңға қашады. (Қарақ. қаз.)

Жас берген құдай қан береді,
Тіс берген құдай ас береді. (Ауғ., Иран)

Жастығыңды әдет қылсаң,
Кәрігенше көнігерсің.
Кәрігенде әдет қылсаң,
Көніккенше көмілерсің. (Өзб. қаз.)

Жастың ажалдысы өледі, қарының бары өледі. (Түрікмен. қаз.)

Жастың құрметі – қарыз,
Кәрінің құрметі – парыз. (Өзб. қаз.)

Жатып жесе тау да таусылады. (ҚХР)

Жаулық кигеннің бәрі қатын емес, бөрік кигеннің бәрі батыр емес. (Қарақ. қаз.)

Жәдік, Жәнтекей кісі өлтірсе, Қарақас, Молқы құн төлейді. (ҚХР)

Жәнтекейдің бұқа қарағаны бір үйлі болыпты. (ҚХР)

Жәнібектің ақ туы астында кезігейік. (ҚХР)

Жер көрсең Наратты көр, адам көрсең Манапты көр, ат көрсең кер атты көр. (ҚХР)

Жердің жүзін мақпал алса да,
Аңқауға тақиялық та жетпейді. (Өзб. қаз.)

Жетімшілікті көп көрген,
Үш шақырымдай а демес.
Ашаршылықты көп көрген,
Өзі тоймай ма демес. (Ауғ., Иран)

Жиеннен ел болмайды,
Желкеден ас болмайды. (Ауғ., Иран)

Жолға шықсаң, жолдасыңды тауып шық,
Болмаса үй ішінді шауып шық. (Ауғ., Иран)

Жолдасың жаман болса, алыс жүр де, үн қатпа, қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа. (ҚХР)

Жосын білмегенге жора жұқпас. (МХР)

Жуасты жүндемесе, қиямет қайымда сұраққа тартылады. (ҚХР)

Жұт болғанда ит семіреді,
Қиыншылық түскенде лама семіреді. (МХР)

Жүйрік атқа алласы не, салласы не. (Қарақ. қаз.)

Жүрген – дайра, отырған – бойра. (Өзб. қаз.)

Жүрген алмайды,
Бұйырған қалмайды. (Ауғ., Иран)

Жығылғаның қыздың бағы болсын. (Ауғ., Иран)

Жылаған көзге – жас, жеген ауызға – ас. (Өзб. қаз.)

Жылағанның алдынан өксіген шығады. (Өзб. қаз.)

Жылан ирендеп жүреді,
Өсекші сүйреңдеп жүреді. (ҚХР)

Жыланның бауыры майда, басы зәһәрлі,
Арамзаның тілі майда, жүрегі зәһәрлі. (ҚХР)

Жыланның жаман көрген оты,
Інінің аузында көгереді. (Ауғ. Иран қаз.)

Жылқыңа қарай ысқыр,
Көрпеңе қарай көсіл. (МХР)

Жырақтағы құдайдан жақындағы сайтан артық. (МХР)

Жігіттің жаманы қолбада жүреді,
Аттың жаманы дорбада жүреді. (Өзб. қаз.)

Жігіттің сағы сынғанша,
Өгіздің шағы (мүйізі) сынсын. (Өзб. қаз.)
Заманың қыран болса, алдырмайтын сыған бол, заманың сыған болса, алып
жейтін қыран бол. (ҚХР)

Ит аулақ болса, доңыз төбеге шығады. (Өзб. қаз.)

Ит құйрығын, құйрығы сабалағын. (МХР)

Иттің жыны диуана,
Келіннің жыны қайын ене. (Өзб. қаз.)

Кәртоп қуырдаққа жақсы, сарымсақ бунаққа жақсы. (ҚХР)

Кәрі білгенді – пері білмейді. (Өзб. қаз.)

Кәрі қыз ауға шығар,
Артынан ғауға шығар. (Өзб. қаз.)

Кәуап күлімен, шыбар гүлімен. (ҚХР)

Кезген ит сүйекке кез болар. (МХР)

Келінді келгенде көр, себін жайғанда көр. (Өзб. қаз.)

Кембағал болсаң, көшіп көр. (Өзб. қаз.)

Керекке терек жағылар. (Өзб. қаз.)

Кері кеткен еріншек,
Кеусен сұрауға да ерінеді. (Өзб. қаз.)

Кетпеннің дертін қол, ләззәтін тіл тартар. (ҚХР)

Кешке жақын төбе сақтама, ашаршылыққа төре сақтама. (ҚХР)

Көкек биікке шықса, мойны үзілер, жетім биікке шықса, қолы үзілер.
(ҚХР)

Көксінің арқары көп, мергеннің тартары көп. (ҚХР)

Көңіл ойға тоймайды, құлақ сөзге. (Өзб. қаз.)

Көңілді кеңге сал, қырыманды дөңге сал. (Өзб. қаз.)

Көп көздегенмен мерген болмас,
Көп сөйлегенмен шешен болмас. (Өзб. қаз.)
Көп қыдырған кезбе, көп сөйлеген езбе болады. (Өзб. қаз.)

Көп іздеген көмбе үстінен шығады. (Өзб. қаз.)

Көпшілік бір мүштан ұрса – өлтіреді,
Бір бұрдадан берсе – тойдырады. (Өзб. қаз.)

Көпшілік қайда болса,
Тоқшылық сонда. (Өзб. қаз.)

Көрмедік адам көпке қосылмайды. (Өзб. қаз.)

Күлсең ғаррыға күл. (Қарақ.қаз.)

Күмән иманды, иман шайтанды бездірер. (ҚХР)

Күң артында күміс жылтырайды. (ҚХР)

Күшікпенен қодықты қылсаң пірәуіш (тәрбие),
Ит болар, ешек болар, болмайды ғой адам іш (еш). (Өзб. қаз.)

Кімнің жақсы, жаман екенін кеңескенде білерміз,
Кімнің ұзын, қысқа екендігін теңескенде білерміз. (ҚХР)

Кішкене деме бізді,
Көтеріп ұрамыз сізді. (Өзб. қаз.)

Қағаз мың жылдық азық сақтайды. (ҚХР)

Қадір білмес туысқаннан,
Қадірлейтін жат артық. (Өзб. қаз.)

Қазадағы балық – қазандағы балық. (Қарақ. қаз.)

Қазақты пышақ беріп етке қой, моңғолды шиті беріп бетке қой. (ҚХР)

Қайынға да барарсың, пұшық күйеу атанарсың. (ҚХР)

Қайың ит түлкі алмас, жүгіргенмен еңбегі жанбас. (Түрікмен. қаз.)

Қаладан шықсаң шық,
Қаланың бәсінен (бағасынан) шықпа. (Ауғ.қаз.)

Қалибайдан қалған дауда арман жоқ. (ҚХР)

Қаппайтын ит болмас, теппейтін ат. (Өзб. қаз.)

Қара даланың кәріқызынан,
Шәуешектің кәрі қызы көп. (ҚХР)

Қара жер – қарайғанның бәрін жер. (ҚХР)

Қара көл – Қарасауырмен тең. (ҚХР)

Қасқалдаққа бір ағары май бітсе, қарқылдасып ұшқан көлін танымас.
(Қарақ.қаз.)

Қасқырдан хал кеткенде ешкіні апа дейді. (ҚХР)

Қатарда нарың болса,
Жүгің жерде (жолда) қалмайды. (Өзб. қаз.)

Қатының жаман болса бажылдаған, кіресің күнде көрге қазылмаған. (ҚХР)

Қауын жесең – сээр же,
Сээр жемесең – зээр же. (Өзб. қаз.)

Қауын қауынды көріп рең алады. (Өзб. қаз.)

Қиын іс жоқ жаһанда, ықылас қойған адамға. (ҚХР)

Қойды қорадан сат,
Астықты ұрадан сат. (Қарақ. қаз.)

Қол жүйрігі – асқа, тіл жүйрігі – басқа. (Өзб. қаз.)

Қол қолды табады, шарифат жолын табады. (ҚХР)

Қолбасы батыр болса, әскері батыр болады (ҚХР)

Қорқақтың көзі кәтте,
Ақымақтың сөзі кәтте. (Өзб. қаз.)

Қортық қойды бұзар,
Шөртік елді бұзар. (Түрікмен қаз.)

Қорыққан алдын мүш көтерер. (Өзб. қаз.)

Қоянға шақтап садағыңды тарт,
Бұзауға шақтап желіңді тарт. (МХР)
Қу қоянның үш іні болады. (ҚХР)

Құдадан құттыны киемін деп жүріп,
Шөптің шүкірінен айырылыпты. (Тау., Қош.)

Құдай берейін десе, пайғамбар қыңқ етпес. (ҚХР)

Құдай жүгіртпегенді, бұзау жүгіртіпті. (Қарақ. қаз.)

Құлағын басып қоңырау ұрлау. (ҚХР)

Құманның бәсін ыбырық құртты. (Өзб. қаз.)

Құнты жоқ кісі көсеумен қамшылар. (Өзб. қаз.)

Құрмет қылсаң, құрмет көрерсің. (Өзб. қаз.)

Қыз малсыз болса да, алапасыз болмас. (Қарақ. қаз.)

Қымырлаған – қыр асар,
Қалған іске – қар жауар. (Өзб. қаз.)

Қыстың аптабы дұшпанның күлкісіндей-ақ. (ҚХР)

Қысыраған ешкіден,
Лақтаған шыбыш артық. (Қарақ. қаз.)

Лақ мүйізі шыққанда енесін сүзер. (МХР)

Ләпсі деген бәледүр,
Жанған отқа саладүр. (Өзб. қаз.)

Мақтаған жеткереді,
Тапқан өлтіреді. (Ауғ., Иран)

Мал – ноғайда, сіпсе – тоғайда. (Қарақ. қаз.)

Мал алдында бұқа айдынды,
Сый табақта жал айдынды. (МХР)

Мәрт бір ойлар, нәмәрт жүз ойлар. (Өзб. қаз.)

Мәрт майданда сыналар. (Өзб. қаз.)

Мәсләәті той тарқамас. (Өзб. қаз.)
Мәуесі бардың әуесі бар. (Өзб. қаз.)

Мейманға ас қой, екі қолын бос қой. (Өзб. қаз.)

Мейнет қанша қиын болса,
Табысы сонша шірін болар. (Өзб. қаз.)

Мейнет қысаң жасарсың,
Кәтте-кәтте асарсың. (Өзб. қаз.)

Мейнет, мейнеттің түбі ырақат. (Өзб. қаз.)

Мейнетпен келсе байлық,
Тұрмысың да шұрайлы. (Өзб. қаз.)

Мейнеттен дос артар,
Ғибадаттан дұшпан. (Өзб. қаз.)

Мереке – мәрттікі,
Зияпат – халықтікі. (Өзб. қаз.)

Молдамен бірге жүргеннің намазы қаза болмайды, ұрымен бірге жүргеннің аузы таза болмайды. (ҚХР)

Молла алдында тіліңді тый, ұста алдында қолыңды. (Өзб. қаз.)

Молла білгенін оқыр, бәзші білгенін тоқыр, тауық көргенін шоқыр. (Өзб. қаз.)

Молла көбейсе қой арам өлер,
Жұлдызшы көбейсе жол табар. (МХР)

Мұсылманның тірісінен өлгені күшті. (Ауғ., Иран)

Мың биенің борышынан бір құлақтың тынышы артық. (МХР)

Мың қарғаға бір кестек. (Қарақ. қаз.)

Мінсең тай көлік болмаған,
Ішсең шай ауқат болмаған. (Өзб. қаз.)

Нәпсісі жаман тойда өлер. (Өзб. қаз.)

Не жардан кеш, не жаннан кеш. (ҚХР)

Несие бергеннің арты харап, қалады дәптерге қарап. (ҚХР)

Несиеден өнгені – диірменнен шыққаны. (Өзб. қаз.)

Оба тұрғызбаса сауысқан қонар ма еді? (МХР)

Ойламай қылынған іс, басқа келтірер тәшпіш. (Өзб. қаз.)

Ойшылдармен талассаң, білік туар,
Топастармен талассаң, топан қаптар. (МХР)

Ойын орынды келсе,
Бас мұжуырынды келер. (МХР)

Оқу – жапалы, ақыры – опалы. (Өзб. қаз.)

Ол бетінді ұрса, бұл бетінді тоса бер,
Шапаныңды сұраса, көйлегінді қоса бер. (ҚХР)

Ол түйеде менің жүгім жоқ. (ҚХР)

Омыртқаны ұстап отырғанша,
Қабыртқаны алып, қағып тастай бер. (Өзб. қаз.)

Онтә болса орны басқа, қырықта болса – қылығы. (Өзб. қаз.)

Орақта жоқ, масақта жоқ, қырманда таяр. (Өзб. қаз.)

Орынсыз ғазап – өзіңе азап. (Өзб. қаз.)

Оспадарсыз ойын – сындырар мойын. (Өзб. қаз.)

Осы түйеден жығылмай көзім ашылмайды. (ҚХР)

Отты кәулеген өшірер,
Қоңсыны кәулеген көшірер. (Өзб. қаз.)

Отты құзаған өшірер, қоңсыны құзаған көшірер. (Түрікмен. қаз.)

Оттың ісі – қуырмақ, желдің ісі – суырмақ. (Өзб. қаз.)

Өгіздің мүйізіне ұрсаң, тұяғы сырқырайды. (Өзб. қаз.)

Өз көшесінде жаман ит – жолбарыс. (ҚХР)

Өз күшіне сүйеніп өмір сүру. (ҚХР)

Өз обалы өзіне, топырақ толсын көзіне. (ҚХР)

Өзі түйе үстінде жүріп, пиядаға пұқ дейді. (Қарақ. қаз.)

Өзім білем деген бүледі,
Көпке ойласқан біледі. (Өзб. қаз.)

Өзімнен шыққан бәлеге,
Қайда барам дауаға. (Өзб. қаз.)

Өзіне қарата айтқанда талықпай үйрену, басқаға қарата жалықпай үйрету.
(ҚХР)

Өзінің кеспесін кесе алмай жатып,
Біреудің үзбесін үзеді. (Қарақ. қаз.)

Өзіңді ер білсең, өзгені шер біл. (Өзб. қаз.)

Өлген бураның басынан тірі атан қорқады. (МХР)

Өлгеннен қабыр, тұтқыннан сабыр қалады. (ҚХР)

Өлер өгіз балтадан таймайды. (ҚХР)

Өлмеген құл алтын аяқтан су ішеді. (ҚХР)

Өнер, өнерден өнер. (Өзб. қаз.)

Өнерлі ер қор бо(л)мас,
Дос-дұшпанға зар бо(л)мас. (Өзб. қаз.)

Өргеден келген ыңыршақ үш күн тулайды. (ҚХР)

Өсекпекке бармаған ауру арманда, Тойымбайға бармаған дау арманда.
(ҚХР)

Өсімдік ағашының имек келуі – жемісті болуының белгісі,
Басбілгі атанның жуас болуы – жүйрік болуының белгісі. (МХР)

Өткен күніңді ұмытпа, көп шарығыңды құрғатпа. (ҚХР)

Пақыр ісі – панада. (Өзб. қаз.)

Пара берме, бара бер. (ҚХР)

Пәндеден тілегеннің көзі шығады,
Құдайдан тілегеннің бүйірі шығады. (Ауғ., Иран)

Пұл тапқанша есеп тап. (Өзб. қаз.)
Пұлы күйген – гәлімдәрі шайнайды. (Өзб. қаз.)

Пышақты алдымен өзіңе сал, ауырмаса басқаға сал. (ҚХР)

Рахмет алған амандүр,
Нәлет алған жамандүр. (Өзб. қаз.)

Садақ сұғындырғылы келер,
Ағаш бұтақты келер. (МХР)

Сақа дәрігер жаныңа сауға болар,
Жұлдызшының жаңасы жарна болар. (МХР)

Сақтықты соқырдан үйрен,
Кішілікті пілден үйрен. (ҚХР)

Сардар құласа, сарбаз тозады. (ҚХР)

Сасқанда ләббай таптырмас. (Өзб. қаз.)

Сауда күсет пе, олжа күсет пе. (Тау., Қош.)

Сауырға барсаң Ұшқара кезігер,
Қабаға барсаң үш құм кезігер. (ҚХР)

Сауырға барып өлген қойда арман жоқ, қажыға барып өлген жігітте арман жоқ. (ҚХР)

Сәйіңе (көкөніс) қарай тамақ іш, бойыңа қарай киім піш. (ҚХР)

Сәті түссе, Сәтбек молда болар. (ҚХР)

Себеппен себет арбаға мінеді. (Түрікм. қаз)

Сегіз жасар баланың тісі түсер,
Сексен жасар ғұрыптың ісі түсер. (Қарақ. қаз.)

Сенген тауда киік жатпапты. (ҚХР)

Сенен әрекет, менен берекет. (Өзб. қаз.)

Сиянқұлдың бар малы сүйіншіге таусылды. (ҚХР)

Сорлының аты қара жарыста озады. (ҚХР)

Сөз қайшы келсе, ұрысқа айналар,
Бұлт қайшы келсе, жаңбырға айналар. (МХР)

Сөзден сөздің парқы бар,
Отыз екі нарқы бар. (Өзб. қаз.)

Сөзді сөзге қосса, демесін болады,
Сүтті суға қосса, сүмесін болады. (Өзб. қаз.)

Сөйлеушіде айып жоқ, тындаушы ғибарат алсын. (ҚХР)

Су келтірер мәрт кісі,
Егін егер әр кісі. (Өзб. қаз.)

Су кетсе, тас қалар,
Оспа кетсе, қас қалар. (Өзб. қаз.)

Су көрмеген етік шешер,
Тау көрмеген етек түрер. (МХР)

Суға салсаң су көтермес мысқал темірді, алтын беріп алып болмас қалған көңілді. (ҚХР)

Сұпы сұмнан шығады, ешкемер батпан құмнан шығады. (Қарақ. қаз.)

Сыйда сықтамақ жоқ. (Қарақ. қаз.)

Сынса сарттың гөзесі,
Төгілсе сарттың бозасы. (Қарақ. қаз.)

Табы бірдің, ары бір,
Шын достың жаны бір. (Қарақ. қаз.)

Там тырнағынан тозады. (Қарақ. қаз.)

Тамшыны жинаса, мұхит болар,

Естігенді жинаса, білім болар. (МХР)

Танымасақ, талайыңа қара. (Түрікм. қаз.)

Таңдаған тазға болады,
Ақылы азға болады. (Өзб. қаз.)

Тау басы тұмансыз (мұнарсыз) болмас,
Ер басы қаялсыз болмас. (Өзб. қаз.)

Тау қанша биік болса, һәм шығатын жолы болады. (Ауғ., Иран)

Тегіннің міндеті көп,
Мейнеттің зейнеті көп. (Өзб. қаз.)

Текеге дойбы білмеймін деген намыс, Игілікке домбыра білмеймін деген намыс. (ҚХР)

Тентекке жел берме, екі қолына бел берме. (Қарақ. қаз.)

Теңгеден теңге, тебеннен ниязы табылады. (Тау., Қош.)

Тере берсең тезек те қызық. (ҚХР)

Тойғаннан соң тоқты еті де топырақ татиды. (МХР)

Тойдың елшісі болғанша, байдың жалшысы бол. (ҚХР)

Тоқабай сарыны сәнге сабайды. (ҚХР)

Төгілсе маңлай терің,
Өнімді болар жерің. (Өзб. қаз.)

Төре бұлтақшыл келер,
Ит бұлғақшыл келер. (МХР)

Төремен өштескен қоңсыз қалар,
Итпен өштескен етексіз қалар. (МХР)

Туры сөздің тоқпағы бар. (Өзб. қаз.)

Туыс-жекжат – топас байлық,
Жылқы – жұттық байлық. (МХР)

Тұз салсаң ерігенше,

Жұмыс істесең біткенше. (МХР)

Түйе жаманы – күрт, шөп жаманы – керт. (Түрікмен. қаз.)

Түйе жауырға, адам бауырға шыдамайды. (Өзб. қаз.)

Түйені шамал үшірсе, ешкіні аспанда көр. (Өзб. қаз.)

Түн ұзарса түс көбейеді. (ҚХР)

Түңке қуанда озады, үш бұлақ жауында озады. (ҚХР)

Түстік өмірің бо(л)са,
Сәскелік әрекет қыл. (Өзб. қаз.)

Тышқақ тана паданы былғайды. (Өзб. қаз.)

Тышқан сыймас ініне, ғалбыр байлар дүміне. (Өзб. қаз.)

Тілдің ұшы жоқ, жүректі жарады,
Судың тісі жоқ, жерді жарады. (ҚХР)

Уақтан ұл туса, ағашқа күн туады. (ҚХР)

Уақытың кетті, бақытың кетті. (Өзб. қаз.)

Ұзын етек аяқ орайды,
Ұзын тұмсын мойын орайды. (МХР)

Ұйықтаймын деп атыңнан айырылма,
Жілік шағам деп пышағыңнан айырылма. (МХР)

Ұл туғанға күн туар. (МХР)

Ұрқы ұрқына салмақ түсірер,
Табиғи тас жерге салмақ түсірер. (МХР)

Ұры жолда, тонаушы шөлде қалдырады. (ҚХР)

Ұста көрмеген шәкірт ар саққа жүгірер. (Өзб. қаз.)

Ұстамен жақын болсаң, мүйізкесерін аларсың,
Қайықшымен жақын болсаң, дауыл күні кемесін суға саларсың. (ҚХР)

Ұштасып тұрып ұшы тимес,
Септесе тұрып, септігі тимес. (МХР)

Ұят – иманның қабы. (Ауғ., Иран)

Үйдің сәні сандық болар,
Қораның сәні жандық болар. (Қарақ. қаз.)

Үйренген адам мұхит,
Үйренбеген адам меңіреу. (МХР)

Үлкен арықта су жатса, кіші арық құр жатпайды. (ҚХР)

Үңгір кімдікі болса, қойма соныкі. (ҚХР)

Үш көнші біріксе, бір Жу Гыляң. (ҚХР)

Шажай өз тонынан өзі жеріпті. (ҚХР)

Шалжимасыз мал жима. (Қарақ. қаз.)

Шамал тұрмаса, дарақтың басы қимылдамайды. (Өзб. қаз.)

Шәуешек суының балық көзі майы бар. (ҚХР)

Шәуле кетсе, кетсін,
Абырой кетпесін. (Өзб. қаз.)

Шортан байды айта алмаған бұзып алады. (ҚХР)

Шотай көп пе, Қытай көп пе (шотай – ру аты). (ҚХР)

Шотты пештеген білер,
Жерді істеген білер. (Өзб. қаз.)

Шөлдегенге сағым – су боп көрінер. (Өзб. қаз.)

Шөп жаманы – қоға,
Құс жаманы – шажа. (Өзб. қаз.)

Шын сөз айтқан адамға адам өштенгіш келеді,
Сиыр мінген адамға ит өршеленгіш келеді. (МХР)

Бішқы жоқ – ешек, дәрді жоқ – кесек. (Өзб. қаз.)

Ыштанына кеткені әркімнің өзіне аян. (ҚХР)

Ілімсіз – бір жасар, ілімді – мың жасар. (Өзб. қаз.)

Іс – іштәә ашар (іштәә – аппетит),

Дәңгәсә (жалқау) – істен қашар. (Өзб. қаз.)

Іс біткесін мәсләәтші көбейер. (Өзб. қаз.)

Ісім пітті, ешегім лайдан өтті. (Өзб. қаз.)

Ішек-қарын гөш (ет) болмас,

Дұшпан сірә дос болмас. (Өзб. қаз.)

Ішпей-жемей бол бақыл,

Бай бо(л)масаң мен кепіл. (Өзб. қаз.)

Ішің ауырмаса дарбыз жеуден қорықпа. (ҚХР)

Ә) Қазақ тілінің аймақтық фразеологизмдері

Ағаш басына шығу (ҚХР) – өсекті қарша борату, түймедей істі түйедей қылып көрсету, дабырайту.

Ағаш қазанның асы бір-ақ рет қайнайды (ҚХР) – орайы бір-ақ рет келеді, бақ бір-ақ рет қонады.

Ағылан қылу (ҚХР) – құлақтандыру, хабарландыру.

Ағымға түсіру (МХР) – өз бетімен жіберу.

Ада-күде болу (МХР) – хабарсыз болу.

Адалын шешу (МХР) – шынын айту, дұрысын айту, дұрыс шешу.

Адамның суын табу (Түрікм. қаз.) – адамның ыңғайын табу, мінезін білу.

Ажы ғұң ақырады, төрт би шақырады (ҚХР) – кім де кім ажының айтқанына көнбей қарсы шықса, ажы жарлық шашады, жарлықты төрт би орындайды.

Азабы сіңу (Рес., Саратов) – еңбегі сіңу.

Азап жасау // Азап ету (Рес., Саратов) – еңбек ету, еңбектену.

Азап пен қазанды берсін (ҚХР) – ұрлық-қарлық жасайтындарға айтылатын қарғыс.

Ай көрген күн (МХР) – әр айдың бір жаңасы.

Ай қорғалау (МХР) – айдың кешігіп тууы, әр айдың жиырмасы кезінде айдың кешігіп тууы.

Ай құлақтану (ҚХР) – еліру, асқақтау, қоқилану.

Айға бата қылу (ҚХР) – босқа күн өткізу, еш нәрсені бітірмеу.

Айғай шоқыдай азамат (ҚХР) – беделді, абыройлы азамат.

Айналаң тақыр болсын (ҚХР) – жалғыз қал, шет қал деген мағынадағы қарғыс.

Айы өту (МХР) – қайта зар болу, қайта көксеу, өкіну.

Айыр соқпақ (Қарак.) – жалғызаяқ жол, сүрлеу.

Айысы қану (ҚХР) – құмардан шығу, айызы қану.

Ақ алақан (ҚХР) – ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемейтін кісі.

Ақ киіктің бұрқасыны (Түрікм., Красн.) – киік лақтаған кезде соғатын ызғарлы жел.

Ақ көбік (Рес., Волг.) – толқын.

Ақ көздену (Гур.: Шевч., Маңғ.; ҚХР) – алды-артын білмейтін даңғой.

Ақ кісі (Рес., Саратов) – ақ көңіл адам.

Ақ мысық, қара мысық, тышқан алғаны нақ мысық (ҚХР) – адамға қарама, істеген ісіне қара.

Ақ тағам күндігі (МХР) – етсіз, тек сүт, ұн, күріштен тамақ жасайтын күндер.

Ақ таптал қылу (ҚХР) – жауыр қылу, ығыр қылу, шаршату, қажыту.

Ақ тілегін дастарқанға жаю (ҚХР) – ақ тілегін ақтару, ақ ниетін ашып жайып салу.

Ақ үйлі болып кету (Рес., Орын.) – азып-тозу.

Ақ үйлі қылу (Қарак.) – 1. кінәлі қылу, 2. жер аудару.

Ақтан қаптан жіберу (Рес., Саратов) – ит терісін басына қаптау.

Ақтарылып түсу (МХР) – сойған малдың көп іш майы.

Ақылға үйір салу (ҚХР) – ақылмен іс жасау.

Ақымақтың шай қалтасы (ҚХР) – алдауға түсетін нағыз ақымақ адам.

Алакөл асығынан келмеу (ҚХР) – еш нәрсе тең келмеу, ешкімді теңгермеу.

Алақанға тұру – 1. (Сем.: Ақс., Көкп.) бағыну, мойынсыну. 2. (МХР) айтқанына көну, сөзге құлақ салу.

Алақанында отыр (МХР) – бәрін біліп отыр.

Алатау келмей ашадан (ҚХР) – менмендік, тәкаппарлық.

Алатауды ашасынан көрмеу (ҚХР) – еш нәрсе тең келмейтін, теңдесі жоқ.

Албастысы мойнына міну (ҚХР) – жыны ұстау, долдану, ашулану.

Алдам қалтаға түсу (ҚХР) – алданып қалу, біреудің алдап-арбауына түсіп қалу.

Алдымен тағам, одан кейін қалам (ҚХР) – алдымен ас ішейік, содан соң кітап оқиық.

Алдынан кесе өту (Тау., Қош) – келісу, алдынан өту.

Алдыңғы аяғын басу (Түрікм. қаз.) – пәлеге қалу.

Алжыған аю далаға түседі (ҚХР, МХР) – қаңғып кету, шатасу.

Алқау ету (ҚХР) – жүрек жалғау, талшық ету.

Алты айрықтарынан тер кету (ҚХР) – қара терге малыну.

Алты мойнын тігу (МХР) – кету.

Алып терісі, жеп еті жоқ (МХР) – өте арық.

Алып шығу (Түрікм. қаз.) – бітіру, орындау.

Андрейдің қазынасы (ҚХР) – көп дүние, таусылмайтын байлық.

Ар жағына ел қону (МХР) – тою.

Арбадан бұзылған аттай (ҚХР) – запы болу, үрей билеп алу, дүниеге шошына қарайтын болу.

Арқам тердеп кетті (МХР) – қатты ұялдым.

Арқан аттамау (МХР) – жаман ырым істемеу.

Арқар жалақ күн көру (ҚХР) – ептеп-септеп күн көру, қалт-құлт етіп күн көру.

Арқасына қағып, аузына үру (Қарақ. қаз.) – мәпелеп өсіру.

Артқы есікпен жүру (ҚХР) – жеке басының жұмысын пара беру жолымен шешу, жең ұшынан жалғасу.

Артта тұрып делбе тарту (ҚХР) – перде артында тұрып нұсқау беру, артта тұрып айтақтау, тасада тас лақтыру.

Арты қисық (ҚХР) – ниеті, ойы бұзық.

Артық ауыз бала (Тау., Қош.) – қолы бос, епті, жұмсауға ыңғайлы бала.

Аруаққа шет болу (ҚХР) – қате істеу, қателесу, жамандық істеу, азғындау.

Асау көк (ҚХР) – арақ, ішімдік.

Асқа бағу (ҚХР) – тамақтану, тамақ жеу.

Асқа бағыну (МХР) – асты құрметтеу.

Асқар тау ашасынан (тобығынан) келмейтін (ҚХР) – менмен, тәкаппар, ешкімді менсінбейтін.

Аспаннан құрай түссін, желкенді турай түссін (ҚХР) ажалың оп-оңай болсын.

Ат боғын суытпай (МХР) – тез арада, жедел.

Ат құлағы көрінбейтін боран (МХР, Сем.: Ақс., Көкп., Аяғ.) – қар жауып, қатты жел соғып, түк көрінбейтін боран.

Ат құлағынан ақсамайды (ҚХР) – ештеңе етпейді.

Ат та шөл, адам да шөл (Түрікм., Красн.) – адам мен аттың қатты шөлдеуі.

Ат үстінен көрген гүл (ҚХР) – сырттай шолу, үстірт істеу, азғындау.

Атанысқа келтіру (ҚХР) – белгілі бір әрекетке ұйыстыру, жұмылдыру.

Аттан түссе де, үзенгіден түскісі келмеу (ҚХР) – жеңілісіне мойынсал болмау.

Ауа жайлы болу (Рес., Волг.) – жүкті болу.

Ауар-тамары жоқ (ҚХР) – айна қатесіз, өте ұқсас.

Аузы асқа, ауы атқа толу (ҚХР) – тұрмысы, күн көрісі оңалу.

Аузын бұзу (ҚХР) – тілдеу, балағаттау, боғауыз сөз айту.

Аузына бұдыр салмау (ҚХР) – аузына дән салмау, нәр татпау.

Аузына маржан салу (ҚХР) – үн-түнсіз отыру.

Ауқат көтеру (ҚХР) – ауқаттану, күн-көрісі жақсару, тұрмысы оңалу.

Ауқат қылу (ҚХР) – сауда істеу.

Ауызға уақып болу (ҚХР) – ауызға ие болу, абайлап сөйлеу.

Ауыздап жіберу (Қарақ. қаз.) – дауыстап жіберу.

Ауыл үй қону (Рес., Орын.) – Ай мен Үркердің біріне-бірі жақын келуі, тоғысуы.

Ахуал иелеу (ҚХР) – біреудің жүрген-тұрғанынан мәлімет алу, нақты

Ахуалды көзде ұстау (ҚХР) – жағдайды назарда ұстау, жағдайға мән беру.

Ашуы қап тауындай (ҚХР) – қатты ашулы, ашуланғанда жарылардай болу.

Ашық майдан (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) – кең, мидай дала.

Ашылып сайрау (ҚХР) – барлық гүлдер ашылсын, барша бұлбұл сайрасын деген науқан.

Аяғына қан түсіру (ҚХР) – қастық істеу, қапыда жер қаптыру.

Аяғына отырғызбау (ҚХР) – жақын болмау, көңіл қоспау, маңына жолатпады, шеніне жуытпады, теңдік бермеді.

Аяқ үстінде жүру (Қарақ. қаз.) – жол-жөнекей.

Аяқтағы суға жығылу (ҚХР) – өлмейтін кезде өлу, күлкіге мазақ қылу.

Әдден шыққан (Қарақ., Қоң.) – шамадан, мөлшерден артық.

Әздікке ғашып жату (Қарақ.) – рахаттанып, жаны жай тауып жату.

Әкей-үкей дөңгежат (ҚХР) – ұрда-жық, әпербақан, жуан жұдырық.

Әкем бой, шешем бой (Түрікм.) – 30-40 м шамасындағы арақашықтық.

Әл қылу (Өзб., Там.) – шешу.

Әлде кімім санау (ҚХР) – менсінбеу, жаратпау.

Әлем тапырыққа байу (ҚХР) – ойы астан-кестен болу, басы қату.

Әлеңкідей жалану (ҚХР) – пысық, еті тірі.

Әліне кіру (ҚХР) – қалпына келу, күш алу, қайта жандану.

Әмелияттан өткізу (ҚХР) – нақты іс жүргізу, нақты іс барысында сынау.

Әмір көрмеу (ҚХР) – тыныстамау, дем алмау.

Әмір-парманына алмау (ҚХР) – билеп-төстеу, бағынышты ету, басқаруына алу.

Әнжем табу (ҚХР) – аяқталу.

Әнзі тұрақтандыру (ҚХР) – қылмыскер жөнінде материал жинау.

Әнтек кету (Өзб., Там.) – қателесу.

Әптер-тәптерін шығару (Өзб., Там.) – тас-талқан, быт-шыт ету.

Әріп кеміру (ҚХР) – жазу-сызумен болу.

Әскери түс алу (ҚХР) – ерекше жағдайда немесе соғыс мезгілінде түнгі жүріс-тұрысқа тыйым салу.

Әуметі жүру (Өзб., Ташк) – жолы болу.

Бағаны алу (ҚХР) – мазаны алу, ес-ақылды шығару, қасиетін қашыру, ес жиғызбау.

Бай ақыл, бәйбіше тұрақсыз (Ауғ., Иран) – мінезі тұрақсыз, құбылмалы.

Бақышшылық қылу (Ауғ., Иран) – көре алмау.

Бала жұбатар (Түрікм.) – ән, күй, өлең.

Баладан бұзылған аттай (ҚХР) – жаман әрекетке бой үйрету, оғаштық, сөлекеттік жасау.

Балдай батып, судай сінді (ҚХР) – ашылмай, білінбей кету, сіңіп кету.

Балық көзі майы жоқ (ҚХР) – майсыз, дәмсіз.

Балық үндес, бақа тілдес болу (ҚХР) – ым-жымы бір болу.

Бапасын беру (ҚХР) – жанын көзіне көрсету.

Бармағын бүгіп қалу (ҚХР) – қулық, арамзалық ойлау.

Барып киіп, бақанын таяну (ҚХР) – толық әзірлікпен, бар-жоғын үстіне ілу.

Бас ауған, таяғы тайған (ҚХР) – қаңғып жүре беру, басы ауған жаққа кете беру, көрінген жерде жүру.

Бас кесу (Түрікм.) – күдер үзу, түңілу.

Бас пен жақтай айыру (ҚХР) – нақ білу, бес қолдың саласындай жетік білу.

Басы ішіне түсіп кету (ҚХР) – уайымдау, ұнжырғасы түсу, үміт үзу.

Басын ара шағып алған жоқ (ҚХР) – ақыл-есі дұрыс.

Басын бәй тігу (ҚХР) – жанын шүберекке тую, нар тәуекелге міну, өлімге басын байлау.

Басын бұлғау (МХР) – абыройын төгу.

Басын оңға қарату (ҚХР) – қолын жеткізу, тілегін орындау.

Басын чірік қылу (МХР) – басын қатыру, басын ауырту.

Басын шығара салу (Қарақ.) – басын қатыру, миын ашыту.

Басына тарақан кіру (Рес., Саратов.) – мас болу.

Басынан сот айналу (Тау., Қош.) – сотталу.

Басының дымы кеппеу (ҚХР) – жас, көргені аз.

Бәй жозы қылу (ҚХР) – дастарқан жаю, қонақ шақыру, күту.

Бет бозару (МХР) – шайға сүттің аз қосылғаны.

Бет қара болу (МХР) – ұятқа қалу.

Бет моншағын сыпырып тастау (ҚХР) – ұят-намысты жиып қою.

Беттің арын белбеуге тую (МХР) – ұялмау, арланбау, арын сату.

Беті пісу (Рес., Саратов.) – беті кую, ұялу, қызару.

Беті түсу (ҚХР) – ел алдында ұятқа қалу, абыройы төгілу.

Бетімен жер басу (ҚХР) – қатты ұялу.

Бетінің мөрі кетпеген (ҚХР) – өңін бермеген, сұлу қалпында тұрған.

Бидайдай қуыру (МХР) – ұрсу.

Бие байлайтын кез (МХР) – ертеңгі сағат сегіз-тоғыз шамасы.

Биқажы өз құнын өзі кескен (ҚХР) – өзіне-өзі үкім шығару, өз айыбын өзі кесу.

Битке өкпелеп тон шешпе (МХР) – орынсыз нәрсеге өкпелеме.

Битке пышақ суыру (МХР; ҚХР) – болмашыға ашу шақыру.

Биттің ішіне қан кую (МХР) – өте қу, жылпос.

Битін сығып, қанын жалау (МХР) – өте сараң, шық бермес шығайбай.

Биікте тұрып алысты көру (МХР) – болашақты болжай білу, келешекті көре білу.

Боғы бұзылу (ҚХР) – көңіл күйі бұзылу, мінезі бұзылу.

Боғын суытпай (ҚХР) – айтқанынан қайтпай тұрып, келісім, уәде бұзылмай тұрып, дереу, уақытты кешеуілдетпей.

Бозадағы сөз боқ сөз (МХР) – арақ ішіп, мастықта айтылған сөзге көңіл аударып, мән берудің қажеті жоқ деген мағынада жұмсалады.

Бозым хал кешу (ҚХР) – көңілді халде болу.

Бойында шыбыны қалмау (ҚХР) – зәре-құты қалмау, қатты қорқу.

Болдырған сиыр әртүрлі боқ тышады (ҚХР) – есі шыққан ананы да, мынаны да істейді.

Бопай қорқыт салу (ҚХР) – қоқандау, қоқан-лоқы жасау, үрей туғызу.

Борбай паналы жер (Түрікм., Красн.) – ықтасын жер.

Бөжек қағу (ҚХР) – лыпылдау, зыр жүгіру.

Бөзек болды (ҚХР) – аяқ асты болды, қор болды.

Бөзек етті (қылды) (ҚХР) – қорланды, аяқ асты етті, басынды.

Бөксе басты болу (ҚХР) – отырып қалу, ешқайда шыға алмай үйде отыру, көп ұзап ешқайда шыға алмау.

Буаз шай (Рес., Омбы) – сүт қосылған шай.

Бұрынғыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер (МХР) – бұрынғыға мұрагерлік етіп, жаңалық ашу, алғыларды өнеге тұтып, келешекте керемет жарату.

Бұт көтеру (ҚХР) – кеудесін көтеру, мақтаныш сезіну, мақтан тұту.

Бұттай болып отыру (ҚХР) – әрекетсіз, қимылсыз отыру.

Бүйрегі бітеу (МХР) – семіз.

Бүйіріне алтын, жамбы салғандай (ҚХР) – қанағат сезімінде болу, шүкіршілік ету.

Білтелей түсу (ҚХР) – қоздыру, ұшығын шығару, істің басын аша түсу, айта түсу.

Бір басқаны күкірт, бір басқаны тотыяйын (ҚХР) – бәлекор, жалақор адам.

Бір жаққа қайырылып қалу (ҚХР) – елеусіз қалу, орындалмай қалу.

Бір зат жүгіру (Рес., Қалм.) – миына бір нәрсе кіру, ақыл кіру.

Бір тамса да бикеме тамсын (ҚХР) – жақсылық болса, жақыныма болсын!

Бір таудың бұғысы (ҚХР) – ешкімге кіріптарлығы жоқ, өз еркі өзінде.

Бір тері, бір сүйек болып қалу (ҚХР) – қатты ауырып жүдеп-жадау, азу.

Бір ішіме болу (ҚХР) – сыбыс білу, оқиғаның ұшығын білу, хабар есту.

Біреудің қыл бүлдіргесін алмау (ҚХР) – біреудің ине сабақ жібін алмау, елге қылдай залалды іс істемеу.

Бітеу кеуде (ҚХР) – надан, топас.

Гүн көтермеу (ҚХР) – шығынын өтемеу, еңбекті ақтамау.

Дайымшылық қылу (Рес., Орын.) – бір іспен айналысу, кәсіп қылу, шұғылдану.

Дарбадар болу (Ауғ., Иран) – 1. қиналу, қиындық көру. 2. бейхабар болу. 3. білмеу, меңгермеу.

Дау кеміру (ҚХР) – дау қуу, даулау.

Дау сайлау (ҚХР) – жанжал туғызу.

Дәмге тапсыру (ҚХР) – «дәм ұрсын!» деген мағынада.

Дән тұру (Қарак.) – сап-сау болу.

Дәп-дәбе қылмау (Қарак.) – жария қыла бермеу.

Дәуір айналдыру (ҚХР) – өлікті жерлеуден бұрын күнәдан арылту.

Демі // үні ішіне түсу (ҚХР) – көңілсіздену, қамығу, уайымдау.

Денесінен күн көрінетін (ҚХР) – өте, тым арық.

Дода болу (ҚХР) – ашулану.

Досай сома жасау (ҚХР) – сырттай тон пішу.

Дөнен итше кергу (ҚХР) – ешкімді менсінбеу, көкірек көрсету.

Дұз-дөңбегі жараспау (ҚХР) – дәм-тұзы жараспау.

Дүбіне жөнелу (ҚХР) – дүрсе қол беру, ұрсып ала жөнелу.
Дүниадан кешу (Ауғ., Иран) – дүниеден өту, қайтыс болу.
Дыбысты адам (Рес., Омбы) – даңқты, атақты адам.
Дізгін ұшымен келу (МХР) – асығыс келу, аса тез келу.
Дінкесі құру (Рес., Саратов.) – жақсы болу.
Егінді аяққа бастыру (Қарақ., Тақт.) – астық басу.
Ежелдің ен күнінде (ҚХР) – бейбіт заманда, тыныш кезде, бас аманда.
Екі үйге бір қазан астыру (ҚХР) – қинау, тұрмыста қысу.
Ел аузына етек тықпақ болу (Қарақ.) – ел аузына қақпақ болу.
Елдің басын ұстау (Тау., Қош.) – басқару, басшылық ету.
Ене көкірек ету (ҚХР) – талшық ету, азық ету.
Ертоқымы мойнына кету (Тау., Қош.) – қатты есеңгіреп жүдеу.
Ес қату (ҚХР) – пайдасы тию, көмегі болу.
Етек-жеңі түргіт (Өзб., Ташк.) – пысық, епті адам.
Етінен ет, сүйегінен сүйек алу (ҚХР) жазалау, қинау, жанын көзіне көрсету.
жағдайдан хабар табу, оқиғаның себеп-салдарын анықтау.
Жазасы жоғары (ҚХР) – тәкаппар, менменшіл.
Жақ айқастырмау (ҚХР) – қинау, қиын жағдайға түсіру.
Жақ кірісін ашпау (ҚХР) – сөйлемей, үндемей, ләм-мим демеу.
Жақжұты қылу (ҚХР) – қиын, қиын жағдайға түсіру.
Жамбасына алтын жамбы салып жатқандай (ҚХР) – кенелу, молшылыққа кенелу.
Жан шығарар (Түрікм.) – мал бауыздайтын пышак.
Жанды жұтқан (Түрікм.) – жүрек жұтқан.
Жанды қабар (Түрікм., Таш.) – телеграмма.
Жан-жүйеге тірелу (ҚХР) – жанды жеріне тиетін, жаны қиналатын, өзегін өртейтін, төтенше маңызды.
Жаны кенелу (ҚХР) – рақаттану, рақатқа бату.
Жаны құру (Тау., Қош.) – зәресі үшу, қорқу.
Жаны қыдыру (Түрікм.) – жаны шығу.
Жанын жағу (Түрікм. қаз.) ыза қылу, күйдіру.
Жанын жалдады (ҚХР) – бар күшін салды, белгілі іске басын байлады.
Жанын қолына ұстау (ҚХР) – қауіп-қатерге, басын бәйгеге тігу, өлімге тәуекел ету.
Жанынан қасым болу (ҚХР) – жанынан түңілу, жаны түршігу, жаны шошыну.
Жанындай жарату (ҚХР) – өте жақсы көру, қатты ұнату.
Жаң мянзі қылу (ҚХР) – шашбауын көтеру, абыройын асыру.
Жар шашу (ҚХР) – хабарландыру, үндеу.
Жарық тұрғызу (Тау., Қош.) – шам жағу, жарық қылу.
Жасыл шырақ жағу (ҚХР) – жол беру, қолдау, еркіне жіберу.
Жасыныға шығару (ҚХР) – өтірігі шығу, жалғанға жатқызу.
Жасырын жебе ату (ҚХР) – жасырын қастық ойлау, астыртын өш алу.
Жауап жүктетілу (МХР) – 1. ресми шара қолдану, 2. айып тағылу.

Жауырын жағу (МХР) – өртеген жауырынға қарап бал ашу.

Жауырын жору (МХР) – жауырынды өртемей тұрып, молшылық, жолшылыққа меңзеп тұспалдап айту.

Жауырынды жаба тығу (Түрікм) – жасыру, жауырды жаба тоқу.

Жебірін түгендеу (Түрікм.: Таш., Мары) – қысым көрсету, жазасын беру.

Жел бүйре (ҚХР) – жеңіл мінезді, желөкпе.

Жер аяғы қияннан (Түрікм.к.) – ит арқасы қияннан.

Жерге арқан ұру (Қарақ.) – малсыз қалу.

Жеріне жету (Түрікм.қаз.) – орындау.

Жилы болу (ҚХР) – күйіп-пісу, қатты ашулану.

Жиынның рухы (ҚХР) – жиналыста алға қойылған саясат, шешімдердің мазмұны.

Жоғарғыны елге, төменгіні селге жіберу (ҚХР) – өткен кекті ұмыту, кешірім жасау.

Жоғарыға жөткелеу (ҚХР) – жоғары орындарға қызмет ауыстыру.

Жөргекте соққан (ҚХР) – қаршадайынан қағынған.

Жуан дойыр кең балақ (Түрікм. Таш) – шынжыр балақ, шұбар төс, азулылар.

Жұбына жету (ҚХР) – әбден титықтау, қатты діңкелеу, мейлінше арықтау.

Жұдырықтай жұмылу (МХР) – бірігу, бірлесу, ынтымақтасу.

Жұқа білу (Өзб., Там.) – анық-қанығын жете білу.

Жұлын жұту (ҚХР) – кею, ашулану.

Жұмсақ қолдылық істеу (ҚХР) – көңілге қараушылық.

Жұмысқа алымды (Өзб., Там.) – еңбекшіл, іскер.

Жұмысты пұқта (ҚХР) – өте пысық, ұқыпты, тәжірибелі.

Жұртта қалған күшіктей ету (ҚХР) – жексұрын ету, қадірін, сүйкімін кетіру.

Жұртта қалған қу қазықтай (ҚХР) – арық, қу сүйек, қудай.

Жүгіріп тышар (ҚХР) – шалағай, жеңілтек.

Жүзеге шығару (Түрікм.қаз.) – анықтау.

Жүзінің жұдырығымен қарау (ҚХР) – үдірейе қарау, ызғар шаша сұстана қарау.

Жүкке салу (ҚХР) – өлді, шетінеді.

Жүрегі босау (Ауғ., Иран) – көңілі босау, жылауға ерік беру.

Жүрегі жарылу (Ауғ., Иран) – іші пысу, жалығу.

Жүрегі жұқа (Түрікм, қаз.) – ақ көңіл, көңілшек.

Жүрегі қалу (Ауғ., Иран) – көңілі қалу.

Жүрегі қозғалып қалу (ҚХР) – қорқып қалу, үрейі ұшу.

Жүрегі отыру (Ауғ., Иран) – ұнату, сүю.

Жүрегін көтеру (Тау., Қош) – көкірек көтеру, менменсу.

Жүрек алды болу (ҚХР) – қорқып қалу, жүрегі шайлығып қалу.

Жүрек тапсыру (ҚХР) – қылмысын мойындау, кінәсін мойнына алу, тәубеге келу, адал ниетін білдіру.

Жүрек тоғыстыру (ҚХР) – тілектес болу, бір ниетте болу.

Жүрермен болу (ҚХР) – қыршынынан қиылу, жастай өлу.

Жыланның аяғын көрген (ҚХР) – әккі, алаяқ, қу.

Жылқы жүріс, қой ұрыс (Ауғ., Ир.) – мінезі бірқалыпты емес, бірде көл, бірде шөл.

Жылт шығармау (ҚХР) – еш нәрсені көрсетпеу, сыр ашпау.

Жылты бар (МХР) – түсінетін, жөн білетін.

Жын иектеу (ҚХР) – құтырыну, қағыну.

Жынды көбелек (ҚХР) – өз басына өзі пәле табатын ұшқалақ.

Жырым-шетікпе айлану (ҚХР) – азға алдану, болымсыз нәрсені дүние көру.

Жібi ширатылу (ҚХР) – бекімге келу, серпілу.

Жіп ұшына шығу (ҚХР) – толық анықталу, жеріне жете тектеу.

Запқынның басындай зырқырау (ҚХР) – тез жүру, зымырау, жоғары қарқынмен жүру.

Иек астында малтау (ҚХР) – біреудің шылауында болу.

Ине тастау (ҚХР) – қастық жасау.

Ирадаға қайшылық жасау (ҚХР) – ерікке қайшы келу, мүддесіне кері келу, ойлағанынан басқаша болу.

Ит басты, сиыр аяқты (ҚХР) – жексұрын, сұмпайы адам.

Ит басын шағу (ҚХР) – рәсуасын шығару, көзін жою, қатты қинау.

Ит басына іркіт төгілу (ҚХР) – молшылық, аста-төк болу.

Ит жеріген жаужұмырдай (ҚХР) – жеккөрінішті, сүйкімсіз, құнсыз, қадірі жоқ.

Ит көзі түгін танымас болу (ҚХР) – әрең-әрең күнелту, күн көру, күні қараң болу.

Ит көтінен ине алу (ҚХР) – қулық істеу, сұғанақтық істеу.

Итбалықтың қатырмасы (Түрікм., Красн.) – наурыз айының екінші жартысында соғатын суық жел.

Иттің боқ жемесе басы ауырады (ҚХР) – жамандыққа үйренген адам жамандық істемесе көңілі көншімейді.

Иттің жүніне тұрған қылаудай (ҚХР) – болмашы, мардымсыз, кішкене ғана.

Иттің ұлы байғотан (МХР) – кім көрінген, әркім.

Кәлтек қағу (МХР) – дірілдеу.

Кәрі торғай топанға алданбас (ҚХР) – тәжірибесі мол, көпті көрген, жөпшендіге алданбайды.

Кәріс шалы (Рес., Омбы) – қалың көйлек.

Кәукелек қағу (МХР) – құрақ ұшу, құрдай жорғалау, жарамсақтану, зыр жүгіру.

Кем дидар болу (МХР) – аз көзге көріну, анда-санда көріну.

Керегін кесу (МХР) – үкім шығару, үкім кесу.

Кесел тарту (МХР) – азаптану, қинау.

Кесесінен қиылу (МХР) – 1. шарт үзілу, 2. қыршын кету.

Кестесі келісу (Түрікм.қ.) – істің реті келу, оңу.

Кесік кесу (МХР) – айыпты екенін айтып, төлейтін мал-мүлік мөлшерін айту.

Көз салу (МХР) – сенім арту.

Көз ұру (Ауғ., Иран) – көз тию, назарлану.

Көзге басылу (МХР) – ерекше көз тарту, ерекше әдемі көріну.

Көзден кешіру (ҚХР) – жұмыс жайымен танысу, қызмет жайын тексеру, өз көзімен көру.

Көзі биттей (ҚХР) – азып-тозу.

Көзі шелею (ҚХР) – көкірек көтеру, кеудесі өсу, көкиіп қалу.

Көзіне көгала шыбын үймелеу (ҚХР) – көресісін көру, азап-тозаққа түсу.

Көзінің көлеңкесін қиғаш түсіру (ҚХР) – менсінбеу, көзге ілмеу, адамсынбау.

Көк ауруы бар (ҚХР) – өз айтқанынан өзгеге көнбейтін, өзінікін ғана жөн деп санайтын, жаман мінез, нашар әдет.

Көк ине (ҚХР) – олақ, іске шорқақ.

Көк кебісті (МХР) – оқыған қыз, білімді әйел.

Көк өгіз (ҚХР) көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам.

Көк ішек болу (Түрікм., Таш.) – ашығу, аш болу.

Көкке қарау (МХР) – менсінбеу, ұнатпау.

Көкөкте көк ішек (МХР) – тамақ аз, шөп аз, көк шықпаған кез, мал арыған, адам ашыққан кез, ұзын созылған, жіңішке үзілген кез.

Көңіл қалмас, көйлек жыртылмас (ҚХР) – ешкімнің де көңілін қалдырмау әрі көп шығындалмау мағынасында айтылды.

Көңіліне тәупиық түсу (МХР) – тәубесіне келу, дұрыс жолға түсу, қанағат сезімінде болу.

Көп үстінен көлмектей су ішетін (ҚХР) – қалай болса, солай төгіп-шашатын, ұқыпсыз, көптің арасында күн көретін.

Көпшілігін қалындату (ҚХР) – мақтау, көтермелеу, асыра марапаттау.

Көр көкірек (ҚХР) – нағыз топас адам, зейіні жоқ, көкірегінде оты жоқ адам.

Көрген бас-сирақ (ҚХР) – сыры белгілі адам, әуселісі белгілі.

Көтүмен көнек (МХР) – сүтті.

Күйісі келмеу (Тау., Қош) – қисына келмеу; жағдайы болмау.

Күлің шашылмасың, шалғының басылмасың! (ҚХР) – өмірінде ұрпақ көрмей кет, мал бітпей, кедей болып өт деген мағынада айтылатын қарғыс.

Күні үшін күлік жеу (ҚХР) – жан бағудың қамында жүру, тек қу кеңірдегі үшін ғана жүрген бейшара.

Күрең қабақтасу (МХР) – ұрсысу, жанжалдасу.

Күреске алу (ҚХР) – топты ел алдына алып шығып сынау, кінәсін мойнына қою.

Күрік болғандай жату (ҚХР) – бұғып жату, бас көрсетпеу.

Күшігін аузымен тасығандай (ҚХР) – мейірбан, мінезі жұмсақ, елжірегіш, ақ көңіл.

Күшік жылмаңға басу (ҚХР) – қулық-сулық істеу, мәймөңкелеу, жуып-шаю.

Кірі арзымайтын іс (ҚХР) – болмашы, түкке тұрғысыз іс, жарымаған іс.

Кісі жұтып қоярдай (ҚХР) – 1. сүп-сүйкімді, өте әдемі, келісті; 2. ашу шақыру, қапа болу, ыза кернеу.

Қабағы түсу (МХР) – ренжу, мұнаю.

Қадам тастау (ҚХР) – бет алу, бет бұру, белгілі бір бағытқа қарай жүру.

Қазан дауыл (Рес., Қалм.) – қатты жел, дауыл.

Қазан қара (Рес., Орын.) – қыстай жиналған мал қиын көктемде үстіне су құйып, көлікпен бастырып құйып алған тезек.

Қазаны қаңсу (ҚХР) – ішіп-жемнен жұтап отыру, азақ-түліктен тарығу.

Қазанына қаспақ біткен (ҚХР) – байыған, дүние біткен, мал біткен.

Қайрат ету (Түрікм.) – күш салу, жәрдем ету.

Қайыққа түсу (Өзб., Там.) – түйенің қашуы, қаюы.

Қақ-сұқ қылу (Түрікм.) – қорқытып-үркіту.

Қалжуыр байлау (ҚХР) – шер болып қатқан, жүрекке шемен болып байланған.

Қалпақ кию (ҚХР) – ат қойылып, айдар тағылу.

Қалпын құратпай (ҚХР) – түп-түгел, шып-шырғасын шығармау.

Қамшының ұшын беру (ҚХР) – көмектесу.

Қамыр тырыш (Қарақ.) – ашытқы.

Қан жілік болу (ҚХР) – шапқылап, арып-ашу.

Қаны қатып тыңдау (Түрікм.) – ұйып тыңдау.

Қаңғырығы түтеу (ҚХР) – көзін көгерту, жат жер, жат елде қиналу, азап тарту.

Қап салған тайлақтай (Ауғ., Иран) – 1. салсүйек, қамсыз; 2. ештеңені білмей, сезбей, сілейіп шаршау.

Қаптауын асыру (ҚХР) – жазасын беру, сазайын тартқыз, сыбағасын ұстату, көресісін көрсету.

Қапылып қалу (Ауғ., Иран) – 1. кешігу, келмеу; 2. таусылу.

Қар суымен кеткен күр ат (МХР) – жазғытұрым жіберіп, келесі жылы сол уақытқа дейін ұсталмай жүрген ат.

Қара ашытпа (Қарақ.) – сусынның тұнығы.

Қара бұйым (ҚХР) – мазмұны керітартпа нәрселер, адамның санасын ұлайтын материалдар.

Қара Жүзбайдың үйіне қонғанша, сары Жүзбайдың жұртына қон (ҚХР) – пейілі тардың балын ішкенше, пейілі кеңнің қара суын іш деген мағынада.

Қара көзілдірікпен қарау (ҚХР) – көз жетпеу, дұрыс қарамау, айқын көрмеу, мән бермеу.

Қара қасқа болу (Түрікм., Таш) – соры қайнау (сотталу, мертілу).

Қара құрықтық істеу (ҚХР) – қаралық істеу, әділетсіздік істеу, мәселені тура шешпеу, өз жеке басының пайдасын көздеу.

Қара маңдай (Түрікм.: Ашх., Тедж., Таш., Мары) – сорлы, бақытсыз.

Қара судан қаймақ алу (ҚХР) – мыстандық істеу.

Қара тарту (Қарақ.) – пана тұтып, жан жартып, сүйеніш көру.

Қара іске жан бергендей (ҚХР) – зарлану, амалсыздан, шарасыздан, құдайдың зарымен.

Қарға қаңқ еткенде (Ауғ., Иран) – баяғыда, бұрын, әлдеқашан.

Қарға тышу (МХР) – бірдемелі болу, бірдеме түсу.

Қарқ ету (Рес., Сар.) – қамтамасыз ету.

Қарлығаш достық (Түрікм.) – болмашы жәрдем, жақсылық.

Қарсы базар жүру (Өзб., Там.) – қарама-қарсы жүру.

Қарсы болу (Рес., Астр.) – кездесу.

Қарық жарып су ішу (Қарақ.) – сасу, сасып қалу.

Қарын шашы алынбаған (ҚХР) – 1.жас, сәби; 2.ештеңе білмейтін, түк көрмеген, тәжірибесіз, шалағай.

Қасынысып жүру (Тау., Қош.; ҚХР) – жаңа-жаңа қастаса бастау, өшіге бастау.

Қатерде болу (Гур., Тең.; Рес., Орын.) – есте болу, ойда болу.

Қатты қайырымға келмеу (ҚХР) – ауыр жұмысқа жарамау.

Қауындықтың жолы болу (МХР) – оңай, еш қиындығы болмай қалу, барыс-келісі оңайлау.

Қитықтан ситық шығару (ҚХР) – пәле іздеу, орынсыз тиісу.

Қиын көрмеу (Ауғ., Иран) – ерсі көрмеу, айып етпеу.

Қой мың, жылқы жүз болу (ҚХР) – көңілі тоқ, уайым-қайғысы жоқ болу, тоқмейілу.

Қойға келген қотыр ешкідей болу (ҚХР) – жатсыну, бөтенсу.

Қойды аяқтап жаю (Өзб., Там.) – көктемде қойды көгалға еркін жаю.

Қоймасын ақтару (ҚХР) – қылмысын әшкерелеу, күнәсін жайып салу, бар сырын ашып тастау.

Қойы тауға жайылып жату (Түрікм. қаз.) – шаруасы сай, тұрмысы жақсы болу.

Қол білгі адам (ҚХР) – қолынан келетін, қолы бір істі істей білетін, істің жөнін білетін маман адам.

Қол замбыр (Ауғ., Иран) – бал арасы.

Қол салу (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) – қол қою.

Қол ұйыстыру (ҚХР) – қол жинау, топ жию.

Қоламта басқан тауықтай (ҚХР) – тыпырлап қалу, арлы-берлі жүгіру, өрлеп-құлдилап шабу.

Қол-аяғы жеңілу (МХР) – босану.

Қолы бас білу (ҚХР) – шеберлігі бар, ісмер.

Қолы шықпау (Өзб., Там.) – жазуының жақсы болуы.

Қолын шегу (Ауғ., Иран) – қол қою.

Қолының ұшында жасау (ҚХР) – оп-оңай істей салу.

Қолының үстімен (Түрікм. қаз.) – тілмен, сөзбен.

Қоңырауын қағу (ҚХР) – орынсыз қолдау, болысу.

Қораға ат ойнату (МХР) – ұрсысу, жанжалдасу.

Қотқа тұрмайтын (ҚХР) – ештеңеге жарамайтын, түкке тұрғысыз, бес тиындық құны жоқ.

Қошқар текені қол қосу (МХР) – еркімен уағында күйегін алу.

Қояншығы басына жиналу (ҚХР) – жыны ұстау, ашудан жарыла жаздау.

Қу бастан қуырдақ етін алу (ҚХР) – асқан пысық.

Қу сөзден қуырдақ қуыру (ҚХР) – қу сөзбен бәрін үйіп-төгу, қу сөзбен алдаусырату.

Қуалаған ит көрмеу (ҚХР) – адам баласы басын сұқпау, ешкім кірмеу.

Құдағи қайтқанша (ҚХР) – уақытша ептей тұру, бір мезеттік қана, жасандылық.

Құдай да құдай болғанда (ҚХР) – іс сәтіне басқанда, Құдай сақтап, періште қаққанда.

Құйқадан құлақ шығару, жауырыннан жамбас жону (ҚХР) – пәле іздеу, орынсыз соқтығу.

Құйрығы жоқ ит (ҚХР) – адамгершілігі жоқ, баянсыз.

Құйрығына қыл батпау (ҚХР) – шыдамау, мазасы кетпеу.

Құйы бұзылу (ҚХР) – мінезі өзгеру, ит жыны ұстау, албастысы мойнына міну.

Құйысқан-өмілдірік тағу (ҚХР) – ат қойып, айдар тағу, кінәлау, жазғыру.

Құлағымен емес, мұрнымен тыңдау (ҚХР) – дұрыс тыңдамау.

Құлақ байлау (ҚХР) – құлақ салу, тыңдау, құлақ асу.

Құлақ кесті (ҚХР) – шаш ал десе, бас алатын пәлекор, пәле қуған.

Құмырсқаның тас басқаны тәңірге аян (ҚХР) – қанша құпия жасырын іс қылсаң да бәрібір із қалады.

Құны-перен болу (ҚХР) – алды-артқа қарамау, әй-шүйге қарамай, ешкімді тыңдамай, қатты ашу-ызамен, тым асығыс.

Құралдың малы (МХР) – тәркіленген, конфескеленген.

Құрамай қабу (ҚХР) – бәрінен жұрдай болу.

Құрық ұшын беру (ҚХР) – көмектесу.

Құшақ болу (Өзб.) – өмірі көңілді болу.

Құшыр ет (Қарақ.) – дәмді.

Қыдырған шаңырақ көздену (ҚХР) – көзі шадыраю, көзі ақшыраю.

Қыжалат болу (ҚХР) – ұялу, ыңғайсыздану, қынжылу.

Қызғындығын қозғау (ҚХР) – шабыттандыру, ынталандыру, жігерлендіру.

Қызыл байыр (Түрікм. қаз.) – кең байтақ.

Қызылауыз кісі (Тау., Қош.) – жанжалшыл кісі.

Қылшығы құрамау (ҚХР) – ештеңесі кетпеу.

Қылшығы қылау ілмеу (ҚХР) – тап-таза бипазданып жүру.

Қымбатына жету (ҚХР) – қадірін білу, құнын бағалау.

Қырлы дүкен (Түрікм., Таш.) – бесатар.

Қырма сақал қырқылжың (ҚХР) – орта жасқа келген (еркек).

Қырпуынан жаңылу, қырпуы жоқ (ҚХР) – бетінен қайту, арынан жаңылу.

Қыртысы сүймеу (ҚХР) – суқаны сүймеу, жаны жек көру.

Лебізі жерге тимеу (ҚХР) – сөзі ескерусіз қалмау.

Май өкшене жаман (ҚХР) – өзіңе зиян, пайдасыз.

Майдан жүрмеу (МХР) – семіру.

Майданы берік (ҚХР) – табанды, айтқан уәдесінде тұратын.

Майлап алу // майға алу (МХР; ҚХР) – жалға алу, ақылы жұмыс істеу.

- Маймақ басу** (ҚХР) – жағымпаздану.
- Майын мың тамызатын** (ҚХР) – әдемі сөзбен алдап-сулайтын (адам).
- Майып болу** (Қ.орда: Сыр., Қарм.; Жамб., Қорд.; Шымк.: Қызылқ., Шәу.; Қарақ.) – жаралы болу.
- Мал іші ғой** (ҚХР) – пенде ғой.
- Малың базарлы, ұлың назарлы болсын!** (ҚХР) – алғыс мәнді бата.
- Мама ағаш болу** (Талд.) – ат байлаушы болу.
- Мандайы ағару** (Қарақ.) – бақыты ашылу.
- Мандайы құрғыр** (Түрікм. қаз.) – сорлы, бишара.
- Махаббат байлау** (ҚХР) ғашық болу, ұнату.
- Мәдени шертек** (Қарақ.) – қызыл бұрыш, қызыл отау.
- Мәргия шөбі бар** (Қарақ.) – айлакер, қу, сұм.
- Мәселені мәсiге қамау** (Қарақ.) – мәселе туралы бір түйiнге келу.
- Мәслихат ету** (Рес., Саратов.) – ақыл айту, кеңес беру.
- Меден ұстау** (МХР) – лау мiндетiн атқару.
- Мейманасы тасу** (Қарақ.; ҚХР) – кеудесi көтерiлу, асып-тасу, асқақтау.
- Мейiлi шабу** (ҚХР) – көңiлi түсу, ықыласы ауу.
- Ми жұмсау** (ҚХР) – ой жүгiрту, ойлау.
- Миды шырмау** (ҚХР) – ойы кету, назары ауу.
- Миды iске салу** (ҚХР) – ойлану, ой жүгiрту.
- Миы өкшесiне түсiп кету** (ҚХР) – ақымақ болу, жаңылу.
- Миына қадалу** (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) – миына қону; ұғыну.
- Миынан түгiн шығару** (ҚХР) – сазайын беру, көресiсiн көрсету.
- Мойнына дақпырт iлу** (ҚХР) – артынан өсек тарату.
- Мойнына қоржын салу** (МХР) – көмек сұрау, жылу жию.
- Мойнына түсу** (Түрiкм. қаз.) – бiреуге мiндет арту, сену.
- Мойын болу** (Түрiкм. қаз.) – 1. уәде беру; 2. мәжбүр болу.
- Молда шамалап айту** (Өзб.) – жобалап айту.
- Мошабай болу** (Қарақ.) – шаршау, қажу.
- Мөрі таймаған** (бетiнiң) (ҚХР) – сыры кетсе де, сыны кетпеген, әдемілігiн жоғалтпаған.
- Мұзға жазып, күнге қою** (ҚХР) – баянсыз, тұрақсыз.
- Мұздай қара көк** (Түрiкм. қаз.; Орал: Орда, Чап., Жымп.; Қ.орда: Қарм., Жал.; Ақт.: Ырғ., Шалқ.; Гур., Мах.; Маң.; Маң.; Ер., Бейн.) – түгел, тегiс аман.
- Мұздан толқын тудыру** (ҚХР) – құр қиял, есек дәме болу, мүмкiн емес.
- Мұрады мың болу** (Түрiкм.: Таш., Көнеүр.) – мұратына жету.
- Мұралы болу** (ҚХР) – жолы болу, мандайы жарылу.
- Мұтайымдық iстеу** (ҚХР) – шектен шығу, адамгершiлiктен жүрдай болу.
- Мүйiзi сырқырау** (Рес.: Волг., Саратов.) – бүйрегi бұру.
- Мүйiзi iшiнде жасырыну** (ҚХР) – iштей жауығу, жамандығы iшiнде.
- Мүсәт ету** (Гур.: Маңғ., Шевч.; Қарақ.) – қанағат қылу, мiсе тұту.
- Мылтықтан әкимият туады** (ҚХР) – тек қару арқылы билiкке жетуге болады.
- Мысырға тышқан иттей ету** (Рес., Волг.) – сүтке тиген күшiктей ету.
- Мiгiрiш ету** (Рес., Волг.) – келiсу.

Мяңзісін түсіру (ҚХР) – беделін түсіру, бетіне кір келтіру, ұятқа қалдыру.

Назар бенде (Ауғ., Иран) – тұтқын.

Назар төрінде болу (МХР) – көңілінде болу, есінде болу.

Назар төрінен орын беру (МХР) – көңіл аудару.

Найза лақтыру (Ауғ., Иран) – жіпке секіріп ойнау.

Найза ұшын қарату (ҚХР) – шабуыл жасайтын нысана ету, соқтығар караға, тиісер объектіге айналдыру.

Нау құрымай, дау құрымайды (ҚХР) – даудың қайнар көзі құрымай, өзі құрымайды.

Ниеті жолдас болу (Түрікм. қаз.) – ниеті қабыл болу, ойлағаны болу.

Ноқаласы өсу (ҚХР) – тәкаппарлану, көкірек көтеру, еліру, есіру.

Нілді көк кезі (МХР) – шырынды жасыл кезі.

Обыр көшіп, орда қону (Түрікм., Красн.) – аласапыран, қызыл қуғын, сарсүргін болған мезгіл.

Ойнап келу (Ауғ., Иран) – сапар шегу.

Орын теуіп отырған (МХР) – қалыптасып кеткен, орын алған.

Орынсыз қалды (Түрікм., Красн.) – жан қалмады, тып-типыл болды.

От алып қопаға түсу (МХР) – ашулану, ызалану.

От басын сабау (МХР) – ұрсысу, жанжалдасу.

Оттың басы түгел ме? (Рес., Орын.) – үй іштерің аман ба?

Өгізге күміс ер-тоқым ерттегендей (ҚХР) – өрескелдік.

Өз атының басын өзі алып жүру (ҚХР) – ер жету, адам қатарына қосылу, азамат болу, ақыл-есі толу.

Өз қолымен қойғандай (ҚХР) – өте анық, өз көзімен көріп тұрғандай.

Өз тасын (құмалағын) төрттен қою (ҚХР) – істі өз пайдасына шешу, кара басының пайдасын ойлау, пайдалы жақты өзіне бұру.

Өздікке ғашып жатыр (Қарак.) – рақаттанып, жаны жай тауып жатыр.

Өзін-өзі боршалау (ҚХР) – өзін-өзі сынау, өз бойындағы кемшілігін тану, өзіне-өзі баға беру, өзін-өзі қамшылау.

Өзіңнен өлім шықпай, жаназаға жарымайсың (ҚХР) – кісіге қарағанның күні қараң деген мағынада.

Өкше көтеру (МХР) – кету, жүру.

Өкшесі қанамау (ҚХР) – бала таппау, тумалу.

Өлгені тіріліп, өшкені таму (ҚХР) – жоғалғаны орнына келу, өшкені жану.

Өлер өгіз балтадан таймайды (ҚХР) – адам көртейген шағында ештеңеден қорықпайды; кәрі жанын ештеңеден аямайды.

Өлмегенің қара жер (Өзб., Ташк.) – әбден қартаю, сүлдесі қалу.

Өргеден келген ыңыршық үш күн тулайды (ҚХР) – жоғарғы жақтан келген өр кеуде, менменшіл адам.

Өтірікті жүндей сабау (ҚХР) – өтірікті көбейтіп айта беру.

Паруайына алмау // парубайына келмеу (ҚХР) – ойына кіріп-шықпау.

Паруанадай айналу (ҚХР) – жаны соның үстінде болу, елжірей жақсы көру.

Перде артында тұру (ҚХР) – жасырын нұсқау беру. Артта тұрып, басқаларды айдап салу.

Пидаға өзін атау (ҚХР) – жанын пида ету, тәуекелге бел байлау, өмірін қиюға дайын болу.

Пышақ сырты ғана (ҚХР) – болмашы, азғана.

Пікір беру // бікір беру (МХР) – ықылас, тілек білдіру, ақыл айту.

Рақаттан жаны кенелу (ҚХР) – рақаттану, рақатқа бату.

Сағат адам (Өзб., Ташк.) – төмен адам.

Сақал тастап жүру (ҚХР) – қырындау, ниеті бұзылу, ойы кету, көңілі ауу.

Салбурынға түсу (ҚХР) – сабылу, әуре-сарсаңға салыну.

Салқын тұру (Рес., Саратов.) – суық болу.

Салымы түйенің құйрығынан жоғары (ҚХР) – салымды, бағы зор.

Санын бір-ақ қағу (МХР) – кенет өкіну.

Сарық басылу (ҚХР) – құмарынан шығу, шері тарқау.

Сатай болу (Өзб., Ташк.) – таусылу.

Сауыр айналу (Түрікм. қаз.) – ауу, қоныс аудару.

Саф қылу (Ауғ., Иран) – тегістеу.

Сәп салу (ҚХР) – көз салу, назар салу.

Сәуия жарату (ҚХР) – жетістікке, нәтижеге қол жеткізу.

Сәулесін ат тарта алмау (ҚХР) – тәкаппарлану, ешкімді менсінбеу.

Сегіз тісті қой (Өзб., Ташк.) – кәрі қой.

Сезім қыдырту (ҚХР) – басқаға көңілі ауу.

Серіппесі шығу (Қарақ.) – титығы құрып шаршау.

Сетер мал (МХР) – айрықша қастерлейтін, қадірлі, аяулы мал.

Сипай қамшылау (МХР) – бұлтақтау, немқұрайлы қарау.

Сипай-жалақ болу (ҚХР) – тоймай, жарымай қалу.

Сипыл болу (Тау., Қош.) – түк қалмау, жоқ болу.

Сиыр сәске (МХР) – күндізгі сағат ондардың кезі (сиыр сауатын кез).

Сиыр түс (МХР) – сиырдың жайылып жүріп, дем алатын кезі.

Соқыр тұман (Алм.: Іле, Еңб. қаз.; МХР) – қалың, түк көрінбейтін тұман.

Солу алу (Өзб., Ташк.) – күрсіну.

Сондай-ақ шаштабақ (Ауғ., Иран) – шашқа тағатын сәндік, зергерлік бұйым.

Сорынның шетін көріп жүрген (ҚХР) – көрген-білгені көп, көзі ашық, тәжірибелі.

Сөз ақпау (ҚХР) – сөзі жерде қалу, сөзін тыңдамау.

Сөз жырмау (ҚХР) – сөзге құлақ салу, лебізін жерге тастамау.

Сөз ұстату (ҚХР) – уағдаласу, серттесу.

Сөңке салған адам (МХР) – оқыған адам.

Су ішерлігі бар адам (ҚХР) – ажалы жетпеген.

Суқаны сүймеу (Шымк., Арыс; Түрікм. қаз.) – жаны сүймеу, жақтырмау, жек көру.

Суқаны ұшу (Алм., Шел.; Шығ. Қаз.: Зайс., Марқ.; МХР) – қатты қорқу, үрейі ұшу.

Суы қайту (ҚХР) – темір аспаптардың жүзі жапырылып, жасып қалуы.

Суы құру (Тау., Қош.) – мысы құру.
Суықтың масағы қалғандай (ҚХР) – үсік әкетіп бара жатқандай.
Сұлу торы ат болу (Түрікм., Таш.) – сыпайысыну.
Сұпы кету (Тау., Қош.) – мәні, мәнісі кету.
Сұпыты кету (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) – есі кету, мазасы кету, сұры кету, ұсқыны кету.
Сүлкін түсу (МХР; ҚХР) – ұнжырғасы, еңсесі түсу.
Сүрепеті жаман кету (ҚХР) – халі нашарлау.
Сүрепеті қашу (ҚХР) – күйі кетіп, халі нашарлау.
Сүт үстінде қаймақ болу (ҚХР) – 1. қадірлі, сыйлы болу; 2. масыл болу.
Сыбаға сорпасы төгілу (Түрікм. қаз.) – үлесінен айырылу, бос қалу.
Сыдырмайым қылу (Өзб., Ташк.) – жым-жылас жоқ ету.
Сынық бұрау алмау // Сынық бұрауға қол тигізбеу (ҚХР; МХР) – сынық ине алмау деген мағынада.
Сырлы зерен (Түрікм., Таш.) – сусын ішетін үлкен кесе.
Сіркесін кең қондыру (Түрікм. қаз.) – ретін, ыңғайын келтіру.
Табанының қышыры жоқ (ҚХР) – тұрақсыз, сөзінде тұрмайтын адам.
Табаныңнан от шыққыр (Түрікм. Таш.) – көбіне есекпен байланысты айтылатын қарғыс сөз.
Табиғат алмау (Рес., Қалм.) – тәбеті тартпау.
Табысқа шығу (Рес., Саратов.) – жалақы алу.
Табытын қағу (ҚХР) – таңдайын қаға, аузының суы құри әңгімелеу.
Тағдырға тән беру (ҚХР) – жазмышқа мойынсұну, басқа түскенге көну.
Тағытқа келу (Түрікм. қаз.) – қажетті ылғалды бойына алып, егістік жердің судан құрғауы.
Тайлағы үрікпеу (Рес.: Саратов., Волг.) – қорықпау, жиіркенбеу, шошынбау.
Таймөңке тәсіл (Түрікм., Таш.) – амал, айла, құлық.
Тайынша тулап, ыңырчақ чақпас (адам) (МХР) – дәрменсіз адам, шарасыз.
Тайыншаның мұрынын жұдырықпен тесу (ҚХР) – қара дүрсін, күшке салу.
Тайыны жоқ адам (ҚХР) – пәтуасыз адам.
Тақаны тартып тұру (Қарақ.) – несібесі тартып тұру.
Тақыр жерге секірту (Түрікм., Таш.) – алдау.
Талқы сөз (Түрікм. қаз.) – жарыс сөзі.
Талқы шай (Түрікм. қаз.) – нансыз, қантсыз ішілетін құр шай.
Тампыс болу (ҚХР) – байқап сөйлеу, аузына ие болу.
Тамтығы құру (ҚХР) – тынысы біту, тынысы тарылу.
Тамыр тарту (ҚХР) – белгілі мақсатпен жаңа орынға қоныстану.
Тандыр кебу (Өзб., Ташк.) – түк жоқ, қаңырап қалу.
Таңдайынан жарылған (Түрікм. қаз.) – шешен, жезтаңдай.
Таңдайынан шаң шыққан (Тау., Қош.) – шешен.
Таңдайында меңі бар (ҚХР) – шешен, сөзі жүйрік.
Таңы жыртылу (Рес., Астр.) – таң қалу.

Тасбақаның дауылы (Қ.орда, Қарм.; Түрікм., Красн.) – алай-дүлей қатты жел.

Тастың пәресіндей (Ауғ., Иран) – пысық, өз ісіне берік.

Татып алмау (Түрікм. қаз.; Гур., Маңғ.) – білмеу, сезбеу, хабары жоқ.

Тауы жығылу (Түрікм. қаз.) – тауы шағылу.

Таяқ атым жер (Өзб., Таш.) – жақын жер.

Таяқ ұру (Қарак.) – өлшеу.

Таяқтан саяқ шығару (ҚХР) – астынан пәле шығару.

Тәжит қылу (Ауғ., Иран) – сыйлау, құрмет қылу.

Тәнтібай беттену (ҚХР) – масқара болу, қара бет болу.

Тәнім салқын (Рес., Сарат.) – денім сау емес.

Тәсілім қылу (Ауғ., Иран) – жеңілу, берілу, қол көтеру.

Төбінін қыздыру (ҚХР) – шабыттандыру, қарқынды қимылға көшу.

Теке бойлы болу (ҚХР) – аш құрсақ болу, аш та емес, тоқ та емес.

Текесі суға кету (МХР) – қимасы қышу, қатысы жоқ іске кірісу.

Тентек бастау (ҚХР) – ұшқалақ, жеңілтек, тентек.

Тесеге сидіру (ҚХР) – екі аяғын бір етікке тығу.

Тиірменіне су құю (ҚХР) – өршіту, қоздыру.

Тоба қазығына таяу (Өзб., Ташк.) – еріксіз мойындату.

Тоғызын тондыққа келтіріп ішу (Түрікм. қаз.) – ішімдікке салыну, шамадан тыс көп ішу.

Тойыныс алу (МХР) – тойыну, семіру.

Тоқылдауықтың тәубесі (ҚХР) – пәтуасыз, тұрақсыз.

Толыны төгіп, ортаны шайқау (ҚХР) – байлықты қалай болса, солай төгіп-шашу.

Тоны сұлу тұғыр (ҚХР) – кеше, тоғышар.

Топ аяқ (МХР) – ақсақ.

Топан суын тобығынан көрмеу (ҚХР) – өзіне еш нәрсені тең көрмеу.

Топырағы жеңіл (адам) (ҚХР) – бірдеңеге оңай ілігетін адам.

Топырақ айдау (ҚХР) – ажал айдау.

Топырақ қол (Түрікм. қаз.) – саусағы жоқ, шолақ қол.

Тор жаю (ҚХР) – қылмыстыларды көп еріп жүріп қолға түсіру.

Тордан түсіп қалу (ҚХР) – жазадан құтылып кету.

Төбесін қашау (ҚХР) – тепкіге алу, көрмегенді көрсетіп қинау.

Төбесіне жаңғақ шағу (Өзб., Ташк.) – әкіреңдеп, тынышын алу.

Төбесіне құй қазу (Өзб., Ташк.) – күн көрсетпеу, тыныштық бермеу.

Төбесіне шай қайнату (ҚХР) – құлақ етін жеу, қажаяу.

Төбешілдік істеу (ҚХР) – топ құру, топқа бөліну.

Төкпе шығарғыш (Түрікм. қаз.) – суырыпсалма.

Төре мінездік (МХР) – маңғаздану, дандайсу.

Төрт көзі тоқсан түсу (Ауғ., Иран) – сағыну.

Тусып іштену (ҚХР) – қатты байыған.

Туы айқын болу (ҚХР) – пікір, көзқарасы айқын болу.

Туысып іштену (ҚХР) – қатты баю.

Тұттай төгілу (Өзб., Ташк.) – тұт ағашының жемісі сияқты жан-жаққа шашылу.

Тұяқ жібіту (МХР) – ет жеу.

Түз жар (Ауғ., Иран) – саудагер.

Түйе боталағандай (МХР) – анда-санда, сирек.

Түйе мұрындық (Көкш., Щуч.; Түрікм., Красн.) – қызды ұзатқанда алдынан шыққан елдің сұрайтын сыбағасы.

Түйеше қамалып қалу (Түрікм. қаз.) – кідіріп қалу, жіпсіз байлау.

Түксиісіп қалу (Түрікм. қаз.) – күйі жақсарып, байып қалу.

Түп қопарылу (ҚХР) – ешкім қалмау, түгел тайлы тұяғымен аттану.

Түрген тайынша мұрындықдану (ҚХР) – тәмпіш мұрын, сыйықсыз.

Тырнағын көрсетпей сипау (ҚХР) – сырын ішіне бүгіп қалу, қулығын асыру, жасырын қастық ойлау.

Тырышандық көрсету (ҚХР) – бар күш-қуатын жұмсау, тырысу, құлшыныс жасау.

Тышқакқа қас қылғандай (ҚХР) – өзі әрең жүргенде, қырсыққанда.

Тышқан жұтқан жыландай (ҚХР) – буылтық-буылтық болу, бөлек-салақ болу, қалыптан тыс семіздік.

Тізгін ұшымен келу (Сем.: Абай, Көкп., Ақс.; МХР) – асығыс, аса тез келу.

Тізесіне жер иіскету (ҚХР) – отыра қалу, демалу.

Тік ұшармен келу (ҚХР) – біреудің сүйемелдеуімен келу.

Тіл біріктіру (ҚХР) – сөзі бір жерден шығу, ым-жымы бір болу.

Тіс басқан (Түрікм., Таш.) – тоқтасқан, жасы келген.

Тіске сыздық болмайтын (ҚХР) – болмашы, түкке тұрғысыз, азғантай.

Тістеген жерде тіс қалу (ҚХР) – өштесу, кек алу.

Тістің жұлқаты қалмау (Өзб., Ташк.) – тісі өтпеу.

Тістің кәуегіне қою (Өзб., Ташк.) – бар мүмкіншілігімен сақтау.

Тісін тісіне қою (Өзб., Ташк.) – сөйлемей, айтпау, тіс жармау.

Ұзын сызғанына жүріп, қысқа сызғанына көну (ҚХР) – еркіне көну, айтқанымен жүру.

Ұйықтамай түс көру (ҚХР) – құр қиял, есек дәме болу.

Ұятқа жолдас болу (ҚХР) – ұятқа қалу.

Үйі дым сасу (ҚХР) – үйі жиһазға толу.

Үні ішіне түсіп кету (ҚХР) – үнсіз қалу, үн-түнсіз отыру.

Үстінен құс ұшырмау (ҚХР) – аялау, қастерлеу.

Ханасы қаран болу (Ауғ., Иран) – қарғыс айту.

Хатын хабар (Ауғ., Иран) – жалған әңгіме, өсек-аяң.

Ходқа басу (Рес., Орын.) – жақсару, ілгерілеу.

Чабына от түскендей болу (МХР) – аулану.

Чәйқап ішіп-жеу (МХР) – молшылықта өмір сүру.

Чөбі еміп тұру (МХР) – шөбі түрлену.

Чылан бітпеу (МХР) – семірмеу.

Шағылып қалу (ҚХР) – жайсыздау, ауру.

Шайқап ішіп жеу (МХР) – қалағанын ішіп-жеу, молшылықта өмір сүру.

Шақпақ ұру (Түрікм. қаз.) – қауын, қарбыздың піскендігін байқау үшін пышақпен тесіп көру.

Шал ауыз қой (Рес., Саратов.) – үлкен азбан қой, қошқар.

Шал басын теру (Тау., Қош.) – шалдармен әңгімелесу.

Шала пұшық айтты (ҚХР) – шала-пала, шет жағасын ғана айтты.

Шалаңғырт есті (ҚХР) – есі кіресілі-шығасылы, шала-пұла есі бар.

Шанағы шақты (ҚХР) – әуселесі белгілі, шама-шарқы аз, білімі таяз.

Шанда бір кезігетін (ҚХР) – ілуде бір кезігетін.

Шандатқанның әкесін құйрық қолдан шыққанда көрерсің (ҚХР) – пәленің үлкені әлі алда.

Шаңырақ салма (Рес., Орын.) – киіз үйдің кішісі.

Шаңыраққа шаң түспесін (ҚХР) – көңіліңе кірбің түспесін.

Шаранадан шайқап өсірген (ҚХР) – өз қолында өскен, бала күннен өз көз алдында өскен, жастайынан өзі тәрбиелеп өсірген.

Шармай: бетінен шармай алу (Қ.орда, Арал; Түрікм. қаз.) – беттен алу, шап ете қалу.

Шатақ қом (Қарақ.) – шатақ шығарушы бұзық адам.

Шатыр хат (Қарақ., Мой.) – медресе бітіргендерге берілетін куәлік, аттестат.

Шауқым қылу (Ауғ., Иран) – шулау, шуласу.

Шекара ажырату (ҚХР) – байланысты ұзу, ат ізін салыспау, барыс-келіс жасамау, жауласу.

Шеке тамыры жіңішке (ҚХР) – мінезі жаман, ашушаң.

Шекесіне бату (ҚХР) – көп сезілу, артық келу.

Шекесінен тыңдау (Түрікм. қаз.) – жүре тыңдау, құлақ аспау.

Шетке тұрғызу (ҚХР) – күмәнды деп қаралау, саясаттан шеттету, қатардан шығарып тастау.

Шиканына асық қыздырып басу (ҚХР) – шамына тию, ызаландыру, жанына батыру.

Шипасы біту (ҚХР) – дәрмені таусылу, қалжырау.

Шорт-мезірет (ҚХР) – аралас, түсініксіз, түсінуі қиын.

Шот кетпен (Рес., Орын.) – бәйтесе, тесе.

Шот орақ (Рес., Орын.) – шалғы.

Шот орақ (Түрікм. қаз.) – кетпен.

Шот салу (Түрікм.) – күресте аяқтан шалу.

Шөбі еміп тұр (МХР) – шөбі емізіктеп тұру.

Шөбі түсу (Түрікм. қаз.) – таланына кез болу.

Шөл қою (Түрікм. қаз.) – суармау, сусыз қою.

Шөлмең-шөлмең ету (ҚХР) – жалаңдау, тамсану, нысабы кету.

Шөп ағып кету (Тау., Тұр.) – шабылған шөптің қурап қалуы.

Шөп-шәңгі (ҚХР) – оны-мұны, анау-мынау.

Шыбыны торғайдай шырылдау (ҚХР) – жаны шырқырау.

Шығада жаны бір (ҚХР) – өте тату-тәтті.

Шығанға шығу (ҚХР) – алысқа кету, биіктеп кету.

Шығаннан шыққан (ҚХР) – шектен асқан, елден озған.

Шықпырт тигендей (Тау., Қош.) – көк ала қойдай, сау-тамтығын қалдырмай (ұру, соққыға жығу).

Шылан бітпеу (МХР) – шыр бітпеу, семірмеу, майланбау.

Шылан түспеу (МХР) – іркітке май түспеу.

Шылбыр ұстату (МХР) – бәйгеге іліну.

Шылбыр ұшын беру (ҚХР) – көмек көрсету, себін тигізу.

Шындықты іс жүзінен іздеу (ҚХР) – шындықты, ақиқатты нақты жұмыс барысында танып білу, сырттай тон пішпеу.

Шыптасына шыбын қонбау (ҚХР) – тұлдыр, тақыр кедей.

Шырай ашпау (ҚХР) – көңілсіздену, тұнжырау.

Шырай жазу (ҚХР) – жадырау, көңілдену, бетіне күлкі үйірілу.

Шырапасын шыр айналдыру (ҚХР) – қолынан еркін келу, тетігін білу.

Шырапатын бұзу (ҚХР) – шырқын бұзу, мазасын алу, тынышын кетіру.

Шырт қараңғы (Ауғ., Иран) – қап-қараңғы.

Ығылам ету (Түрікм. қаз.) – баяндау, айтып беру.

Ықтай жалдау (ҚХР) – имену, қорқу, ығына жығылу.

Ықтияр салмау (Түрікм. қаз.) – рұқсат етпеу, мүмкіндік бермеу.

Ыңғылы тәуір (ҚХР) – ниеті түзу, ой-дүниесі таза, көзқарасы дұрыс, үміті бар.

Ыршыма мен шәкірт (ҚХР) – жұбы жазылмай жүретін ерлі-зайыптылар деген мағынада.

Ізін алу (Ауғ., Ир.) – соңына түсу.

Ізін пышақтау (Түрікм. қаз.) – сырттан жамандау, өсек айту.

Ізін сабақтау (ҚХР) – дереу іздеу салу, қолма-қол тексеруге алу.

Ілуге салу (Рес., Орын.) – келіннің сыйлығы.

Іліп жалағандай (ҚХР) – әйбаттап, дәмді қылып, құмар қылатындай етіп.

Іңкәр қылу (Рес., Орын.) – зар қылу.

Іре тастап жүру (Қарақ., Мой.) – көлденеңдеп жүріп отырып нысаналы жерге бару.

Істікке де, төстікке де күймейтін (ҚХР) – ешкім де зиян тартпайтын, ешкімге де залалы жоқ.

Істікке шаншу (ҚХР) – себепсіз обалды қылу, бекерден-бекер шырылдату, жамандау.

Ісін басу (Ауғ., Иран) – шара қолдану, тәртіпке шақыру.

Іш құсада болу (ҚХР) – құсалану, іштей ашулану.

Ішпей-жемей сасық кеңірдек (ҚХР) – өзінен-өзі мастану, өзінен-өзі булану.

Ішті-тысты болу (ҚХР) – сырлас болу, тығыз байланыста болу.